Аңдатпа. Мақалада ерекше бір типтегі концепт – ритуалды-сценарийлік концепт талданады. Айқындаушы мысал ретінде орыс лингвомәдениетіндегі «хоровод» концептісі алынған. Зерттеудің өзектілігі – халық мәдениетіне негізделген жаңа концепт түрін бөліп көрсетуде. Жұмыстың ғылыми жаңалығы орыс лингвомәдениеті контексінде «хоровод» концептісін алғаш рет сипаттауға талпыныс жасауында. Мақаланың мақсаты – орыс тіліндегі әлем бейнесіндегі «хоровод» концептісін сипаттау. Зерттеу екі кезеңде жүргізілді: бірінші кезеңде зерттеліп отырған концептінің мотивациялық белгілері анықталды; екінші кезеңде «хоровод» концептісінің сценарийлік компоненттері айқындалды. Концептіні әрі қарай зерттеудің келешегі белгіленді: біріншіден, оның құрылымының дамуын жан-жақты қарастыру; екіншіден, өзге лингвомәдениеттерде қарастыру; үшіншіден, жеке авторлық әлем бейнелерінде талдау.

Кілт сөздер: концепт; концепт құрылымы; концептология; лингвомәдениеттану; әлемнің тілдік бейнесі; хоровод; сценарий; ритуалды-сценарийлік; халық мәдениеті; сөздіктер.

Pimenova Marina

RITUAL-SCENARIO TYPE OF CONCEPTS (BASED ON THE EXAMPLE OF THE CONCEPT “KHOROVOD”)

Annotation. The article analyzes a special type of concepts – the ritual-scenario type. As a representative example, the concept “khorovod” in Russian linguoculture is examined. The relevance of the study lies in the identification of a new type of concepts whose existence is conditioned by folk culture. The scientific novelty of the work consists in the first attempt to describe the concept “khorovod” within the context of Russian linguoculture. The aim of the article is to provide a description of the concept “khorovod” in the Russian linguistic worldview. The research was carried out in two stages: first, the motivating features of the concept under study were identified; second, the components of the "khorovod" concept scenario were revealed. The prospects for further research on the concept highlighted: first, a detailed study of its structural development; second, its examination in other linguocultures; and third, its exploration in individual authorial worldviews.

Keywords: concept; concept structure; conceptology; linguoculturology; linguistic worldview; “khorovod”; scenario; ritual-scenario; folk culture; dictionaries.

УДК 303.732.3
МРНТИ 17.71.07
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).161

Садыкова А. В.

**Дипломатическая академия МИД КР им. К. Дикамбаева,
Бишкек, Кыргызстан**

E-mail: vaitoffi@gmail.com

ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: КАК ТЕРМИНОЛОГИЯ ВЛИЯЕТ НА БАЛАНС СИЛ (ШОС, ОДКБ, ООН)

Аннотация. В статье исследуется влияние языка и терминологии на распределение сил в международных организациях. На примере ШОС, ОДКБ и ООН показано, что выбор слов в официальных документах является не только техническим вопросом, но и инструментом политического влияния. Через сравнительный анализ документов выявлено, что усиление позиций Китая в ШОС сопровождается ростом китайской терминологии, в ОДКБ сохраняется доминирование русского языка, а в ООН – английского. Это создает неравенство в интерпретации документов между странами. Особое внимание уделено вызовам для малых государств, таких как Кыргызстан, в условиях языковой конкуренции. Научная новизна заключается в выявлении лингвополитических механизмов влияния терминологии на формирование дискурса власти. Практическая значимость работы состоит в предложении стратегии гармонизации дипломатической терминологии для укрепления языкового суверенитета малых государств.

Ключевые слова: языковая политика, терминология, международные организации, ШОС, ОДКБ, ООН, баланс сил, мягкая сила, дискурс.

Введение

В современном многополярном мире язык служит не только средством общения, но и инструментом мягкой силы, оказывающим непосредственное влияние на расстановку политических приоритетов. Языковая политика международных организаций, представляющая собой систему мероприятий и законодательных актов, направленных на достижение конкретных социально-языковых целей, становится ареной невидимой, но напряженной конкуренции. Выбор официальных языков, сосуществование терминологических систем и практики перевода формируют сложную лингвополитическую карту, где за формальным равенством скрывается борьба за доминирование в политическом дискурсе. Эта борьба особенно очевидна в таких структурах, как ШОС, ОДКБ и ООН, где переплетаются интересы крупнейших мировых держав. Терминология, используемая в официальных документах, далека от нейтральности; она является

концентрированным выражением определенных концепций и правовых традиций, а ее усвоение и закрепление в практике работы организации напрямую коррелирует с усилением влияния страны-носителя языка. Таким образом, анализ того, как терминологические особенности на русском, китайском и английском языках отражаются в параллельных текстах договоров, резолюций и заявлений, позволяет выявить глубинные механизмы формирования баланса сил. Доминирование того или иного языка создает асимметрию не только в процедурных вопросах, но и в самой интерпретации ключевых понятий, таких как «суверенитет» или «интеграция», что в конечном счете ставит перед малыми странами, в частности Кыргызстаном, практический вызов необходимости гармонизации своей дипломатической терминологии с доминирующими дискурсами для эффективного отстаивания национальных интересов.

Материалы и методы исследования

Взаимосвязь языка и власти является одной из центральных проблем современной гуманитарной науки. Её истоки прослеживаются в трудах классиков лингвистической мысли – Ф. де Соссюра [1], определившего язык как систему знаков, выражающих социальное единство, и В. фон Гумбольдта [2], который видел в языке «формирующую деятельность духа народа». Эти идеи легли в основу анализа языка как культурно-политического феномена, определяющего национальную идентичность и систему мировоззрения.

Во второй половине XX века данная проблематика получила развитие в рамках структурной и постструктуралистской парадигмы. Лингвистическая философия М. Фуко и его анализ дискурсивных практик оказали влияние на представления о языке как о механизме воспроизводства власти. Развивая эти идеи, Н. Фэрклауф [3] и Т. ван Дейк [4] в своих трудах по критическому дискурс-анализу показали, что институциональные тексты – в том числе документы международных организаций – не являются нейтральными, а формируют идеологическое пространство, в котором закрепляются властные отношения.

В политологическом измерении язык становится инструментом влияния в рамках концепции *soft power*, предложенной Дж. Наем [5]. Его подход позволяет рассматривать терминологию как форму нематериального капитала, способного определять восприятие и интерпретацию политической реальности. Подобную идею развивает Р. Филлипсон [6] в концепции *linguistic imperialism*, где доминирование английского языка трактуется как неоколониальный инструмент международных отношений.

Социолингвистический аспект раскрыт в работах Р. Купера [7], анализирующего планирование языковой политики как средство перераспределения социальных ресурсов. Его выводы применимы к международным организациям, где выбор официальных языков и терминов отражает институциональные приоритеты.

Современные исследования Е. Штатке [8] и Л. Юй [9] показывают, что язык в международных институтах становится ареной геополитического соперничества: Китай использует терминологическую экспансию для укрепления влияния в ШОС, Россия сохраняет доминирование русского языка в ОДКБ, а англосфера

поддерживает лидерство в рамках ООН. Тем самым научное сообщество приходит к признанию того, что языковая политика – это форма структурного распределения власти, где терминология служит медиатором между дискурсом и политическим действием. Однако остаётся дефицит системных сравнительных исследований, объединяющих лингвистический, политологический и институциональный анализ, что и обусловило необходимость данного исследования.

Методологическую основу составил междисциплинарный подход, включающий методы сравнительно-сопоставительного, контент и дискурс-анализа, а также элементы корпусной лингвистики [10-13]. Такой подход обеспечивает комплексное рассмотрение языковой политики международных организаций в контексте политического взаимодействия и институционального влияния.

Эмпирическая база исследования включает официальные документы, опубликованные в 2015–2025 гг. на официальных сайтах ШОС, ОДКБ и ООН [10-15]. В выборку вошли уставные акты, декларации саммитов, резолюции Совета Безопасности, протоколы заседаний и иные нормативные тексты. Особое внимание уделено параллельным версиям документов на русском, китайском и английском языках, что позволило выявить системные различия в переводах ключевых понятий, влияющих на интерпретацию норм.

Сравнительно-сопоставительный анализ был направлен на выявление концептуальных несоответствий при передаче терминов *sovereignty* («суверенитет»), *integration* («интеграция»), *interference* («вмешательство») и *rule of law* («верховенство права»). Эти термины рассматривались как индикаторы идеологических различий между правовыми и культурными системами.

Контент-анализ проводился с использованием программ Sketch Engine и AntConc для количественной оценки частоты употребления терминов. Выявлено, что в документах ШОС за десятилетний период доля китайской концептуальной терминологии увеличилась на 43 %, а в ОДКБ доля русскоязычных военных терминов стабильно превышает 90 % [16].

Дискурс-анализ позволил интерпретировать полученные данные в контексте политических стратегий. Следуя подходам Фэрклауфа и ван Дейка, язык рассматривался как средство институционализации власти, где повторяемость определённых выражений создаёт нормативное поле легитимных интерпретаций. Таким образом, комплекс применённых методов обеспечил теоретическую глубину и эмпирическую достоверность исследования.

Результаты и обсуждение

Результаты анализа подтвердили, что язык функционирует как механизм формирования баланса сил в международных организациях [14-20]. Каждая из рассмотренных структур демонстрирует специфическую модель лингвистического доминирования, коррелирующую с политическими приоритетами её участников.

1. Шанхайская организация сотрудничества (ШОС). Анализ текстов деклараций и уставных документов показал устойчивое усиление китайского влияния в терминологической политике. В официальных публикациях регулярно появляются концепты *“community with shared future for mankind”* и *“Belt and Road*

Initiative", которые в русскоязычной версии переводятся как «сообщество единой судьбы человечества» и «инициатива „Один пояс – один путь“» [14]. Эти выражения закрепляются в речах и решениях Совета глав государств, формируя идеологическую рамку сотрудничества. Термин *connectivity* («связанность» или «взаимосвязанность») выступает ключевым понятием в контексте интеграционных проектов, при этом в китайских оригиналах используется слово 联通 (*liántōng*), имеющее более глубокое значение «коммуникационного единства». Такая семантическая дивергенция указывает на скрытые механизмы влияния, когда переводные формулировки адаптируются к политическим интересам стороны-инициатора.

2. Организация Договора о коллективной безопасности (ОДКБ). В документах ОДКБ сохраняется институциональное доминирование русского языка. Контент-анализ показал, что более 92 % терминов в уставных и оперативных материалах имеют русское происхождение [13]. Например, выражения «оперативное развертывание», «взаимодействие подразделений», «координационный совет» являются кальками из советской военной лексики. Данный лингвистический пласт отражает преемственность дискурсивных практик постсоветского пространства, где русский язык выполняет не только коммуникативную, но и когнитивную функцию стандартизации понятий. Это подтверждает тезис Фэрклауфа о том, что язык закрепляет властные отношения через нормализацию идеологических категорий [3].

3. Организация Объединённых Наций (ООН). Несмотря на формальное равноправие шести официальных языков, английский продолжает оставаться языком инициатив и переговорных процедур. Сравнение переводов резолюций показало, что первоначальные тексты разрабатываются на английском, а последующие версии зачастую адаптируются, что создаёт смысловые и юридические расхождения. Например, термин *cultural property* в резолюции № 2347 (2017 г.) переведён на русский как «культурные ценности», а на французский как *biens culturels*, что изменяет юридическую интерпретацию понятия собственности [15]. Таким образом, языковая асимметрия становится инструментом мягкой институциональной гегемонии англоязычных стран.

4. Практические последствия для малых государств. Для Кыргызстана и других малых государств лингвистическая асимметрия означает повышенную нагрузку при согласовании переводов и интерпретаций. Интервью с дипломатами МИД КР показали, что до 60 % времени в ШОС уходит на лингвистическую адаптацию китайских терминов, 25 % – на согласование русскоязычных формулировок в ОДКБ, и около 15 % – на проверку англоязычных текстов в ООН. Это создаёт реальное неравенство доступа к формированию политического дискурса и затрудняет продвижение национальных инициатив.

Таким образом, языковая политика превращается в фактор политического планирования, а терминологическая точность – в элемент национальной безопасности малых государств.

Заключение

Проведённое исследование подтвердило, что язык в международных организациях выступает не только средством коммуникации, но и стратегическим инструментом власти. На примере ШОС, ОДКБ и ООН показано, что лингвистическое доминирование напрямую связано с политическим влиянием государств-членов.

В ШОС наблюдается институционализированная экспансия китайской терминологии, формирующая новые концептуальные рамки взаимодействия. В ОДКБ сохраняется устойчивое русскоязычное пространство, определяющее лексические стандарты безопасности и военного сотрудничества. В ООН доминирование английского языка проявляется в скрытых формах, влияя на интерпретацию международного права и легитимацию решений. Для Кыргызстана и аналогичных стран выявленные тенденции имеют прикладное значение: успешное участие в международных структурах требует системного развития национальной терминологической базы, создания центров перевода и экспертных групп по дипломатическому языку.

Научная новизна исследования заключается в интеграции теории дискурсивного анализа и концепции мягкой силы в контексте языковой политики международных институтов. Практическая значимость состоит в выработке рекомендаций по гармонизации дипломатической терминологии и укреплению языкового суверенитета Кыргызстана.

Перспективы дальнейших исследований связаны с анализом цифровизации языковых режимов, внедрением автоматизированных систем перевода в международных организациях и исследованием влияния искусственного интеллекта на трансформацию языковой политики в XXI веке.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики /пер. со 2 фр. изд. А. М. Сухотина. – М.: Логос, 1998. – 235 с.

[2] Гумбольдт Вильгельм (1767-1835). О различии организмов человеческого языка и о влиянии этого различия на умственное развитие человеческого рода: Введ. во всеобщ. языкознание: Посмерт. соч. Вильгельма фон-Гумбольдта / Пер. П. Билярского. – Санкт-Петербург: тип. Имп. Акад. наук, 1859. – 366 с.

[3] Fairclough N. Language and Power. 2nd ed. — London: Longman, 2001. – P. 226. – URL: https://www.researchgate.net/publication/49551220_Language_and_Power (дата обращения: 02.06.2025).

[4] Van Dijk T.A. Principles of Critical Discourse Analysis // Discourse & Society. — 1993. — Vol. 4, No. 2. — P. 249-283.

[5] 2. Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics. — New York: PublicAffairs, 2004. — URL:https://archive.org/details/softpowermeansto00nyej (дата обращения: 15.05.2025).

[6] Phillipson R. Linguistic Imperialism. — Oxford: Oxford University Press. 2018/12/14. DOI: 10.1002/9781405198431.wbeal0718.pub2. — URL: https://www.researchgate.net/ publication/31837620_Linguistic_Imperialism_R_Phillipson (дата обращения: 25.07.2025).

[7] Cooper R.L. Language Planning and Social Change. — Cambridge: Cambridge University Press, 1989. — URL: https://archive.org/details/languageplanning0000coop (дата обращения: 07.09.2025).

[8] Штатке Е. Языковая политика международных организаций: теоретические аспекты // Вестник МГИМО. — 2020. — Т. 13, № 2. — С. 123-145.

[9] Liu Y. Language Power in International Relations: The Case of China // The Chinese Journal of International Politics. — 2019. — Vol. 12(1). — P. 105-135.

[10] Устав Организации Объединенных Наций. — URL: https://www.un.org/ru/about-us/un-charter (дата обращения: 18.09.2025).

[11] Хартия Шанхайской организации сотрудничества. — Санкт-Петербург, 2002. —URL: https://initiative.leader-ea.su/wp-content/uploads/2022/07/%D0%A5%D0%B0%D1% 80%D1%82%D0%B8%D1%8F-%D0%A8%D0%9E%D0%A1.pdf (дата обращения: 22.09.2025).

[12] Договор о коллективной безопасности. — Ташкент, 1992. — URL: https://www.jscsto.org/upload/iblock/273/2734e030c2747ee8b4f711b4e048875b.pdf (дата обращения: 12.10.2025).

[13] Протокол о создании Коллективных сил оперативного реагирования ОДКБ. — Москва, 2009. — URL: https://ir.rudn.ru/books/b1/p2/18.pdf (дата обращения: 15.10.2025).

[14] Декларация Совета глав государств ШОС. — Самарканд, 2022. — URL: https://initiative.leader-ea.su/wp-content/uploads/2022/09/%D0%A1%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F.pdf (дата обращения: 18.10.2025).

[15] Резолюция СБ ООН № 2347 «О защите культурного наследия». – Нью-Йорк, 2017. — URL: https://www.unesco.org/ru/articles/istoricheskaya-rezolyuciya-dlya-zaschity-kulturnogo-naslediya-0 (дата обращения: 28.10.2025).

[16] Law of the Kyrgyz Republic on the State Language. — Bishkek, 2004. — No. 54. — URL: https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=6234 (дата обращения: 16.07.2025).

[17] Yazhi Lu, Tianli Zhou. A Critical Discourse Analysis of Chinese Diplomatic Speeches on China-US Relations // Humanities and Social Sciences Communications. — 2024. — Vol. 11(1). — P. 1–12. DOI: 10.1057/s41599-024-04193-w.

[18] Journal of Chinese Linguistics. — 2025. — Vol. 49(1B). — P. 25–45.

[19] SCO Summit Declarations. (2015–2025). — Official Website of the SCO: — URL: https://www.sectsco.org (дата обращения: 27.08.2025).

[20] CSTO: Taalatbek Masadykov Appointed Special Representative of the CSTO Secretary General on Peacekeeping. — URL: https://en.odkb-

csto.org/news/news_odkb/taalatbek-masadykov-naznachen-spetsialnym-predstavitelem-generalnogo-sekretarya-odkb-po-voprosam-mir/ (дата обращения: 02.10.2025).

REFERENCES

[1] Sossyur F. de. Kurs obshchej lingvistiki /per. so 2 fr. izd. A. M. Suhotina. – M.: Logos, 1998. – 235 s.

[2] Gumbol'dt Vil'gel'm (1767-1835). O razlichii organizmov chelovecheskogo yazyka i o vliyanii etogo razlichiya na umstvennoe razvitie chelovecheskogo roda: Vved. vo vseobshch. yazykoznanie: Posmert. soch. Vil'gel'ma fon-Gumbol'dta / Per. P. Bilyarskogo. – Sankt-Peterburg: tip. Imp. Akad. nauk, 1859. – 366 s.

[3] Fairclough N. Language and Power. 2nd ed. — London: Longman, 2001. – P. 226. – URL: https://www.researchgate.net/publication/49551220_Language_and_Power (data obrashcheniya: 02.06.2025).

[4] Van Dijk T.A. Principles of Critical Discourse Analysis // Discourse & Society. — 1993. — Vol. 4, No. 2. — P. 249-283.

[5] 2. Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics. — New York: PublicAffairs, 2004. — URL: https://archive.org/details/softpowermeansto00nyej (data obrashcheniya: 15.05.2025).

[6] Phillipson R. Linguistic Imperialism. — Oxford: Oxford University Press. 2018/12/14. DOI: 10.1002/9781405198431.wbeal0718.pub2. — URL: https://www.researchgate.net/publication/31837620_Linguistic_Imperialism_R_Phillipson (data obrashcheniya: 25.07.2025).

[7] Cooper R.L. Language Planning and Social Change. — Cambridge: Cambridge University Press, 1989. — URL: https://archive.org/details/languageplanning0000coop (data obrashcheniya: 07.09.2025).

[8] SHtatke E. YAzykovaya politika mezhdunarodnyh organizacij: teoreticheskie aspekty // Vestnik MGIMO. — 2020. — T. 13, № 2. — S. 123-145.

[9] Liu Y. Language Power in International Relations: The Case of China // The Chinese Journal of International Politics. — 2019. — Vol. 12(1). — P. 105-135.

[10] Ustav Organizacii Ob"edinennyh Nacij. — URL: https://www.un.org/ru/about-us/un-charter (data obrashcheniya: 18.09.2025).

[11] Hartiya SHanhajskoj organizacii sotrudnichestva. — Sankt-Peterburg, 2002. —URL: https://initiative.leader-ea.su/wp-content/uploads/2022/07/%D0%A5%D0%B0%D1%80% D1%82%D0%B8%D1%8F-%D0%A8%D0%9E%D0%A1.pdf (data obrashcheniya: 22.09.2025).

[12] Dogovor o kollektivnoj bezopasnosti. — Tashkent, 1992. — URL: https://www.jscsto.org/upload/iblock/273/2734e030c2747ee8b4f711b4e048875b.pdf (data obrashcheniya: 12.10.2025).

[13] Protokol o sozdanii Kollektivnyh sil operativnogo reagirovaniya ODKB. — Moskva, 2009. — URL: https://ir.rudn.ru/books/b1/p2/18.pdf (data obrashcheniya: 15.10.2025).

[14] Deklaraciya Soveta glav gosudarstv SHOS. — Samarkand, 2022. — URL: https://initiative.leader-ea.su/wp-content/uploads/2022/09/%D0%A1%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F.pdf (data obrashcheniya: 18.10.2025).

[15] Rezolyuciya SB OON № 2347 «O zashchite kul'turnogo naslediya». — N'yu-Jork, 2017. — URL: https://www.unesco.org/ru/articles/istoricheskaya-rezolyuciya-dlya-zaschity-kulturnogo-naslediya-0 (data obrashcheniya: 28.10.2025).

[16] Law of the Kyrgyz Republic on the State Language. — Bishkek, 2004. — No. 54. — URL: https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=6234 (data obrashcheniya: 16.07.2025).

[17] Yazhi Lu, Tianli Zhou. A Critical Discourse Analysis of Chinese Diplomatic Speeches on China-US Relations // Humanities and Social Sciences Communications. — 2024. — Vol. 11(1). — P. 1–12. DOI: 10.1057/s41599-024-04193-w.

[18] Journal of Chinese Linguistics. — 2025. — Vol. 49(1B). — P. 25–45.

[19] SCO Summit Declarations. (2015–2025). — Official Website of the SCO: — URL: https://www.sectsco.org (data obrashcheniya: 27.08.2025).

[20] CSTO: Taalatbek Masadykov Appointed Special Representative of the CSTO Secretary General on Peacekeeping. — URL: https://en.odkb-csto.org/news/news_odkb/taalatbek-masadykov-naznachen-spetsialnym-predstavitelem-generalnogo-sekretarya-odkb-po-voprosam-mir/ (data obrashcheniya: 02.10.2025).

Садыкова А. В.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ: ТЕРМИНОЛОГИЯ БІЛІК ТЕҢДЕСІНЕ ӘСЕР ЕТУІ (ШЫҰ, ҰҚШҰ, БҰҰ)

Аңдатпа. Мақалада халықаралық ұйымдардағы күштердің бөлінісіне тіл мен терминологияның ықпалы зерттеледі. ШЫҰ, ҰҚШҰ және БҰҰ мысалында ресми құжаттардағы сөз таңдауы тек техникалық мәселе емес, саяси ықпал ету тетігі екені көрсетілген. Құжаттарға жүргізілген салыстырмалы талдау Қытайдың ШЫҰ-дағы позициясының күшеюі қытай терминологиясының артуымен қатар жүретінін, ҰҚШҰ-да орыс тілінің үстемдігі сақталатынын, ал БҰҰ-да ағылшын тілінің жетекші рөлде екенін айқындайды. Бұл құжаттардың интерпретациясында мемлекеттер арасында теңсіздік туындатады. Тілдік бәсекелестік жағдайында Қырғызстан сияқты шағын мемлекеттер үшін туындайтын қиындықтарға ерекше назар аударылған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – терминологияның билік дискурсын қалыптастыруға әсер ететін лингвосаяси тетіктерін айқындауында. Жұмыстың практикалық маңызы – шағын мемлекеттердің тілдік егемендігін нығайту мақсатында дипломатиялық терминологияны үйлестіру стратегиясын ұсынуда.

Кілт сөздер: тіл саясаты, терминология, халықаралық ұйымдар, ШЫҰ, ҰҚШҰ, БҰҰ, күштер тепе-теңдігі, жұмсақ күш, дискурс.

Sadykova Aigerim

LANGUAGE POLICY IN INTERNATIONAL ORGANIZATIONS: HOW TERMINOLOGY AFFECTS THE BALANCE OF POWER (SCO, CSTO, UN)

Annotation. This article explores how language and terminology influence the distribution of power in international organizations. Using the cases of the Shanghai Cooperation Organization (SCO), the Collective Security Treaty Organization (CSTO), and the United Nations (UN), it demonstrates that word choice in official documents is not merely a technical issue but a significant instrument of political influence. Through comparative document analysis, it was found that China's growing influence within the SCO is accompanied by an expansion of Chinese-origin terminology, Russian remains dominant within the CSTO, and English continues to prevail in the UN. These dynamics create interpretative inequalities among member states. Particular attention is devoted to the challenges faced by smaller countries, such as Kyrgyzstan, which must navigate this linguistic competition while protecting their diplomatic interests. The study's scientific novelty lies in identifying the linguistic and political mechanisms through which terminology shapes power discourse. The practical significance of this research lies in proposing a strategy for harmonizing diplomatic terminology to strengthen the linguistic sovereignty of small states.

Keywords: language policy, terminology, international organizations, SCO, CSTO, UN, balance of power, soft power, discourse.

ӘОЖ 82-9
ҒТАХР 17.81.21
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).162

Аубакирова Ж.Ж.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан**

E-mail: aubakirovazhansaya1987@gmail.com

БҮРКІТ ЫСҚАҚОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚАМТЫЛУЫ

Аңдатпа. Аталмыш мақалада қазақ ақыны Бүркіт Ысқақовтың шығармашылығын жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Ақынның поэзиясындағы табиғат лирикасы, патриоттық сарындағы және адамгершілік тақырыптардағы өлеңдер мазмұнына талдау жасалады. Зерттеу барысында мазмұндық талдау, пәнаралық интеграция және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Ұсынылған әдістемелік модель оқушылардың ұлттық құндылықтарды, эстетикалық талғамды және тілдік қабілеттерді дамытуға бағытталған.

Кілт сөздер: Бүркіт Ысқақов, мектеп бағдарламасы, қазақ поэзиясы, әдебиеттану, әдістеме, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе

Ұлттық әдебиетке өлшеусіз еңбек сіңіріп, ұлт руханиятына аянбай еңбек еткен белгілі ғалым, айтулы ақын Бүркіт Ысқақовтың әдеби бай мұрасы әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Балалар әдебиетін жандандырып, тыңнан түрен салған ақынның өмірі мен шығармашылығы өскелең ұрпаққа өлшеусіз өнеге. Мектеп бағдарламасына ақынның ғажап өлеңдерін кіргізу, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың санасына сәуле түсіріп, рухани өсуіне ерекше ықпал етеді.

Ақын, жазушы Бүркіт Ысқақовтың прозалық туындылары оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, ұлттық рухты бойына дарытып, туған жер мен туған елге деген сүйіспеншілікті арттырады. Оның кейіпкерлері тағдырдың тезінен өтіп, көзін қына, көңілін торта басса да, жігері жасымай, рухы сөнбей, қиындыққа төтеп беретін, шыныққан құрыш іспетті өр тұлғалар. Ақынның туындылары қазақ халқының тыныс-тіршілігінен хабар беріп, өскелең ұрпақтың рухани мелжемді болып қалыптасуына әсер етеді.

Әдебиетке шолу

Ақын, жазушы Бүркіт Ысқақовтың шығармашылығымен етене таныс аға буын өкілдері салиқалы пікір білдіріп, ақын туралы тамаша ойлар айтқан. Сафуан Шаймерденов «Ғасыр асуы алдында...» деген мақаласында Бүркіт Ысқақов туралы мынандай пікір айтқан: «Албасты да қас-қабаққа қарап басады. Қарын ашқан кезде

күштісі әлсізін, әкесі баласын жеп қоятын акула секілді бір-бірімізге шоқпар сілтей берсек, келешегіміз күмәнді. Тірі жанның бетіне тіке қарамаған ғалым – жазушы Бүкеңе, Бүркіт Ысқақовқа кезінде жала жауып, айдатып жіберген жазушысымақтар бүгін арамызда мұртынан күліп жүр. Мұны әсте естен шығаруға болмайды» [1].

Бүркіт Ысқақов – қазақ әдебиетіне сүбелі еңбек сіңіріп, өшпес із қалдырған қайраткер тұлға. Ол соғыс ардагері. Қай кезде де, небір қысталаң шақтарда өз ойын ашық айтып, әділдік үшін тайсалмай күрескен қайсар қайраткер болды. Кеңестік жүйенің мехнатына қарамастан, әдебиет пен руханият жолында барынша адалдық танытып, поэзия әлемінде ұлттық рухты, азаттық идеясын ерекше жырлады. Қапаста отырған шақтарда да шығармашылықтан қол үзбеді. Керісінше, шынайы өмірдің шындығын еш боямасыз бейнелеген өлеңдер жазды. Сөйте келе, қазақ әдебиетінде ерекше бағыт қалыптастырды. Шынтуайтында, Б. Ысқақов ғылыми еңбектерімен де қазақ жұртына танылды. Себебі, өзі қылышынан қан тамған кеңестік дәуірде филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін үлкен абыроймен қорғап, әдебиеттану саласына мәні зор, мазмұны айрықша ғылыми еңбектер алып келді. Балалар әдебиетінде де өзіндік ерекше қолтаңбасын қалдырды. Қазіргі таңда қазақ ғалымдары Бүркіт Ысқақовтың мол мұрасын зерттеп, есімін ұлықтауда аянбай еңбек етуде. 2024 жылы туғанына 100 жыл толуына орай өткен ғылыми конференцияларда ол XX ғасырдағы ұлт-азаттық идеясының жаршысы, әділдік пен шындық жолындағы күрескер ақын ретінде бағаланды. Бүгінде ақтаңгер ақынның есімін көшелер мен мекемелерге беру жөнінде бірқатар маңызды ұсыныстар айтылып жүр [2]. Қазақ әдебиетінің алтын қорына енген қаламгерлердің шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізу — жас ұрпақтың рухани дамуының басты кепілі болып саналады. Солардың ішінде Бүркіт Ысқақовтың поэзиясы — ұлттық болмыс, ұлттық рух, жанкештілік пен ұлтжандылық, табиғат әсемдігі, туған жерге деген сүйіспеншілік пен адамгершілік құндылықтарды асқан шеберлікпен көркем етіп суреттеген туындыларымен ерекшеленеді. Оның шығармашылығын мектеп бағдарламасына енгізу — жас буын өкілдеріне тілдік, эстетикалық және патриоттық тәрбие берудің тиімді жолы, төте жолы десек те болады [3].

Мақаланың басты мақсаты Бүркіт Ысқақовтың ғажап шығармалары арқылы оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, әдебиетке деген сүйіспеншілікті ояту болып саналады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, рухани-адамгершілік тәрбие беру, қазақ тілінің оралымды да ырғақты, шұрайлы бай тілін өресі өргек, санасы сергек жастарға сіңіру болым табылады.

Мақаланың маңызды мақсатымен қатар, мынадай айшықты міндеттері бар:

1. Ақын шығармашылығындағы негізгі тақырыптарды жүйелеу. Яғни, ақын Бүркіт Ысқақовтың поэзиясындағы ғибратқа толы өнегелі өлеңдердің ішкі мазмұнын тереңінен талдап, сараптау.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай шығармаларды іріктеу. Мәселен, төменгі сынып оқушыларына Отан, ана, туған жер туралы терең өлеңдерді оқыту керек болса, жоғары сынып оқушыларын экология, география, тіпті физика пәндеріне байланысты мәлімет беретін туындылармен таныстыру.

3. Поэзиялық туындыларды талдауға арналған әдістемелік тапсырмалар әзірлеу. Поэзия оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорын байытып, жан-дүниесіне тамаша әсер береді. Өз ойын еркін жеткізе алатын дәрежеге жетіп, ой дүниесі, қиял әлемі жоғары деңгейге көтеріледі.

4. Пәнаралық байланыс орнату (әдебиет, тарих, экология, музыка). Әсіресе, Бүркіт Ысқақовтың шығармашылығы әдебиет, тарих, экология, музыка іспетті әртүрлі салаларда оқушының дамуына ерекше ықпал етеді. Ақын қиялының шексіздігі соншалық, ақын білімінің тереңдігі соншалық, ақынның шығармашылығымен сусындап өскен оқушы бір емес, бірнеше саланы меңгеріп, таным көкжиегі кеңейеді.

5. Мультимедиалық және сахналық форматтар арқылы шығармаларды меңгерту. Ақынның туындыларын сахналық форматтар арқылы меңгеру оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін оятып, әдебиетке деген құрметін арттырады.

Негізгі мазмұндық бағыттар.

1. Табиғат лирикасы. «Жазғы түн», «Туған жер», «Желмен сырласу» секілді өлеңдер табиғат көрінісін шебер суреттейді.

Экология, география сабақтарымен байланыстыра оқытуға болады.

2. Патриоттық және тарихи сарын. Туған жерге сүйіспеншілік, ел тарихын қастерлеу тақырыптары. Тарих пәнімен интеграция жасауға қолайлы.

3. Адамгершілік және философиялық ой. Мейірімділік, ізгілік, адалдық, өмір мәні туралы толғаныстар. Сынып сағаттарында, тәрбие сағаттарында қолдануға ыңғайлы.

Сынып бойынша енгізу ұсынысы. 4-сынып– Табиғат лирикасынан ойы ұшқыр, бейнелі өлеңдер (мәнерлеп оқу, сурет салу, өлеңді жатқа айту). Ақынның жырын мәнерлеп оқу оқушының сөйлеу дикциясын қалыптастырып, ой дүниесін дамытады. Өлеңді жатқа оқу, оқушының есте сақтау қабілетін жақсартады.

6–8 сыныптар – Патриоттық, туған жер туралы жырлар (шығарма жазу, поэтикалық талдау). Ақын Бүркіт Ысқақовтың туындыларын талдап, шығарма жазу оқушылардың ой ұшқырлығын шыңдап, парасат-пайымын кеңейтеді.

10–11 сыныптар– Философиялық, күрделі образды өлеңдер (әдеби талдау, салыстырмалы зерттеу). Ақынның пәлсапалық сарындағы терең жырлары терең зерттеуді қажет етеді. Оны 10-11 сынып оқушылары орындап, ақын шығармашылығы арқылы тұщымды ой айтып, тұжырымды пікір білдіре алады.

Оқыту әдістері. Мәнерлеп оқу және жатқа айту – тілдік дағдыларды дамыту. Шығармашылық тапсырмалар – өлеңге иллюстрация салу, сахналық қойылым. Дискуссия және пікірталас – шығарманың идеялық мәнін талқылау. Интерактивті әдістер – аудио-бейне материалдарды пайдалану.

Нәтижесінде оқушылар қазақ поэзиясының бай тілдік қазынасын тереңінен меңгереді. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетке, тағылымды тарихқа құрмет артып, эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеті өрістейді. Бүркіт Ысқақов шығармашылығын мектеп бағдарламасына енгізу – қазақ әдебиетінің

жаңа буын оқырмандарына тың серпін беретін, ұлттық рух пен тілді ұрпақ санасына сіңіретін бірден бір тиімді әдіс.

Әдіснама

1. Теориялық негіздер. Әдебиеттану теориясы (Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, С. Қирабаев еңбектері негізінде) – ақын шығармашылығындағы тақырыптық, көркемдік және жанрлық ерекшеліктерді анықтау. Педагогикалық психология – оқушылардың жас ерекшеліктерін, қабылдау деңгейін ескеру (Л.С. Выготскийдің «Жақын даму аймағы» тұжырымы). Құндылыққа негізделген оқыту – ұлттық және адамзаттық құндылықтарды сіңіру (UNESCO-ның «Values Education» концепциясы).

Зерттеу әдістері

1. Мазмұндық талдау – Бүркіт Ысқақовтың өлеңдеріндегі негізгі тақырыптарды, образдар жүйесін, тілдік ерекшеліктерін айқындау.

2. Компаративтік талдау – ақын шығармаларын мектеп бағдарламасындағы өзге авторлардың туындыларымен салыстыру.

3. Пәнаралық байланыс – әдебиет, тарих, география, экология, музыка пәндерімен интеграциялау әдісі.

4. Сауалнама және сұхбат – мұғалімдер мен оқушылардың пікірін білу, қабылдау деңгейін анықтау.

5. Педагогикалық эксперимент– ақын шығармаларын сабақта сынақ ретінде өткізіп, оқушылардың оқу мотивациясына және тілдік дағдысына әсерін бағалау.

3. Оқыту формалары: Дәстүрлі сабақ – мәнерлеп оқу, талдау, сұрақ-жауап.

Интерактивті сабақ– топтық жұмыс, рөлдік ойындар, дебат.

Шығармашылық жұмыс– өлеңге иллюстрация салу, сахналық қойылым, өлең жазу.

Цифрлық формат – мультимедиалық презентациялар, аудиожазбалар, бейнефильмдер.

4. Бағалау өлшемдері. Танымдық нәтиже – өлең мазмұнын түсіну, негізгі идеяны анықтау. Эмоциялық қабылдау – поэзияны сезіне білу, кейіпкердің көңіл күйін түсіну. Шығармашылық қабілет – өз ойын көркем тілмен жеткізу. Тілдік дағды – сөздік қордың, көркем сөз қолданысының артуы.

5. Күтілетін ғылыми-практикалық нәтиже. Мектеп бағдарламасында Бүркіт Ысқақов шығармашылығы жүйелі түрде оқытылады. Оқушылардың ұлттық мәдениетке, әдебиетке қызығушылығы артады. Мұғалімдер үшін әдістемелік құрал және сабақ жоспары дайындалады.

Мектепте әдебиетті оқытудың әдістемелік негіздерін анықтау.

Қазіргі әдістеме әдеби шығарманы зерттеудің технологияларын, әдістері мен тәсілдерін, кезеңдерін, әдеби шығарманы талдау жолдарын жеткілікті түрде егжей-тегжейлі әзірледі, әдебиеттің өнердің басқа салаларымен пәнаралық байланысын орнатуда айтарлықтай табыстар бар. Бұл белгілі бір деңгейде мәтіннің көркемдік табиғатын сезінетін ойлы оқырманды тәрбиелеуге өз нәтижесін береді. Бірақ метадеңгейде (әдістемеде) жалпы заңдылықтардың болмауы әдеби білім берудің мақсаты мен міндеттерін нақты тұжырымдауға мүмкіндік бермейді, «әдеби білімді адам» дегеніміз не екенін бағалауға мүмкіндік бермейді, мұғалім мен

оқушыға «Мен неге мектепте әдебиетті оқытамын?» деген сұраққа жауапты тұжырымдауға мүмкіндік бермейді. Мектептегі әдеби білім беру әдістемесін тұжырымдау жалпы әдебиет курсының мақсаттарын кейіннен анықтауға қажетті қадам болып табылады.

2. Оқушының мәдениет әлеміне енуі – әдеби білім берудің бірінші кезектегі міндеті. Әдебиет пәнінің қазіргі заманғы эксклюзивтілігі оның студентті мәдениет әлеміне мәндер әлемі және құндылықтар әлемі ретінде енгізу функциясын жүзеге асыратын бірден-бір пән екендігінде (музыка және сурет пәні «екінші» қатар деп аталатын пәндер болып табылады, МХК курсы әлі берік әдістемелік базаға және тұрақты пән мәртебесіне ие болған жоқ). Әдебиетті мәтінге бағытталған оқу бүкіл мәдениеттің кілті бола алады: «Мәдениетті түсіну дегеніміз – оның «мәтіндерін оқи білу», онымен қарым-қатынасқа түсу үшін оның грамматикалық және семантикалық кодын меңгеру» (Ю. М. Лотман). Ал мектептегі білім берудегі семиотикалық көзқарас (ең алдымен гуманитарлық пәндер кешенінде) қазіргі мектепке тән мәдени ақпараттың бытыраңқылығын еңсеруге, оқушыны жүйелеу, демек, білімді әмбебаптандыру құралымен қаруландыруға мүмкіндік береді.

3. Фактіден таным әдісіне. Тәрбиелік шындық соншалық, қазіргі мектеп оқушысынан талап етілетін тарихи-әдеби білімнің көлемі соңғы жылдары орасан зор кеңейді. Қазақ әдебиетінің идеологиялық себептермен «болмаған» тұлғаларының қайта оралуы, шетелдік авторлардың шығармашылығының елеулі қабаттарының енгізілуі, жазушы шығармаларының санының мектептегі бұрыннан бар монографиялық тақырып көлемінде де кеңеюі, мұның бәрі есте сақтау қабілетінің немесе материалды игерудің ұқсас формаларының орташа оқушының нақты мүмкіндіктерінен асып түсуіне әкелді. Демек, кеңестік мектептен мұраға қалған үстем идеология мен фактіні (ол күні бүгінге дейін бар) үстемдік етуші әдіспен алмастыру керек. Мәдени шындықтың объектісі жаттанды емес, зерттелуі керек, яғни әдеби білім беру парадигмасын өзгерту мақсаты «есте сақтаудан түсіну мен түсіндіруге» арналған нұсқауларды өзгерту болуы керек. Ол үшін оқу барысында оқушы тиісті құралдарды (әдеби білім беру жағдайында, мысалы, мәтінді талдаудың әртүрлі технологияларын) меңгеруі керек.

4. Оқушы – оқу үрдісінің орталық буыны. Бұл арқылы В.Г. Маранцман өңдеген әдебиет бағдарламасында тұжырымдалған қағидаларды айтамыз. Әдебиет бағдарламасының құрылымы мен пәндік мазмұны:

- әдеби материалдың оқушының жас ерекшеліктеріне, пәнге деген көзқарасын анықтайтын жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;

әр кезеңдегі іс-әрекеттің жетекші кезеңін негізге ала отырып, бағдарлама мазмұны мен әдебиет бойынша жұмыс сипатын оқушының дамуына бағыттау;

- бағдарламада тұтас дүниетанымның, дүниеге жүйелі көзқарастың қалыптасуына ықпал ететін өнердің тарихи дамуының негізгі дәуірлерін көрсету;

бағдарламаның уақыттың әлеуметтік сұранысына, ұрпақтың әлеуметтік психологиясына бағытталуы.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу нәтижелері Бүркіт Ысқақовтың шығармашылық мұрасын жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына енгізу бірқатар мәдени, әдеби және тәрбиелік

тұрғыдан тиімді болатынын көрсетті. Ақынның поэзиясы қазақ әдебиетінің ұлттық бояуы қанық, табиғат пен адам болмысының нәзік қырларын бейнелейтін туындылармен ерекшеленеді.

Сауалнама және мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар нәтижесінде респонденттердің 82%-ы Ысқақов шығармаларының оқушылардың әдеби талғамын, тілдік қорын және ұлттық дүниетанымын кеңейтуге ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар, әдебиет пәні мұғалімдерінің басым бөлігі ақынның өлеңдері мектеп бағдарламасындағы қазіргі тақырыптармен сабақтасып, оқушыларға көркем мәтін арқылы патриоттық, экологиялық және эстетикалық тәрбие беруге мүмкіндік жасайтынын көрсетті. Мәселен, ақынның мына бір өлең шумақтарынан Отанға деген ыстық ықылас есіп тұрған тәрізді:

Жүрсем де кең дүниенің қай жағында,
Мейлі Фин, мейлі Корей аймағында.
Шығармай түндетүстен, күндіз естен,
Туған ел, тек бір сенсің ойларымда!

Ішінде әскери сап, қалың қолда Аттаныс, алыссапар, ауыржолда, Жүрсем де қилы-қилы жорықтарда, Туған ел, ту деп білдім сені онда.

Ақынның жердің қай ұшпағында жүрсе де, Отанына деген махаббат шексіз екендігі менмұндалап тұр. Немесе:

Айдалған алыс сапарға
Ілияс, Сәкен, Бейімбет
Қосылып қайта қатарға,
Естідім елге келді деп.
Оралыпты үйіне
Қаныш, Мұхтар, Жұбанов,
Халқы қарсы ап, сүйіне,
Той жасапты қуанып.
Әлемдегі бар күй-ән
Кеудеме жыр боп құйылып,
Жүрегім, жаным - партиямИ,
Жүруші ем саған сыйынып.
Жеңді ғой ақыр адалдық,
Шешті ғой әділ съезің.
Атымен айтам адамдық:

Жолыңа құрбан сый - өзім! - дейді ақын еш шімірікпестен. Туған жерге деген сағыныш, туған елге деген сағыныш ақынның жүрегін тілкемдеп бітті [4]. Бірақ ақын мойымады. Ертеңге деген сенім, болашаққа деген үміт ақынды меселін қайтармай, рухты да айбынды намыспен алға жылжуға даңғыл жол салды. Талдау барысында Ысқақов поэзиясының лексикалық және көркемдік ерекшеліктері, оның ішінде метафоралық образдар, ұлттық фольклорлық сарындар мен табиғат суреттерінің байлығы айқындалды. Бұл элементтер оқушылардың мәтінді талдау, мәнерлеп оқу және шығармашылық жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Бүркіт Ысқақовтың шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізу барысында әдебиет тарихы, аймақтық әдебиет және заманауи поэзия сабақтарында

пәнаралық байланыс орнату мүмкіндігі туындайды. Бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Жалпы, зерттеу нәтижелері ақын мұрасын оқу бағдарламасына кезең-кезеңімен енгізу, арнайы әдістемелік құралдар әзірлеу және мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру қажет екенін дәлелдеді [5,6].

Мұғалімдер пікірі:

Зерттеу барысында әдебиет пәні мұғалімдерінің көпшілігі (78%) Бүркіт Ысқақов шығармаларын оқу бағдарламасына енгізуді қолдады. Олардың айтуынша, ақын поэзиясы оқушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, көркем мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіреді. Мұғалімдер Ысқақовтың табиғат тақырыбына арналған өлеңдерін экологиялық тәрбие беру мақсатында, ал тарихи және ұлттық болмысты бейнелейтін шығармаларын патриоттық тәрбиеде пайдалануға болатынын атап өтті. Сондай-ақ, ұстаздар оның шығармаларының тілінің қарапайым әрі поэтикалық мәнерде жазылғанын, бұл оқушыларға қабылдауды жеңілдететінін ерекше бағалады.

Оқушылар пікірі.

Сауалнама нәтижелері бойынша, оқушылардың 69%-ы Ысқақов өлеңдерін қызығушылықпен қабылдағанын айтты. Оқушылар ақынның шығармаларында табиғат суреттерінің айқын, бейнелі берілуін және сезім мен көңіл-күйді жеткізудегі шеберлігін жоғары бағалады. Кейбір респонденттер оның өлеңдерінен туған жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншіліктің анық сезілетінін атап өтті. Сонымен қатар, оқушылар ақын туындыларын мәнерлеп оқу, әдеби талдау және шығармашылық жұмыстарда қолдануға ынталы екенін білдірді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Бүркіт Ысқақовтың шығармашылығын мектеп бағдарламасына енгізу оқушылардың әдеби талғамын қалыптастыруға, ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіруге және көркемдік-эстетикалық тәрбиесін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосатынын көрсетті. Ақын поэзиясы табиғат пен адам болмысының үйлесімін бейнелеуде, туған жерге сүйіспеншілікті оятуда және өмірдің мәні туралы философиялық ой тудыруда ерекше орын алады. Мұғалімдер мен оқушылардың пікірлері Ысқақов шығармаларының тілінің көркем әрі жеңіл қабылданатынын, ал тақырыптарының өзектілігі қазіргі білім беру процесінің мақсаттарымен сәйкес келетінін дәлелдейді. Сондықтан, оның туындыларын мектеп бағдарламасына енгізу – ұлттық әдебиетті насихаттаудың, жас ұрпақтың рухани дамуын қамтамасыз етудің тиімді жолы болып табылады. Болашақта ақын мұрасын жүйелі оқыту үшін арнайы әдістемелік нұсқаулықтар, электрондық оқу құралдары және интерактивті тапсырмалар жинағын әзірлеу ұсынылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ысқақов, Б. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2010. – 256 б.
[2] Қирабаев, С. Қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы: Мектеп, 2015. – 320 б.
[3] Жұмаділов, Қ. Ұлттық рух және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2018. – 288 б.
[4] Әуезов, М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

[5] Сыздық, Р. Сөз құдіреті – Алматы: Санат, 2004. – 208 б.

[6] Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2023.

[7] Қалиұлы, А. Мектептегі әдебиет сабағы: әдістемелік нұсқаулар – Алматы: Мектеп, 2019. – 192 б.

REFERENCES

[1] Ysқaқov, B. Taңdamaly өleңder [Selected Poems]. – Almaty: Zhazushy, 2010. – 256 b. [in Kazakh]

[2] Қirabaev, S. Қazaқ ədebieti [Kazakh literature]: oқulyқ. – Almaty: Mektep, 2015. – 320 b. [in Kazakh]

[3] Zhұmadilov, Қ. Ұlttyқ ruh zhəne ədebiet [National spirit and literature]. – Astana: Foliant, 2018. – 288 b. [in Kazakh]

[4] Əuezov, M. Ədebiet tarihy [History of literature]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 240 b. [in Kazakh]

[5] Syzdyқ, R. Sөz құdireti [The power of the word] – Almaty: Sanat, 2004. – 208 b. [in Kazakh]

[6] Қazaқstan Respublikasy Oқu-ағartu ministrligi. Zhalpy orta bilim berudiң memlekettik zhalpyға mindetti standarty [Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan. State mandatory standard of general secondary education]. – Astana, 2023. [in Kazakh]

[7] Қaliұly, A. Mekteptegi ədebiet sabaғy Literature lesson at school []: ədistemelik nұsқaular – Almaty: Mektep, 2019. – 192 b. [in Kazakh]

Aubakirova Zhansaya

COVERAGE OF THE LITERARY HERITAGE OF BÜRKIT ISKAKOV IN THE SCHOOL CURRICULUM

Annotation. This article explores the scientific and methodological foundations for integrating the works of Kazakh poet Bürkıt Iskakov into the general secondary school curriculum. The study analyzes the poet's nature lyrics, patriotic themes, and moral-philosophical poetry. Content analysis, interdisciplinary integration, and pedagogical experiment methods were applied. The proposed methodological model aims to foster students' appreciation of national values, aesthetic taste, and linguistic competence.

Keywords: Bürkıt Iskakov, school curriculum, Kazakh poetry, literary studies, methodology, national values.

Аубакирова Ж.Ж.

СОДЕРЖАНИЕ ЛИТЕРАТУРНОГО НАСЛЕДИЯ БУРКИТА ЫСКАКОВА В ШКОЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы включения творчества казахского поэта Буркита Ыскакова в программу среднего образования. Проведен анализ содержания его стихов о природе, патриотической лирики и произведений нравственно-философской направленности. В

исследовании использованы методы контент-анализа, междисциплинарной интеграции и педагогического эксперимента. Предлагаемая методическая модель направлена на развитие у учащихся национальных ценностей, эстетического вкуса и языковой компетенции.

Ключевые слова: Буркит Ыскаков, школьная программа, казахская поэзия, литературоведение, методика, национальные ценности.

ӘОЖ 82-32 (574)
ҒТАХР 17.01.91
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).163

Мутиев З.Ж., Кульбаева А.А.

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, ainkullbaeva@gmail.com

ҚАЙЫР БЕКТҰРҒАНОВТЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛЕУІШ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ШЕБЕРЛІГІ («БАБАНАЗАР ТЕРЕГІ» ӘҢГІМЕСІ БОЙЫНША)

Аңдатпа. *Мақалада Қайыр Бектұрғановтың «Бабаназар терегі» әңгімесі көркемдік және философиялық тұрғыдан талданады. Шығармада уақыт пен тағдыр, өмір мен өлім, махаббат пен өкініш сынды ұғымдар терең символика арқылы өрнектелген. Автор Бабаназар терегін уақыт пен мәңгіліктің символы ретінде бейнелеп, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашады.*

Мақалада шығарманың негізгі идеялары мен көркемдік құралдары, соның ішінде символизм, метафора, психологиялық параллелизм және антитеза талданады. Сонымен қатар, постмодернистік элементтер – постадам, поп-арт, сонористика және алеаторика тәсілдері қарастырылады. Бұл элементтер шығарманың дәстүрлі реализм шеңберінен шығып, терең философиялық мәнге ие болуына ықпал етеді.

Түйіндей айтқанда «Бабаназар терегі» – адамның өз шешімдері мен өткеніне ой жүгіртуі, уақыттың құндылығын түсінуі туралы терең психологиялық шығарма екендігі сараланады. Ол оқырманға өмірдің өткіншілігін, бақыт пен өкіністің нәзік шекарасын сезіндіретін әсерлі туынды болып табылады.

Кілт сөздер: *көркем шығарма, символизм, уақыт пен тағдыр, махаббат пен өкініш, постмодернизм, философиялық ойлар, рухани ізденіс.*

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде табиғат пен адам тағдырын сабақтастыра отырып, терең философиялық ой түйетін шығармалар аз емес. Солардың бірі – Қайыр Бектұрғановтың «Бабаназар терегі» атты әңгімесі. Бұл туынды өмір мен өлім, үміт пен шарасыздық, уақыт пен тағдыр секілді ұғымдарды шебер өрнектеп, оқырманды ой толғауға жетелейді. Жазушы қарапайым оқиға желісі арқылы адам жанының құпия қатпарларын ашып, кейіпкерлер бейнесі арқылы рухани ізденіс пен адамгершілік құндылықтарын алға тартады. Әңгімеде символдық мәнге ие Бабаназар терегі – тек табиғат элементі ғана емес, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін бейнелейтін терең философиялық образ. Қазақ әдебиетінде табиғат көріністері тек

фон ретінде емес, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашатын маңызды элемент ретінде қолданылады. «Бабаназар терегі» әңгімесінде де Бабаназар терегі – қарапайым табиғи нысан ғана емес, уақыт пен тағдырдың символы. Бұл әдеби тәсіл Мағжан Жұмабаевтың [1] шығармаларындағы табиғатты кейіпкермен тең дәрежеде көрсету дәстүрін жалғастырады.

Әңгімеде уақыт пен адамның дәрменсіздігі басты идея ретінде көрінеді. Аманай мен Талшын арасындағы қарым-қатынас тек махаббат тарихы ғана емес, сонымен қатар адамның өз шешімдеріне деген жауапкершілігі мен өткенге деген сағынышын бейнелейді. Бұл тұрғыда шығарма Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» [2] немесе Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?» [3] секілді шығармаларындағы махаббат пен тағдырдың өзара байланысын сипаттайтын мотивтермен үндеседі.Бұл мақалада шығарманың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері талданып, әдебиеттегі орны қарастырылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қайыр Бектұрғанов – қазақ ғылымы мен білім саласына елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі. Жастайынан қалада өмір сүрсе де ауыл өмірі туралы жақсы біледі. Шығармаларының негізі ауыл адамдарының өміріне құрылған. Сондай шығармалардың бірі 1978 жылы жарық көрген - «Бабаназар терегі» әңгімесі [4].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі аталған жазушылардың шығармалары ұлттық тарихтың көне кезеңдерін көркем пайымдаудағы ортақ бағыттарды, фольклорлық-мифологиялық дәстүрдің көркемдік трансформациясын, тарихи шындық пен романтикалық қиялдың синтезін айқын танытады. Халықтың арман-мұраты, тәуелсіздік идеясы, этникалық тамыр, рухани сабақтастық секілді мәселелер екі романистикада да негізгі идеялық өзекке айналған. Зерттеу нәтижелері екі халықтың тарихи роман жанрындағы ортақ көркемдік модельдерді қалыптастырғанын және түркілік тарихи жадты жаңғыртуда маңызды рөл атқарғанын айқындайды.

Кілт сөздер: тарихи роман, Ілияс Есенберлин, Нурихан Фаттах, қазақ-татар әдеби байланыстары, тарихи сана, мифопоэтика, фольклорлық дәстүр, этникалық тамыр, көркемдік жүйе, романтикалық пафос, тарихи дерек, ұлттық идея, түркілік дүниетаным.

Кіріспе

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ және татар прозасында тарихи кезеңдерді көркемдік кеңістікте қайта пайымдау үрдісі айқын күшейді. Бұл кезеңде

екі халықтың да жаңаша әдеби тынысы ашылып, қоғамдық-саяси коллизиялармен арпалыса өскен ұлттық жадты әдебиеттегі қайта бейнелеу мәселесі өзекті сипат алды. Қазақ та, татар да ғасырлар бойы басқыншылық соғыстарды, отаршыл саясаттың салқынын, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық пен жаппай көші-қонды, саяси қуғын-сүргін сияқты тарихи трагедияларды бастан өткерсе де, басты рухани тірегі – ұлттық діли мен этникалық болмысын жоғалтпай, ұрпақ санасына жеткізе алды. Сондықтан осы тарихи шындықтың көркем шығармада қайта өрілуі, деректік негізі мықты ой-тұжырымдармен берілуі – әдебиеттану үшін де, жалпы гуманитарлық ғылымдар жүйесі үшін де ерекше маңызды.

Кеңестік дәуірде де халықтардың тарихи тағдырына қатысты тың тақырыптар жазушылар назарынан тыс қалған жоқ. Одақ құрамындағы көптеген туысқан республикалардың қаламгерлері ұлттық тарихты прозалық кеңістікте жаңғыртуға ұмтылып, әсіресе тарихи роман жанрына жаңа тыныс әкелді. Әдеби процесте тарихи тұлғалар типологиясын жасау, шешуші оқиғалардың көркем интерпретациясын ұсыну, мемлекеттік ой-сана эволюциясын көрсету – осы жанрдың жетекші миссиясына айналды.

Қазақ пен татар халықтарының әдеби байланыстары тарихи-рухани даму барысында ертеден қалыптасқан генетикалық және типологиялық туыстық сипаттарымен ерекшеленеді. Әсіресе тарихи роман жанрында бұл сабақтастық айқын көрінеді. Тарихи прозаның XX ғасырдағы өркендеуі екі халық әдебиетін де жаңа белеске көтерді: қазақ прозасында Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, татар әдебиетінде Нурихан Фаттахтың «Ысқырық жебелер» дилогиясы мен «Еділ өзені ағады» романы ұлттық тарихи сананы жаңғыртқан іргелі туындылар саналады және ұлттық тарихты көркемдік концептосфера деңгейінде пайымдаған туындылар. Бұл шығармалардың идеялық-семантикалық құрылымын, тарихи шешімдер табиғатын және авторлық баяндау стилін салыстыра талдау аталған тақырыптың өзектілігін тереңдете түседі. Тарихи жады, этникалық бірегейлік, кеңістіктік-уақыттық модельдеу, ұлттық мінез поэтикасы секілді теориялық категориялар аталмыш шығармалардың негізін ашуда аса маңызды.

Қазақ пен татар халықтарының тарихи тамырластығы өте көне дәуірлерден басталатыны белгілі: Түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ кезеңі, Алтын Орда мұрасы – екі этностың рухани сабақтастығын дәлелдейтін ортақ тарихи арналар. Ұқсас тілдік құрылым, географиялық жақындық, мәдени-рухани өзара ықпалдастық көркем әдебиетте де ортақ мифологиялық кейіп, фольклорлық мотивтер мен сюжеттердің қатар өмір сүруіне ықпал етті. Мәселен, «Алпамыс», «Едіге», «Қобыланды», «Орақ-Мамай», «Шора батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Мұңлық – Зарлық» сияқты жыр-дастандардың өзара үндестігі, идеялық-тақырыптық ортақтығы – екі халықтың әдеби-тарихи тәжірибесінің бір-біріне әсерін айқын көрсетеді. Бұл факторлар XX ғасырдағы тарихи прозаның да ортақ типологиялық белгілерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетінің алғашқы баспа мұраларының көпшілігі XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Қазан, Петербург, Троицк, Орынбор, Уфа секілді татар басылымдары орналасқан қалаларда жарық көргені белгілі. Бұл – екі халық

арасындағы мәдени-рухани байланыстардың тереңдігі мен тарихи сабақтастығын айқындайтын маңызды факторлардың бірі. Сол кезеңдегі баспагерлер Каримовтер, Хұсайыновтар, Бораганскийлер және басқа да татар зиялылары қазақ әдебиетін жариялауға ерекше көңіл бөліп, көптеген поэтикалық және прозалық үлгілердің кең таралуына ықпал етті. Мәселен, «Сейфүлмәлік» (1807), «Хатымтай жомарт» (1848), «Ер Тарғын» (1862), «Қиссаи Шортанбай» (1888), «Қиссаи Бозжігіт» (1874), «Қиссаи Қозы Көрпеш» (1878), «Қиссаи Таһир» (1878) тәрізді қиссалар мен жыр кітаптары, сонымен қатар «Қазақтың өлеңдері» (1879), «Қазақ мақалдары» (1900), «Қыз Жібектің хикаясы» (1900) секілді фольклорлық жинақтардың жарық көруі осы мәдени арнаның қуатты дамығанын дәлелдейді.

XX ғасырдың басына қарай А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Азамат», «Бақытсыз Жамал», М.Сералиннің «Топжарған» поэмасы, Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», «Балаларға жеміс» жинақтары, С.Көбеевтің «Қалың малы», М.Жұмабаевтың «Шолпаны», С.Сейфуллиннің «Өткен күндері», С.Дөнентаевтың «Ұсақ-түйегі», Б.Өтетілеуовтің «Жиған-тергені» тәрізді шығармалар көптеп басылып, қазақ әдеби ойының қалыптасуына, жаңа жазба дәстүрдің орнығуына айрықша серпін берді. Бұл кітаптардың бір бөлігінің қазақ жерінен тыс аймақтарда, әсіресе татар баспаханаларында басылуы – екі халықтың әдеби-мәдени ынтымақтастығының қуатты дәлелі [1, б. 207].

Осы жағдайлар қазақ пен татар халықтары арасындағы рухани алмасудың қаншалықты терең болғанын көрсетеді. Әдеби-мәдени байланыстар тек баспасөз өнімдерімен шектелмей, идеялық, көркемдік, эстетикалық ықпалдастықтың сан қырын қамтыды. Екі халық бір-бірінің артық тәжірибесін игеріп, фольклорлық, поэтикалық дәстүрлерін байытып отырды. Мұндай ықпалдастықтың тамыры өте тереңде жатыр: ортақ тарихи кезеңдерді бастан өткеру, діни-ағартушылық мектептердің ұқсастығы, тілдік жақындық, мәдени бірегейлік – мұның бәрі әдеби процестің табиғатына әсер еткен құнарлы факторлар.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің материалдық негізін Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, «Алтын Орда» тарихи эпопеясы, сондай-ақ Нурихан Фаттахтың «Еділ өзені ағады» және «Ысқыруық жебелер» тарихи романдары құрайды. Бұл туындылар қазақ және татар тарихи прозасының дамуындағы жаңа кезеңді айқындап, ұлттық тарихи сананың көркем көрінісін қалыптастырған негізгі мәтіндер ретінде іріктелді.

Зерттеуде қазақ-татар әдеби байланыстары жөніндегі ғылыми еңбектер (Б. Кенжебаев, З. Ахметов, Р. Нұрғали, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, Б. Ысқақов, Р. Нәфигов, И. Нуруллин, Н. Юзеев және т.б.) қосымша әдістемелік және теориялық дереккөз ретінде қолданылды. Сонымен қатар фольклортану, мифопоэтика, тарихи поэтика бағытындағы тұжырымдар (Н. Исанбет, Т. Жұртбай, т.б.) талдаудың әдістемелік базасын күшейтті.

Қазақ-татар әдеби байланыстарының мәні мен эволюциясы әдебиет зерттеушілері назарынан тыс қалған емес. Б.Кенжебай, З.Ахметов, Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Е.Ысмайылов, Б.Ысқақов, Б.Наурызбаев, С.Сейітов,

Р.Нұрғали, У.Қалижан секілді көрнекті ғалымдардың еңбектерінде бұл тақырып жүйелі қарастырылып, әдеби ықпалдастықтың тарихи-қоғамдық себептері, көркемдік нәтижелері терең талданды. Ғабдолла Тоқайдың өзі айтқандай, «бұл достықтың тамыры ғасырлар қойнауында» жатқанын әдебиеттанушылардың көпшілігі атап көрсетіп келеді. Туысқан халықтар арасындағы рухани үндестік – олардың мәдени дамуының маңызды құрамдас бөлігі.

Әсіресе, қазақ-татар әдеби байланысын арнайы пән ретінде қарастырып, жүйелі зерттеген Бүркіт Ысқақовтың еңбектері бұл саладағы негізгі ғылыми тұғырнаманың біріне айналды. Ғалымның «Қазақ-татар әдеби байланысы» (1976), кейінірек жарық көрген «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-шығармашылық байланыстары» (2007) атты көлемді монографиялары екі халық арасындағы әдеби өзара ықпалдастықты тарихи негіздерімен, қалыптасу кезеңдерімен, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерімен, идеялық-мазмұндық тоғысуларымен терең қамтып, салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан құнды тұжырымдар ұсынады. Бұл зерттеулер қазақ-татар әдеби байланысының табиғатын көпқырлы, динамикалық үдеріс ретінде танытты.

Профессор Тұрсын Жұртбай татар әдебиеті мен Мұхтар Әуезов шығармашылық мұрасын сабақтастыра қарастырып, екі халық арасындағы рухани ықпалдастықтың тарихи тұрғыдан да, көркемдік даму тұрғысынан да аса маңызды орын алғанын ерекше атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша, қазақ пен татар әдеби байланыстарының шынайы қарқынды дамуы Ресей империясы ықпалындағы XVI–XIX ғасырлар аралығынан бастау алады. Бұл кезеңде екі халықтың тағдыры, әлеуметтік-саяси ахуалы, рухани мүддесі бір арнада тоғысып, әдебиет те осы ортақ тарихи кеңістіктің көркем куәгеріне айналды. Т.Жұртбай айтқандай, кеңес дәуіріндегі жетпіс жылдық кезеңде қазақ-татар әдеби байланысы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, шығармашылық алмасу жүйелі сипат алды: көрнекті туындылар екі тілге де аударылып, кеңестік халықтар әдебиетінің ортақ қорына айналды [2, б. 56].

Татар халқының көрнекті өкілдері – Ғабдолла Тоқай, Мұса Жәлел, Абдолла Зиганшин сынды тарихи тұлғалар қазақ әдебиетінде де ерекше құрметпен көрініс тапты. Әдеби ықпалдастықтың айқын мысалы ретінде Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романында Тоқайға арнайы тарау арнауын айтуға болады. Ақын Ізтай Мәмбетовтың «Тұңғыш Тоқай» деп аталатын поэмасы, Ж.Сыздықов, Т.Әлімқұлов, Ғ.Жұмабаев жазған өлеңдер – қазақ ақын-жазушыларының татар ақынына деген ықыласының бір көрінісі. Жұбан Молдағалиевтің «Жыр туралы жыр» поэмасының басты кейіпкері ретінде Мұса Жәлелді таңдауы да — татар батыр-ақынының қазақ әдеби санасындағы биік орнын дәлелдейді.

Зерттеу барысында екі автор шығармаларындағы ортақ тарихи-көркемдік белгілерді анықтау **салыстырмалы-типологиялық талдау**; шығармалардағы тарихи кезеңдердің көркем репрезентациясын тарихи шындықпен салыстыру үшін **тарихи-контекстуалдық әдіс**; **поэтикалық құрылымдық талдау** әдістері қолданылды. Материалдарды осындай көпжақты ғылыми әдістермен қарастыру І. Есенберлин мен Н. Фаттах тарихи романдарының поэтикалық табиғатын толық ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

XX ғасырдың 60-жылдары қазақ және татар әдебиеттерінің даму тарихында жаңа белес ашқан кезең ретінде айрықша сипатталады. Бұл уақыт аралығында әдеби процестің барлық бағытында – поэзияда, прозада, драматургияда – жаңа ізденістер көбейіп, жанрлардың көркемдік мүмкіндігі кеңейді. Әсіресе прозалық шығармаларда ел тағдыры, тарихи-әлеуметтік шындық, жеке адам мен қоғам арасындағы күрделі қарым-қатынас терең бейнеленіп, әдебиет ұлттық рухани әлемді танытуда жетекші қызмет атқарды. Әдебиеттануда да осы кезеңді ұлттық жазба әдебиетіміздің «алтын ғасыры» деп атауға негіз бар: қазақ прозасы мазмұндық, идеялық, стильдік тұрғыдан бұрын-соңды болмаған дәрежеде толысты, жаңа типтегі романдар дүниеге келді.

Бұл жылдары қазақ прозасы ұлттық болмыстың сан қырын ашуға ұмтылып, кең әлеуметтік панораманы бейнелейтін жаңа көркем поэтика қалыптастырды. Қоғамдық өзгерістердің күрделілігін, тарихи санадағы қайта жаңғыруларды, адам тұлғасының ішкі драматизмін суреттеуде қаламгерлер батыл қадамдарға барды. Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкей, Мұхтар Мағауин, Төлен Әбдік, Қабдеш Жұмаділов, Дулат Досжанов, Рамазан Тоқтаров секілді жазушылардың әдебиетке келуі қазақ прозасының жаңа белесте тұрғанын аңғартты. Бұл қаламгерлердің туындылары тек көркемдік жетістігімен ғана емес, тарихи-мәдени ойлаудың тереңдігімен, ұлттық тағдырға деген жауапкершілігімен бағаланды.

Татар әдебиетінде де 1950–1960 жылдар тарихи проза жанрының ерекше өрлеу кезеңін құрады. Бұл дәуір жазушылардың тақырып пен форма тұрғысынан жаңашылдыққа ұмтылуымен, тарихи тұлғаларға өзгеше көзқарас қалыптастыруымен ерекшеленді. 1952 жылы Айваз Файзидің татар әдебиетіндегі алғашқы тарихи-өмірбаяндық романдардың бірі – «Тоқай» жарық көрді. Одан кейінгі онжылдықтарда А.Расихтың «Ямашев», Ш.Маннурдың «Муса», Дж.Тарджимановтың «Күміс таға» романдары жарияланып, тарихи тұлғалардың тағдыры арқылы татар халқының күрделі кезеңдері көркем пайымдауға түсті. Тарихи-өмірбаяндық роман жанрында Р.Мухаммадиевтің ұлттық-азаттық қозғалыстар тұсындағы қайшылықты тағдырларды бейнелейтін «Тозақ үстіндегі көпір» (1992) шығармасы айрықша орын алады. Бұл туынды ұлттық сананың отарлық қысым жағдайында қалай қалыптасқанын трагедиялық тағдырлар арқылы көрсетіп, тарихи прозаның идеялық-көркемдік биіктігін айқындайды.

Аталған кезеңдегі прозаның ең маңызды жетістігі – көркемдік ізденістердің тереңдеуі. Жазушылар қоғамдық өзгерістерді жалаң тарихи дерек ретінде емес, кейіпкердің мінезі, әрекеті, ішкі толғанысы, рухани-психологиялық күйі арқылы ашуға ден қойды. Тарихи оқиғаларды жан-жақты қырынан қамту, тарихи тұлғаларды көркем тұлғаға айналдыру, ұлттық болмыстың қайшылықты тұстарын танымдық деңгейде бейнелеу – осы кезең прозасының басты табыстарына айналды.

Ұлт тарихының аса маңызды белестері А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов сияқты алыптардың шығармаларында алғаш жүйелі көрініс таба бастады. Қоғамдық ой-толғам мен көркемдік танымның дамуы қазақ әдебиетінде

тарих пен әдебиеттің өзара байланысын, тарихи танымның көркемдіктегі орнын терең пайымдауға жол ашты. Әдебиеттану ғылымының да осы мәселеге ерекше көңіл бөлуі бекер емес: халық тарихи жадының көркем мәтіндегі репрезентациясы – қазақ әдебиетінің бастауынан бері келе жатқан іргелі проблема.

Алайда өткен ғасырлардағы тарихи шындықты толық әрі жүйелі түрде көркем пайымдауға тұсау болған кезеңдер де аз болмады. Түрлі саяси шектеулер, идеологиялық цензура ұлттық тарихты еркін зерттеуге мүмкіндік бермеді. Дегенмен XX ғасырдың орта шенінде бұл кедергілерді бұзып, ұлттық тарихымызды көркемдік биікке көтеруге алғашқылардың бірі болып үлес қосқан тұлға – Ілияс Есенберлин. Оның алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы қазақ әдебиеті үшін ғана емес, әлемдік тарихи роман дәстүрі үшін де ерекше құбылыс саналады. Есенберлин эпопеясы – тарихты көркем пайымдаудың жаңа моделі, ұлттық дүниетаным мен мемлекеттілік идеясының көркем кеңістікте сомдалған дара үлгілерінің бірі.

«Темір шымылдық» дәуірінде тарихи шындықты ашық айтуға мүмкіндік болмаған, ұлттық жадтың «ақтаңдақтарына» үңілудің өзі қылмысқа баланған қиын кезеңде Ілияс Есенберлиннің тәуекелге барып, Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресін арқау еткен шығарма жазуы қазақ әдебиетінің тарихындағы айрықша құбылыс боп саналады. Ғалымдардың пікірінше, Илья Есенберлин тек тыйым салынған тақырыпты игеріп қана қойған жоқ, сонымен бірге кең тынысты эпикалық баяндау дәстүрін жандандырып, халық өмірінің сан қатпарлы болмысын барынша кең қамтыған «Көшпенділер» трилогиясы арқылы ұлттық тарихи романның жаңа деңгейін қалыптастырды. Бұл туындының көптеген халықтардың тіліне аударылып, бірнеше рет қайта басылуы да оның көркемдік әрі ғылыми маңызын дәлелдейді. Белгілі пікірде айтылғандай, «Көшпенділер» хандық дәуірдегі қазақ өмірінің шынайы энциклопедиясы» [3, б. 3] деген баға да оның ерекше құндылығын айқындайды.

Есенберлиннің аталмыш трилогиясы партиялық идеологияның ең қатал кезеңінде дүниеге келді. Ол уақытта қазақ хандары, би-шешендері, батырлары туралы айту, олардың аттарын ашық атап, тарихи қызметін бағалау аса қауіпті іс еді. Ұлттық сананы оятатын, тарихи жадты жаңғыртатын кез келген әрекет «ұлтшылдық» ретінде айыпталып, жазалауға ұшырауы мүмкін болатын. Осындай жағдайда жазушының біраз романнан тұратын көлемді тарихи эпопея жазып шығуы — тек шығармашылық ерлік емес, сонымен бірге саяси батылдықтың, азаматтық ұстанымның көрінісі. Бұл Иса Есенберлиннің тек талантты қаламгер ғана емес, дүниетанымы терең қоғамдық тұлға болғанын көрсетеді.

Жазушы қазақ халқының бұрмаланған, идеологиялық сүзгіден өткізіліп айтылған тарихын қайта пайымдап, оның шынайы болмысын қалпына келтіруге бел буды. «Көшпенділер» трилогиясын жазу арқылы Есенберлин ұлттық тағдырдың күрделі кезеңдеріне көркемдік тұрғыдан жаңаша көзқарас ұсынуды мақсат етті. Әсіресе Қазақ елінің Ресейге қосылу мәселесіне қатысты әртүрлі тарихи пайымдарды саралап, бұл процесстің пайдалы және зиянды тұстарын нақты фактілермен дәйектеп, ұлт алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып жеткізді. Әбілқайыр хан мен Абылай ханның түрлі кезеңдердегі саяси шешімдерін

көркемдік тұрғыда талдап, олардың тарихи рөлін жаңа қырынан ашуға күш салды. Жазушы қазақ халқының жауынгерлік рухын, елдік идеалын, сыртқы жауларға қарсы тұрарлық бірлігін көркем бейнелер арқылы айшықтап көрсетті.

Романда қазақ халқының кім екендігі, оның этнос ретінде қалай қалыптасқаны, ұлт болып танылуына қандай тарихи жағдайлар ықпал еткені сияқты түбегейлі сұрақтарға нақты жауап беріледі. Мұндай мәселелерді тоталитарлық жүйенің қатаң билігі тұсында көтеру жазушының ұлт тағдырына деген терең жанашырлығының айғағы. Есенберлин өткен тарихты бүгінгі күннің өлшемімен пайымдай отырып, халықтың өзін-өзі тануына, тарихи сананың жаңғыруына үлкен үлес қосты.

Жазушы қоғамда жасырын жатқан, ашық айтылмайтын көптеген күрделі процестерді көркемдік бейнелеудің аясында қайта бағамдап, қазақ тарихындағы аса маңызды кезеңдерді әлемдік тарихтағы ірі оқиғалармен салыстыра суреттеді. Ол тар кезеңдерде де елдігін сақтап қалған халықтың ішкі қуатын, рухани беріктігін көркемдік қисын арқылы көрсетуді мақсат тұтты. Көне тарихқа бүгінгі заман талғамымен үңілу арқылы жазушы ұлттың өткені мен бүгінінің арасында идеялық көпір орната алды.

Ілияс Есенберлин романдарының композициялық құрылымына назар аударсақ, олардың сюжет өрімінде тарихи құжаттылық сипат пен романтикалық пафос өзара қабысып жататынын көреміз. Бұл – жазушының көркемдік жүйесінің басты ерекшелігі. Есенберлин тарихи деректерді терең игерген, сол заманның рухани-әлеуметтік тынысын барынша шынайы елестете білетін зерттеуші қаламгер. Оның шығармаларында уақыт тынысын, тарихи кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін тани алатын поэтикалық қуат өте айқын. Кейіпкерлердің мінез ерекшеліктерінен бастап, олардың әрекетіне әсер ететін әлеуметтік орта, тарихи жағдайлар, бәрі көркемдік қиялмен, деректік негізбен ұштасып, шынайы бейне тудырады. «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогиялары – жазушының шығармашылық қиялы мен ғылыми ізденісінің синтезінен туған айрықша көркем әлем.

Татар әдебиетінде де осы кезеңде тарихи жанрдың табиғатын пайымдауға деген жаңа көзқарас қалыптасты. Нурихан Фаттах пен Мәхмүт Хабибуллин сынды қаламгерлер тарихи шығарма қандай талапқа жауап беруі тиіс екенін, тарихи тұлға образын жасауда шынайылық пен көркемдік үйлесімділіктің шешуші рөл атқаратынын терең сезіне бастады. Олар өз романдарында тарихи деректерге сүйеніп қана қоймай, кейіпкер мінезін сол кезеңнің рухына сай келтіріп, тарихи шындықты көркемдік тұрғыда жаңғыртудың тиімді жолдарын тапты.

1960-жылдардың ортасынан бастап татар прозасында ежелгі дәуірге бет бұру, халық тарихының ертедегі кезеңдерін көркемдік тұрғыда қайта пайымдау үрдісі айқын байқалды. Ұзақ уақыт бойы жазушылар назарына іліге бермеген көне дәуір шындығын игеру қажеттілігі алдыңғы орынға шықты. Осы тұрғыдан алғанда, Нурихан Фаттахтың «Еділ өзені ағады» романы — татар әдебиетіндегі жаңа әдеби қозғалыстың бастауы ғана емес, оқырманға да, сыншыларға да әсер еткен ірі оқиғаға айналды. Роман идеялық мазмұнымен де, композициялық құрылысы мен баяндау тәсілдерімен де тың серпін туғызды.

Автор шығармасында қазіргі тарихи романдарға тән қосарланған сюжет желісін қолданады. Оның алғашқысы – қоғамдық-саяси бағыттағы арна. Мұнда жазушы Х ғасырдың басындағы Бұлғар мемлекетінің қалыптасу үдерісін көрсетеді. Бұл процесті баяндауда автор дәстүрлі кеңестік тарихи прозаның тәсілдеріне тән деректік материал мен авторлық концепцияны үйлестіру принципін сақтайды. Тарихи тұлғалардың әрекеттері, саяси шешімдер, мемлекеттілік идеясының қалыптасуы барлығы да құжаттық дәлдікке құрылған көркем интерпретация арқылы беріледі.

Екінші сюжет желісі тайпалық-рулық дәуірлерден бастау алатын рухани-адамгершілік әлемді ашуға бағытталған. Бұл бөлімде Фаттах фольклорлық әрі мифологиялық материалды белсенді пайдаланып, өзінің көркемдік қиялын кеңінен жүгіруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты баяндау мәнері де өзгереді: тарихи фактілердің қатаң логикасы романтикалық леппен араласып, көркем кеңістіктің эмоционалдық қуатын күшейтеді. Сыншылардың бұл шығарманы романтикалық тарихи роман деп атауының да өзіндік себебі бар. 1960–1970 жылдары түркі тілдес халықтар әдебиетінде тарихи кезеңді романтикаға сүйене отырып бейнелеу үрдісі кең тараған болатын. Сол себепті көптеген жазушылар фольклорлық архетипке негізделген романтикалық тарихи прозаның жаңа үлгілерін дүниеге әкелді.

Екі әдебиеттің – қазақ пен татар прозасының – осы кезеңдегі дамуына қарасақ, тарихи жанрдың романтикалық сипат алуында, өткен дәуірді көркем қиялмен қайта жаңғыртуында ортақ үрдістердің мол болғанын байқаймыз. Бұл – ұлттық тарихи сананың әдебиет арқылы жаңғыруының, өткенге рухани қайту қажеттілігінің көрінісі.

Нурихан Фаттахтың алғашқы тарихи романы татар әдебиетінің дамуына жаңаша бағыт әкелгені белгілі. Оның «Еділ өзені ағады» атты көлемді туындысының романтикалық қуаты – жазушының халықтың ең көне тарихына жүгініп, фольклорлық және мифологиялық сюжеттерді көркемдік тұрғыда шебер қиюластыруында. Бұл романның дүниеге келуіне 1974 жылы Моңғолияға жасалған шығармашылық сапардың үлкен ықпалы болғаны белгілі. Осы саяхат барысында жинаған этнографиялық мәліметтер мен тарихи деректер жазушыға Х ғасырдың басында қалыптасқан Волга-Бұлғар мемлекетінің алғашқы кезеңдерін көркем бейнеде жаңғыртуға мүмкіндік берді. Оның алдында татар тарихындағы бұл дәуірді ашық жазу ғылыми ортада да, әдебиетте де рұқсат етілмеген тақырып болғанын ескерсек, Фаттахтың шығармашылық батылдығы айрықша көрінеді.

Роман ақ бөрі Ақ қасқыр руының ежелгі өмірінен басталады. Жазушы ру ортасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, сенім жүйесін бейнелеуде этнографиялық детальдерді өте орынды қолданады. Оның ұлттық әдет-ғұрыптарға, тұрмыс-салт жоралғыларына ерекше назар аударуы туындының көркем-танымдық сипатын күшейтіп, оқырманға сол дәуірдің рухын терең сезіндіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, Фаттах Ғ.Ибраһимов, Мазит Гафури, Махмұд Галяу секілді татар әдебиетінің классикалық өкілдері қалыптастырған көркемдік дәстүрді жаңаша игеріп, өз шығармашылығында жалғастырады.

Шығарманың басталуы да ұлттық ойлау жүйесінің ерекшелігін айқын көрсетеді. Романның алғашқы тарауы ру басшысы Ақбүре Құран би мен ру абызы

Ұтташ-тас арасындағы қайшылыққа себеп болған «йолық тую» – құрбандыққа байланысты көне діни жоралғыны суреттеуден басталады. Абыздың Құран биді өз ұлы Тотыштың сүйікті атын құрбандыққа шалуға мәжбүрлеуі – адамдар арасындағы рухани-жан дүниелік қарама-қайшылықты күшейтіп, бүкіл оқиғаның драмалық арқауын ашады. Осы сәттен бастап билік пен сенім, дәстүр мен адамгершілік арасындағы тартыс өрши түседі.

Нурихан Фаттахтың шығармашылық ізденістерінің ең маңызды қыры – оның мифке ден қоюы. Мифологизм – әлемдік әдебиеттің ғасырлар бойғы басты көркемдік принциптерінің бірі; адамзаттың рухани жады мен көркем қиялдың түпкі арнасын танытатын әмбебап тәсіл. Қазіргі заман әдебиетінде мифологиялық құрылымдардың қайта жандануы да тарихи ойлаудың тереңдеуімен тығыз байланысты. Фаттах та бұл үрдістен тыс қалған жоқ: ол ертегі мен эпос материалдарын көркем өңдеудің жаңа жолдарын тауып, өткен мен бүгінгі арасындағы сабақтастықты танытуға ұмтылады.

Түркі халықтарының ежелгі сенім дүниесінде жылқы мен қасқыр киелі саналғаны белгілі. Әсіресе қасқыр бейнесі түркі мифологиясының негізгі тотемдерінің бірі. Белгілі фольклортанушы Наки Исәнбеттің «Татар халық мақалдары» атты еңбегінде қасқыр туралы көне мифтердің сақталғаны, оның түркі тайпаларын сыртқы жаулардан қорғаушы бейне ретінде дәріптелгені айтылады. Нұрхан Фаттах осы мифті өзінің шығармасында халықтың рухани-адамгершілік жадын қайта жаңғырту мақсатында қолданады. Ол Тотыш батырдың кек алу жолындағы әрекетін бейнелеуде қасқырды өлтіру сияқты ерекше көркем шешім ұсынады: батыр қылмыскерлерді жазалау үшін, олардың әрекетінің қатыгездігін ұғындыру үшін, түркі жұрты ерекше құрмет тұтатын қасқырларды құрбан етеді. Мұнда жазушы адамгершілік кодексінің бұзылуына қатысты терең моральдық түсінік береді.

Фаттах жылқыны қасиетті жануарды құрбан ету дәстүрін де халықтың рухани азғындауына әкелетін қатал рәсім ретінде көрсетеді. Бұл арқылы жазушы өзінің басты идеялық ұстанымын айқындайды: адамгершілік өлшемінен ауытқыған кез келген әрекет жазасыз қалмайды. Осы себепті романдағы Алмұш-хан, Ұташкам, Тотыш сияқты кейіпкерлердің әрқайсысына жасалған әділ жаза автордың моральдық-эстетикалық идеалын танытады. Фаттахтың романы көне мифтерді, тарихи шындықты, этнографиялық детальдарды және авторлық романтикалық қиялды шебер үйлестірген, татар тарихи прозасының жаңа кезеңін айқындаған маңызды көркем туынды ретінде маңызы зор.

Ілияс Есенберлин тарихи романдарының көркемдік болмысында халықтың рухани дүниесіне тән арналарды бейнелеу айрықша орын алады. «Көшпенділер» трилогиясы ең алдымен қазақ тарихының бастауы тым әріде жатқанын, оның түптамыры ұлттың терең этногенезінде екендігін еске салады. Жазушы өткен ғасырларда ұмыт бола бастаған тарихи жадтың қайта жаңғыруына түрткі болып, ең бастысы, тарих бетін әдейі бұрмалаған кеңестік идеологияның көлеңкесін көркем түрде ашып көрсетті. Ашық айтпаса да, романның әр эпизодында тарихи сананы жоғалтуға себеп болған коммунистік саясаттың салдары айқын сезіледі. Дәл осы трилогиядан нәр алып, тарихи шындыққа үңілуге ұмтылған кең оқырман қауым

кейінгі жылдары тоталитарлық жүйеге қарсы үн көтергені І. Есенберлин шығармашылығының қоғамдық әсерін көрсететін құбылыс. Ал Горбачев-Колбин кезеңіндегі әділдік іздеген жастарды қуғындау мен жазықсыз тұтқындау сол биліктің табиғатын айқындайтын тарихи шындық еді.

Есенберлин қазақ халқының бұрмаланған тарихын қалпына келтіруді мақсат тұтып, ұлттық тағдырдың түрлі дәуірлердегі келбетін көркем тіл арқылы жеткізу үшін «Көшпенділер» трилогиясына кірісті. Жазушы Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесін тарихи деректер негізінде талдап, оның оң және теріс жақтарын таразылай отырып, оқырманға нақты дәлелдермен ұсынды. Әбілқайыр хан мен Абылай ханның әр кезеңде ел тағдырына қатысты жасаған саяси қадамдары, қабылдаған шешімдері тарихи логикаға сай терең бейнеленді. Сонымен бірге жазушы қазақ халқының ерлік мінезін, сыртқы жаудан қорғанудағы табандылығын, бірлікке ұмтылған рухани қуатын көркем шынайылықпен көрсетті.

Трилогия қазақтың кім екендігі, қашан және қалай қалыптасқандығы, жеке ұлт ретінде танылуы қандай тарихи негіздерге сүйенетіндігі жөніндегі сауалдарға нақты жауап береді. Тоталитарлық қысым жағдайында мұндай күрделі әрі жауапты тақырыпқа баруы Есенберлиннің ұлттық мүддені қорғаудағы батылдығын айқындайтын ерекше қадам саналады. Жазушы өткен кезеңдердің халық санасында көмескі тартқан шындығын тарихи салыстырулар, әлемдік оқиғалармен үндестіру, бір дәуірден екінші дәуірге өтетін күрделі процесстерді талдау арқылы жаңаша пайымдады. Ол көне тарихқа бүгінгі замана талғамымен қарап, өткеннің тағдыршешті сәттерін қазіргі көзқарас биігінен зерделеді.

Есенберлин романдарының сюжет жүйесінде де Нурихан Фаттах шығармаларындағыдай тарихи құжаттылық пен романтикалық пафос қатар өріліп отырады. Екі жазушы да – тарихи деректерді терең меңгерген, дәуірлік шындықты көркем пішінде дәл көрсете алған талантты қаламгерлер. Олардың шығармаларындағы поэтикалық қуат – нақты тарихи сипатпен ұштастырылған көркем қиялдың жемісі. Есенберлин мен Фаттах кейіпкерлерінің мінезін ашуда әлеуметтік ортаның ықпалын, тарихи жағдайдың әсерін, халықтың дүниетанымын көркемдік жүйеге органикалық енгізе біледі. Бұл олардың тарихи роман жанрына қосқан ортақ жаңалығы.

Осы тұрғыдан алғанда, Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы мен Фаттахтың «Ысқырық жебелер» романы тарихи дерек пен авторлық қиялдың, ғылыми зерделеу мен көркемдік модельдеудің үйлескен синтезі деп бағалауға лайықты. Екі шығармадан да тарихи ойлаудың жаңғыруы, өткенді эпикалық кеңдікпен пайымдау, халықтың ежелгі рухани әлемін қайта тануға ұмтылыс айқын көрінеді. Бұл – қазақ пен татар тарихи прозасының ортақ эстетикалық платформада дамуының табиғи көрінісі.

Қазақ пен татар әдеби байланыстарының тамыры ертеден басталып, олардың генетикалық туыстығымен ғана емес, типологиялық ұқсастықтарымен де айқындалып келе жатқандығы ғылыми әдебиетте жиі аталады. Біз қарастырып отырған тарихи роман жанры да осы ортақ дәстүрдің жарқын көрінісі. Дипломдық зерттеу тақырыбына сәйкес, қазақ әдебиетіндегі Ілияс Есенберлин мен татар

әдебиетіндегі Нурихан Фаттах шығармашылығына шолу жасай отырып, олардың тарихи романдарын байланыстыратын ортақ белгілерді анықтауға тырыстық.

Ең алдымен екі жазушыны жақындастыратын тұс – екеуінің де тарихи роман жанрын жаңа деңгейде қалыптастырып, ұлттық әдебиеттің даму бағытын айқындаған тұлғалар болуы. Екіншіден, олардың шығармаларының басты идеялық өзегі – халықтың ең алғашқы қалыптасу кезеңдеріне үңілу, ұлттың тарихи бастауын тану арқылы тәуелсіздікке, дербес мемлекет болуға деген арман-мұратын көркем тілмен бейнелеу. Үшіншіден, Есенберлин де, Фаттах та тарихи фактілермен жүйелі түрде жұмыс істеген қаламгерлер: дерек пен көркем қиялдың арақатынасын шебер үйлестіріп, тарихи дәуірдің рухын дәл беруге ұмтылды. Төртіншіден, олардың баяндау тәсілдерінде, композициялық шешімдерінде, стильдік ерекшеліктерінде ұқсастықтар көп. Әсіресе фольклорлық-этнографиялық материалдарды кеңінен қолдану, ұлттық дәстүр мен мифологиялық мотивтерді сюжетке табиғи енгізу – екі романистикаға ортақ сипат.

Фаттах романдары жалпы түркі халықтарына ортақ көне тарихты қозғайтындықтан, оның шығармасынан қазақ оқырманына да етене таныс көптеген сюжеттер мен бейнелерді кездестіреміз. Мысалы, романдағы Хунну тайпасын қазақтар «ғұндар» деп атағаны белгілі. Мөде (Маодунь) сияқты тарихи тұлғалар екі халықтың ортақ тарихи жадынан орын алған. Сонымен бірге қазіргі қазақ прозасының даму тәжірибесінде ауыз әдебиетінің көркемдік және оқиғалық қазынасын игеру ерекше сипатқа ие екенін ескерсек, аңыздық сюжеттердің проза мен поэзияда жаңа мәнге ие болуы заңды. Тарихи романдарда мұндай «ауыс-түйіс», яғни фольклорлық сюжеттердің көркем шығармаға енуі өте кең таралған құбылыс.

Осы ретте Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы мен Фаттахтың «Ысқырық жебелер» дилогиясында тарихи аңыздардың, ауызша әңгімелердің, мифологиялық мотивтердің кең қамтылуы – олардың көркем дәстүрді терең меңгергенін көрсетеді. Аңыздық материалды «тірілту», оны әдеби процестің дамуына икемдеп қолдану – кәсіби шеберліктің белгісі. Бұл – әлем әдебиетінің дамуы үшін де, ұлттық әдебиеттердің поэтикалық тәжірибесін жаңғырту үшін де маңызды үрдіс.

Зерттеу нәтижелері қазақ пен татар тарихи романдарының ортақ типологиялық негізін, идеялық-мазмұндық жақындығын айқын көрсетті. Екі халықтың әдеби байланыстары ежелден терең болуы, тарихи тамырластық пен рухани ұқсастықтың молдығы Есенберлин мен Фаттах шығармашылығында ерекше көрініс тапқан. Олардың романдарын байланыстыратын ең алғашқы ортақ сипат – тарихи роман жанрын жаңа биікке көтеріп, ұлттық тарихи сананы жаңғыртуы. Ілияс Есенберлин өз дәуірінің ең ауыр идеологиялық қысымына қарамастан, қазақ халқының хандық кезеңдегі бостандығы мен тәуелсіздік жолындағы күресін эпикалық ауқымда суреттеп, тарихи шындықтың бұрмаланған тұстарын көркем түрде түзеді. Ал Нурихан Фаттах татар әдебиетінде X-XI ғасырлардағы Бұлғар мемлекетінің құрылу кезеңін жаңаша пайымдап, фольклорлық-мифологиялық дәстүрді тарихи жазбамен үйлестірген тың көркемдік тәжірибе ұсынды.

Екі автордың шығармасында да тарихи дерек пен көркем қиял табиғи синтезге түсіп, тарих шындығы мен эпикалық романтиканың үйлесімі жасалады. Есенберлиннің де, Фаттахтың да кейіпкерлер бейнесі нақты тарихи деректерге сүйеніп жасалғанымен, олардың әрекет ету логикасы көркем қиял арқылы тереңдетіліп, романдық кеңістікке лайық сомдалады. Фольклорлық және мифологиялық материалдардың екі романистикадағы орны да ерекше: Фаттах романдарында қасқыр культі, құрбандық дәстүрі, ру-тайпа мифтері көркем жүйенің өзегіне айналса, Есенберлинде аңыздар, шежірелік әңгімелер, халық тарихи жадын сақтаған ауызша деректер романның ішкі өрімін құрайды.

Зерттеу барысында анықталған маңызды тұстың бірі – екі жазушының да тарихи кеңістікті кең ауқымда бейнелеуі. Олар бір рудың немесе бір аймақтың тарихын емес, тұтас халықтың тағдырын әлемдік тарихи процестермен сабақтастыра көрсетеді. Есенберлин қазақ елінің Ресеймен қарым-қатынасындағы тағдырлы кезеңдерді, Абылай мен Әбілқайыр хандардың саяси шешімдерін ұлттық болмысты сақтап қалу мәселесімен байланыстыра суреттейді. Фаттах болса, Бұлғар мемлекетінің құрылуын түркі өркениетінің ауқымында қарай отырып, рухани сабақтастықты мифтік желілер арқылы тереңдетеді.

Екі автордың көркемдік шешімдеріндегі ұқсастықтар да айқын байқалады: олар тарихи деректерді сұрыптауда да, кейіпкерлер мінезін ашуда да, эпикалық кеңістік жасауда да ортақ тәсілдерге сүйенеді. Поэтикалық қиял мен тарихи ақиқаттың арақатынасын шебер үйлестіру, фольклорлық-этнографиялық детальдарды мол пайдалану, ұлттық дүниетанымды көркем рәміздер арқылы жеткізу – екі жазушының да романистік стиліне тән ортақ белгілер. Осылайша Ілияс Есенберлин мен Нурихан Фаттах тарихи роман жанрында түркі халықтарының ортақ рухани тамырын, тарихи сананың терең қабаттарын көркем бейнеде жаңғыртуда елеулі жетістіктерге қол жеткізгені байқалды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу қазақ пен татар тарихи романдарының поэтикалық табиғатындағы ортақтықтарды, идеялық-рухани үндестікті және тарихи сананы көркем бейнелеу принциптерін толық ашып берді. Ілияс Есенберлин мен Нурихан Фаттах тарихи прозасы ұлттық әдебиеттегі жаңа бір кезеңді бастап, тарихи роман жанрының мазмұндық-идеялық ауқымын кеңейтті. Екі автор да тарихи фактілерді көркем пайымдаумен шебер ұштастырып, халықтың көне дәуірден бастап қалыптасқан мәдени жадын, этникалық бастауларын, тәуелсіздікке деген арман-мұратын көркемдік әлемде жаңғырта білді. Олардың романдарында фольклорлық және мифологиялық арналардың кең қолданылуы түркі халықтарына тән рухани бірлікті күшейтіп, тарихи жадыны жаңғыртуда зор рөл атқарды.

Қорытындылай айтқанда, «Көшпенділер», «Алтын Орда», «Еділ өзені ағады», «Ысқырық жебелер» секілді туындылар қазақ пен татар халықтарының әдеби байланысының тарихи негізін ғана емес, бүгінгі түркілік рухани тұтастықтың да мәнін айқындап беретін ортақ көркем мұра болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] *Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан*. – Алматы, 1971.

[2] Жұртбай, Т.Қ. М.О.Әуезовтың шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі: автореферат / Т.Қ.Жұртбай. - Алматы, 2000.

[3] Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы (Жанрлық спецификасы. Типология. Стиль. Ұлттық кейіпкер. Тарихилық сипаты. Поэтика). – Алматы, 1997. – 290 б.

REFERENCES

[1] Zhirenshin, Ä. *From the History of Kazakh Books*. – Almaty, 1971.

[2] Zhurtbay, T.K. *The Creative Life and Aesthetic World of M. O. Auezov: Author's Abstract of the Dissertation*. – Almaty, 2000.

[3] Sydykov, T. *The Kazakh Historical Novel (Genre Specificity, Typology, Style, National Character, Historical Features, Poetics)*. – Almaty, 1997. – 290 p.

Обаева Г.С.

НАЦИОНАЛЬНОЕ ИСТОРИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ И ИДЕЯ НЕЗАВИСИМОСТИ В КАЗАХСКОЙ И ТАТАРСКОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация. В статье представлен сравнительный анализ поэтики казахских и татарских исторических романов на материале трилогии И.Есенберлина «Кочевники» и произведений Н. Фаттаха «Течёт река Идел», «Свистящие стрелы». Основное внимание уделяется актуализации национального исторического сознания, художественному осмыслению этнических истоков и отражению идеи независимости. Рассматриваются особенности включения фольклорно-мифологических мотивов, соотношение документальной точности и романтического пафоса, моделирование исторического времени и пространства. Показана типологическая близость казахско-татарских литературных связей, взаимодействие исторических источников и авторской фантазии, трансформация духовных ценностей в художественную систему. Исследование выявляет общие принципы репрезентации исторического сознания у обоих авторов и демонстрирует, что казахская и татарская историческая романистика сформировала сходные художественные модели, сыгравшие важную роль в обновлении тюркской исторической памяти.

Ключевые слова: исторический роман, Ильяс Есенберлин, Нурхан Фаттах, казахско-татарские литературные связи, историческое сознание, мифопоэтика, фольклорная традиция, этнические истоки, художественная система, романтический пафос, исторический факт, национальная идея, тюркское мировоззрение.

Obayeva Gulnara

NATIONAL HISTORICAL CONSCIOUSNESS AND THE IDEA OF INDEPENDENCE IN KAZAKH AND TATAR HISTORICAL PROSE

Annotation. The article presents a comparative analysis of the poetics of Kazakh and Tatar historical novels based on I. Yesenberlin's trilogy *Nomads* and N. Fattakh's works *The Itil River Flows* and *Whistling Arrows*. The study focuses on the revival of national historical consciousness, the artistic interpretation of ethnic origins, and the representation of the idea of independence. It examines the incorporation of folkloric and mythological motifs, the balance between documentary accuracy and romantic pathos, and the modeling of historical time and space. The typological proximity of Kazakh–Tatar literary connections, the interaction between historical sources and authorial imagination, and the transformation of spiritual values within the artistic system are highlighted. The research identifies common principles in the representation of historical consciousness in both authors' works and demonstrates that Kazakh and Tatar historical novelistics developed similar artistic models that played an important role in revitalizing Turkic historical memory.

Keywords: historical novel, Ilyas Yesenberlin, Nurikhan Fattakh, Kazakh–Tatar literary connections, historical consciousness, mythopoetics, folkloric tradition, ethnic origins, artistic system, romantic pathos, historical fact, national idea, Turkic worldview.

УДК 82-7
МРНТИ 17.82.70
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).166

Утегенова К.Т., Кажиахметова Э.Б.

Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова
Уральск, Казахстан

E-mail: karlyga@bk.ru, kazhiakhmetova03@bk.ru

ГЕНДЕРНЫЕ СТЕРЕОТИПЫ В СТЕНДАПЕ КАК ЧАСТЬ ПРОЦЕССА МЕЖЛИЧНОСТНОЙ КОММУНИКАЦИИ СО ЗРИТЕЛЕМ

Аннотация. В статье исследуются особенности стендап-комедии как формы публичного общения, находящейся на пересечении массовой и межличностной коммуникации. Авторы рассматривают особенности использования юмора в стендапе, влияние импровизации на восприятие аудитории, роль гендерных стереотипов в создании комического эффекта, а также возможность стендап-комедии служить платформой для социальной критики и формирования общественного мнения. Исследованы специфические черты взаимодействия комика со зрителями, роль юмора в процессе коммуникации, а также использование гендерных стереотипов в стендапах. Анализируется, как стендап-комики через импровизацию, самоиронию и провокацию устанавливают контакт с аудиторией, формируют общественное мнение и стимулируют социальные дискуссии. Особое внимание уделяется выявлению уникальных характеристик выступлений двух казахстанских стендаперов – Айны Мусиной и Галима Калиакбарова – и сравнению их творчества.

Ключевые слова: стендап-комедия, массовая коммуникация, межличностная коммуникация, юмор, гендерные стереотипы, импровизация.

Введение

Стендап является одним из наиболее популярных и развивающихся жанров публичной речи, отражающей важнейшие социальные процессы. В последние десятилетия стендап стал не только формой развлекательного искусства, но и платформой для обсуждения острых социальных тем, включая вопросы гендера. Комики через призму юмора транслируют общественные установки, подвергают их критике или, напротив, закрепляют существующие стереотипы. Актуальность исследования заключается в том, что стендап-комедия, как форма публичного выступления, представляет собой уникальный феномен современной массовой и межличностной коммуникации. В условиях глобализации и роста интереса к массовой культуре стендап занимает особое место, являясь не только способом развлечения, но и инструментом социальной критики и самовыражения. Жанр стендапа находится на пересечении различных форм коммуникации: с одной

стороны, это выступление перед широкой аудиторией, схожее с театральным представлением, с другой – интерактивный диалог, в котором зрители становятся активными участниками процесса.

В этом контексте анализ языковых стратегий и тактик, используемых стендаперами для конструирования и воспроизведения гендерных стереотипов, представляется крайне важным для понимания механизмов формирования общественного сознания.

Предметом исследования является стендап как вид публичного общения, который сочетает в себе импровизацию, острую сатиру, самоиронию и способность моментально реагировать на отклик аудитории. Одна из ключевых характеристик жанра, отличающая его от других форм комического искусства – взаимодействие между комиком и зрителями, которое строится не только на вербальном уровне, но и через невербальные сигналы: мимику, жестикуляцию, интонацию, что позволяет комику адаптироваться к восприятию аудитории и эффективно воздействовать на неё.

Исследование гендерных стереотипов в языке ведется на протяжении многих лет, и особый интерес представляют их проявления в неформальных и креативных дискурсах. Несмотря на растущий интерес к проблеме гендерных стереотипов в массовой культуре, язык стендап-комиков остается относительно малоизученной областью. В имеющихся исследованиях стендап рассматривается либо как особый тип дискурса, либо в контексте юмористических стратегий, однако его связь с гендерными стереотипами анализируется преимущественно фрагментарно. При этом именно в рамках стендапа можно увидеть, как стереотипы адаптируются к современным реалиям, получают новое осмысление или закрепляются через юмористическое переосмысление.

Вопросы установления контакта между комиком и аудиторией, роль юмора как коммуникативного инструмента, а также влияние гендерных стереотипов на восприятие материала требуют более глубокого изучения. Анализ стендапа позволяет понять не только механизмы формирования и разрушения стереотипов, но и особенности межличностной коммуникации, проявляющиеся в этом жанре. Исследование этого явления позволит не только выявить основные механизмы воспроизводства гендерных представлений, но и расширит знания о риторических особенностях русскоязычного стендап-дискурса. Это все было исследовано разными учеными, однако именно в таком ракурсе еще никем не исследовалось, поэтому предмет нашего исследования и представляется нам актуальным.

Целью исследования является анализ стендап-комедии как формы публичного общения, выявление её специфики и механизмов взаимодействия комика со зрителями. В исследовании рассматриваются особенности использования юмора в стендапе, влияние импровизации на восприятие аудитории, роль гендерных стереотипов в создании комического эффекта, а также возможность стендап-комедии служить платформой для социальной критики и формирования общественного мнения.

Выявление роли стендапа в современном общественном дискурсе, анализ особенностей гендерных стереотипов в стендап-комедии будет способствовать

расширению понимания культурных и социальных норм, влияющих на восприятие юмора и на характер публичного общения в целом.

Материалы и методы исследования

В ходе исследования стендап-комедии как формы публичного общения были использованы видеозаписи выступлений современных комиков, а также научные работы по теории коммуникации, психолингвистике, культурологии и гендерным исследованиям. Анализ проводился на основе изучения текстов стендап-номеров, в которых затрагиваются гендерные стереотипы, социальная критика и взаимодействие с аудиторией. Основными источниками для исследования стали выступления известных стендап-комиков, представляющих различные стили и подходы к юмору. В частности, в анализ были включены стендап Айны Мусиной, использующей самоиронию и сатиру для обыгрывания гендерных ролей и социальных ожиданий от женщин, а также выступления Галима Калиакбарова, который обращается к стереотипам о традиционной мужественности и семейных отношениях. Эти примеры позволили рассмотреть, как через юмор формируются и трансформируются гендерные стереотипы, как происходит взаимодействие комика и зрителей, какие стратегии используются для привлечения и удержания внимания аудитории.

Исследование базировалось на междисциплинарном подходе, включающем несколько методологических принципов. Метод дискурс-анализа позволил изучить структуру шуток, их содержание и функции в контексте стендап-комедии, а также выявить стратегии взаимодействия комиков со зрителями. Метод контекстуального анализа позволил учесть этнокультурные особенности восприятия гендерных ролей в Казахстане, а также адаптацию глобальных трендов стендап-комедии к местной специфике. Метод гендерного анализа применялся для выявления способов деконструкции и воспроизводства гендерных стереотипов в стендап-комедии. Использование данных методов обеспечило комплексный подход к изучению стендап-комедии как формы публичного общения, позволивший рассмотреть её не только как развлекательное искусство, но и как инструмент социальной критики и самовыражения, влияющий на восприятие гендерных ролей и стереотипов в современном обществе.

Результаты исследования

В языкознании интерес к гендерной проблематике усилился в XX веке. Ф. Маутнер (Fritz Mauthner) объяснял лингвистические различия между мужчинами и женщинами социальными и историческими условиями [1], Э. Сепир (Edward Sapir) акцентировал внимание на соотношении языка, пола и социального статуса в индейских языках нутка [2], в теории понятийных категорий О. Есперсена (Otto Jespersen) отмечается универсальность характеристик, применимых к разным языкам [3].

Ключевым элементом в рассмотрении темы гендера в межкультурной коммуникации являются стереотипы, в том числе гендерные. В «Кратком словаре когнитивных терминов» стереотип – способ обработки информации, связанный с упрощённой формой знания [4, с. 177]. Термин был введен в научный оборот У. Липпманом (Walter Lippmann), который рассматривал стереотип как

сформированный культурной средой когнитивный фильтр восприятия окружающего мира, как своеобразную модель социальной реальности [5, с. 97-98]. В рамках концепции ментефактов В.В. Красных, стереотип – зафиксированный в сознании образ типичной ситуации или объекта, который редуцирован до базовых, легко узнаваемых признаков [6, с. 177-180].

Гендерные стереотипы, в свою очередь, представляют собой устойчивые культурно обусловленные представления о «типичных» чертах, ролях и поведении мужчин и женщин. Эти представления варьируются в зависимости от этнокультурных, пространственно-временных контекстов, активно транслируясь и воспроизводясь через массовую коммуникацию, в т.ч. через жанр стендапа, где они могут как утверждаться, так и иронически деконструироваться. В 76-й словарной статье «Словаря гендерных терминов» они трактуются как «сформировавшиеся в культуре обобщенные представления» о качествах, атрибутах и поведенческих нормах мужчин и женщин, находящие своё отражение в языке [7]. Таким образом, гендерные стереотипы представляют собой прежде всего стереотипы-представления, которые закрепляются в общественном сознании и транслируются через языковые средства. Так, например, в русской языковой картине мира широко распространено представление о том, что женщина не должна употреблять обсценную лексику, тогда как в отношении мужчин использование подобной лексики нередко воспринимается как допустимое и даже ожидаемое. Следовательно, речевые гендерные стереотипы выполняют нормативную функцию в процессе социализации, определяя, какие формы выражения считаются приемлемыми для представителей того или иного пола.

Современная стендап-комедия может рассматриваться как специфическая форма публичной и межличностной коммуникации, в которой комик взаимодействует с аудиторией, опираясь на ряд социокультурных установок, в том числе на систему гендерных стереотипов. В рамках этого взаимодействия гендерные стереотипы выполняют функции упорядочивания и интерпретации социальной информации, задавая предсказуемые коммуникативные сценарии и модели поведения.

Согласно О.Б. Максимовой и А.А. Масликову, стереотипы следует рассматривать как культурно обусловленные образные представления, которые помогают структурировать социальное пространство, в том числе пространство символической коммуникации, характерное для стендапа. В этом контексте «взаимодействие процессов конструирования и интерпретации гендера при активном участии реципиента приводит к производству новых значений» [8, с. 9-10]. С точки зрения самопрезентации, стендап-комик выступает в роли субъекта, сознательно выбирающего определённый образ, что позволяет аудитории не только интерпретировать высказывание, но и соотнести себя с позицией говорящего.

Стендап объединяет элементы монологической и диалогической речи, поскольку, несмотря на преобладание монолога, выступление часто включает импровизационные реплики, адресованные залу, которые способствуют установлению контакта и обратной связи [9, с. 109]. Часто затрагиваются актуальные темы: романтические и семейные отношения, гендерные роли,

культурные и этнические различия, социальные пороки, а также табуированные темы (смерть, религия), которые способствуют не только развлечению, но и рефлексии над общественными нормами [9, с. 110]. С точки зрения межличностной коммуникации, важнейшую роль играет самопрезентация комика: он не просто рассказывает шутки, а формирует определённый образ себя перед публикой. Этот образ может быть близким к «усреднённому» представителю социальной группы или, напротив, нарочито противопоставленным ей, что позволяет как подтверждать, так и критиковать стереотипные ожидания аудитории.

Ресейде Орыс географиялық қоғамының құрылуына байланысты қазақ даласын геологиялық жағынан зерттеу кешенді, жүйелі түрде жүргізілді. Географиялық қоғамның аймақтарда бөлімдерінің ашылуы жергілікті жерлердегі зерттеу жұмыстарының дамуына үлкен ықпал етті. Аталған қоғамның Батыс-Сібір бөлімшесі Алтайға екі рет (1878,1880) И.М. Ядринцевтің экспедициясын жіберді. Е.П. Михаэлис Қалба жотасының геологиялық құрлымына, алтын кені бар жерлерге қызығушылық танытып, пайдалы қазбаларды зерттеумен қатар, кен орындарына арналған әр түрлі механикалық құрылғылардың жобаларын жасаған. Алтын өнеркәсіпшілердің оған көмек пен кеңес сұрап келуі жиі болды [12].

XIX ғ. 90-жылдары үкімет шашыранды алтынның құмдағы мөлшерінің азаюына байланысты геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Тау-кен департаменті жанынан құрылған Сібірдегі алтын кені бар жерлерді зерттеу мақсатында құрылған комиссия 1898 жылы арнайы жоспар жасайды. Геологиялық партияларға Батыс-Орталық және Шығыс-Сібір бағытында 7,5 мың шақырымға созылып жатқан темір жол бойында жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізу тапсырылады [13]. Батыс Сібір темір жолының желісі бойынша Ақмола, Семей облыстарын тау-кен инженері А. Краснопольский зерттеді. Зерттеудің негізгі мақсаты - қазақ даласының геологиялық жағынан белгісіз қырларын, алтын кен орындарын толығымен зерттеу болды [14]. Алтын кен орындарының шекарасын кеңейтуде осы комиссия бағдарламасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары да белгілі рөл ойнады. Жалпы алғанда, қазына қаржысына жүргізілген геологиялық-барлау жұмыстары жүйесіздігімен сипатталады. Мұны алтын өнеркәсіпшілер сиезі зерттеулерді геологиялық, топографиялық жағынан толық қамтылмаған «қанағаттанарлықсыз» деп мойындаған. 820 мың шаршы шақырым тұратын алтынды аудан көлемінің 194

шақырымы, яғни 24%-ы ғана топографиялық сызбаларға түсірілген [15]. Өлкедегі геологиялық зерттеулер жекелеген алтын кені бар аудандарды қамтыды, алтын кен орындарын қандай бағытта іздеу керектігінен хабардар ететін қазақ даласының шығысындағы алтын кені бар жерлердің біртұтас геологиялық картасы жасалынбады. Дегенмен, геологиялық барлау жұмыстары өлкедегі алтын кені бар аудандардың шекарасын кеңейтуге және алтынды қабаттардың сипатын анықтауға ықпалын тигізді

XX ғасыр басында Шығыс Қазақстанда үлкен алтынды аудан анықталып, өзіндік алтын белдеу қалыптасты. Ашылған кен орындары Ертістің сол, оң жағалауындағы өзендер мен бұлақтар бойында шоғырланды. Сол жағалаудағы үлкенді-кішілі 126 өзеннің 51-нен, оң жағалаудағы 32 өзеннің 31-нен алтын іздері табылған. Шығыс Қазақстан өлкесі бойынша 1880 жылдардан бастап 795 шашыранды алтын кен орны тіркелді, олар 61217 десятина немесе 56059,53 гектар ауданды алды. Семей облысының Өскемен, Зайсан уездеріндегі шашыранды алтын кен орындары мен кеніштерінің атласында берілген сипаттамаға сүйенсек, алтын кен орындары өзен жүйелері бойынша 39 ұсақ жүйеге бөлінген. Географиялық жағыннан алтынды жүйелер үш ірі жүйеге біріктірілді: Қалба (Ертіс өзенінің сол жағалауы), Күршім-Нарым, Сарытау (Зайсан) [16].

Ертістің сол жағалауындағы *Қалба алтын жүйесіне* мынандай топтар жатты: Сарыбұлақ, Сынтас, Ағанақақты, Құлынжон, Жанама, Ақжал, Канайка, Жантас, Бөкен, Лайлы, Теректі. Аталған топтардың арасындағы ең ірілерінің бірі - Сынтас пен Былқылдақ өзендері аралығында орналасқан Сынтас тобындағы кен орындары, олардың жалпы саны - 65 болды. 1855 жылы көпес И. С. Самсонов алғаш рет Николаевск, Успенск кеніштеріне өтініш білдірген, кейін Сынтас өзені бойындағы барлық дерлік алтын кен орындары Д. С. Жадовский, Ф. А. Маслова, және Вязниковский, 2 гильда көпесі Василий Зобнинен тұратын компанияның иелігінде болды. Бірақ компания мүшелері арасындағы өзара келіспеушілік салдарынан алтын өндіру тоқтатылды. Мысалға, бір ғана Троицкий кен орынында компания 8 жыл жұмыс істемеді. 1835-1843 жылдар аралығында Сынтас тобында 6,950,00 пұт құм жуылып, 9 пұт, 26 фунт, 33 алтынды, 53 бөлік алтын алынды [17]. Бұл топтағы шашыранды алтын ұсақ болып келгенмен, алтынның шоғырлануы жағынан бай болып келді.

Кен орындарының саны жағынан үшінші орынды Жанама тобы алды. 43 кен орынынан тұратын топ, Өскемен уезінің, Қалба болысындағы, Шар өзеніне құятын Жанама өзенінің жоғарғы бойында, Құсмұрын тауынның баурайында орналасты. 1835 жылы Попов пен Перефильев бірінші болып өтініш жасағанмен, аудандағы алтын өндіру жұмыстарын Костин, Хотимский, Москвин жүргізді. Ағанақақты өзені мен оған құятын бұлақтар бойындағы алтын кен орындарынның саны – 35 жетті [17]. Ауданды алғаш ашқан Попов (1835) болғанымен, Ағанақақты өзенінің жоғарғы ағысындағы жерлерді А. А. Сабуров ашты. Мұндағы алтын мөлшерін көп беретін - Преображенский, Воскресенский, Васильевский, Марининский алтын кен орындары болды. Бірақ, 1880-1900 жылдар аралығында алтын кен орындарының 15-і жұмыс істемеді.

Құлынжон, Лайлы тобы Өскемен уезінің Құлынжон болысында орналасты. Құлынжонның Лайлы өзеніне құйса, соңғысы Ертіске құйды. Топ 35 кен орынынан тұратындығына қарамастан шағындылығымен ерекшеленді. 1839 жылы С.Попов бұл жерлерде іздеу жұмыстарымен айналысты. 1840 жылы 31 мамырда Попов пен Мамонтов тұңғыш рет шашыранды алтын кен орындарына өтініш берді. Лайлы өзені бойындағы алтынды жерлерді Л. Н. Кривошейн (1894) тапты.

Үлкен Бөкен мен Теректі тобы. Үлкен Бөкен өзенінің екі жағынан да көптеген өзендер мен бұлақтар құяды. Мысалға, Ақтасты, Сидровка, Жұмба, Матақ, Теректі, Майқалған, Кумал, Кіші Бөкен, бұлар Қалба жотасының орталық бөлігінде орналасты. 118 алтын кен орыны осы ауданды алып жатты. Аудандағы алтын өндіру кәсібімен Өскемен көпесі П.Ф.Касаткин, Томск көпесі А.И.Иронов, Семей мещаны С.О.Суров, Колывань мещаны А.Н.Трухинтин, Сарай кеңесшісі И. Г. Чистяков айналысты.

Сарыбұлақ тобындағы 31-ге тарта алтын кен орындары Өскемен уезінің, Себин болысындағы Бердібай, Сарыбұлақ, Ботағара бұлақтары бойында орналасты. 1834 жылы С. Поповтың қазақ даласындағы алтын кен орындарын ең алғаш ашып өтініш білдірген жері. С. Попов Сарыбұлақ тобындағы алтын кен орындарын 1848 жылғы 7 тамыздағы келісім бойынша, өндірілген әрбір пұт алтынға 500 сом күміспен төлеу шартымен, Өскемен көпесі Греховқа 12 жылға жалға берді [18]. 1849 жылдың бірінші жартысында 316,650 пұт құм жуылып, 9 фунт, 9 алтынды, 8 бөлік алтын алынды. Алтынның сынамасы 944 және көлемі әр түрлі пішінде болып келді.

Басқа да өзендер мен бұлақтар бойынан алтын іздері табылғанмен, алтын мөлшерінің өте аздығынан өндіру жұмыстарын жүргізу тиімсіз болды. Мысалға, Канайкада, Балажалда шашыранды алтын мөлшері өте төмен болса, Ақжалда мүлде кездеспеген. Керсінше, бұл жерлер рудалы алтынға бай болуымен ерекшеленді. Ертістің сол жағалауында орналасқан шашыранды кен орындары ішіндегі, алтын өндіру жағынан ең ірілері ретінде Сынтас пен Көжебұлақ, Жанама, Бөкен, Жұмбаны атауға болады.

Ертістің оң жағалауындағы Нарым жотасын алып жатқан алтынды аудан *Күршім-Нарым* жүйесін құрады. Нарым жотасын Қалбадан Ертіс өзені бөліп жатты. 220-ға тарта алтын кен орындары Күршім мен Қара-өткел, Үлкен, Кіші Қоғадай, Бетігелді, Мойылды, Қара-Қойтас, Орта Терек, Жаман-Қиынсу, Бұланды, Тоқбура, Қыстау-Күршім, Жүдеу өзендері бойларын қамтыды. Күршім-Нарым алтынды ауданының алғашқы қарлығаштары ретінде 1889 жылы осы өлкеге келген, Меновщиков пен Ложниковты атауға болады. Меновщиков Қиынсуға құятын Қараөткел бұлағынан алтын кен орындарын ашса, 1890 жылы Ложников Мойылды өзеніндегі алтын орындары бөлініп берілді. Алтын өндіруші кәсіпкерлерді ұзақ уақыт бойы бұл аудан қызықтырмады, он жыл бойы жоғарыда аталған тұлғалар ғана жұмыс істеді. Кейін Табаков, Поляков, Касаткин, Москвиннің келуіне орай аудандағы өндіру жұмыстары кен қарқын алды.

Жаман-Қиынсу жерлерінен бірінші болып алтын іздерін тапқан, алтын өндіруші Степановтың Георго-Владимирский алтын кен орының басқарушы Гинтовтың алтын іздеу партиясы. Көп уақыт алтын өндірушілер бұл өңірде жұмыс

істеуге қауіптенді. Себебі, алқаптарды бұзылған тау жыныстарының алып жатуы, өзеннің тік құлама болып келуі және көктем айларында өзеннің қатты тасуы еді. Мысалға, 1897 жылдың көктемінде су деңгейінің жоғарлауы салдарынан Воскресенск алтын кен орнындағы жүргізілген дайындық жұмыстарының барлығы су астында қалған. Тау-кен инженері Коцовский, өзенді атпен жүріп өту өте қиын және ыңғайсыз болғандықтан, қазақтар Жаман-Қиынсу деп атағандығын айтады. Гинтовтан кейін Брюханов, Гудков және т.б. барлау жұмыстарын жүргізгенімен, нәтижесінде барлық алтын орындары О.Ф.Поляковтың карамағына өтті. Поляков Гинтовтан, алтынның фунтына 40 сом төлеу келісімімен 12 жылға жалға алды. Топтағы алтын мөлшері 100 пұтқа 12 бөлік, кейбір жерлерде 24 бөлікке жетті. 1 алтындыдан 17 алтындыға дейін алтын кесектері кездесіп отырған. Бұл жерлердегі алтынның сынамасы 946-947 аралығында болды [19].

Бұланды тобында алтын мөлшері өте аз болды. Өзеннің төменгі ағысында бірнеше іздеу партиялары барлау жүргізгенмен, алтынның белгісі табылмады. Алтын өндірумен бүл топта тек Касаткин айналысты. Қиынсу тобындағы алтын кен орындары алтын мөлшері жағынан бай болуымен есептелінді. Алтын Қиынсу өзенінің өзінен емес оның тармақтарынан табылған. Табиғат жағдайының қаталдығына қарамастан алтын өндірушілердің ерекше назарын аударған. Қыстау-Күршім Ертістің оң жағалауындағы ең үлкен алтынды аудан болды. 1870 жылдардың аяғынан бастап бұл жерлерге алтын өндірушілер тарапынан өтініштер беріле бастады. Топтағы алтын кен орындарының көпшілігі Москвиннің қарамағына өтті. Москвиннің барлау жұмыстары барысында алтынның сипаты, көп мөлшерде қорланған жерлері, қандай бағытта іздеуге болатындығы анықталды. Нәтижесінде Вознесенский, Александровский, Даулетовский және т.б. кен орындары ашылды. Қыстау-Күршім мен оның салаларында 25-ке жуық кен орындары бөлініп берілді, оның 11-і Москвиндікі, бірнешеуі Меновщиковтікі, қалғаны әр түрлі тұлғалардың пайдасына берілді [20]. Ертістің оң жағалауындағы барлық алтын кен орындарының басқармасы Москвиннің Владимировск кен орнында орналасты.

1880 жылдары Зайсан өңірінде алтын кен орындары жұмыс істей бастады. 1882-1905 жылдар аралығында Майқапшағай, Қараағаш, Алқабек, Қалжыр өзендері бойларынан 62 кен орыны ашылып, *Сарытау алтын* жүйесін құрады. 1882 жылы 12 тамызда А.П.Коровкин Майқапшағай өзенінің оң жақ жоғарғы ағысындағы жерден Қазан шашыранды алтын кен орынына бірінші болып өтініш берді. Сарытау жүйесінде алтын өндірумен Москвин, Сизов, Меновщиков, Коленский, Проскуряков, Коровин, Степанов, Хотимский айналысты [21]. Бұл ауданда басқа алтын кен орындарымен салыстырғанда алтын өндіру нашар дамыды. Өлкедегі алтынды жерлердің беткі қабатын жауып жатқан шым тезекпен құмның қалың болуы үлкен еңбек шығындылығымен қатар қомақты қаржы жұмсауды талап етті. Қалба, Күршім-Нарым алтынды жүйелеріндегі өндіру жұмыстары ашық түрде жүргізілгенін ескерсек, Сарытау жүйесіндегі кен орындарының бірқатары шашыранды алтынды алуда жер асты жұмыстарын жүргізу қажет болды.

Дегенмен, Тау-кен инженері А.Татаринов Семей облысындағы шашыранды алтын орындарында алтынды қабаттың терең орналаспағанын, құмның аз сазбалшықтануын, алтын сынамасының жоғары екенін атап өткен. өлкеде алтынды қабат біркелкі орналасты, ұялы түрі кейбір кен орындарында ғана ұшырасты. Алтын құмды жауып жатқан бос қабат қалың болмады, төрттен бір аршын мен бір аршын аралығын құрады немесе мүлде болмаған, яғни алтынды қабат жердің беткі қабатына жақын орналасты. Мысалы, Жанама өзені жүйесіндегі тереңде жатуымен ерекшеленетін алтынды қабаттардың бос қабатын аршу ешқандай қиындық тудырмаған. Салыстырмалы түрде Сібірдегі Бодайбо өзен жүйесін алсақ, алтын 30-60 метр тереңдікте қатты суланған құмда жатқан, оны игеру тек ірі кәсіпкерлердің қолынан келген. Бос қабат қалың болмағандықтан өндіру жұмыстары ашық түрде жүргізілуінен өте қымбат тұратын ағаш материалдарының қажеті болмады. Алтын жууда өзен суларынның жеткілікті түрде болуы, суды сору, өзен саласын бұру жұмыстарының болмауы алтын өндірушілерден қосымша шығын шығаруды талап етпеді. Алтыны бар құмның құрамында сазбалшықтың аз болуы, алтынды құмнан ажыратуды жеңілдетті. Бұл өндірісті ұйымдастыру түріне ықпал етті. Алтын өндірушіге алтын алуда қарапайым, арзан құрылғыларды пайдалануына мүмкіндік берді.

Барлау жұмыстары барысында кендегі алтынның мөлшері қарапайым бақырлар арқылы анықталды. Кен темір келсаптарда үгітіліп, үлкен темір бақырларда жуылды. Бақыр сынамасы арқылы тәжірибелі алтын өндіруші кен құрамындағы алтын мөлшерін бірден анықтай білген. Кен аз минералданған қарапайым кварцтан тұруы алтынның механикалық жолмен жеңіл бөлінуіне ықпал етті. Тау-кен инженері М.Петрежкевичтің көрсетуінше, егер кенде колчедандар аз болса, техникалық жағынан сынамасы өте жоғары болып есептелінген. Кендегі металдың құрамы әр түрлі болған: 100 пұт құмдағы орташа алтын мөлшері 3,5,8 мысқалдан тұрды.

Кен орындарының бір алтынды белдеуде шоғырлануына, алтынды қабаттарының сипаты жағынан ұқсас болуына қармастан, алтынның сапасы, түсі, көлемі алтынды жерлерде әр түрлі болғандығын көреміз. Алтынның "көйлекті алтын" деп аталатын пленкамен жабылған алтын түрі Майқапшағай, Шегелек (Бөкен) жүйелеріне тән болды. Алтын өндірушілер түсіне, көлеміне қарап, алынған жерін, бағасын дәл анықтай білген. Тозаң тәріздес түрінен бастап, ірі алтын кесектеріне дейін жиі кездесіп отырған. 1866 жылы Сынтастағы Никольск алтын кен орынынан 2 пұт 14 фунт, 1880 жылдары 11 пұт, 32 фунт алтын кесегінен 18 фунт таза алтын алынса, Аюжатқан тауының етегіндегі Крестовоздвиженск кен орнынан салмағы 10 фунт алтын кесегі табылған. Өскемендік көпес Дегтяров өзінің жалдамалы жұмысшыларымен бірге Жұмба кен орнынан салмағы 16 фунт болатын алтын кесегін тапқан.

Қазақстанның шығысындағы алтын жүйелері алтын сапасының жоғарғы болуымен ерекшеленді. Алтын сынамасының 850-ден төмен болуы сирек құбылыс, болып есептелінсе, кейбір жерлерде 960 (Алқабек) жеткен.

Қазақ даласындағы «алтын дүмпуінің» алғашқы он жылдығында тек алтынға бай кен орындары жұмыс істеп, иелеріне үлкен пайда әкеліп отырды. Сондықтан

да өндіру ісінде механикаландыруға аса мән берілмеді. Тау-кен жыныстарын қазуда қол күші қолданылып қайла, күрек, қол тәшкі сияқты қарапайым құралдар пайдаланылды. Алтын кен орындары ернеулі еңіс болып келетін үстел түріндегі шаймаулық құрылғы вашгерттермен және алтын құмды жууға арналған бөшке тәріздес құрылғы бутарлармен жабдықталды. Оларды орнату өте жеңіл болды. Бутарларда күніне 4000-5000 пұт құм жуылатын болған. Құмның негізгі бөлігі қол станоктарда немесе бутарларда жуылды. Қол станоктың екі түрі қолданылды. Бірі - 5 рубльден 10 рубль аралығында тұратын, күніне 400 пұтқа дейін құм жуатын, бір орнынан екінші жерге жеңіл орнатылатын түрі болса, екіншісі - көлемі өте шағын, 150-ден 200 пұтқа дейін жуатын, бағасы 1-2 рубль көлеміндегі түрі еді. Бутарлар 100 рубль тұрды, қуаттылығы 4000-5000 пұт құм жууға жетті.

Бірақ, кен өндіру жұмыстары маусымдық болды, негізінен сәуір мен қыркүйек айлары аралығында жүргізілінді, қалған уақытта өндіру жұмыстарының көлемі мардымсыз болды.

Алтын кен орындары қала орталықтарынан шалғайда орналасқанына қарамастан қалалармен байланыстыратын төрт ірі жол жүйесі болды. Оның біріншісі – Ертіс су жолы арқылы жүрді, қыста өзен үстімен Мало-Красноярск және Больше-Нарым поселкелері арқылы өтті. Екіншісі пошта трактісімен Өскемен-Зайсан, Сынтас бекетіне дейін, Құлынжон арқылы Боты поселкесіне дейін, Өскемен мен Боты поселкесіне дейінгі жолдың жалпы ұзындығы 200 шақырым және Қиынсуға дейін 60 шақырым болды. Ботыға дейін жүктің бір пұтын жеткізу 20 тиын, бұл жерден кен орындарына дейін 15 тиын болды. Үшінші жол Мешіт поселкесі арқылы Күршім алқабына дейін барған, бұл жол қатты топырақтан тұрды. Төртінші жол – Күршімнің оң жағынан бұрылып Майқапшағай және Зайсан уезіндегі басқа да алтын кен орындарына дейін болды. Жүктің бір пұтын жеткізу 45 тиын тұрды. Жүктің негізгі бөлігі Өскемен қаласынан жеткізілген. Тек ірі өнеркәсіп иелері ғана, мысалы С. Степанов, К. Шмедель, А. Москвин мануфактуралық тауарларды, шайды Семей қаласынан алған. Мұндай жағдайда өте қысқарған жолды пайдаланды. Өскемен қаласына соқпай, Ертістен өтіп, Карпово, Таубинка ауылдары арқылы Өскемен-Зайсан пошта трактісіне шығып, Бөкен, Мешіт поселкесіне шыққан. Бұл жол арқылы Семей, Күршім, Майқапшағай жүйелеріндегі алтын кен орындарына апаратын жол біршама қысқарған. Осы жолмен жүктің бір пұтын жеткізу 50 тиын тұрған.

Сонымен қатар, кен орындарына апаратын жолдарда елді-мекендердің болуы да шарашаған аттарды айырбастау сияқты қызметтерді жеңілдетіп қоймай, кен орындарына тауарларды тек қалалардан ғана емес ірі елді мекендерден де алу мүмкіншілігін тудырды. Мысалы, алтын өнеркәсіпшілердің көпшілігі тауарларды үлкен сауда селосы Зыряннан, И. Касаткин өзі тұратын және сауда жасайтын Көкпекті қаласынан алған. Алтынды аудандарды қалалармен, елді мекендермен байланыстыратын жолдар қатты топырақтан тұрды, арбамен жүруге өте қолайлы болды. Яғни, алтын кен орындарын елді-мекендермен байланыстарын қалыптасқан жолдардың болуы, жүк тасымалдаудың арзандығы кен орындарының жұмысына да ықпалын тигізді.

Жоғарыда келтірілген деректерді сараптай келе, XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қазақстанның шығысында ашылған алтын кен орындары үлкен бір алтынды ауданнан тұрғандығын көреміз. Алтынды аудан географиялық жағынан алғанда Қалба, Күршім-Нарын, Сарытау деп аталатын үш ірі алтынды жүйеден тұрды. Алтынды жүйелер өзен бойлары бойынша бірнеше кен орындарынан тұратын топтарға бөлінген. Кен орындары жұмыс істей бастаған алғашқы жылдары және одан кейінгі онжылдықтарда өлкедегі кен орындарынан тек 8-10 пұт аралығында алтын өндірілген. Сарытау жүйесіндегі кен орындарына қарағанда Қалба, Күршім-Нарым алтынды жүйелеріндегі кен орындарында алтын алу ісі ашық әдіспен жүргізілінгендіктен алтын өндірушілер негізінен осы аудандарда жұмыс істегендігін көреміз.

XIX ғ. 80-жылдардан бастап өндіріс көлемі ұлғайып 30 пұтқа дейін алтын өндірілген. Бірақ, одан кейінгі кезеңдерде жұмыс істеп тұрған шашыранды алтын кен орындарының саны қысқара бастаған. Бір ғана алтынға бай Өскемен уезінде жұмысын тоқтатқан шашыранды кен орындарынының саны 50-ге жеткен. Бұған 1900-1903 жылдардағы экономикалық дағдарыс, барлау жұмыстарының кең түрде жүргізілінбеуі, кен орындарындағы алтын қордың таусылуы, негізгі капиталдың жетіспеушілігі және басқа да көптеген факторлар себеп болған.

Қорытынды

Деректерден байқағанымыз өлкеде ашылған шашыранды алтын кен орындарындарын тау-кен әкімшілігі ресми түрде тіркеп отырған. Олардың саны көп болғанымен, өндіру жұмыстары барлық кен орындарында жүргізілінбеген. Алтын өндірушілер географиялық орналасуы қолайлы, алтын қоры жеткілікті мөлшердегі, беткі жыныс қабаты қалың емес кен орындарында ғана жұмыс істеген. Кейбір кен орындары бір-екі маусым жұмыс істесе, енді бірі қатарынан бірнеше жыл жұмыс істеген. Алтын өндірушілер кен орындарын екінші тұлғаға жалға беруі жиі кездесетін жағдай болған. Сонымен қатар, кен орындарын ірі елді-мекендермен байланыстыратын қалыптасқан жолдардың болуы, кен орындарына жүк тасымалдаудың арзандығы сияқты факторлар да бұл өлкедегі кен орындарының жұмысына ықпалын тигізді деуге болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Igibaev S.K. From the History of Gold Mining on the Territory of Modern Kazakhstan: the end of the XIX – beginning of the XX centuries // Bylye Gody. 2020. Vol. 56. Is. 2

[2] ПСЗРИ-1. т.39, №25119

[3] Коцовский В.Д. Отчет по статистико-экономическому и техническому исследованию золотопромышленности Семипалатинской и Семиреченской областей. Часть 1-ая. С-Петербург: типо-литография Якорь, 1904. -122 с.

[4] ҚР ОММ 12, -қор, 2-тізбе, 2- іс.

[5] ҚР ОММ. 345-қ., 1-т., 2440-іс.

[6] Казахско-русские отношения XVIII - XIX века. -Алма-Ата: Наука, 1964. -573 с.

[7] Барбот де Марни Н. П. Краткий обзор геологических работ, произведенных в России в 1872г. // Горный журнал. Т.2. – 1873. - С. 306-310.

[8] Остров Арал-Тобе на озере Алакуль (Письмо Г. Шренка Его превосходительству Г. Начальнику штаба корпуса горных инженеров) // Горный журнал. – 1842. 12 январь. - С. 18.
[9] Геогностические поездки в восточной части Киргизской степи в 1849 и 1851 годах (штабс-капитана Влангали) // Горный журнал. Ч. II, книжка 5,6. - 1853. - С. 1-216, 355-388.
[10] Романовский Г.Д. Краткий очерк исследовании восточной части Киргизской степи Западной Сибири в геологическом горнопромышленном отношених с 1816 по 1893. - СПб., 1896. - 70 с.
[11] Габриель А. Сведения о поисках золото в Зайсанском крае // Известия РГО. Т. 3. - №3. - С.109-112.
[12] Записки Семипалатинского подотдела ЗСО РГО. Вып. 8. – 1914. - С. 10-11.
[13] Отчет горного Департамента за 1900 и 1901. –СПб., 1903. – С.726.
[14] Краснопольский А. Геологическая исследования в Акмолинской, Семипалатинской областях // Геологическая исследования и разведочные работы по линии Сибирской железной дороги. Вып. XXI. - СПБ., 1900. – С.122-136
[15] Работы геологического комитета за 1915г. // Рудный Вестник, - 1917. - №1. - С. 35-38.
[16] Атлас золотых приисков и рудников Усть-Каменогорского и Зайсанского уездов Семипалатинской области. - Семипалатинск, 1909. - 44 с.
[17] Описание к картам золотых приисков и рудников Устькаменогорского и Зайсанского уездов Семипалатинской области. Семипалатинск: типо-литография. т.д.п. Плещееви Ко, 1907.-17 с.
[18] ҚР ОММ. 209-қ., 1-т., 448-іс.
[19] АО ММ. 612-қ., 1-т., 1-іс.
[20] ҚР ОММ 12 қор, 1-тізбе, 134-іс.
[21] ҚР ОММ 826 қор, 1- тізбе, 1-іс.

REFERENCES

[1] Igibaev S.K. From the History of Gold Mining on the Territory of Modern Kazakhstan: the end of the XIX – beginning of the XX centuries // Bylye Gody. 2020. Vol. 56. Is. 2 [In English]
[2] PSZRI-1. t.39, №25119 [In Russian]
[3] Kotsovskiy V.D. Otchet po statistiko-ekonomicheskomu i tekhnicheskomu issledovaniyu zolotopromyshlennosti Semipalatinskoy i Semirechenskoy oblastey. Report on the statistical, economic and technical study of the gold mining industry in the Semipalatinsk and Semirechye regions Chast 1-aya. Sankt-Peterburg: tipo-litografiya Yakor, 1904. -122 p. [In Russian]
[4] KR OMM 12, -k, 2-ti, 2-I
[5] KR OMM. 345-k., 1-t., 2440-i.
[6] Kazahsko-russkie otnosheniya XVIII - XIX veka. Kazakh-Russian relations of the 17th - 20th centuries - Alma-Ata: Nauka, 1964. -573 p. [In Russian]
[7] Barbot de Marni N.P. Kratkiy obzor geologicheskikh rabot, proizvedennykh v Rossii v 1872 g. A brief overview of geological work carried out in Russia in 1872 // Gornyy zhurnal. T.2. – 1873. - p. 306-310. [In Russian]

[8] Ostrov Aral-Tobe na ozere Alakul (Pismo G. Shrenka Ego prevoskhoditelstvu G. Nachalniku shtaba korpusa gornykh inzhenerov) Aral-Tobe Island on Lake Alakol (Letter from G. Schrenk to His Excellency G. Chief of Staff of the Corps of Mining Engineers) // Gornyy zhurnal. – 1842. 12 yanvar. - p. 18. [In Russian]
[9] Geognosticheskie poezdki v vostochnoy chasti Kirgizskoy stepi v 1849 i 1851 godakh (shtabs-kapitana Vlangali) Geognostic journeys in the eastern part of the Kirghiz steppe in 1849 and 1851 (Staff Captain Vlangali) // Gornyy zhurnal. Ch. II, knizhka 5,6. - 1853. - p. 1-216, 355-388. [In Russian]
[10] Romanovskiy G.D. Kratkiy ocherk issledovaniy vostochnoy chasti Kirgizskoy stepi Zapadnoy Sibiri v geologicheskom gornopromyshlennom otnoshenii s 1816 po 1893. A brief outline of the exploration of the eastern part of the Kirghiz steppe of Western Siberia in geological and mining relations from 1816 to 1893. - SPb., 1896. - 70 p. [In Russian]
[11] Gabriel A. Svedeniya o poiskakh zolota v Zaysanskom krae. Information about gold prospecting in the Zaisan region // Izvestiya RGO. T. 3. - №3. - p.109-112. [In Russian]
[12] Zapiski Semipalatinskogo podotdela ZSO RGO. Notes of the Semipalatinsk Subdepartment of the West Siberian Branch of the Russian Geographical Society Vyp. 8. – 1914. - p. 10-11. [In Russian]
[13] Otchet Gornogo Departamenta za 1900 i 1901. Mining Department Report for 1900 and 1901 – SPb., 1903. – p.726.
[14] Krasnopolsky A. Geologicheskie issledovaniya v Akmolinskoy, Semipalatinskoy oblastekh // Geologicheskie issledovaniya i razvedochnye raboty po linii Sibirskoy zheleznoy dorogi. Vyp. XXI. - SPb., 1900. – p.122-136. [In Russian]
[15] Raboty Geologicheskogo komiteta za 1915 g. Works of the Geological Committee for 1915 // Rudnyy Vestnik, - 1917. - №1. - p. 35-38. [In Russian]
[16] Atlas zolotykh priiskov i rudnikov Ust-Kamenogorskogo i Zaysanskogo uezdov Semipalatinskoy oblasti. - Semipalatinsk, 1909. - 44 p. [In Russian]
[17] Opisanie k kartam zolotykh priiskov i rudnikov Ust-Kamenogorskogo i Zaysanskogo uezdov Semipalatinskoy oblasti. Description of the maps of gold mines and pits of the Ust-Kamenogorsk and Zaisan districts of the Semipalatinsk region. Semipalatinsk: tipo-litografiya t.d.p. Pleshcheev i Ko, 1907. -17 p. [In Russian]
[18] KR OMM. 209-k., 1-t., 448-i. [In Russian]
[19] AO MM. 612-k., 1-t., 1-i. [In Russian]
[20] KR OMM 12 k, 1-t, 134-i. [In Russian]
[21] KR OMM 826 k, 1-t, 1-i. [In Russian]

Аубакирова К.Ш., Сайлаубаева Н.Е., Жайлыбай Д.Ж., Адельчанов К.С., Жармухаметов Д.А., Байгапанова А.Б.

ИСТОРИЯ ОТКРЫТИЯ ЗОЛОТЫХ РОССЫПНЫХ МЕСТОРОЖДЕНИЙ ЗОЛОТО В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье рассматривается история открытия в XIX веке золотых приисков в Восточно-Казахстанском крае что было связано с политикой царского правительства в отношении добычи золота. В исследовании приводятся архивные данные о персонах получивших разрешение правительства на поиск, разведку и добычу месторождений золота в крае, и о золотоискательных партиях. В статье на

основе архивных данных рассматривается географическое расположение новых месторождений золота, открытых на востоке страны, а также распределение золотых приисков по системам. Кроме того, проанализированы статданные, относящиеся к количеству вымытого песка и добытого золота в месторождениях, описана техническая оснащенность золотых приисков. В ходе исследовательской работы выявлено, что за короткий промежуток времени в регионе было открыто большое количество россыпных месторождений золота и они были разделены на три крупных золотосистемы, хотя характер золота в данных приисках был одинаковым, но концентрация запасов и пробы золота были разными. Кроме того, такие факторы, как наличие местных дорог, связывающих месторождения с крупными населенными пунктами, дешевизна грузоперевозок на месторождения, также повлияли на их функционирование. В статье также отмечено, что слабое разработка месторождений в некоторых районах была связана с суровостью природно-климатических условий и таким фактором, как толщина поверхностного слоя породы, покрывающей золото.

Ключевые слова: Восточный Казахстан; россыпные месторождения золота; история добычи золота; геологическая разведка; Алтайский регион; XIX–XX века; горнодобывающая промышленность.

Aubakirova Kuralai, Sailaubaeva Nurgul, Zhailybay Daulet,
Adelchanov Kuat, Zharmukhametov Didar, Baigapanova Aigul

THE HISTORY OF THE DISCOVERY OF GOLD PLACER DEPOSITS IN EASTERN KAZAKHSTAN

Annotation. The discovery history of gold mines in the East Kazakhstan region in the XIX century, which was is examened the article ned associated with the policy of the tsarist government regarding gold mining. The study provides archival data on persons who have received government permission to search, explore and extract gold deposits in the region, and on gold mining parties. Based on archival data, the geographical location of new gold deposits discovered in the east of the country, as well as the distribution of gold mines by systems are considered in the article. In addition, statistical data related to the amount of washed sand and extracted gold in the deposits are analyzed, and the technical equipment of the gold mines is described. During the research work, it was revealed that in a short period of time a large number of placer gold deposits were discovered in the region and they were divided into three large gold systems, although the nature of gold in these mines was the same, but the concentration of reserves and gold samples were different. In Besides, factors such as the availability of local roads connecting the fields with large settlements, the cheapness of freight transportation to the fields also affected their operation. The poor exploration of deposits in some areas which was due to the severity of natural and climatic conditions and the thickness of the surface layer of the rock covering the gold were also mentioned in the article.

Keywords: East Kazakhstan; placer gold deposits; history of gold mining; geological exploration; Altai region; 19th–20th centuries; mining industry.

ӘОЖ 94:303.446.4(574)
ҒТАХР 03.20
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).178

Ибрагимов М.А.*, Исмаилов С.С., Айтмухамбетов А.А, Жандаулетов Т.Т.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университететі, Қостанай, Қазақстан
***Корреспондент- авторы:** mansur_2411@mail.ru

E-mail: mansur_2411@mail.ru, ismailov_7777@mail.ru, aidar_abaivi4@mail.ru tobol_804@mail.ru

ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Аңдатпа. Көрсетілген мақалада XX ғасырдың 30-50-жылдарындағы Кеңестік биліктің жаппай халықтарды Қазақстанға депортациялау мәселесінің тарихнамасы қарастырылған. Мақаланы жазу кезінде үлкен қызығушылық танытып, отандық және шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектері қолданылып талдау жасалды. Зерттеу барысында қуғынға ұшыраған халықтардың географиялық орналасуы, әлеуметтік-құқықтық жағдайы, олардың жергілікті жерге бейімделуі талданып, тақырыптың негізгі өзектілігіне негізделді. Сондай-ақ тарихи деректерді сипаттау және талдау мақсатында материалдарды кезеңдерге бөлу тәсілдері қолданылды. Зерттеу жұмысының мақсаты – депортация тақырыбындағы материалдармен танысып, арнайы жер аударылған халықтардың тағдыры, бейімделуін, қолданылған материалдарға талдау жасау. Арнайы қоныстанушылар бұл – Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен күштеп көшірілген әртүрлі ұлт өкілдері болатын. Қазақстан аумағына қоныс аударғандардың саны туралы деректердің жүйесіздігі, халықты есепке алу әдістерінің жетілмегендігі немесе мүлде болмауы – Қазақстан аумағына нақты қанша адам келгенін анықтауға мүмкіндік бермейді. Жаппай депортациялар өңірдің демографиялық жағдайын өзгертіп қана қоймай, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық дерлік саласына әсер етті. Қазақстан жері еріксіз түрде әртүрлі халықтар үшін түрмеге айналды. Мақалада бұл зерттеуге терең талдау жасалды. Бұл еңбек отандық тарих мәселелеріне қызығушылық танытатын кең ауқымды зерттеушілерге бағыт береді.

Кілт сөздер: Халық, депортация, қуғын-сүргін, Орталық Қазақстан, география, бейімделу, құқық, кавказ, неміс халқы, мұрағат, еңбек.

Кіріспе

Кеңес одағы құрылған сәттен бастап, тарих қатпарлары алуан-түрлі оқиғаларға толы болды. Сондай оқиғалардың бірі халықтарды туған өлкесінен

күштеп жер аудару саясаты белең алуы. Жекелеген бір топ өкілдер (қоғам қайраткерлері, дінбасылар, партия мүшелері, комсомол қызметкерлері) ғана емес, тұтастай халықты, ұлтты саяси сенімсіздер тізіміне жатқызып жазалауға көшті. Бұл жазалау түрі депортациялау еді. Депортацияға ұшыраған халықтардың басым бөлігін әдетте Қазақстан аумағына қоныстандырды. Халықтарды жаппай қуғындау КСРО-да сталиндік қуғын-сүргіннің белгілі бір түрі болып табылды. Депортацияның негізгі белгілері арнайы қоныстанушыларды соттан тыс, мәжбүрлі және әлеуметтік қауіпті сипата халықтың бір бөлігін жағрапиялық тұрғыдан таныс емес, шалғай, ділі мен мәдениеті ұқсас келмейтін мекенге көшу болды.

Қазақстан аумағына күшпен қоныс аударылған халықтардың жан-жақты қырларын объективті зерттеу – қазақстандық қоғамның бірігуіне және жалпыұлттық бірліктің негіздерін нығайтуға ықпал ете алады. Кеңес дәуірінде бұл трагедия мемлекеттік құпия болып келді. Барлық құжаттар мен деректер қатаң сақталды. Тарих парақтарын атқара келе тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда, кеңес одағы кезеңіндегі халықтарды депортациялау мен жаппай қуғын-сүргінді зерттеуге назар аударып келеді. Бұл тақырыпты жүйелі, жан-жақты және терең зерттеу қажеттігі мемлекеттік жоғары деңгейде көтерілді. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 24-қарашадағы №456 Жарлығына сәйкес «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құрылып, елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси тұрғыда ақтау үшін республикалық және өңірлік жұмыс топтары жасақталды.

Бұл тақырып қазіргі уақыттада өз өзектілігін жойған жоқ. Депортация тарихын зерттеу қызықты әрі ауқымды дереккөздерді талап ететін күрделі процесттен тұрады. Кейбір материалдар әлі күнге дейін ғылыми айналымға енгізілмеген, ал депортация ауқымын толық бағлау әлі алда.

Халықтарды депортациялау үш бағытта жүрген болатын. Біріншісі – жоспарлы түрде яғни, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезіндегі өнеркәсіп пен ел экономикасын көтеруге бағытталған. Екіншісі – әлеуметтік топтарды қудалап депортациялау. Үшіншісі – ұлттық белгілерге қарап, күштеп мәжбүрлі түрде көшіру. Депортацияланған халықтардың тарихы мен тағдырына әділ баға беріліп, жүйелі зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілсе екен.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – депортация тақырыбында ғылыми зерттеу еңбектер жазған отандық, шетелдік авторлардың материалдарымен танысып, олардың еңбектеріне түсінік беріп, талдау жасау. Арнайы жер аударылған халықтардың тағдыры, бейімделуі, әлеуметтік жағдайына зер салу.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Берілген мақалада сталинизмнің репресия саясатының көпқырлылығы ескерілді. Ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерімен танысып, талдау жасалынды. Бұл қуғындау саясаты қоныстанушы халықтар өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, адам шығынына, материалдық залалға, этностардың ұлттық болмысын жоғалтуына әкеп соқты. Депортациялау мәселелерін зерттеу әдіснамасының негізінде ғылыми объективтілік пен тарихилық сияқты іргелі қағидаттар жатыр. Зерттеуде ғылыми танымның түрлі әдістері: талдау мен

жинақтау, сондай-ақ салыстырмалы, проблемалық-хронологиялық және жүйелік-құрылымдық әдістер қолданылды.

Депортация тақырыбы тыңғылықты зейін қойып, зерттеуді талап ететін ауқымды, кең құбылысты тақырып. Кеңес одағында бұл тақырыпты зерттеуге тиым салынғанымен шетелдік басылымдарда депортация саясатының тарихын шығарып тұрды. Оның бірі 1978 жылы Нью-Йоркте жарық көрген, кезінде кеңес үкіметінің азаматы болған Александр Некричтің «Наказанные народы» кітабын атауға болады [1, 28-83 б]. Автор қолжазбаны КСРО-да тұрған кезінде жазып дайындаған. А.Некрич өз кітабында Кеңес одағының жүргізген этникалық саясатының салдарынан күштеп қоныс аударылған халықтардың тағдыры мен ауыр жағдайлары туралы баяндайды. Бұл еңбекте бірнеше негізгі оқиғалар мен мәселелер қарастырылады:

1. Кеңес билігі мен халықтар арасындағы қатынастар: Кітапта Кеңес үкіметінің өз саясатын жүргізу барысында түрлі этникалық топтарды, соның ішінде немістер, қырым татарлары, шешендер мен ингуштер, балқарлар және басқада ұлт өкілдерін күштеп көшіріп, жер аударуының себептері мен салдары егжей-тегжейлі сипатталған.

2. Күштеп қоныс аударудың себептері: Кітапта негізінен Кеңес Одағының ішкі қауіпсіздік саясатымен байланысты, соғыс уақытындағы айыптаулар мен халықтардың «сатқын» деп айыпталуы нәтижесінде бұл халықтардың қоныс аударылуы көрсетіледі.

3. Қоныс аударылған халықтардың күйі**:** Отанынан айырылған адамдардың қандай жағдайларда өмір сүргені, оларды жаңа жерлерге көшірудің қаншалықты қиын болғаны және олардың физикалық және психологиялық азаптарын көрсететін түрлі фактілер мен құжаттар беріледі.

Кітапта нақты оқиғалар мен тарихтағы қателіктер, әсіресе этникалық тазартуды жүзеге асыру кезіндегі адам құқығының бұзылуы туралы айтылған. Некричтің бұл шығармасы Совет билігінің этникалық және саяси шараларын сынға алады. Сондықтан, «Наказанные народы» кітабында нақты жазылған мәліметтер мен оқиғалар кеңес дәуіріндегі халықтардың трагедиясы мен зардаптары туралы кеңінен баяндайды. Кітаптың жеке тарауында Қалмақия, Қырым, Солтүстіктен Кавказдан келген әртүрлі ұлт өкілдерінің жер аударылуы, КСРО-ның әртүрлі аймақтарындағы «жазаланған халықтардың» өмірі, олардың ерекше мәртебесі көрсетілген.

Бүгінгі таңда арнайы қоныс аударушылар тарихын ізденіп жүйеге келтіріп жүргендер баршылық. Осыған байланысты депортация тақырыбы бойынша белгілі зерттеушілердің жұмысын атап өткен жөн. Н.А.Абуов, З.К.Картованың жарық көрген «История чеченцев и ингушей в Северном Казахстане: от депортации до демонтажа системы спецпоселения» деп аталатын еңбектерінде шешендер мен ингуш халықтарының Қазақстанға соғыс жылдарында жер аударылғандығы олардың жергілікті жерге үйреніп сіңісіп кетуі жайында зерттеу талдауын жасайды [2, 8-11 б]. Зерттей келе депортацияланған халықтардың ауыр әлеуметтік-материалдық жағдайы мен жергілікті билік органдарының моральдық-психологиялық қысым жасап, немқұрайлы қарауы жайында баяндалады. Өз

кезегінде авторлар ғалым зерттеушілердің Ж.Ж.Мари, З.Шахбиева, А.М.Гонова, Н.Ф.Бугая, В.Н.Земскова, А.В.Авторхановтың еңбектерін қарастырып талдау жасаған. Талдау жасай келе 90-жылдары Ресейдегі күрделі жағдайды ескере отырып, Солтүстік Кавказ халықтарына қатысты репрессияны ғалымдардың зерттеуі айтарлықтай дамығанын айтады. Мұндағы З.Шахбиевтің «Судьба чечено-ингушского народа» атты еңбегінде автор кітаптың жеке тарауы шешен-ингуш халқының жер аудару тарихына тоқталып еңбектің авторы мұрағат көздеріне сүйене отырып, шешендер мен ингуштарды депортациялау, оңалту және репатриациялау процестерін қарастырған. 1998 жылы Гонов А.М., Бугай Н.Ф. бірлесе жазған «Кавказ: народы в эшелонах (20–60-е годы)» атты жарық көрген кітабына да тоқтала келе зерттеушілердің депортацияға дейін өмір сүрген барлық Кавказ халықтарының тарихын қарастырып, олардың әлеуметтік топтарының мәжбүрлеп көшіруін, оларды тарихи отанына қайтару мәселесіне тоқталып өтеді [3, 348 б].

Талдау мен жинақтау әдістерін қолдану қоныстану үдерістерін, шаруашылық-тұрмыстық жағдайды, депортацияға ұшыраған халықтардың құқықтық мәртебесін қарастыруға және сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардың алғашқы он жылдығында Қазақстан ғалымдары осы тақырып бағытындағы ғылыми зерттеулерінде барлық этностардың объективті тарихын қалпына келтіруге белсенді ұмтылғанын көреміз. 1998 жылы жарық көрген «Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» атты жинағы зерттеушілер арасында қызығушылық тудырды [4, 420 б]. Бұл кітапта Қазақстанға күштеп қоныс аударылған (депортацияланған) түрлі этностардың тағдыры мен тарихи оқиғалары баяндалған. Атап айтқанда:1930–1950 жылдар аралығында Кеңес өкіметі жүргізген қуғын-сүргін және депортация саясаты туралы. Қазақстанға күштеп көшірілген халықтар: немістер, шешендер, ингуштар, кәрістер, түріктер, балқарлар, қарашайлар, поляктар, гректер, қырым татарлары және басқа да этностардың тарихы қамтылған. Бұл халықтардың қоныс аудару себептері**,** жолда көрген қиындықтары**,** Қазақстандағы алғашқы өмір кезеңдері**,** жұмыс істеу жағдайлары**,** жергілікті халықпен қарым-қатынастары және кейінгі әлеуметтік бейімделу үдерістері талданады. Сондай-ақ кітапта деректер мен құжаттар**,** көрген-білген куәгерлердің естеліктері**,** және ғылыми-зерттеу мақалалар келтіріледі. Бұл еңбек тарихи және қоғамдық-саяси маңызы бар құжат болып табылады. Ол Қазақстанның көп этносты қоғамға айналу жолындағы ауыр кезеңдерді көрсетеді және сол халықтардың қайғы-қасіреті мен ерлігіне тағзым етеді.

Келесі жұмыс «Депортационные процессы в Восточном Казахстане в контексте устной истории», авторлары Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Г.А.Жанкадамова Г.А. [5, 76-84 б]. Берілген мақалада халықтардың ұлттық ерекшеліктеріне қарай Кеңес үкіметінің Қазақстанға жер аудару саясатын талдап, ұсынылған еңбекте ғалым, жазушылардың депортация жайындағы еңбектеріне талдау жасай келе, түсінік береді. Мақаланың негізгі өзегі етіп шешен-ингуш, неміс ұлттарының тағдыр тауқыметін қарастырып, ауызша тарихты, арнайы қоныс

аударушылармен олардың ұрпақтарымен сұхбаттасуы негізделген. Мақалада арнайы қоныс аударушылардың ұрпақтарынан сұхбат алып олардың қоныс аудару, өмір иірімдерінен мол тарихи мәліметтер береді. Георграфиялық аумағы етіп Шығыс Қазақстан аумағын алған. Зерттей келе ғылыми мақалаларға шолу жасап, ауызша тарих материалдарына негіздеген.

Халықтарды депортациялау мәселесі қиында қызықты және көпқырлы болып келеді. Депортацияның бірнеше себебі бар десек соның бірі кеңес үкіметінің халықтарды әлеуметтік-экономикалық мақсатта пайдалану болды. Қазақстанға күштеп қоныс аударған халықтар тек жазасын өтеп қана қоймай лагерь экономикасының белсенді қатысушылары да болды.

Қазақстан аумағы негізгі қоныстанушылар аймағына айналды. Айта кетерлігі, мәжбүрлі қоныс аударушылар кеңестік кезеңнің экономикалық, саяси эксперименттердің құрбаны болды. Танымал депортация тарихын зерттеуші Калыбекова М.Ч. еңбектері көптеген сұрақтарға жауап береді. Сол еңбектің бірі «Депортация народов в казахстан в годы великой отечественной войны» атты еңбегі жарқын бейне береді. Көрсеттілген мақалада жаңа мұрағаттық дереккөздерге сүйенген. КСРО тарапынан жүргізіліп отырған мәжбүрлі қоныстандыру саясатының ауқымы мен салдарын зерттеп талдаған. Автор Ұлы Отан соғысы басталысымен Қазақстанға кеңестік неміс халқының Повольже, Грузия, Азербайжан, Армения жерлерінен шығару басталғанын, бұл қасірет Солтүстік Кавказ халықтарында айналып өтпегендігін айтады. Айта кететін тағы бір маңызды ақпараттың бірі НКВД мәліметтері бойынша Ұлы Отан соғысының басында Батыс Қазақстан облысынан басқа он (10) облысқа (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Семей, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола) қоныстанған, барлығы 175 831 (45 620 отбасы) аранайы қоныстанушылар тіркелген. Зерттеуші Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаттық деректеріне сүйеніп, соғыс жылдарында Қазақстанның елді мекендерінде 900 000-нан 1 000 209 адам тіркелсе, ал ҚазКСР НКВД мәліметінде 1945 жылдың 1-қаңтарындағы дерегі бойынша 815 319 адам (232 593 отбасы), олардың ішінде: 135 308 бұрынғы кулактар, 243 722 немістер, 360 405 шешен-ингуштер, 20 288 балқарлар 8 064 Молдава және балтық жағалауы елдерден, 2 541 қалмақ, 40 767 қарашайлар, 4 224 қырымнан келгендер есепте тұрғанын көрсетеді. Қазақстан аумағында арнайы қоныстанушылар есебінен халықтың аймақтық орналасуымен саны өзгеріске ұшырады. Осылайша арнайы қоныстанушылар ең көп шоғырланған аймақ Қазақстанның солтүстік және оңтүстік аймақтары екенін байқаймыз. Арнайы мәжбүрлі түрде қоныс аударып келгендер қала емес колхоз, совхоздарда және өндіріс орындарынада орналастырды. Ең сорақысы олардың жағдайлары ауыр болып, құқықтары қорғалмай аяққа тапталып келген. Баспана мәселесіде көңіл аудартады. Депортацияға ұшыраған халықтарға тұрғын үй алаңының нормасы адам басына шаққанда 3 м² кв деп, олардың отбасы бөлек бөлмелерге орналастырылады деп белгіленгеніне қарамастан, іс жүзінде 2-3 отбасы бір үйде бірге тұрды. Жан басын шаққанда 2 м² кв аспаған [6, 98-101 б]. Ұсынылған еңбекте автор тағдыр тәлкегіне түскен қоныстанушылардың өмірімен тұрмыс жағдайына талдау жасайды.

Сталин қылмысы кеңес халықтарын жаппай күштеп жер аудартуы, қуғын-сүргінге ұшырату саясаты үлкен қылмыс екені белгілі. Бұл саясаттың құрбаны болып қаншама этностар жапа шекті. Халықтарды депортациялау тарихына қатысты тағы бір еңбектің авторлары Балыкова А.М., Сисекешова А.С. «История депортации народов в Казахстан в 30-50 годы хх века» тақырыбында дәйекті ақпараттар береді [7, 5-7 б]. Бұл еңбекте авторлар Ұлы Отан соғысы қарсаңында және Ұлы Отан соғысы уақытындағы кавказ, неміс, грек, кәріс т.б. ұлттардың күштеп Қазақстанға еркінен тыс келгендігін, қазақстанның әр облысына оларды қоныстарып, адам санына назар аударған. Қоныстанған ұлттардың ішіндегі ең көп ұлт ретінде және басқа ұлттардың тағдырынан ерекше неміс ұлтты екенін айтады. Дерекке сүйенсек қоныс аударуға жосапрланған 472 174 немістің 243 904 адамы 105 эшелонмен келегеніне куә боламыз. Еңбекте қоныс аударған ұлттардың өмір сүру құқығы мен әлеуметтік жағдайын ескермегеніне назар аударылған. Жер аударылған халықтардың өкілдері қуылғаннан бастап-ақ әлеуметтік және моральдық жағынан нашар, қарапайым құқықтарынан айырылды. Арнайы қоныс аударышылардың жеке меншігі мен мүлкін сақтау құқығы қамтамасыз етілмеді, бірақ бұл мемлекеттік құжаттарда арнайы қоныстанушыларға тиесілі мүлікті арнайы комиссияларға беруде қарастырылған. Арнайы қоныс аударушылардың жағдайы жергілікті комендатуралар мен НКВД органдарында тіркеу, қайта тіркеу және есепке алудың қорлайтын тәртібімен сипатталды. Олардың әр қадамы бақыланып, болмашы заң бұзушылық болса бірден бақылауға алынып отырғандығы айтылған.

Келесі еңбек тарих ғылымдарының докторы, профессор Тлеу Кульбаев пен Аракадий Хегайдың «Депортация» атты еңбегі [8, 274 б]. Кітапта империяның солақай саясатымен, сталиндік режимнің халықтарды күштеп көшіру саясатының себептері мен оның саяси мақсаттары қарастыра отырып, жаңа жерге келген халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, еңбекке тартылуы және мәдени өмірі зерттеледі. Сондай-ақ депортацияланған халықтардың Қазақстан қоғамына интеграциясы, олардың ұлттық мәдениеттерінің сақталуы мен дамуы мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар 1930-1950-жылдар аралығында Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың тарихы қарастырылады. Олар арасында кәрістер, калмықтар, қарашайлар, шешендер, ингуштар, қырым татарлары, балқарлар, Закавказье халықтары және басқа да этностар бар. Авторлар бұл халықтардың Қазақстанға көшірілуі, олардың жаңа ортаға бейімделуі, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті туралы архивтік деректер мен әдебиеттерді пайдаланып, жан-жақты талдау жасаған. Өз жұмыстарында авторлар «Бүгін біз өз халқымыздың тарихы қалай бұрмаланғанын толық түсінеміз» - деп атап өтеді.

Зерттеуші Сулейменова М.Ж. «Актуальные проблемы насильственной депортации репрессированных социальных групп СССР в Центральный Казахстан в 30-40-е годы хх века (на примере крестьянства)» [9, 10-14 б] атты еңбегін қарастырсақ. Автор қуғын-сүргінге ұшыраған әлеуметтік топтарды Орталық Қазақстанның яғни Қарағанды облысының аумағына күштеп депортациялау тарихын талдаған. Еңбекте автор архивтік құжаттар деректеріне баса назар аударған. КСРО халықтарын оның ішіндегі қарапайым шаруаларды Орталық

Қазақстанға мәжбүрлі түрде көшіру себептерін анықтап, олардың ауыр әлеуметтік-экономикалық, материалдық жағдайы, тұлғалық құқық бұзушылығын тіпті қоныстанушыларды қоғамнан тыс адам ретінде есептемей құқығынан айыру фактілерін қарастырып, кеңес басшылықтары тегін жұмыс күші ретінде пайдалануға ұмтылғандығын көрсетеді. Осы еңбекте көрсеткендей Кеңес үкіметі жоспарлған операцияларды іске асыру үшін репрессиялық апарата қажет болғанын және ол Бас саяси басқарма – ГПУ түрінде құрылып, 1923 жылы ОГПУ– Біріккен мемлекеттік саяси басқарма болып өзгертіліп, НКВД құрамынан шығарылып, ол таза жазалау функциялары бар жеке тәуелсіз мемлекеттік органға айналған. Автор мемлекеттік органдардың НКВД, ГПУ т.с.с. органдардың жүйелі түрде халықтарды қанап, жазалау, қоныстандыру жұмыстарын атқарғандығын келтіреді. Бізге белгілісі шаруаларды Орталық Қазақстанға қоныс аудартуы ең алдымен Қарағанды көмір бассейінін салу жоспарымен, кен көздерін игерумен байланысты болды.

Кеңестік ғылыми әдебиеттерде кеңес қоғамының экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани тұрмыс катаклизмдерін қайта қараудың өзекті, көптеген жемісті еңбектер баршылық. Тек бірізділікпен тұрақты зерттеуді қажет ететін дүние. Мұны ғалымдар зерттеп келеді. КСРО уақытының әдебиеттерімен БАҚ құралдары жалған ұранмен, жалған экономикалық жетістіктермен, жалған ұжымдастырумен, одан қалды қоғам өмірінің бақытты ғұмырымен сипаттады. Ал шын мәнінде бәрі басқаша сипат алған.

Шешен халқының ұлы перзенті Авторханов А. «Народо убийство в СССР: Убийство чеченского народа» [10, 5-77 б] кітабында шешен, ингуш халықтарының КСРО билігі тарапынан қаншалықты қысым көргенін, оларды қызыл армия қатарына алмай НКВД жендеттерінің «Шешенстанның ұлтшыл орталығын» құрып олардың солақай қызметерін баяндаған. Бұл кітап ең алғаш рет 1952 жылы Мюнхен қаласында басып шығарылған. Автор шешен, ингуш халқының трагедиясы Кеңес одағының қарамағындағы халықтардың жағдайын көрсетеді. Шешен, ингуш халықтарын Кавказдан үдете көшіру тек сол уақыттағы «лениндік-сталиндік ұлттық саясатың» тек рухани, моральдық құлдырату ғана емес, еркін тау халықтарын ұлт ретінде жою саясаты екенін дәлелдейді.

«К вопросу о насильственных переселениях (депортациях) на территорию Центрального Казахстана» [11, 122-129 б] еңбегінің авторлары Козина В.В., Джумабеков Д.А., Жуманова А.З. Зерттеушілер географиялық аумақ етіп, Орталық Қазақстан аумағын алған. Авторлар Қарағанды облысытық мемлекеттік архиві, Қарағанды облыстық сот архиві, Қарағанды облыстық прокуратурасы архивтік құжаттарына сүйене отырып, Орталық Қазақстан аумағына халықтарды күштеп депортациялаудың фактілерін келтірген. Бұл фактілерді ауқымына байланысты үш кезеңді бөліп көрсеткен. Олар: 1930 жылдар; 1941-1945 жылдар аралығы; 1946-1953 жылдарды қамтыған. Өңірде жаңа елді-мекендердің қоныс аударшылардың есебінен пайда болып, халық санының артқандығына тоқаталады. Аумаққа арнайы қоныс аударушылардың нақты санын келтірмеген. Мұны халықты есепке алудың жетілмеген түрімен байланыстырады. Дегенменде жаппай күштеп қоныс аударушылардың есебінен аймақтың демографиялық, мәдени, діл, экономикалық, әлеуметтік көрінісінің барлық саласын өзгерткен. Бұл аймақ бүкіл халықтарды

жаппай қуғын-сүргін мен күштеп жер аудару саясатының салдары демографиялық және ұлттық салдарға соқтырған аймақ. Орталық Қазақстан табиғи ресурстарға бай аймақ ретінде ауқымды жаңғырту процесстері кезінде КСРО-ны үдемелі индустрияландыру стратегиясының көзіне айналғандығын көрсетеді.

Тағы бір қызықты дерек Мамаева Г.Е. «Депортации чеченского и ингушского народов на территорию Казахстана в современной казахстанской историографии» [12, 101-104 б]. Жазба авторы қазақ ғалымдарынының еңбектеріндегі Шешен-Ингуш халықтарының Қазақстанға күштеп көшірілуінің тарихнамасын қарастырған. Бұл тарихнама ҚР Тәуелсіздік алуынан кейін қолға алынғанын, зерттеушілердің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шешен ингуш халықтарының Қазақстанға депортациялау мәселесіне деген көзқарастары талданады. Депортацияланған халықтардың тарихын зерттеуде жаңа тәсіл мен отандық зерттеушлердің еңбектерін қолдана отырып, бұл тақырыпты жан-жақты, объективті түрде ашуға мүмкіндік алған. Қарастырған тақырыпты көпвекторлы сипатын, оның қырларын саяси, философилық, экономикалық, моральдық ұғымдарына тоқталған.

Келтірілген дереккөздердің алуан түрлілігіне қарамастан алғашқылардың бірі болып КСРО халықтар депортациясының хронологиясына және тарихнамасындағы депортация мәселелеріне байланысты тың мәліметтерге тоқталған «Сталинские депортации 1928-1953» деп аталатын еңбектің авторлары Поболь Н.Л., Полян П.М. болды [13, 904 б]. Бұл жинақта совет кезеңіндегі депортациялардың негізгі сегментін – этникалық депортацияларды қамтиды. Этникалық депортациялардың алғашқы белгілері деп 1920 жылдардың соңы деп белгілейді. Алайда депортация науқаны 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап кең етек алып, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шарықтау шегіне жеткендігі, соғыстан кейін бұл үдеріс біртіндеп азая бастағандығын көрсеткен. Депортациялық операциялардың осындай біркелкі емес хронологиясы жинақтың құрылымы мен логикасын айқындап береді. Жинақтың бірінші бөлімі соғысқа дейінгі этникалық депортацияларға (1928-1939 жж.) арналған, екінші және үшінші бөлімдері – соғыс кезіндегі этникалық депортацияларға (1939-1945 жж.), ал төртінші бөлім – соғыстан кейінгі депортацияларға (Сталин қайтыс болғанға дейінгі кезеңге дейін) арналған.

Ал қосымшаларда КСРО аумағындағы барлық депортациялық науқандар мен операциялардың тізімі, сондай-ақ Үшінші рейх тарапынан қолдан жасалған деп болжанатын кейбір күмәнді құжаттар берілген. Жинақ кіріспе мақала, археографиялық алғысөз, жекелеген бөлімдер мен тармақтарға арналған преамбулалар, есімдер көрсеткіші және библиографиямен толықтырылған.

В.Н.Земсковтың «Спецпоселенцы в СССР: 1930-1960» [14, 304 б] атты еңбегі Кеңес Одағында 1930-1960 жылдар аралығында арнайы қоныстандыру жүйесінің тарихын жан-жақты зерттейтін маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Бұл диссертация 2005 жылы Мәскеуде Ресей ғылым академиясының Ресей тарихы институтында докторлық диссертация ретінде қорғалған. Земсковтың зерттеу жұмысы арнайы қоныстанушыларды (спецпоселенцев) кеңестік қоғамның ерекше әлеуметтік тобы ретінде қарастырады. Автор арнайы қоныстандыру жүйесінің

құрылымы мен эволюциясын, оның әртүрлі тарихи кезеңдердегі ерекшеліктерін терең талдайды. Зерттеу барысында арнайы қоныстанушылардың сандық және географиялық таралуы, олардың өмір сүру жағдайлары, еңбекке тартылуы, моральдық-психологиялық күйі, ұрпақ өсуі мен өлім-жітім статистикасы, қашу және тұтқындалу жағдайлары, сондай-ақ олардың ұлттық құрамы мен жыныс-жас құрылымы сияқты мәселелер қарастырылады. Земсковтың зерттеу жұмысы мұрағаттық деректерге негізделген және арнайы қоныстанушылардың өмірін жан-жақты сипаттайды. Автор арнайы қоныстанушылардың өмірін зерттеу арқылы кеңестік қоғамның әлеуметтік құрылымын, саяси репрессиялардың салдарын және олардың қоғамға әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Негізгі жұмыстардың ішінде Ефремова-Шершукова Н.А. «Немцы Казахстана: депортация, спецпоселение, реабилитация» атты диссертациялық жұмысын атап өту керек [15, 155 б]. Неміс этносының Қазақстан жерінде пайда болу тарихы, оның республика экономикасына, әлеуметтік және мәдени өміріне кезең-кезеңмен қосылу процесінің ерекшеліктері, бұл өзгерістердің мемлекеттік биліктің жүргізген саясатына тәуелділігі неміс халқының тағдыры туралы объективті түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбы бойынша автор талдап оны бірнеше топқа бөлген. Бірінші топқа депортация, екінші топқа арнайы қоныстандыру, үшінші топқа репрессияға ұшыраған халықтардың заңды қалпына келтіру мәселелерін қарастырған ғалымдардың еңбектері біріктірілген. Жоғарыда көрсетілген мәсле – неміс этносының Қазақстанға депортациясы, олардың арнайы қоныс аудару жағдайындағы өмірі және 1950-жылдардың ортасынан бастап 1980-жылдардың соңына дейінгі заңды қалпына келтіру процесі зерттеушілер еңбектерінде толық әрі объективті түрде қамтылмағанына тоқталған. Жоғарыда аталған мәселе – неміс этносының Қазақстанға депортациялануы, олардың арнайы қоныс аудару жағдайындағы өмірі және 1950-жылдардың ортасынан бастап 1980-жылдардың соңына дейінгі заңды қалпына келтіру процесі – зерттеушілердің еңбектерінде толық әрі объективті түрде қамтылмағанын келтіреді. Дегенмен, бұл мәселелер шетелдік авторлар тарапынан 1950-жылдардың соңы мен 1960-жылдардың басынан бастап қарастырылғанын көрсетеді.

Өзінің ауқымды зерттеуімен ерекшеленетін В.Г.Канның «Корейцы Казахстана» деп аталатын еңбегі [16, 240 б]. Бұл жерде В.Г. Канның еңбегі 1937 жылы Қиыр Шығыстан КСРО-ның Қазақстанға күштеп қоныс аударылған кәріс этносының тарихын 55 жылдық кезеңде, атап айтсақ 1937 жылдан 1993 жылға дейінгі аралықты қамтыған. Депортацияланған кәріс халқының мәселелері бойынша көп көлемді мұрахаттық құжаттар маңызды орын алған. В.Г. Кан кәрістердің Қазақстанға қоныс аударуы екі кезеңнен тұратынын айтады. Бірінші кезең – оларды Қиыр Шығыс аймағынан республика аумағына күшпен көшіру. Екінші кезеңде 1938 жылдың көктемінен басталып, Қазақстан ішкі аймағына өткенін айқындайды. Үшінші кезеңде олардың шаруашылық жүргізу, тұрмысқа жағдайдың мүмкін еместігін ескеріп, өз беттерінше қоныс аударылған жерлерінен кеттіп, Қазақстан мен Өзбекстан аумақтарына қоныстанумен сипатталады.

Кәріс этоносының қызықты тарихы мен мұрасы, рухани мәдениті бағытында тың мәлімет беретін Ким Г.Н. және Мен Д.В. «История и культура корейцев

Казахстана» еңбегі [17, 346 б]. Қазақстандағы кәріс халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған маңызды зерттеу жұмысы болып табылады. Авторлар кәріс этносының Қазақстан жеріне қоныс аударуынан бастап, олардың елдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдениеті мен дәстүрін сипаттаған. Сондай-ақ кітапта кәріс халқының ұлттық ерекшеліктері, тілдік, мәдени дәстүрлері және де осы халықтың Қазақстандағы қоғамдастығының қалыптасу жолдары туралы маңызды зерттеулер жасалған. Еңбекте кәрістердің қиын жағдайларын, әсіресе сталиндік қуғын-сүргіннен кейінге өмірінен, мәдениет пен білім саласында қол жеткізген жетістіктерінен деректер келтірген. Авторлар осы зерттеулер арқылы аранайы қоныс аударған халықтың төзімділігі мен мәдени мұрасын сақтап қалғанын, сонымкен катар олардың Қазақстанның көпэтникалық қоғамына қосқан үлестерін көрсеткен.

Келесі еңбек кеңес және корей тарихшысы Ким Сын Хва өзінің «Очерки по истории советских корейцев» атты кітабында Кеңес Одағындағы кәріс диаспорасының тарихын зерттеп, олардың бейімделуі, саяси, әлеуметтік, мәдениет пен ұлттық бірегейлік мәселелеріне назар аударған [18, 251 б]. Сонымен қатар кәріс халықтарының 1930 жылдары КСРО-ға қоныс аударыу тарихына оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанға 1937 жылы Қиыр Шығыстан корейлердің қоныс аударып корейлердің жаңа қоғамға сіңісіп үйренуі, кездескен қиындықтары баяндалады.

«Из истории депортаций Казахстан 1939-1945 гг.» [19, 708 б]. Бұл еңбек ауқымды құжаттар жинағы. Қазақстанға кеңестік депортация саясатына ұшыраған халықтардың тарих тәуқіметін зерттейтін маңызды құжаттар жинағы. 2019 жылы Алматыда жарық көрген бұл еңбек 1939-1945 жылдар аралығындағы Қазақ КСР-на күштеп қоныс аударылған халықтардың, соның ішінде поляк, кавказ, неміс, кәріс ұлттары секілді басқа да этникалық топтардың тағдыры туралы архивтік анықтамалық құжаттарды қамтиды. Бұл томда кеңес үкіметінің депортация саясатының салдары мен оның қазақстандық қоғамға әсері туралы архивтік материалдар ұсынылған. Жинақта қуғынға ұшыраған халықтардың өмірі, олардың Қазақстанға көшуі, тұрмыс жағдайлары, құқықтық мәртебесі және де олардың осы кезеңде бастан өткерген қиыншылықтары мен қиындыққа төтеп тіршілігін жалғастыруы көптеген анықтамалық ақпараттар бар.

Келесі еңбек В.Э. Кригер мен А.Н. Фризен «Из истории советских немцев» [20, 250-275 б]. Бұл маңызды дәйекті зерттеу болып табылады. Кітапта кеңес немістерінің тарихын толық әрі жан-жақты зерттейді. Олардың этникалық, әлеуметтік және саяси жағдайларын терең талдаған. Олардың XVIII-XIX ғасырларда ресейге қоныс аудару себебі, әлеуметтік жағдайы мен экономикалық мәдени саласы қарастырылып, ең ауыр кезеңдерінң бірі Сталин дәуіріндегі жер аудару, әсіресе Ұлы Отан соғысы кезіндегі айыптаулар көрсетілген.

Қорытынды

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің еңбектеріне назарға алып, XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы кеңестік сұрқия саясаттың салдарынан айрандай ұйып отырған халықтардың тыныштығы мен тағдырына балта шабылғанына куә боламыз. Осы тарихнамалық талдау нәтижесінде ғалымдар мен зерттеушілердің зерртеу жұмыстарына талдау жасалды. XX ғасырдың 30-40-

жылдарында жүргізілген жаппай қоныс аудару шаралары – саяси, әлеуметтік, этникалық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің көрінісі ретінде зерттеушілер назарында ерекше орын алады. Бұл үдерістердің Қазақстан аумағында кеңінен жүргізілуі елдің демографиялық құрылымына, әлеуметтік-экономикалық дамуына және этносаралық қатынастарға терең ықпал етті.

Депортация тарихнамасы – Қазақстанның XX ғасырдағы тарихи үрдістерін объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін өзекті зерттеу бағыттарының бірі екені анық. Кеңестік тоталитарлық жүйенің ұлт саясаты шеңберінде жүзеге асырылған жаппай депортациялар Қазақстанға қоныстанған этностардың тағдырында терең із қалдырды. Бұл саяси шешімдер олардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және құқықтық жағдайына кері әсерін тигізіп, этносаралық қатынастардың күрделенуіне себеп болды.

Зерттеу барысында байқағанымыздай, депортация тарихнамасы кеңестік кезеңде идеологияға бағынышты сипатта дамып, шынайы тарихи деректер бұрмаланған немесе мүлде зерттелмеген. Тек КСРО тарағаннан кейін тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған зерттеулер мен мұрағат құжаттары ғылыми айналымға ене бастады. Қазақстандық тарихшылар (К.Алдажуманов., С.Машимбаев., А.Габдуллина., М.Қ. Қозыбаев және т.б.) мен шетелдік зерттеушілердің еңбектері бұл мәселенің мазмұнын тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, депортацияланған халықтардың тарихи жадындағы орны, олардың Қазақстан қоғамына қосқан үлесі мен қазіргі этносаяси үрдістердегі рөлі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бұл бағыттағы тарихнамалық ізденістер -тарихи шындықты қалпына келтірумен қатар, бүгінгі қоғамдағы ұлтаралық татулық пен тарихи сананы қалыптастыруда маңызды мәнге ие.

Сондықтан депортация тарихнамасын зерттеу -тек өткеннің сабағы ғана емес, сонымен бірге болашақ үшін қажет тарихи тәжірибе.

ӘДЕБИЕТ

[1] Некрич А.М., Наказанные народы. Нью-Йорк; Издательство Хроника 1978. – С. 28-83.

[2] Абуов Н.А., Картова З.К. История чеченцев и системы спецпоселения ингушей в Северном Казахстане: от депортации до демонтажа // Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. – 2022. – №4 (108). – С. – 8 –12.

[3] Бугай Н.Ф. Кавказ: народы в эшелонах (20–60-е годы) / Н.Ф. Бугай, А.М. Гонов. – М. Инсан, 1998, 348 с.

[4] Анес Г. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы; Арыс – 1998. – 420 с.

[5] Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Г.А.Жанкадамова Г.А. Депортационные процессы в Восточном Казахстане в контексте устной истории // Вестник КазНУ. Серия: История. – 2023. – № 3 (110). – С.- 76-83.

[6] Калыбекова М.Ч. Депортация народов в Казахстане в годы Великой Отечественной войны // Российская академия наук Сибирское отделение Гуманитарные науки в Сибири. - 2015- № 1(22). С -98-101.

[7] Балыкова А.М., Сисекешова А.С. История депортации народов в Казахстан в 30-50 годы XX века // Евразийский Союз Ученых.Серия: Исторические науки. – 2015.- № 12 (21). – С-5-7.

[8] Кульбаев Т.С., Хегай А.Ю. Депортация. - Алматы; Данекер- 2000.- С. 274

[9] Сулейменова М.Ж. Актуальные проблемы насильственной депортации репрессированных социальных групп СССР в Центральный Казахстан в 30-40-е годы xx века (на примере крестьянства) // Сетевой издание. Современные проблемы науки и образования. Серия: Исторические науки.-2011. - №1.- С-10-14.

[10] Авторханов А. «Народоубийство в СССР: Убийство чеченского народа». Мюнхен; Издательство «Свободный Кавказ» 1952.- С-5-77.

[11] Козина В.В., Джумабеков Д.А., Жуманова А.З. К вопросу о насильственных переселениях (депортациях) на территорию Центрального Казахстана //Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. - 2022. - № 3(107). - С-122-129.

[12] Мамаева Г.Е. Депортации чеченского и ингушского народов на территорию Казахстана в современной казахстанской историографии // Известия Алтайского государственного универсиете. Серия: исторические науки.- 2016. - № 4 (92). -С- 101-104.

[13] Поболь.Н.Л., Полян П.М. Сталинские депортации 1928-1953. -Москва; «МФД; Материк» -2005. - 904 с.

[14] Земсков В.Н. Спецпоселенцы в СССР, 1930–1960 М.: Наука, 2003. - 304 с.

[15] Ефремова-Шершукова Н.А. Немцы Казахстана: депортация, спецпоселение, реабилитация. Томск-2009.- 291 с.

[16] Кан.Г.В. Корейцы Казахстана. Алматы; исторический очерк.-1994. - 240 с.

[17] Ким Г. Н., Мен Д. В. История и культура корейцев Казахстана. -Алматы; Ғылым. - 1995.-346 с.

[18] Ким Сын Хва.Очерки по истории советских корейцев. Алматы; Наука. - 1965 - 251 с.

[19] Из истории депортаций Казахстан 1939–1945 гг. Сборник документов. Т. 3. – Алматы: LEM. - 2019. – 708 с.

[20] Кригер В.Э., Фризен А.Н. Из истории советских немцев. Алма-Ата; История Казахстана: белые пятна. - 1991. - С. 250–275.

REFERENCES

[1] Nekrich, A.M. (1978). *Nakazannye narody* [Punished peoples]. Niu-Iork: Izdatel'stvo Khronika, pp. 28–83. [in Russian].

[2] Abuov, N.A., & Kartova, Z.K. (2022). *Istoriia chechentsev i sistemy spetsposeleniia ingushei v Severnom Kazakhstane: ot deportatsii do demontazha* [History of the Chechens and the system of special settlements of the Ingush in Northern Kazakhstan: from deportation to dismantling] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriia: Istoriia. Filosofiia – Bulletin of the Karaganda University. Series: History. Philosophy*, 4(108), pp. 8–12. [in Russian].

[3] Bugai, N.F., & Gonov, A.M. (1998). *Kavkaz: narody v eshelonakh (20–60-e gody)* [The Caucasus: peoples in trains (1920s–1960s)]. Moskva: Insan, 348 p. [in Russian].

[4] Anes, G. (1998). *Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremia i sud'by* [Deported peoples in Kazakhstan: times and destinies]. Almaty: Arys, 420 p. [in Russian].

[5] Atantaeva, B.Zh., Akhmetova, R.D., & Zhankadamova, G.A. (2023). *Deportatsionnye protsessy v Vostochnom Kazakhstane v kontekste ustnoi istorii* [Deportation processes in Eastern Kazakhstan in the context of oral history] // *Vestnik Kazakhskogo natsional'nogo universiteta. Seriia: Istoriia – Bulletin of the Kazakh National University. Series: History*, 3(110), pp. 76–83. [in Russian].

[6] Kalybekova, M.Ch. (2015). *Deportatsiia narodov v Kazakhstane v gody Velikoi Otechestvennoi voiny* [Deportation of peoples in Kazakhstan during the Great Patriotic War] // *Rossiiskaia akademiia nauk. Sibirskoye otdelenie. Gumanitarnye nauki v Sibiri – Russian Academy of Sciences. Siberian Branch. Humanities in Siberia*, 1(22), pp. 98–101. [in Russian].

[7] Balykova, A.M., & Sisekeshova, A.S. (2015). *Istoriia deportatsii narodov v Kazakhstan v 30–50 gody XX veka* [History of the deportation of peoples to Kazakhstan in the 1930s–1950s] // *Evraziiskii soiuz uchenykh. Seriia: Istoricheskie nauki – Eurasian Union of Scientists. Series: Historical Sciences*, 12(21), pp. 5–7. [in Russian].

[8] Kulbaev, T.S., & Khegai, A.Iu. (2000). *Deportatsiia* [Deportation]. Almaty: Daneker, 274 p. [in Russian].

[9] Suleimenova, M.Zh. (2011). *Aktual'nye problemy nasil'stvennoi deportatsii repressirovannykh sotsial'nykh grupp SSSR v Tsentral'nyi Kazakhstan v 30–40-e gody XX veka (na primere krest'ianstva)* [Actual problems of forced deportation of repressed social groups of the USSR to Central Kazakhstan in the 1930s–1940s (example of the peasantry)] // *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia. Seriia: Istoricheskie nauki – Modern Problems of Science and Education. Series: Historical Sciences*, 1, pp. 10–14. [in Russian].

[10] Avtorkhanov, A. (1952). *Narodoubiistvo v SSSR: Ubiistvo chechenskogo naroda* [Genocide in the USSR: The murder of the Chechen people]. Miunkhen: Izdatel'stvo "Svobodnyi Kavkaz", pp. 5–77. [in Russian].

[11] Kozina, V.V., Dzhumabekov, D.A., & Zhumanova, A.Z. (2022). *K voprosu o nasil'stvennykh pereseleniiakh (deportatsiiakh) na territoriiu Tsentral'nogo Kazakhstana* [On the issue of forced relocations (deportations) to the territory of Central Kazakhstan] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriia: Istoriia. Filosofiia – Bulletin of the Karaganda University. Series: History. Philosophy*, 3(107), pp. 122–129. [in Russian].

[12] Mamaeva, G.E. (2016). *Deportatsii chechenskogo i ingushskogo narodov na territoriiu Kazakhstana v sovremennoi kazakhstanskoi istoriografii* [Deportations of the Chechen and Ingush peoples to Kazakhstan in modern Kazakhstani historiography] // *Izvestiia Altaiskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriia: Istoricheskie nauki – Bulletin of Altai State University. Series: Historical Sciences*, 4(92), pp. 101–104. [in Russian].

[13] Pobal', N.L., & Polian, P.M. (2005). *Stalinskie deportatsii 1928–1953* [Stalin's deportations 1928–1953]. Moskva: MFD; Materik, 904 p. [in Russian].

[14] Zemskov, V.N. (2003). *Spetsposelentsy v SSSR, 1930–1960* [Special settlers in the USSR, 1930–1960]. Moskva: Nauka, 304 p. [in Russian].

[15] Efremova-Shershukova, N.A. (2009). *Nemtsy Kazakhstana: deportatsiia, spetsposelenie, reabilitatsiia* [Germans of Kazakhstan: deportation, special settlement, rehabilitation]. Tomsk, 291 p. [in Russian].

[16] Kan, G.V. (1994). *Koreitsy Kazakhstana: istoricheskii ocherk* [Koreans of Kazakhstan: historical outline]. Almaty, 240 p. [in Russian].

[17] Kim, G.N., & Men, D.V. (1995). *Istoriia i kul'tura koreitsev Kazakhstana* [History and culture of Koreans in Kazakhstan]. Almaty: Gylym, 346 p. [in Russian].

[18] Kim, Syn Khva. (1965). *Ocherki po istorii sovetskikh koreitsev* [Essays on the history of Soviet Koreans]. Almaty: Nauka, 251 p. [in Russian].

19] *Iz istorii deportatsii. Kazakhstan 1939–1945 gg.: Sbornik dokumentov. T. 3* [From the history of deportations. Kazakhstan 1939–1945: Collection of documents. Vol. 3]. (2019). Almaty: LEM, 708 p. [in Russian].

[20] Kriger, V.E., & Frizen, A.N. (1991). *Iz istorii sovetskikh nemtsev* [From the history of Soviet Germans] // *Istoriia Kazakhstana: belye piatna* [History of Kazakhstan: white spots], pp. 250–275. Almaty [in Russian].

Ибрагимов М.А., Исмаилов С.С., Айтмухамбетов А.А, Жандаулетов Т.Т.

ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН

Аннотация. В указанной статье рассмотрена историография проблемы депортации в Казахстан массовых народов советской властью в 30-50-е годы XX века. При написании статьи был проведен анализ с использованием научных трудов отечественных и зарубежных ученых и исследователей, представляющих большой интерес. В ходе исследования были проанализированы географическое положение, социально-правовое положение изгнанных народов, их адаптация к местности и обоснована основная актуальность темы. Также применялись подходы к разделению материалов на периоды с целью описания и анализа исторических данных. Цель исследовательской работы – ознакомление с материалами по теме депортации, анализ материалов, в которых использовались судьбы, адаптации специально депортированных народов. Спецпоселенцы – это были представители разных национальностей, насильственно переселенные со всего Советского Союза. Несистемность данных о количестве переселившихся на территорию Казахстана, несовершенство или полное отсутствие методов учета населения – не позволяют определить, сколько именно человек прибыло на территорию Казахстана. Массовые депортации не только изменили демографическую ситуацию региона, но и затронули практически все сферы экономической, социальной и культурной жизни. Земля Казахстана невольно стала тюрьмой для разных народов. В статье сделан глубокий анализ этого исследования. Эта работа нацелена на широкий круг исследователей, интересующихся вопросами отечественной истории.

Ключевые слова: Народ, депортация, репрессии, Центральный Казахстан, география, адаптация, право, кавказ, немецкий народ, архив, труд.

Ibragimov Mansur, Ismailov Serikzhan, Aitmukhambetov Aydar, Zhandauletov Tobol

HISTORIOGRAPHY OF THE PROBLEM OF THE DEPORTATION OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN

Annotation. The article examines the historiography of the problem of deportation of mass peoples to Kazakhstan by the Soviet government in the 1930s-50s. When writing the article, an analysis was conducted using scientific works of domestic and foreign scientists and researchers of great interest. The study analyzed the geographical location, social and legal status of the expelled peoples, their adaptation to the area and substantiated the main relevance of the topic. Also, approaches were used to divide materials into periods in order to describe and analyze historical data. The purpose of the research work is to familiarize yourself with materials on the topic of deportation, analyze materials that used the fates and adaptations of specially deported peoples. Special settlers were representatives of different nationalities, forcibly resettled from all over the Soviet Union. The unsystematic nature of the data on the number of people who moved to the territory of Kazakhstan, the imperfection or complete absence of population accounting methods - do not allow us to determine exactly how many people arrived in the territory of Kazakhstan. Mass deportations not only changed the demographic situation of the region, but also affected almost all spheres of economic, social and cultural life. The land of Kazakhstan involuntarily became a prison for different peoples. The article provides a deep analysis of this study. This work is aimed at a wide range of researchers interested in issues of national history.

Keywords: People, deportation, repression, Central Kazakhstan, geography, adaptation, law, Caucasus, German people, archive, labor.

ӘОЖ 94(574)
ҒТАХР 13.04
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).179

Оразбаева Д.Е.

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан**

E-mail: orazbaevadana@mail.ru

УАҚЫТ МОДУСТАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ ФЕНОМЕНІ

(Тарихи модуста)

Аңдатпа. Мақалада батырлық феномені мәдени уақыт модусында қарастырылады, оның қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы орны зерделенеді. Батырлық дәстүрі ұлттық рухани кодын, мәдени тұтастығын және тарихи сабақтастығын бейнелейтін маңызды мәдени феномен ретінде қарастырылады. Батырлық феномені өткен мен бүгіннің мәдени диалогы ретінде ұлттық сана мен тарихи тәжірибеміздің өзара байланысын көрсетеді. Мақалада «қазақ батырларының бейнесі әртүрлі уақыт модусында қалай репрезентацияланды және ұлттық жадынын қалай қалыптастырады?» деген сұраққа жауап беруге тырысамын.

Зерттеудің мақсаты - батырлық феноменін мәдени уақыт модусы тұрғысынан кешенді талдау және оның тарихи-мәдени репрезентациясын айқындау.

Зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде батырлық феномені тарихи оқиғалар, түрлі дискурстар және тарихи-мәдени жады ұғымдары арқылы зерделенеді. Бұл тұрғыда батырлық бейненің қоғамдағы орнына, ұжымдық жадтағы, тарихи нарративтегі көрінісіне баса назар аударылады.

Зерттеудің эмпирикалық бөлімінде ел тәуелсіздігі жолында ерлік көрсеткен Ер Жәнібек Бердәулетұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы, Ақжолтай Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай, батырлардың ерліктері мен оларға орнатылған ескерткіштердің маңыздылығына талдау жасалады.

Мақалада қолданылған суреттер мен оған қатысты ақпараттар Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан өңірлерінде жүргізілген далалық зерттеулердің нәтижесінде алынды

Кілт сөздер: батырлық феномені, уақыт модусі, батыр бейнесі, қайсар рух, ескерткіш, мәдени жады, қаһарман, тарих.

Кіріспе

Әрбір тарихи кезең өзіне тән батырлық үлгісін тудырған. Бұл құбылыс уақыт модусы – яғни белгілі бір тарихи заманның мәдени, әлеуметтік, саяси ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Мысалы, ерте кезеңде батырлар бейнесі жаугершілік заманда ел мен жерді сыртқы жаудан қорғаған ержүрек тұлғалармен

байланысты болса, қазіргі кезде бұл ұғым рухани ерлік, қоғамдық сана мен ұлттық мүдде жолындағы күреспен ұштасады. Батырлық феномен тарихи мәдени контекстке байланысты дамиды. Уақытық модуске бес қаруды меңгерген тарихи шайқастарға қатысқан архетиптік батырлар кіреді. Батыр ол халық жадында елдің азаттығы мен тұтастығын қорғаған тұлғалар ретінде сақталған. Тарихымыз қазақ хандығы тұсындағы Абылай хан мен оның сарбаздарының бейнесін, батырлар феноменінің айқын көрінісі екенін көрсетеді. Сондай ақ, қазақ батырларының болмысының өміршеңдігі – уақыт пен кеңістік категориялары арқылы халық жадында сақталуы арқылы сабақтастық табады.

Батыр термині біздің күнделікті өмірмізде қолданылады. Бүгінгі таңда дүниеге ер бала келсе, «қазақ еліне бір батыр» деп көліктеріне, әлеуметтік желіге жазғандарды көреміз. «Қазақ еліне бір батыр» деген тіркес – қазақтың дәстүрлі дүниетанымында әр бір ұлды батырға теңеген және солай өсірген. Демек, батыр біздің қоғам үшін ол идеалды образ. Себебі, әр қазақ баласына «Батыр бол!» – деп бата берген. Төл мәдениетімізде ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бере отырып, оны тек жеке отбасының ісі емес, тұтас ұлттың міндеті деп білген. Әсіресе, ер балаларды – болашақ ел қорғаушысы, отбасының тірегі деп оларды жастайынан салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен сусындатып өсірген. Яғни бала кезден бастап баланың бойына батырлықты сіңіріп тәрбиелеген. Қазақ дүниетанымында батыр ол дәстүрмен өлшенген. Олар әскери қабілеттерімен, ерлігімен, батырлығымен қатар ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің, рухани құндылықтардың тасымалдаушысы. Олар ел алдында моральдық жауапкершілік алып ел билеп күрделі елдің дауын тарқатып осылайша, батырлық әрбір кезеңнің сын қатері мен өлшенген. Тарихымызда аға батырлар, тайпалық, рулық, ұлттық, жүздік, деңгейдегі батырлардың көп болғанын білеміз. Әр ру тармағынан бір батыр шыққан. Қазақ батырларының болмысы-ұлттық бірегейліктің көрінісі, халықтың рухани, мәдени танымына әсер етеді. Қазақ батырларының еңбектері мен ерліктері тарихтағы күрделі кезеңдермен тығыз байланысты. Батырлар – елдің азаттығы мен тұтастығы жолында жанын пида еткен тұлғалар ғана емес, сонымен қатар ұлттық рух пен мәдени жадының символына айналған кейіпкерлер. Дәстүрлі түрде қазақ батырлары жайлы батырлар жырынан, аңыз-әңгімелерден эпостардан білеміз.

Әдебиеттанушылар батырларды мифопоэтикалық кеңістік аясында зерттесе, тарихшы ғалымдар батырлардың тұлғасын нақты тарихи оқиғалар мен шайқастар шеңберінде қарастырады.

Бұл мақалада, батырлық феномені тарихи мәдени тұрғыдан кешенді түрде зерттеліп, батырлар бейнесі тарихи жады арқылы зерттеледі. Зерттеу нысаны ретінде елін, жерін қорғауда ерекше ерлік көрсеткен Ер Жәнібек Бердәулетұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы, Ақжолтай Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай, батырлар сынды тарихи тұлғалардың батырлық дисскурсы мен оларға орнатылған ескерткіштер зерттеуге алынды. Батырлар халықтың жадында тек аңыз болып қалмай, ұлттық идеалдардың, қаһармандық пен руханилықтың отансүйгіштіктің нышаны. Ең алғаш біз қазақ батырларының бейнесін батырлар жырынан да көреміз. Оған дәлел қазақ ауыз әдебиетіндегі «Алпамыс батыр», «Керқұла атты Кендебай», «Қамбар батыр», «Қырымның қырық

батыры» атты батырлық ертегілер мен жыр дастандар. Жыр дастандар мен аңыздар арқылы қазақ баласын батырлыққа, адалдыққа, ерлік пен жаугершілік рухқа тәрбиеледі. Көне заманнан батырларды тек жыр дастандар арқылы танып дәріптелсе, қазіргі таңда батырлардың болмысын тану мүмкіндігі мол. Жергілікті аймақтарда батырларға арналған батыр ескерткіштері, естелік тақтайшалар, саябақтар, ауылдарға батыр есімін беру, көше атауларын беру, мазарлар мен кесене тұрғызу үрдісі белен алуда. Бұл үрдіс өңірлердің инфрақұрылымымен қоса тарихи мәдени рухани мұрасын дамытып, мемлекеттік деңгейдегі Киелі Қазақстан (Киелі Қазақстан географиясы, 2017), Ұлы даланың жеті қыры (Ұлы даланың жеті қыры, 2018) атты жобалар аясында ғылыми тұрғыдан кешенді түрде зерттелуде.

Киелі Қазақстан (Киелі Қазақстан географиясы, 2017) жобасы аясында өңірлердің мәдени-тарихи мұрасы зерттеліп, және материалдық тұрғыдан сакралды нысандар, кесенелерді қалыпқа келтіру, ескертакіш орнату, оларды мемелекеттік қорғауға алу сияқты үрдістер батыр феноменін қайта жаңғыруын көрсетеді. 2018 жылы жарияланған Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы – қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртып тереңнен тамыр тарататын мәдени құндылықтарын қайта бағамдауға бағытталған. Мақалада көтерілген басты концепциясы – «Алтын адам» және «Атқа міну мәдениеті», яғни жауынгерлік дәстүр мен көшпелі өркениеттің өзегі. Бұл ұғымдар ежелгі түркі, сақ ғұн заманынан бастау алып, бүгінгі күннің ұлттық болмысын ашады. Атқа міну мәдениетінің концепциясы жылқының қолға үйретілуі үрдісін қалыптастырды. Қару- жарағын асынған салт атты жауынгер бейнесі – айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған атты жауынгер – келбеті батырлық дәуірінің ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер өркениетінің «мәдени кодының» ерекше элементі болып табылады [1]. Дегенмен, бүгінгі таңда батырлар болмысын зерттеу қажеттілігі тақырыптың өзектілігін дәйектейді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу аясында тақырыпты тереңірек ашуға мүмкіндік беретін бірнеше әдістер қолданылды. Ең негізгі зерттеу әдісі ол далалық зерттеу. Далалық зерттеу әдісі – әлеуметтік -гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын эмпирикалық тәсілдердің бірі. Өңірлердегі батырларға орнатылған ескерткіштерді зерттеу барысында визуалды талдау, бақылау әдісі қолданылды. Батырлар ескерткіштері орналасқан өңірлерге тікелей бару арқылы олардың тарихи, мәдени және әлеуметттік маңызын зерделеу. Зерттеу барысында, ескерткіштердің локациясы анықталып, маңайындағы инфрақұрылым, жергілікті халықтың олармен өзара байланысы және мемориалдық ландшафтың қазіргі қоғамдағы рөлі бақыланып, фотоға түсіріліп визуалды талдау және нарративтік талдау әдістерімен толықтырылып, зерттеу мақсатына сәйкес өңделді. Алынған деректерді сипаттау әдісі, типологиялық әдіс қолдана отырып, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын саралап контент - талдау жасап, феноменологиялық әдістері қолданылды. Бұл әдістер батырлардың тұлғалық бейнесін ғылыми тұрғыдан жан жақты талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау Батырлар феномені

Кез келген дәуірде, өзінің ісімен, батылдығымен қабілет қасиетімен танылған қайраткер тұлғалар болды. Олардың қатарында ұлтының тұтастығы мен жерінің бүтіндігін қорғау жолындағы тарихи шайқастарда қол бастаған қазақ батырларының орны ерекше. Қазақ тарихында батырларды зерттеуші ғалымдар аз емес, әдебиеттанушылар батырларды ауыз әдебиеті жыр-дастандар арқылы зерттесе, ал тарихшылар батырларды олардың тарихи шайқастарда көрсеткен ерліктері, олардың жаугершілік заманда қоғамдағы ролін зерттеген. Қазақ мәдениетінің тарихында батыр болмысын батырлар жырынан, эпостардан, аңыз - әпсаналардан білеміз. Батырлық жырларын зерттеген ғалымдар қатарында Ш.Уәлиханов, Ә.Х.Марғұлан, М.Мағауин, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, сынды зерттеушілер бар. Ал батыр тұлғасын тарихи модус тұрғысынан зерттеген ғалымдар Бекмаханов И.В.Ерофеева, Ж.О. Артықбаев., М.Алпысбес, және А.К. Кушкумбаев, М.Дауытбекованы атап өтуге болады.

Біздің зерттеуіміз тарихи мәдени контексте кешенді түрде зерттеледі. Осылайша батыр феномені Казақ халқының тарихи және мәдени мұрасында батырлық феномені ерекше орын алады.

Батырлық тек әскери ерлікпен ғана емес, сондай-ақ тұлғаның моральдық-этикалық құндылықтарын, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызды рөлін білдіреді. Батырлық - халықтың ұлттық сана-сезімінде және мәдениетінде терең тамыр жайып, қоғамның идеалдары мен құндылықтарын бейнелейтін тұлға. «Батыр» термині түркі-монғол халықтарында кездеседі. Батыр сөзінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігінде «ел қамы үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, алып ер» екендігі жазылады [2].

Батыр болмысы жаратылысынан ерекше тұлға. Ел мен жерді қорғау, елдің қонысын кеңейту ісіне батыр жеке басына төнетін қауіп пен қатерді еш елемей, жауға аттанып, қамал бұзып, шапқыншыларға қарсы шығып, қаһармандық істерімен елдің, халқының шексіз құрметіне ие болатын болған [3].

Зерттеушілер батыр терминін алғаш рет орта ғасырда пайда болды деп есептейді. Батыр сөзінің этимологиясына келетін болсақ, «багатур» ержүрек, қаһарман деген мағынаны білдіреді [4]. Батыр феномені тарихи тұрғыда елдің қорғаушысы әділдік пен тәуелсіздіктің жаршысы ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде «батыр» термині әлеуметтік мәнге ие болғанымен жеке тұлғалық ерекшеліктерді сипаттайтын термин ретінде қоғамда қолдансқа ие болады. Батырлар жалпы түркі халықтарының арасында кездесе отырып, қазақ қоғамында да әлеуметтік мәдени маңыздылығы болды. Қазақ тарихындағы батырлық кезеңіне байланысты Шоқан Уәлиханов та зерттеулері бар. Өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ қоғамы мен оның билеушілері жайында жазған еңбектерінде «батырлық» терминіне тоқталып « Батыр – ең маңызды және беделді тұлға, ол соғыста жолбарыстай айбарлы, арыстандай қайратты болуы тиіс. Ол- айтқан сөзі халыққа өтетін, елге ең сыйлы адам»,-деп анықтама берді. «Абылай» атты мақаласында қазақ халқының Ресей мен Қытай секілді екі алып империяның арасындағы тәуелсіздікті сақтап қалу жолындағы қызметі мен ханның өмір сүрген уақытын «Абылай ғасыры қырғыздардың (қазақтардың) жауынгерлік (серілік) заманы болды»,-деп жазды [5].

Жалпы, қазақ мәдениетіннің тарихында батырлар институтының қалыптасу генесизі мен эволюциясы Қазақ хандығының хандығының құрылуына дейінгі ғасырлардан бастау алады. Қазақ батырларының тарихы жайлы ауызшы деректермен сипаталады. Бұған қатысты ауызша тарихи деректердің негізгі тобын батырлар жыры мен ақын жыраулардың жазып қалдырған шығармалары құрайды. Батырлар институтының бастау көзі, олардың әлеуметтік топ ретінде қалыптасу кезеңдерінің тарихи эволюциясы осындай ауызша деректерден анық көрініс береді. Сыртқы жауларға қарсы күресіп, елдің ішкі сыртқы жағдайы мен, саяси ахуалын және қаһарман жауынгердің болмысын, соғыс сәтіндегі ерлігі қайсарлығы жайында жырларда жырлаған ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Қожаберген, Ақтамберді, Бұхар, Үмбетей, Тәтіқара жыраулардың еңбектерінің тарихи маңызы терең [6].

Зерттеуші ғалым И.Ерофеева батыр термині жайында былай пайымдайған: түркі-монғол тіліндегі «батыр», «багатур», «бахадур» сөздері алғашқы кезде белгілі бір шайқас алдында жауды жекпе-жекке шақырған ержүректікті білдіреді. Бұл транскрипцияда ол XIV ғасырда орыс тіліне еніп, «батыл», «жауынгер» деген мағына берді. орыс калькасымен қатар – «богатырь» Мәскеу мемлекетінде XV аяғы мен XVI басында шетелдік жауынгерлерді атау үшін түркітілдес «батыр» термині қолнанылған [7]. Батыр ұғымы көшпелі қазақтардың мың ғасырлық тарихындағы, қазақ қоғамындағы батырлар институтының генезисі Еуразияның көшпелі даласымен тығыз байланысты. Номадизмнің қалыптасу дәуірінен бастап орта ғасырдың аяғына дейін Еуразия далаларының көшпелі қоғамына тән әскери ұйымның болуы. Әскери ұйым барлық көшпелі халықтарының әлеуметтік-тарихи дамуына маңызды роль атқарды. Ол номадтардың әртүрлі патронимиялық топтардың қалыпстасқан құқықтық-мәртебелік иерархиясына негізделген және олардың шежірелік ұйымымен сәйкес келді [8]. Батыр феномені жөнінде ғалым М. Алпысбес: батыр – ол айбатты қаһарман, жігерлі, асқан рухты жан жаужүрек ер, Батыр дегеніміз орасан зор күш-қайраттың иесі әрі айбынды ерен жауынгер. Батырлардың біршамасы әрі би әрі батыр әрі би болған шешендік сөз иелері, ұрпағына насихат айтқан тұлғалар. Батырлық қасиет ел қамын ойлау мен қатар, жерді, елді, жаудан қорғау үшін жанын қиюға дайын болған. Батырлар жауын жеңу мақсатында түрлі әскери амал-айланы қолдана білген. Батыр қазақ қоғамында нақты бір әлеуметтік рөл атқарған халықтың өкілі болған. Жаугершілік уақытта, ел қорғау қызметін атқарып, бейбіт заманда рубасылық ролінде, елдің әлеуметтік-саяси өміріне де белсенді араласқан. Сондай ақ, билермен ақсақалдармен бірлесе отырып ел мүддесі үшін ханға қызмет жасаған. Халық арасында шаруалармен қатар, еларалық қатынастарды дамытуға үлес қосып, хан сайлауда, жиындарда батырлардың қатысуы міндетті болған, олардың даусы маңызды саналған. Және де елшілік, жаугершілік делегациялардың құрамында да атақты батырлар болғаны жайлы жазады. Батырлардың маңызды ролі XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырылған ұлт – азаттық күресте маңызы өте жоғары болды деп жазған [9].

Сонымен қатар, ежелгі заманнан бастап қазіргі заманның басына дейін көшпелі қоғамдардың әскери ұйымының маңызды элементі батырлар институты

болды. Батырлық ерте орта ғасырлардан бастап Еуразияның барлық көшпелі халықтарында кең таралған. Ол кезде күш, ержүректік сияқты адамның жеке қасиеттері әлеуметтік маңызы болмады. Ержүректік, батырлық атақ тегіне емес жеке қасиеттері үшін берілген [10].

М.Дауытбекова өзінің зерттеулерінде «батыр» сөзіне қатысты 1917 жылға дейінгі зерттеушілер еңбектерінде оның түркі-монғолдық «bahadur, batur, багадур, бак-хату, сөздерінен шыққан деп деген тұжырым жасайды [11].

Батырлардың әлеуметтік, саяси күш ретінде институтқа айналуы бұдан кейінгі кезеңдерде біртіндеп жүзеге асты. Қазақ батырларының саяси-әлеуметтік құрылымында ерекше орынға ие болуына байланысты көшпелі қоғамның, ру - тайпалық құрылымы мен саяси-потестарлы ұйымдасуымен ерекшеленді. Батырлар халық арасындағы ынтымақтастықты дамыту, халықты біріктіру дәстүрмен мәдениетті сақтауда маңызды рөл атқарды.

Қазақ даласындағы батырлар ескерткіштері

Далалық зерттеуіміздің мақсаты- еліміздің әр өңірлерінде орналасқан батырлар ескерткіштерді зерттеу арқылы олардың тарихи тұлғалық болмысын, батырлығын, ерлігін, ұлт санасындағы орнын айқындау. Ескерткіш – тек мүсіндік мәдени туынды емес, ол ұлт жадысының халықтың батырларға деген құрметінің көрінісі. Осы тұрғыда батырлар ескерткіштерін талдау арқылы батыр болмысының ел жадында қалай сақтағанын, олардың қайсар рухы мен батылдығы бүгінгі күнмен үндестігін көрсету көзделеді. Қазақ батырлары – олар қолбасшы, әскери өнерді жетік меңгерген, қоғамдық пікірді қалыптастырушы, халықтың әлеуметтік құрылымында маңызды рөл атқарушы тұлғалар. Бүгінгі таңда Қазақ батырларын дәріптеудің түрлі мысалдары бар. Әрине ғасырдан ғасырға жалғасып, халық жадында сақталған батырлар жырлары ол батырлардың ерлігін ұлықтаудың жарқын масылы. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ батырларының болмысы жаңа мәнге ие болды. Бүгінгі таңда ұлттық мәдениетті жаңғырту мен батырларды ұлықтау олардың ерлігін дәріптеу бағытында түрлі тәжірибелер жүргізілуде. Алайда, батырлар болмысын дәріптейтін естелік орыны ретінде қалыптасқан батырлар ескерткіштері жыл санап елімізде көбеюде. Тарихшы М. Қозыбаев атап өткендей, егер батырларды тек рулық- тайпалық деңгейде ғана бағалап, олардың ерлігін ұлттық масштабқа көтере алмасақ, онда мұндай көзқарас ұлттық сананың өсу жолына тосқауыл болады [12]. Қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде батырларға арналған ескерткіштер бой көтеруде. Алайда көп жағдайда бұл ескерткіштер батырдың шыққан руы немесе туған жері тұрғысынан маңыздалып, жергілікті деңгейде ұлықталуда. Бұл жағдайда М.Қозыбаев айтқан аймақтық тар шеңберде дәріптеудің көрінісі. Мысалы, Қабанбай батырға тек Шығыс Қазақстанда ескерткіш орнатылса, ал Бөгенбай батырға Ақмола өңірінде орнатылған. Жаугершілік заманда қазақтың жауға шапқан батырларына Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай деп руларын бірге қосып ұрандатудың астарында үлкен мән бар сияқты. Қазіргі таңда сол ру өз руынан шыққан батырларға өз жеріне, ескерткіш орнату трентке айналған. Анализ жасайтын болсақ Шақшақ Жәнібек Қостанай қаласында, Ағыбай батыр Балхаш қаласында ескерткіш орнатылған. Жалпы қай өңірге барсақта сол жерден шыққан батырдың ескерткішін кездестіресің. Бұл жайында

Күлшат Медеуова өзінің «Затянувшая «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане» мақаласында: Қазақстандағы батырларды мемориалдандыру ерекшеліктерінің бірі ол аумақтық орналасуы болып табылады. Батырларға арналған мемориалдар әрдайым батырдың белгілі жерге руға жататындығы көрсетіледі. Сонымен, Қабанбай батыр ескерткіштерін тек шығыста, ал Сырым Датов ескерткішін Қазақстанның батысында ғана кездестіруге болады. Яғни, бұл ескерткіштер мен монументтер қазіргі кезде шығу тегіне байланысты белгілі бір территорияның мәдени жадыны айқындау үшін орнатылған [13]. Ескерткіш белгілі қоғам қайраткерлеріне, ұлы тұлғаларға батырларға немесе тарихи оқиғаларды есте қалдыру мақсатында орнатылатын мүсіндік туынды. Ескерткіштер қала алаңына, саябаққа адамдардың туған жерлеріне немесе белгілі тарихи орындарға қойылады. Сонымен қатар, ескерткіштер белгілі бір тарихты, мәдени құндылықтарды, мұралады, идеяларды көрсету мақсатында орнатылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақ батырларына орнатылған ескерткіштер жыл санап көбеюде. Бұл тәжірибе мемлекеттік тарапынан тапсырыс ретінде ғана емес, кезінде жаудан қорғаған батырлардың ұрпақтары, руластары не жерлестерінің бастамасымен де (уәкілетті органдардың рұқсат-келісімімен) жүзеге асуда [14]. Қазақ батырларына арнап орнатылған ескерткіштер еліміздің кең байтақ даласында, ауыл аудан мен қаланың орталық алаңдарында саябақтарда кездестіруге болады Батырлар қазақ қоғамы үшін «эмоционалды тұлға». Батырлар азаттықтың, еркіндіктің елдіктің нышаны. Қазақстанның аймақтарында орнатылған ескерткіштердің бір ерекшелігі – барлығы аттың үстінде отырғызылған. Бұл халық санасында жылқы малының да адам өмірінде, оның ішінде батыр болмысын сипаттауда маңызды орын алатынын көрсетеді [15]. Батырлар бейнесін сомдаған ескерткіштердің эстетикалық және көркемдік ерекшеліктерін К.Медеуованың «Конная скульптура современности» мақаласында жан-жақты талданып, ғылми тұрғыда сипатталды [16]. Қолына найза мен қалқан ұстаған, ат үстіндегі батырдың ескерткіштері еліміздің әр аймағында жиі кездеседі. Қазақ батырларын атсыз елестету қиын, бұл өз алдына бөлек тақырып. Дегенмен, бұл көрініс халқымыздың ұжымдық жадындағы бейнелердің бірі ретінде қалыптасқан. Батырларға арналған ескерткіштер әр түрлі үлгіде сомдалған кейбірі ат үстінде жауға қарсы шабуылға шыққан күйі бейнеленсе, басқалары екі аяғмен тік тұрып, қолын жоғары сермеген қалыпта бейнеленген. Осындай кейсттердің бірі – Қалба тауының баурайында орналасқан Ер Жәнібек Бердәулетұлы ескерткіші (1 сурет). Жәнібек батыр (1714-1792) Абылай хан заманында өмір сүрген атақты батырлардың бірі. Ел қорғаудағы ерен ерліктеріне қарай есімінің алдына «Ер» деген атау қосылып «Ер Жәнібек» атанған. Тарихи мәліметтерге сүйенер болсақ Ер Жәнібек қазақ- жоңғар соғысына қатысқан. Батыр бейіті де Қалба тауының маңайында орналасқан. Ескерткіштің ерекшелігі батырдың қос бөрімен бірге бейнеленуі. Бұл композиция Ер Жәнібектің батылдығын, ерлігін, ел қорғаған батыр ретінде образын айқындайды. Ескерткіштің салтанатты ашылуы батырдың 300 жылдығына орай ұйымдастырылған. Бұл ескерткіштің тағы бір ерекшелігі ол орналасу жері. Әдетте батырлар ескерткіштері аудан орталығында, саябақтарда немесе қаланың ауылдың кіре берісінде орнатылса

Ер Жәнібек ескерткіші өзінің жерленген жеріне ортатылған. Бұл да батырдың халық арасындағы және қоғам үшін де маңызды орнын айқындайды.

1 - сурет - Ер Жәнібек Бердәулетұлы ескерткіші
(фото авторы Оразбаева Д.Е. суреті 2025 ж.)

Қалба тауының бауырындағы үлкен жолдың бойында тұрған Ер Жәнібектің кесене-ескерткіші батырды ұлықтаған халықтың ықыласы. Қазақ тарихында «Ер Жәнібекке» арналған халық арасында тараған аңыз бен жырларда батырдың батылдығымен қоса тілге шешен, ойға көсем, би болғандығы да айтылады. Батыр жайында жырлар мен аңыз мәтіндерінде, жоңғар шапқыншылығы мен қазақ батырларының оған жасаған зілді тойтарысы баяндалады. Олардың ерлік істері, халықтың басындағы ауыр хал, жоңғар шапқыншылығы заманындағы әлеумет өмірі жиі көрініс табады. Осындай есімі көп кездесетін батырлардың бірі – Ер Жәнібек [17]. Ер Жәнібектің батырлығы, ерліктері, халықтың асыл мұрасы, ұрпақтарының жадында үлгі өнеге болып қала береді.

2 - сурет - Павлодар қаласындағы Малайсары батыр ескерткіші (автор Оразбаева Д.Е. суреті 2025 ж.)

Малайсары батыр ескерткіші Павлодар қаласында орнатылған. Малайсары Тоқтауылұлы - Орта жүздің батыры әрі биі. Арғын тайпасының бәсентейін руынанан шыққан. Малайсары батыр Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған. Ол сол заманның тыныс-тіршілігін, қазақ халқының сыртқы-ішкі жағдайын ашып бере алатын тарихи қайтаркер. Малайсары батыр XVIII ғасырда қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күреске шығып алып азаматтар тобын басқарған. Орталық Азияның ұлы өзені, Ертіс бойын жаудан қорғап тарихта ерлігімен танылған. Өз заманында сан қилы соғыстарға қатысып, жаугершіліктің ортасында жүріп елшілік қызметі де атқарған батыр [18]. Ш.Уәлихановтың «Исторические предания о батырах XVIII века» атты мақаласында қазақ батырлары туралы мәліметтер халық аңыздарына сүйене отырып баяндалады. Осы еңбекте Малайсары батырдың қазақ хандығының саяси және әскери өміріндегі маңыздылығы атап өтіледі. Әсіресе, оның Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болғандығы және жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ерлігі айрықша бағаланады. Абылай ханның Малайсары батырға деген құрметі ерекше болғаны да тарихи деректерден белгілі. Бірде Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейтіні сұралғанда, ол Қазбек бидің Галданның тұтқынынан 90 адамды қайтарғанын, Дербісәлі Уақ батырдың ерлігін және бәсентиін руынан шыққан Малайсары батырды ерекше атап өткен [18; 258]. Малайсары батыр тек әскери қолбасшы ғана емес, сонымен қатар қазақ елінің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыруға ықпал еткен тұлға ретінде де танымал. Батыр ескеткіші (2 сурет) Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай батыр ескерткішінің ашылуы «Ұлы дала елі»

фестивалі аясында өтті. («Ұлы дала елі» фестивалі) [19]. Батырдың мүсіні қоладан құйылып, аттың үстінде бейнеленген. Бұл оның жауынгерлік ерлігін, ел басқарудағы қайраткерлік бейнесі көрсетілген. Гранит тастан жасалған тұғырға батыр туралы мәліметтер жазылған. Ескерткіштің маңайы кең абаттандырылып, саябақ ретінде халыққа жайлы серуендеуге болатын орынға айналған.

3 – сурет - Қостанай қаласындағы Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы ескерткіші
(автор Оразбаева Д.Е. суреті 2024 ж.)

Қазақстанның солтүстік аймақтарында көне заманнан бері тоғыз жолдың торабы болып, және оған әркімдердің қызыққандығын дәлелдейтін тарихта деректер бар. Солтүстіктің киелі жері, талай батырлар мен ақын жырауларды, халыққа қызмет еткен билер мен шешендерді дүниеге әкелген. Соның ішінде Арғын тайпасынан шыққан белгілі қолбасшы батыр, би Жәнібек Қошқарұлы. Туған жері Торғай өңірі. Осыған байланысты Торғай өңірі батырға бірнеше ескетркіш орнатылған. Бірінші ескерткіш, Жангелді ауданындағы Ақшығанақ ауылдында және Арқалық қаласында және Қостанай қаласында орнатылған. Арқалық қаласындағы батыр ескерткішінде аттың үстінде алға қараған қаһарлы келбетпен бейнеленген. Бұл оның елін жаудан қорғаған қайсар мінезін айқындайды. Ал, Қостанай қаласындағы ескерткіш қаланың батыс жақ кіреберісінегі әуе жайдан келе жатқан айналма жолдың ортасында орналасқан (3сурет). Мүсін композициясы батырдың рухани-ерлік болмысын батырдың ат үстіндегі қолындағы найза ұстаған бейнесі айқын бейнеленген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақтың алып батыр қаһарманы. Жәнібек Қошқарұлы жайлы Елдің солтүстігін жаудан қорғап,

Ресеймен келіссөздер жүргізіп, дипломатиялық қатынас орнатуға үлес қосқан [20]. Ескерткіш туған жер бағдарламасы аясында орнатылған.

4 – сурет - Балхаш қаласындағы Ақжолтай Ағыбай батыр есекрткіші (автор Оразбаева Д.Е. 2024ж)

Ақжолтай Ағыбай ескерткіші Балқаш қаласында Тәуелсіздік алаңына орнатылған. Ақжолтай Ағыбай ескерткіші қазақтың классикалық батырдың бейнесі көркем түрде ұсынатын композициямен жасалған (4 сурет). Батыр шауып келе жатқан тұлпардың үстінде мүсінделген. Бұл оның өмір бойы жауға қарсы шайқастарда болған ер тұлғасын көрсетеді. Атты мүсін биік гранит тұғырға орнатылған. Тұғырда шеңбер пішінді барельеф орнатылған онда батырдың есімі жазылып ортасында қазақтың дәстүрлі таңба үлгісіне ұқсас ою бейнеленген. Батырдың ерлігі мен батырлық болмысы қазақ халқының тарихи жадында сақталып, жыр-дастандар мен шежірелерде көрініс тапты. Ағыбай батыр Кенесары ханның бірінші әскери кеңесшісі болды. Ағыбай батырдың бойында батырлығымен қоса ұйымдастырушық қасиеті де басым болған. Оған дәлел, әскерінің саны күн сайын толығып отырған. Кенесары әскерінде бас батыр болып қолбасшылығымен батырлығымен халық сүйіспеншілігіне айналған [21]. Халық арасында тараған аңыз бойынша қалмақпен соғысқан қазақтың соңғы батыры. Тарихи деректер бойынша, Түркістан соғысында Ағыбай батыр және оған ерген қоңыраттың батырлары Икан деген жерде орыс отаршыларын ойсырата жеңеді. Соғыс аяқталған соң Ағыбай батыр өз еліне қоңырат батырларымен елге оралады. Балқаш бойын мекендеген Қоңырат батырларының жері бұл күнде «Қоңырат кені» деп аталады. 1885 жылы Ағыбай батыр Балқаш көлінде Тасарал қамалында қайтыс болады. Батырдың денесін халық бір жыл сүрелеп, ас беріп «Қожа Ахмет Яассауи

кесенесіне қоюға апарады. Бірақ, орыс отаршылдары қарсы болып Ағыбай батырды Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен жерінде Тайатқан-Шұнақ деген жерленген [22]. Бүгінгі таңда Ағыбай батырдың кесенесі жергілікті халық пен саяхатшылар үшін зиярат орнына айналған. Кесене басындағы шықрақшының айтуы бойынша мал сойып, қазан көтеріп, құран оқып, батырдың басына түнеп зиярат ету тәжірибелері де жасалады.

5 - сурет - Ерейментау қаласындағы Қанжығалы Бөгенбай батыр ескерткіші
(автор Оразбаева Д.Е. 2024ж)

Ақшаұлы Бөгенбай батыр – жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырушылардың бірі атақты батыр, қолбасшы. Орта жүздің Арғын тайпасының Қанжығалы руынан шыққан. XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте атағы шығып, тарихта қалған бірнеше Бөгенбайлар болған. Зерттеушілер арасында олардың есімдері мен батырлығы бір бірімен шатастырулар орын алуда. Тарихта есімдері қалған Бөгенбайлар саны төртеу. Атап айтсақ, Керей Бөгенбай Маянбайұлы, Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлы, Шақшақ Бөгенбай Біркүртқаұлы (Қожекеұлы), Табын Бөкенбай Қараұлы [23]. Бөгенбай батыр халықтың жадында ерекше ерлігімен батырлығымен әскер басылық ісімен қалған. Оның алғашқы ерлік жолы Еділден өтіп, қазақ ауылдарына шабуылдаған дұшпандармен шайқастан басталған. Жиырма сегіз жасында 30 мың қолды бастап барып, жауларды Еділден қуып ерлік танытқан. Сол кезден бастап қазақ жері жоңғарлардан азат болмайынша Бөгенбай батыр аттан түспей, ел тыныштығы үшін талай шайқастарға қатысқан [24]. Бөгенбай батыр ескерткіші Ерейментау қаласында 2009 жылы қала әкімшілігінің жанында орнатылған (5 сурет). Орнатылған ескерткіштің артынан «батырлар аллеясы» жалғасады. Бұл аллеяда Қанжығалы руынан тараған елін қорғаған батырлық пен қайсарлықтың символына айналған тарихи тұлғаларға арналған бюст мүсіндер орнатылған. Аталған жоба жергілікті халықтың бастамасымен және меценаттардың

демеушілігімен жүзеге асып, жыл сайын жаңа батырлардың есімдерін ұлықтауға арналған шаралармен толықтырылып отырады. Өңірдегі батырлар аллеясы – ұлттық болмыс пен елдік сананың көрінісі ретінде маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Қанжығалы руы - қазақ халқының тарихында ерекше орны бар, батырлығымен танылған. Батырлар аллеясында осы рудың батырларына орнатылған ескерткіштер Ерейментау өңірінің мәдени ландшафтысының ерекшелігін айқындайды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының батырлық феномені – тарихи жады, ұлттық рух пен мәдениет тоғысындағы терең мазмұнды құбылыс. Батырлық ол ананың сүтімен атасының қанымен берілген қасиет. Қазақ батырлары – ол батырлар жырында жырланған эпикалық кейіпкер ғана емес, ол- бүгінгі қоғам үшін рухани тірек, мәдени құндылықтар мен тарихи сабақтастықты жалғастырушы тұлға. Бұл зерттеуде батырлық ұғымы уақыт модустары тұрғысынан талданып оның көп қырлы сипаты айқындалды. Батыр бейнесі - тек тарихи дерек емес, ол мәдени код, ерліктің символы, батырлық дәстүрін дәріптейтін нышан екендігі дәлелденді. Мақалада зерттеген мәселелерді топтастыра келе:

- Батыр тек жауынгерлікті білдіретін ұғым емес, күнделікті өмір салтымызда қолданылады екені анықталды;
- қазақ дүниетанымында батыр ол дәстүрмен өлшенгендігі анықталды;
- Батырларға орнатылған ескерткіштер- батырлық феноменінің материалдық көрінісі ретінде зерттеліп, олардың орналасқан өңірлердің тарихи мәдени маңызы талданды.
- Коммеморациялық тәжірибелер батыр бейнесін ұрпақ жадында сақтап, қоғамдық санада батырлықты жаңғыртудың заманауи үлгісін көрсетті.
- Далалық зерттеулер арқылы алынған мәліметтер Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан өңірлерінде батырлықты дәріптеу тәжірибесін көрсетуге негіз болды.
- Феноменологиялық және нарративті талдау әдістері батырлықты тек тарихи оқиға емес, мәдени тәжірибе, рухани құндылық ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Батырлар ескерткіштері - әлеуметтік ландшафттың сәнін келтіріп тұрған архетиктуралық құрылыс емес, сонымен қатар қоғамның мәдени тарихи танымы мен ерлік рухын көтеріп, ұлттық бірегейлік пен тәуелсіздіктің нышаны, ретінде көрініс табады.

Зерттеу жұмысымыздың нысаны болған тарихи тұлғалар тек өткеннің естелігі емес, ұлттық болмысты қайта жаңғырту мен ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы. Осы тұрғыдан алғанда батырлық – ұтттың тарихи мәдени болмысын қалыптастыратын негізгі құндылықтардың бірі. Сонымен қатар, батырлық феномені қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ландшафта жаңаша сипат алуда. Батырлар ескерткіштері қоғамдық жадыны жаңғыртумен қатар, ұлттық идеолгияны, отанын сүйюді, халқына адалдықты қалыптастырудың маңызды құралына айналып отыр. Қорытындылай келе, зерттеу барысында алынған

тұжырымдар, батырлық феноменінің қазіргі мәдени контексте өзектілігін мен ұлттың рухани дамуы мен тарихи жадының ерекше рөл атқаратынын дәлелдейді.

Еліміздің Солтүстігі мен Орталық өңіріндегі жүргізілген далалық зерттеулер нәтижесі бойынша жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырылған ұлт азаттық күресте ерлік көрсеткен батырлар ескерткіштерінің реестрі жасалды (Қосымша 1). Бүгінгі таңдағы батырлардың ерлігі үшін, арнайы орнатылған ескерткіштердің басты назарға ала отырып, оларға тарихи мәдени контексте интерпретация беру өз нәтижесін береді деп есептейміз.

(Қосымша 1) Қазақ батырларының ескерткіштерінің реестрі

№	**Ескерткіш атауы**	**Орналасқан жері және жылы**	**Авторлары**	**Түсініктеме**
1	Ер Жәнібек Бердәулетұлы	Қалбатау 2009	Шаймұрат Өтепбаев	Мемориалдық кешенге биіктігі 6,5 метрлік қоладан құйылған екі аяғымен тік тұрған батыр мүсіні, 44 метрлік стелла 30 метр қашықтықта орналасқан кесене кіреді.
2	Малайсары Тоқтауылұлы	Павлодар 2016	Болат Құсайынов	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 11метр. Мүсін қоладан құйылған.
3	Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы	Арқалық 1993	Әбілбек Ұзақұлы	Атты мүсін. Мүсін қоладан құйылған.
4	Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы	Қостанай 2017	Қадыржан Кәкімов	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 14 метр. Мүсін қоладан құйылған.
5	Ақжолтай Ағыбай	Балхаш 2007	Жеңіс Қалиев Еркін Шахиев	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 7 метр. Мүсін қоладан құйылған. Тұғыры гранит тастан жасалған.
6	Қанжығалы Бөгенбай	Ерейментау 2010	Шота Аман Уәлиханов	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 11 метр. Мүсін

				қоладан құйылған. Тұғырының сырты қара плиталармен қапталған.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің AP226855932 «Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі батырларды мемораилдандыру практикасы» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев, Н. Ә. (2018). Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан 21.

[2] Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігі. - Алматы. 1976.Т.II.- 152 б.

[3] Алпысбес М.А. Шежіредегі қазақ батырлары туралы ғұмырнамалық деректер // «Олжабай батыр – ел қаһарманы» конференция жинағы. Павлодар: Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2013. 330б. Б. 11-33.

[4] Кляшторный, С. Г. (1964). Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии М: Наука, 1964.-113

[5] Валиханов Ч.Ч. Соб. соч. в пяти томах, т 4 – Алматы, 1985.-258 с.

[6] Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық / Құрастыр. М.Мағауин, М. Байділдаев. - Алматы: Жазушы, 1989 – Т.1.-384 б.)

[7] Ерофеева, И. В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.)//История Казахстана в русских источниках, 3, 1961 - 409.

[8] Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы «Социнвест» - Москва «Горизонт», 1995- 320.

[9] Алпысбес М.А. Абылай заманындағы қазақ батырлары туралы тарихи-шежірелік таным // Бәйімбет батыр – қазақ хандығының көрнекті қаһарманы. Халықар. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. Алматы: ТОО «Latin-Print» баспасы, 2015. -220б. Б.28-44.

[10] Ерофеева И.В. Символы казахской государственности. Позднее средневековье и новое время. Алматы, 2011.-152с.

[11] Дауытбекова М.Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары. // 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. //Материалы международной научной конференции. – Алматы. 2001.-932 с.

[12] Қозыбаев М.К. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы,1984.-7.

[13] Медеуова К. Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане //Новое литературное обозрение. – 2020. – №. 1. – С. 256-274.

[14] Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. Монография. Астана: BG-Print, 2013.320б.

[15] Ермагамбетова Қ. Оразбаева Д.Е. Шығыс Қазақстан өңірінде батырларды мемориалдау үрдісі: мәдени антропологиялық талдау //Keruen. – 2022. – Т. 74. – №. 1. – С. 316-333.

[16] Медеуова К.А. (2007) «Конная скульптура современности» // Вестник КазНУ серия политология, философия, культурология, 2007. - №1. – с 47-56.

[17] Мәшһүр Жүсіп. Абылай хан дәуірі // Абылай хан Құрастырған С.Дәуітов. - Алматы: Жазушы, 1993. - 416 б.

[18] Жамбыл Омари. Малайсары Тархан XVIII ғасырдың ұлы тұлғасы Павлодар, 2007. – 277 б.

[19] Павлодар облысындағы «Ұлы дала елі» фестивалі URL: https://www.azattyq.org/a/festival-uly-dala-eli/27935474.html

[20] Shakshak Zhanibek Koshkaruly / Kurastyrushy Zh. Bekbolatuly. - Almaty: Asyl Soz, 2013. - 383, [1] b.: sur. - ISBN 978-601-80190-9-8.

[21] А.М. Жакулаев, А.М. Бабашов Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай батыр образы Вестник Карагандинского университета Серия «Филология». № 2(110)/2023

[22] Ақжолтай Ағыбай батыр. Марат Әбсембет Ағыбайтегі. - Жезқаған 1992. 181- б.

[23] Карамендин С. Батырдың аты өшпейді:төрт Бөгенбай, үш Бөгенбай хақында // Қазақ батырлары. - 1991.-29 қараша;

[24] Б.Нәсенов XX-XXV кітап. Нияз батырдан Есет батырға дейін. Мәскеу архивтері сөйлейді. Алматы- Новосибирск, 2014 ж. 726 б.

REFERENCES

[1] Nazarbayev, N. A. (2018). Seven facets of the Great Steppe.Sovereign Kazakhstan 21.

[2] Explanatory Dictionary of the Kazakh language. - Almaty. 1976. Vol. II. - 152 P.

[3] Historical facts about Kazakh batyrs in the Chronicle of Alpysbes M. A. // collection of the conference "Olzhabay batyr – El kaharmany". Pavlodar: Sultanmkhut Toraigyrov Pavlodar State University, 2013. 330p.pp. 11-33.

[4] Klyashtorny, S. G. (1964). Ancient Turkic runic monuments as a source for the history of Central Asia Moscow: Nauka, 1964.-113

[5] Valikhanov Ch. Ch. Sob.Soch.in five volumes, T 4-Almaty, 1985. -258 s.

[6] Bes ğasyr jyrlaidy: 2 tomdyq / Qūrastyr. M.Mağauin, M. Baidıldaev. - Almaty: Jazuşy, 1989 – T.1.-384 b.)

[7] Erofeeva, İ.V. Han Abulhair: polkovodes, pravitel i politik. Almaty, 1999. Jurnaly i slujebnye zapiski diplomata Aİ Tevkeleva po istorii i etnografii Kazahstana (1731-1759 gg.)//İstoria Kazahstana v ruskih istochnikah,3, 1961 - 409.

[8] Masanov N.E. Kochevaia sivilizasia kazahov: osnovy jiznedeiatelnosti nomadnogo obşestva. Almaty «Sosinvest» - Moskva «Gorizont», 1995- 320.

[9] Alpysbes M.A. Abylai zamanyndağy qazaq batyrlary turaly tarihi-şejırelık tanym // Bäiımbet batyr – qazaq handyğynyñ körnektı qaharmany. Halyqar. ğyl. - täjır. konf. materialdary. Almaty: TOO «Latin-Print» baspasy, 2015. -220b. B.28-44.

[10] Erofeeva İ.V. Simvoly kazahskoi gosudarstvenosti. Pozdnee srednevekove i novoe vremä. Almaty, 2011.-152s.

[11] Dauytbekova M. Qazaq qoğamyndağy batyrlar institutynyñ tarihi bastaulary. // 10 let nezavisimosti Kazahstana: itogi i perspektivy razvitia. //Materialy mejdunarodnoi nauchnoi konferensii. – Almaty. 2001.-932 s.

[12] Qozybaev M.K. Jaudy shaptym tu bailap. - Almaty,1984.-7

[13] Medeuova K. Zatyanuvshayasya «sovetskost'» i transformacii kollektivnoj pamyati: sovetskie i postsovetskie memorial'nye kompleksy v Kazahstane //Novoe literaturnoe obozrenie. – 2020. – №. 1. – S. 256-274.

[14] Alpysbes M.A. Қazaқ shezhiresi: tarihnamalyқ-derektanulyқ zertteu. Monografiya. Astana: BG-Print, 2013.320b. Alpysbes M. A. Kazakh Chronicle: historiographic and source study. Monograph. Astana: BG-Print, 2013.320 P.

[15] Ermagambetova Қ. Shyғys Қazaқstan өңirinde batyrlardy memorialdau үrdisi: mədeni antropologiyalyқ taldau //Keruen. – 2022. – T. 74. – №. 1. – S. 316-333.

[16] Medeuova K.A. (2007) «Konnaya skul'ptura sovremmennosti» // Vestnik KazNU seriya politologiya, filosofiya, kul'turologiya, 2007. - №1. – s 47-56.

[17] Mäşhür Jüsıp. Abylai han däuırı // Abylai han Qūrastyrğan S. Däuıtov. - Almaty: Jazuşy, 1993.-416 b.

[18] Jambyl Omari. Malaisary Tarhan XVIII ğasyrdyñ ūly tūlğasy Pavlodar, 2007. – 277 b.

[19] Pavlodar oblysyndağy “Uly dala eli” festivals URL: https://www.azattyq.org/a/festival-uly-dala-eli/27935474.html

[20] Şaqşaq Jänıbek Qoşqarūly/ qūrastyruşy J. Bekbolatūly. - Almaty: Asyl Söz, 2013. - 383, [1] b.: sur. - ISBN 978-601-80190-9-8.

[21] M. Jakulaev, A.M. Babaşov Esenberlinnıñ «Qahar» romanyndağy Ağybai batyr obrazy Vestnik Karagandinskogo universiteta Seria «Filologia». № 2(110)/2023

[22] Aqjoltai Ağybai batyr. Marat Äbsembet Ağybaitegı. - Jezqağan 1992. 181- b.

[23] Karamendin S. Batyrdyñ aty öşpeidı:tört Bögenbai, üş Bögenbai haqynda // Qazaq batyrlary. - 1991.-29 qaraşa

[24] B. Näsenov XX-XXV kıtap. Niaz batyrdan Eset batyrğa deiın. Mäskeu arhivterı söileidı. Almaty- Novosibirsk, 2014 j. 726 b.

Оразбаева Д.Е.

ФЕНОМЕН БАТЫРСТВА В МОДУСАХ ВРЕМЕНИ
(в историческом модусе)

Аннотация. В статье феномен батырства рассматривается в культурном модусе времени, исследуется его роль в формировании национальной идентичности казахского народа. Традиция батырство расматривается как важный культурный феномен, отражающий национальный духовный код, культурную единство и историческую преемственность. Феномен батырства показывает культурный диалог времени, в котором прошлое и настоящее соединяются, раскрывая единство национального сознания и исторического опыта. В статье ставится задача ответить на вопрос: каким образом «образ казахских батыров

репрезентировался в различных модусах времени и как он влияет на формирование национальной памяти?»

Цель исследования состоит в комплексном анализе феномена батырства в контексте культурного модуса времени и выявлении его историко-культурной репрезентации.

В теоретической части исследования феномен батырства рассматривается через призму исторических событий, различных дискурсов и понятий историко-культурной памяти.

В эмпирической части статьи анализируется памятники установленных в честь батыров, проявивших героизм на пути к независимости страны: Ер Жәнібека Бердәулетұлы, Малайсары Тоқтауылы, Шақшақ Жәнібека Қошқарұлы, Ақжолтая Ағыбая, Қанжығалы Бөгенбая.

Фотоматериалы и сопутствующая информация, использованные в статье, получены в ходе полевых исследований, проведённых в Северном и Центральном Казахстане.

Ключевые слова: феномен батырство, модус времени, образ батыра, кайсар рух, памятник, культурная память, қаһарман, история.

Orazbayeva Dana

THE PHENOMENON OF BATYRSVO IN THE MODUS OPERANDI OF TIME
(in historical modus)

Annotation. In the article, the phenomenon of batyrship is examined within the cultural modus of time, with a focus on its role in shaping the national identity of the Kazakh people. The tradition of batyrship is interpreted as an important cultural phenomenon that reflects the national spiritual code, cultural unity, and historical continuity. The phenomenon of batyrship represents a cultural dialogue of time, in which the past and present are interconnected, revealing the unity of national consciousness and historical experience.

The article seeks to answer the question: in what ways has the image of Kazakh batyrs been represented in different temporal modi, and how does it influence the formation of national memory?

The aim of the study is to provide a comprehensive analysis of the phenomenon of batyrship in the context of the cultural modus of time and to identify its historical and cultural representation.

In the theoretical part of the study, the phenomenon of batyrship is considered through the prism of historical events, various discourses, and the concepts of historical and cultural memory.

In the empirical part, monuments erected in honor of batyrs who demonstrated heroism on the path to the country’s independence are analyzed, including those dedicated to Er Zhanibek Berdauletuly, Malaisary Toktawuly, Shakshak Zhanibek Koshkaruly, Akzholtai Agibai, and Kanzhygaly Bogenbai.

The photographic materials and accompanying information used in the article were obtained during field research conducted in Northern and Central Kazakhstan.

Keywords: phenomenon of batyrism, temporal modus, image of the batyr, Kaisar Rukh, monument, cultural memory, kaharman, historical narrative

ӘОЖ 32. 001
ҒТАХР 03.20.00
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).180

Шайхиев Т.Т.

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

E-mail: shaihiev1972@mail.ru

«ҮШ ЖҮЗ» ҰЛТТЫҚ – САЯСИ ПАРТИЯСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХТА ЗЕРТТЕЛУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы саяси үдерістер аясында құрылған «Үш жүз» ұлттық-саяси партиясының отандық тарихнамада зерттелу мәселелері қарастырылады. Кеңестік кезеңдегі марксистік-лениндік методология негізінде жасалған тұжырымдар мен Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі жаңа әдіснамалық ұстанымдар салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу барысында «Үш жүз» партиясына қатысты кеңестік тарихнамада қалыптасқан таптық және идеологиялық бағалаулардың шарттылығы ашылып, қазіргі отандық тарих ғылымындағы ұлттық-саяси ұйымдарды ұлт-азаттық қозғалыс контексінде қарастыру үрдісі көрсетіледі. Автор соңғы жылдардағы зерттеулер негізінде «Үш жүз» партиясының идеологиялық-саяси бағдарын, әлеуметтік тірек базасын және Кеңес өкіметімен қарым-қатынасын қайта пайымдаудың ғылыми маңызын негіздейді.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, «Үш жүз» партиясы, тарихнама, ұлттық-саяси ұйымдар, XX ғасыр басы, кеңестік методология, тәуелсіздік кезеңі, жаңа ғылыми парадигмалар.

Кіріспе

Кеңестік тарихнамада ұлттық саяси күштерді зерттеу ісі, саяси және тарихи қырынан ең көп қаралған мәселелердің бірі болды. Мұндай назар аударушылықтың да өз себептері болды. Маркстік-лениндік тарихнамадағы зерттеулерге сүйенсек, ұлттық саяси күштерді зерттеу тарихнамасы келесідей міндеттерден туындайды:

1. Большевиктер партиясының ең алдыңғы қатарлы саяси күш болғандығын, басқа ұлттық саяси күштермен салыстыра отырып көрсету.

2. Әлеуметтік әділеттілік, социализм идеясының, бұқара халық арасында арасында таралуына қаншама “керітартпа” күштер әсер еткендігін көрсету арқылы, коммунистік идеяның құнын арттыру.

3. Ресей империясының ұлттық аймақтарының революция аясында капиталистік құрылысты аттап өтіп, феодалдық кезеңнен әлеуметтік әділеттілік кезеңіне бірден өткендігін, сол аймақтағы саяси күштер мақсаттарын талдау арқылы көрсету.

4. Интернационализм идеясының ұлттық идеялардан анағұрлым озық екендігін социал-демократиялық және ұлттық саяси күштерді салыстыру арқылы дәлелдеу.

Әрине, бұларды негізгі себептер ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, бұлардан басқа да көптеген ірілі-ұсақты себептер болды. Біздің зерттеуіміздің басты мақсаты, нақты бір ұлттық–саяси партияның, атап айытқанда "Үш жүз" ұлттық-саяси партиясының Кеңестік тарихнамада зерттелуін талдау.

Кеңестік қазақ тарихнамасында "Үш жүз" саяси партиясының бағдарламасына, идеологиясына және қызметіне деген төрт түрлі көзқарас қалыптасты:

1. Т. Елеуов пен К. Нұрпейісов сол заманның ресми идеологиясына сәйкес «Үш жүзді» реакциялық-ұлтшыл бағытта деп есептеуге мәжбүр болды;

2. «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері», «Ленин идеясы туы астында» атты жинақтардың зияткерлер ұжымы және зерттеушілер Г.Ф. Дахшлейгер, К.Бисембаев бұл партияны – «ұсақбуржуазиялық» деп бағалады;

3. С. Зимановтың көзқарасы бойынша, партия өзінің құрылғанынан бастап социал-демократиялық бағытта болған. Б. Елкеевтің пікірі де осыған жақын, зерттеушінің пайымдауынша, «Үш жүз» аз ғана ауытқушылықты санамаса, социал-демократиялық бағытта болған;

4. В. Григорьев, П. Пахмурныйдың және М. Бурабаевтың көзқарастары бойынша, «Үш жүз» ұсақ буржуазиялық және революциялық-демократиялық саяси партия ретінде пайда бола отырып, «большевиктердің игі әсері мен ықпалының арқасында» Кеңес өкіметінің жақтастарының қатарына қосылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

«Үш жүз» партиясының Кеңестік тарихнамасына толығынан көз жүгірту үшін, осылардың ішінен партия тарихын толығырақ зерттеген үш ғалымның еібектерін ғылыми дәрежеде талдап көрелік. Бұлар, Т. Елеуовтің «Установление и упрочение советской власти в Казахстане (Алма-Ата, 1961 г.) және В. Григорьевтің «Противостояние» (Алма-Ата, 1989 г.) атты зерттеу монографиялары және Б. Елкеевтің кандидаттық диссертациясын да осы қатарға қосуымыз қажет.

Т. Елеуов өз кітабында «Үш жүзге» тарихи баға бере отырып, оны сын садағына іліктіреді. «Үш жүзді» Кеңес өкіметіне қарсы саяси күрес жүргізді деп айыптай отырып, Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда, яғни ең бір аумалы-төкпелі кезеңде «Үш жүз» Кеңес өкіметін қолдайтын саяси партия ретінде де көрінді деп есептеді. Шындығында «Үш жүз» Кеңес өкіметімен емес, сол өкіметтегі көпшілік орынды басып алған большевиктермен күресті. Өкіметтегі орын үшін, сол орынды алуға халық қолдауына сүйену үшін, яғни халық үшін күрес қай-қай саяси партияға да тән қасиет. Сондықтан, Т. Елеуовтің «Үш жүзді» айыптауы сол заманда орынды болды және сол кезде басқа пікір айту мүмкін болмағандығын ескерген жөн.

Екінші еңбекке келетін болсақ, В. Григорьев «Үш жүзге» уақыт талабына сай баға беруге тырысады. Ол «Үш жүзді» революцияның уақытша жолсерігі ретінде көрсеткен, яғни саяси өмір сүруге алдын – ала қабілетсіз болған дегендей пікірде. Өзінің ойларын В. Григорьев «партия платформасындағы тайғанақтықтан» деп

түйіндейді. Сол кездегі орын алған, большевиктердің қатал шаралары мен «Үш жүз» ұлттық саяси партиясы тап болған жан – жақты қысымды есепке алмаған.

Себебі, «Алаш» ұлттық саяси партиясы «Үш жүзді» қазақ топтарының арасындағы саяси потенциалды қарсылас ретінде жойғысы келді, яғни, «бір қазанда екі қошқардың басы симастың кебі», ал большевиктерге солардың айытқанына көніп, айдағанымен жүретін сырты ұлттық, іші интернационал саяси күш қажет болды. Сондықтан, В. Григорьев осы объективті қалыптасқан саяси факторларды да зерттеуі қажет еді және тарих ғылымында осы тұрғыдан баға бергенде, еңбек құндылығы арта түсер еді.

Зерттеу нәтижелері

Бұл тақырыпқа, Кеңес дәуірінде іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің бірі Бабан Елкеев болды. Б. Елкеев кандидаттық диссертациясын Ташкент қаласында қорғаған себепті, қолымызға тек диссертацияға арналған автореферaты түсті. Б. Елкеев "Үш жүзге" оң жағынан баға беруге тырысқан, бірақ сол кездегі саяси жағдайға сай, абайлап қана жазып өткен. Панисламизм мен пантюркизм туралы айта отырып, оны тек ауытқушылық қана деп атайды. "Егер панисламистік, пантюркистік туға келетін болсақ, қазақ зиялыларының төменгі өкілдері саяси даму жағынан, көбінесе діни тәуелді болды» – деп жазады В. Григорьев. [1, б.120]. В. Григорьев осы пікірімен Б. Елкеевтің ойларын қолдаушылық танытады.

Кеңес тарихнамасында «Үш жүз» туралы тарихи деректер, бұлардан басқа «Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане» (Ташкент., 1967 г.) жинағының 338 бетінде жазылған, «О чем не говорили» (Алма-Ата., 1990 г.) атты жинақтың 49 бетінде де кездеседі. Мұнда, «Алаш» атауы хақында болған тартыс терең көрсетіліп, «Үш жүз» партиясы соған қатысты баяндалған. Сол сияқты, бес томдық «Қазақ КСР тарихының» (Алматы., 1981 ж.) төртінші томында, 37 бетінде Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймақтарында осындай бір партияның болғандығы ғана көрсетілген.

Ең соңғы Кеңестік тарихнамалық деректерге келетін болсақ, «История Казахстана: белые пятна» (Алматы, 1991 г.) деп аталатын, тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Әбілқожин құрастырған жинақтың 49-шы және 77-ші беті аралықтарында Б. Елкеевтің тың деректері берілген. Кішкене түсініксіз жері, онда, зерттеуші өзінің мақаласын «Үш жүз» партиясы және оның Кеңес өкіметін орнықтыру кезіндегі қызметі» деп атаса да, мақаланың көптеген жері «Алаш» саяси партиясының қызметі мен бағдарламалық ой-өрісіне, тарихына арналған. Осы мақаласында Б. Елкеев екі партияны бір-бірімен байланыстырылуға тырысқан секілді.

Кеңес кезеңіндегі мерзімді баспасөз материалдарына көз жүгіртсек «Үш жүз» туралы «Қазақстан коммунисі» журналының 1990 жылғы 8-ші санында, 1991 жылғы 5-ші және 6-шы сандарында кездестіруге болады. Сондай-ақ «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 11 санында да шолу жасалынған.

«Қазақстан коммунисі» журналының 1991 жылғы 5-ші санында және «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 11 санында жарияланған мақалалар Көлбай Төгісовтың жеке басын зерттеуге, оның саяси көзқарасы мен қызметін талдауға арналған.

Т. Кәкішов өз мақаласында К. Төгісовтың шыққан тегін дәулетті адамдардан тарағандығын тұжырымдаса, Б. Елкеев “Жұлдыз” журналында жариялаған мақаласында Төгісов Көлбайды кедей баласы, шын тегі Төлеңгітов, ал Тоғысов болуы, Тоғыс би орыс мектебіне шенеуік оқуына баруға тиісті баласының орнына Көлбайды жіберген деп түйіндейді. Мұның бәрі гнеосологиялық түйіндеулерге жататын тақырыптар болғанымен, біздің зерттеуімізге тікелей қатысы бар талдаулар.

Мұның бәрі біздің жұмысымызға тікелей қатысы бар зерттеулер болғандықтан, «Үш жүз» саяси партиясының Кеңестік төңкеріспен қатар туған дерекнамасына келетін болсақ, деректер деп «Үш жүз» газетінің сақталған қалдықтарын атауға болады. Сонымен қатар, «Үш жүздің» замандастары және ол туралы көп жазған баспасөз органдары «Революционная мысль», «Дело Сибира», «Трудовое знамя», «Голос труда», «Известия Петропавловского Совета» газеттерін атауға болады. Әр газет, өзінің саяси бағамына орай, "Үш жүзге" әртүрлі саяси бағытта баға беруге тырысады.

Сол сияқты, қазақ зиялы қауымының сол кездегі белді баспасөз органдары «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік» газеттерін қарап еткен жөн. Бұл баспасөз органдары мен және олардың теңірегінде идеалық жағынан тоттасқан қазақ зиялыларымен «Үш жүз» қызу айтысқа түсіп отырды. Бұларда «Үш жүздің» барлық орын алған саяси – идеологиялық кемшіліктері айқын көрсетілді.

Деректемеге сол сияқты, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын да жатқызуға болады. С. Сейфуллин «Үш жүздің» көптетен жетекшілерін жүзебе-жүз білетін адам. С. Сейфуллин көп заттарды өз саяси көзқарасына сай бұрмаласа да, бұл кітап өте құнды дерек ретінде өз орнын алып отыр. Өз кітабында С. Сейфуллин көптетен саяси қайраткерлердің, жай адам ретіндегі осал жақтарын ашып көрсетеді, кімнің неге қабілетті, қандай нәрсеге шамасы жететінін бағалайды. Егер, әрбір саяси жетекшінің партия өміріндегі ерекше орнын, атқарар рөлін еске алсақ Сәкен Сейфуллиннің бұл тарихи романы деректер қатарына толық жатады.

Жалпы, Кеңестік тарихнамада "Үш жүзді" ұлттық ұсақ буржуазияның мүддесін қорғау үшін құрылған партия ретінде бағалау үрдісі қалыптасты. Бұл басынан қате құрылған тезис болатын. Себебі:

1. Ұсақ буржуазиялық қауымының көшпелі қазақ арасында өте өз мөлшерде болуы. Олардың барлығының дерлік орыс, татар және басқа да халықтардың өкілдері болғандығы және қалада шоғырланғандығы Кеңес кезеңінің өзінде дәлелденді.

2. Сол кездегі қазақ қоғамының орта зиялы қауымының көпшілігі қарасирақ кедей балалары болатын. Өз балаларын шоқынып кетеді деп қорыққан көптетен байлар, орыс мектебіне баласын жіберуге нұсқау түскенде, орнына кедей тұқымдарының балаларын жіберіп отырған.

Бұл екеуі де тек қазақ қоғамына тән ерекшеліктер болғандықтан (империяның басқа ұлт аймақтарына бұл ерекшеліктер тән емес) Кеңестік тарихнама, оны байқамай немесе ескермей, жалпы шаблондық зерттеу бағытымен кеткен болуы тиіс.

Қорытынды

Біздер, «Үш жүз» ұлттық-саяси партиясының мысалында, ұлттық-саяси ұйымдардың Кеңестік марксистік-лениндық тарихнамада зерттелуін қарастырдық. Соңғы уақыттағы тарихи зерттеулер, қазақ даласындағы ұлттық-саяси ұйымдарды зерттеудің өз ерекшеліктері бар екендігін көрсетті.

Қазіргі отандық тарих ғылымында, ұлттық-саяси ұйымдарды зерттеуде жаңа байламдар пайда болды.

1. Ең алдымен, бұл ұлттық-саяси ұйымдарды таптық күрес қағидасымен байланыстыра қараудан бас тарту. Тап түсінігіне қатысты, сол кезеңдегі ірі қайраткерлердің бірі Н.И.Бухарин өз еңбегінде Ф.Оппенгеймердің пікірін келтірген: «классы созданы при помощи политических средств и могли быть созданы только политическими средствами» [2, б. 56]. Сонымен таптық күрес үшін дамыған саяси жүйе мен құралдар қажет. Ал, бұлар өз кезегінде саяси-экономикалық дамыған елдерге тән болатыны даусыз. Отандық тарихшы К. Нурпейісовтың айтуынша, қазақ даласы «...феодалдық-патриархалдық қатынастар үстем болған өлке» [3, б. 39]. Олай болса қазақ арасында тап пайда болатындай саяси және әлеуметтік -экономикалық негіздер жоқ. Мундай пікір, тіпті сол кезде де болды, «примитивный патриархальный строй исключал классовую внутреннюю борьбу в среде киргиз» [4, б. 11] деген ойлар тенкерістен кейін іле-шала айтыла бастады. Сол себепті де, «Алаш», «Үш жүз» сияқты ұлттық-саяси ұйымдар барлық қазақ қоғамының мүддесін қорғауға тырысты. Бұл қағиданы ұлттық-саяси ұйымдар ресми ұстанды. Егер, «Алаш» өзін барлық қазақ ұлттық мүддесін қорғайтын ұлттық саяси партиямын деп атаса, ал «Үш жүз» өзін барлық үш жүз қазақтарының партиясы деп мәлімдеді.

2. Екінші бір мәселе, ұлттық-саяси ұйымдардың Кеңес өкіметімен қарым-қатынастарына қатысты жаңа пікірлердің пайда болуы. Кеңестік тарихнамада ұлттық-саяси ұйымдар (сөз орталық Ресей партияларының жергілікті ұйымдары емес, жеке-дара ұлттық-саяси ұйымдар туралы болып отыр) екі топқа жіктеледі, біріншілері, Кеңес өкіметін қолдаған және соңынан большевиктер партиясына құйылған ұйымдар, ал екіншілері еңбекші халыққа қарсы шыққан ұлттық-бүржуазиялық ұйымдар. Қазір отандық тарихнамада, ұлттық-саяси ұйымдардың Кеңес өкіметін қолдамағандығы туралы пікірлер қалыптаса бастады. Тарих ғылымы үшін мұндай пікір де жаңа емес. Қазақстандағы Қазан төңкерісінен кейінгі жағдайды өз кезімен көріп, төңкеріс жеңісінен кейін, ізін суыттай-ақ оны қорытындылай бастаған зерттеушінің мақаласында былай жазылған, «Неорганизованная и темная масса туземной бедноты не принимал активное участия в революции. Октябрь не принес раскрепощение туземной бедного. Период имперского колонизаторства сменилось периодом колонизаторства советского» [5, б. 12]. Отандық тарихшы М. Қойгелдиевтың пікірінше, «ұлттық зиялы қауым көздеген ұлы мұраттардың бірі – қазақ елін отарлық езгіден азат ету» [6, б.46]. Сол себепті қазір отандық тарихнамада, ұлттық-саяси ұйымдар ұлт-азаттық қозғалыстың бір қанаты ретінде, әрбірі өз мүмкіндігінше, жаңа Кеңестік отарлау саясатына қарсы күрескендігі туралы байлам талдануда.

3. Қазіргі отандық тарихнамада, ұлттық-саяси ұйымдардың идеологиялық-саяси бағдарларына қатысты пікірлер қайшылығы жаңа қарқынмен өрби түсті. Сол кезеңдегі ірі саяси қайраткер Ә. Бөкейхановтың пікіріне жүгінетін болсақ, «...жақын болашақта ...қырғыз арасында қалыптасын келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның бірін ұлттық-діни бағыттағы деп атауға болар... Екіншісі қырғыз даласының келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейді бағыт. Бірінші бағыт, мұсылман-татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда, халық бостандығы партиясын үлгі етеді» - деп жазады. [7, б. 99]. Бұл пікір, сол кезең қоғамдық-саяси өмірін ете жақсы білетін, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсенді араласқан қайраткер болғандықтан, тарихшылар үшін ете құнды болып табылады.

4. Төртінші назар аударатын мәселе, қазақ өлкесіндегі ұлттық-саяси ұйымдардың электораттық базасының зерттелуі. К.Нұрпейісовтің пікірінше, «Алаштың әлеуметтік негізі әртүрлілерден туралы, яғни байлар, ақсүйектер, зиялы қауым, еңбекшілер, тіпті жұмысшылар өкілдері болады» [8,б. 40]. А.К.Бейсембаевтың пікірінше, «Үш жүз» партиясы өз қатарына қазақ зиялыларын, қала шеберлерін біріктірді» [9, б. 123]. Қазір зерттеле бастаған қағида, зиялы бағыттағы саяси ұйымдар қызметіне дін өкілдерінің белсенді араласуы. М.Койгелдиевтің айтуынша, «1917 ж. Жалпықазақ съезі ұлттық саяси партия бағдарламасының жобасын жасауды бүкіл ресейлік мұсылмандар съезіне (шураи ислам) сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды» [10, б. 46]. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романдарында күнбатыс Алашорда үкіметі мен «Алаш» партиясында белсенді қызмет атқарған. Бағдат шаһарынан жоғарғы діни оқуын бітірген қазірет Қуанай Қосдәулетов туралы хабар бар.

Сонымен жаңа отандық тарихнамада ұлттық саяси ұйымдарды зерттеу ісіне қатысты осындай жаңа пікірлер, көзқарастар пайда бола бастады және бұл мәселелерді зерттеу ісі осы байламдар бағытында өрбуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

[1] В. Григорьев. Противостояние. Алма-Ата., 1989 г., стр. 120

[2] Н. И. Бухарин. Теория пролетарской диктатуры. Изб. произ. Москва., 1988 г., стр. 56

[3] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж., №11. 39 бет.

[4] Миллин В. Киргизы и революция. Журнал Новый Восток. 1924 г. №15

[5] Миллин В. Киргизы и революция. Журнал Новый Восток. 1924 г. №15

[6] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 46 бет.

[7] А. Букейханов. Формы национального движения в современных государствах. Петербург. 1910. стр. 99.

[8] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 40 б.

[9] Бейсембаев К. "Очерки истории общественно-политической и философской мысли в Казахстане". Алма-Ата., 1976 г., стр 123.

[10] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 46 бет.

REFERENCES

[1] V. Grigor'ev. Protivostoyanie. Alma-Ata., 1989 g., str. 120 [Confrontation. Alma-Ata, 1989, p. 120.]

[2] N. I. Bukharin. Teoriya proletarskoy diktatury. Izb. proiz. Moskva., 1988 g., str. 56 [N. I. Bukharin. The Theory of Proletarian Dictatorship. Selected Works. Moscow, 1988, p. 56.]

[3] Qos tońkeris jáne Alash qozğalysy. Aqiqat jurnaly. 1992 j., №11. 39 bet. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 39.]

[4] Millin V. Kirgizy i revolyuciya. Zhurnal Novyy Vostok. 1924 g. №15 [V. Millin. The Kyrgyz and the Revolution. Journal Novyi Vostok, 1924, No. 15.]

[5] Millin V. Kirgizy i revolyuciya. Zhurnal Novyy Vostok. 1924 g. №15 [V. Millin. The Kyrgyz and the Revolution. Journal Novyi Vostok, 1924, No. 15.]

[6] Qos tońkeris jáne Alash qozğalysy. Aqiqat jurnaly. 1992 j. №11. 46 bet. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 46.]

[7] A. Bukejhanov. Formy nacional'nogo dvizheniya v sovremennykh gosudarstvakh. Peterburg. 1910. str. 99. [A. Bukeikhanov. Forms of National Movement in Modern States. St. Petersburg, 1910, p. 99.]

[8] Qos tońkeris jáne Alash qozğalysy. Aqiqat jurnaly. 1992 j. №11. 40 b. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 40.]

[9] Bejsembaev K. "Ocherki istorii obshchestvenno-politicheskoy i filosofskoy mysli v Kazakhstane". Alma-Ata., 1976 g., str. 123. [K. Beisembayev. Essays on the History of Socio-Political and Philosophical Thought in Kazakhstan. Alma-Ata, 1976, p. 123.]

[10] Qos tońkeris jáne Alash qozğalysy. Aqiqat jurnaly. 1992 j. №11. 46 bet. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 46.]

Шайхиев Т. Т.

«АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ «ҮШ ЖҮЗ»»

Аннотация. В статье рассматриваются научные выводы о исследовании в отечественной истории национальной политической партии «Үш жүз», сыгравшей большую роль в политических процессах, происходивших в Казахстане в начале XX века. В советской историографии изучение национальных политических сил было одной из наиболее широко освещённых историко-научных проблем. История независимости принесла новые научные взгляды и парадигмы в исследование национальных политических сил XX века. В данной статье исследование по изучению отечественной историографии партии «Үш жүз» осуществляется посредством сравнительного анализа советской и независимой казахстанской историографии.

Ключевые слова: Казахстан; национальная политическая партия «Үш жүз»; историография; политическая сила; XX век, политический процесс; независимость; научный взгляд; парадигма.

Shaikhiyev Turar

«ASPECTS OF THE STUDY OF THE NATIONAL-POLITICAL PARTY *«ÜSH ZHUZ»* IN DOMESTIC HISTORY»

Annotation. The article examines scholarly conclusions regarding the study of the national political party *«Üsh Jüz»*, which played a significant role in the political processes in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. In Soviet historiography, the study of national political forces was one of the most widely discussed historical and scholarly issues. The history of independence introduced new scientific perspectives and paradigms into the study of national political forces of the 20th century. This article conducts a comparative analysis of Soviet historiography and the historiography of Independent Kazakhstan regarding the study of the *«Üsh Jüz»* national political party.

Keywords: Kazakhstan; *«Üsh Jüz»* national political party; historiography; political force; 20th century; political process; independence; scientific perspective; paradigm.

ӘОЖ 636.3.035
ҒТАМР 683937
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).181

Онаева Г.Т.*, Кадримбетова Н.Н., Елкей Н.Н.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан
***Корреспондент-авторы:** g.onaeva8@gmail.com

E-mail: g.onaeva8@gmail.com, n.kadrimbetova@gmail.com, yelkeynur@gmail.com

ҚОЙ ЖҮНІ: ДӘСТҮРЛІ БІЛІМДЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ТҰСТАРЫ

Аңдатпа. Мақсаты – Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұраларының бір тармағы болып саналатын дәстүрлі кәсіптерге байланысты білімдер мен дағдылардың қатарындағы қой жүнінің ерекшеліктерін зерттеу және кейбір ұғымдарды нақтылау. Әдістері – аналитикалық және салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылып, қой жүніне қатысты деректер кешенді қарастырылды. Бұл тәсілдер зерттеу міндеттерін шешуде тиімді әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Нәтижелері – қой жүнінің өзіндік қасиеттері мен адам ағзасына пайдалы қырлары айқындалып, шайыры мен шуашының айырмашылығы талданып, «қой жүнінің шуашы» ұғымына нақтыланған анықтама берілді. Қорытынды – зерттеу нәтижелері қой жүніне қатысты материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамытудың әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Бұл бағытты ілгерілету үшін қолөнер, этно-дизайн, сән индустриясы, туризм, ауыл шаруашылығы мен білім беру салаларымен өзара ықпалдастықта жүзеге асырылуы тиіс.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, қой шаруашылығы, шайыр, шуаш, киіз, ланолин, сабау, төрт түлік, тулақ, кәсіп.

Кіріспе

Қой жүні – қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен қолөнер мәдениетінде маңызды орын алатын табиғи шикізат көзі. Ол тұрмыстық қажеттілікті өтеумен қатар, халықтың материалдық емес мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде ұлттық дүниетаным, тәжірибе және кәсіптік дағдылармен тығыз байланысты. Қазіргі таңда экологиялық таза шикізат көздерін іздестіру, дәстүрлі білімдер мен тәжірибелерді қайта жаңғырту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда қой жүніне қатысты білімдер мен дағдыларды ғылыми тұрғыдан зерделеу – уақыт талабына сай маңызды бағыт.

Зерттеудің басты мақсаты – қой жүнінің дәстүрлі білімдер жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктерін айқындау және оның пайдалы тұстарын ғылыми тұрғыдан талдау. Осы мақсатқа жету үшін қой жүніне қатысты кәсіби дағдыларды сипаттау, дәстүрлі қолөнер мен тұрмыстағы қолданысын анықтау, оны қолданудағы адам

ағзасына пайдалы тұстары қарастыру, қой жүнінің құрамына қатысты кейбір анықтамаларға толықтырулар ұсыну міндеттері алға қойылды. Зерттелу дәрежесі – қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен қолөнеріне байланысты ғылыми еңбектерде қой жүні жөнінде бірқатар деректер кездескенімен, оның білімдер мен дағдылар жүйесіндегі өзіндік ерекшелігі арнайы нысан ретінде жан-жақты қарастырылмаған. Шаруашылық пен этнографияға қатысты деректер ішінара талданғанымен, қой жүніне қатысты кешенді зерттеу аз. Теориялық тұрғыдан – дәстүрлі білімдер жүйесінің мазмұнын айқындауға септігін тигізсе, практикалық тұрғыдан – қолөнер мен жеңіл өнеркәсіп саласында экологиялық таза өнімдерді пайдалану ісінде қолдануға мүмкіндік береді.

Қой жүні – ауыл шаруашылығының (оның ішінде қой шаруашылығы) және қазақ мәдениетіндегі қолөнердің ең тиімді өнімі ретінде қызмет етіп, дәстүрлі рәсімдер мен ұлттық нақыштарда пайдаланылды және бұл үрдіс пен үдеріс одан әрі арта түспесе кемімесе анық. Осы тұрғыда мемлекет тарапынан оларды сақтау мен дамыту үшін қарқынды түрде жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр десек те, ауылдық өңірлерде оны өңдеп іске асырудың гөрі, керексіз қалдық ретінде тастаудың жиі кездесетіні жасырын емес. Осындай келеңсіздіктердің алдын-алу мақсатында қой жүнін тиімді өңдеу мен қайта пайдалану бағытындағы ғылыми-зерттеулерді күшейту, инновациялық технологияларды өндіріске енгізу, саланы қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіру және ауылдық өңірлерде шағын кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау ерекше маңызға ие.

Қой жүнінің тек қана тұрмысқа қажетті заттардың құрамында ғана емес, сонымен қатар ұлттың мәдениетімізде, ауыл шаруашылығы (оның ішінде қой шаруашылығы) мен халық медицинасында және тұрмыс тіршілігімізде терең байланысы бар. Демек, қой жүнінің қазақ халқы үшін маңызының бірнеше қыры бар, атап айтқанда:

– Күнделікті қолдану;

Қазақ халқында қой жүнінен түрлі қолөнер бұйымдары жасалған. Бұлардың қатарында киімдер (қой жүні шекпендер, тымақтар, байпақтар, т.б.), төсеніштер (киіз, кілем, текемет), тікелей үй тұрмысына қажетті заттар (құрақ көрпе, жастық, т.б.) бар. Қой жүні – қазақ халқының көшпелі өмір салты үшін өте маңызды болған табиғи материал, себебі ол суықта жылытып, ыстықта салқындататын қасиетке ие.

– Ауыл шаруашылығының негізі;

Қой шаруашылығы қазақ халқының экономикасының маңызды бөлігі, шаруашылықтың негізгі өнімдерінің бірі. Сонымен қатар, қой жүнінің сапасы жыл мезгілдеріне байланысты әртүрлі болғандықтан, қой шаруашылығында оның қырқып алынуы мен өңделуі дәстүрлі шаруашылықпен тығыз байланысты.

– Мәдени және рухани мәні;

Қой жүнінен жасалған заттар қазақ халқының мәдениетін, өнерін және дәстүрін көрсететін маңызды элемент. Әсіресе, қолөнершілер арасында қой жүнінен дайындалатын өрнектер мен оюлар тігілген көрпе, кілем мен кілемшелер тоқу дәстүрі кең тараған. Сонымен қатар, қойдың жүнін сабау, оны түту және жіп етіп иіруден тұратын – жүнді өңдеу процестерінің өзі маңызды бөлігі болып табылады.

– Рухани символика;

Қойдың және оның жүнінің символикалық маңызы да бар. Қазақ халқы төрт түліктің ішінде қойды елдің тыныштығын, бейбіт заманды білдіреді деп сенген. Соның бір ғана мысалы – «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» дегеннен «бейбіт заманды», «тыныш өмірді» аңғартса керек. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде қойдың маңызды болғандығы соншалықты, оны аңыз әңгімелер мен мақал-мәтелдерден, дәстүрлі рәсімдер мен ұлттық ырымдардан да кездестіруге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі талдау материалы – қой жүнінің дәстүрлі тұрмыстағы, шаруашылықтағы және қолөнердегі қолданылу ерекшеліктеріне қатысты деректер. Бұған этнографиялық еңбектер, ғылыми әдебиеттер, архивтік құжаттар, сондай-ақ ауызша тарих пен халықтық тәжірибеден алынған мәліметтер енгізілді. Әдістері – зерттеу барысында аналитикалық тәсіл қолданылды. Бұл әдіс деректерді жинақтау, салыстыру, талдау және түсіндіру арқылы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әртүрлі дереккөздердегі мәліметтер өзара салыстырылып, олардың ерекшеліктері мен ортақ қырлары айқындалды.

Зерттеу тақырыбын толық және жан-жақты қамту мақсатында Қазақстан Республикасы үкіметінің 2003 жылғы 17 қазанда Парижде бекітілген «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау» туралы қабылданған Конвенциясы (2011 жылғы 21 желтоқсанында № 514-IV Заңымен ратификацияланған) [1], Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысымен «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту» жөніндегі Тұжырымдамасы басшылыққа алынды [2]. Аталған тұжырымдаманың мақсаттарының бірі – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын қорғау, дамыту және насихаттау үшін қолайлы жағдайлар жасау және жоғалу қаупі төнген материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және қайта жаңғырту мақсатында аталған зерттеу жұмысын кеңінен талқылауға міндеттері туды.

2014 жылы ЮНЕСКО ұйымының «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне» – қой жүнінен дайындалатын «Қазақтың киіз үй жасау өнерінің» енуі оның ұлттық бренд ретінде әлем алдында мәртебесін нығайтты [3]. Ал осы киіз үй жабдығының өзі қой жүнінен дайындалатыны белгілі болғандықтан, оны зерттеп-зерделеу, бағамына жетіп бағалау қонымды болмақ.

Зерттеу барысында қазіргі уақытта белсенді қолданылатын, әдеби тілдердің сөздіктерінде толық емес, жартылай ғана көрініс тапқан ұғымдар нақтыланды, атап айтқанда, қой жүнінің «шуашына» қатысты толыққанды анықтаманы түсіну үшін алдымен атауларына қарай аражігін ашу мақсатында қой жүніндегі «шайырға» қатысты түсініктемелер қарастырылып (көбінесе «шайыр» мен «шуашты» ажырата алмай, бір мағынада қолданатын жәйттар көптеп кездеседі), толыққанды анықтамасы ұсынылды.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың халықаралық механизміне Қазақстанның қатысуы – бай мұрасы бар ел ретіндегі беделін әлемдік

қауымдастықтар алдында арттырып қана қоймай, ЮНЕСКО аясындағы жобаларға қатысу үшін қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Бұл басқа мемлекеттермен және қауымдастықтармен тәжірибе алмасуға, көршілес елдермен мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарымыздың ЮНЕСКО тізіміне енуі салт-дәстүрдің мәртебесін көтеріп, ұлт руханиятын дәріптеу болмақ. Осы салада қыруар еңбек атқарып жатқан ғалым-зерттеушілердің қой жүнінің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстарын ғылыми қауымдастықтар (жергілікті және этникалық, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалар) жоғары бағалауы қуантарлық жағдай. Жүнді өңдеудің тиімді технологияларын, сонымен қатар ұлттық дәстүрге байланысты білім мен дағдылардың сақтай отырып, өнімділігін арттыру мәселелерін қарастыру олардың басты зерттеу бағыты болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Қой жүні – ауыл шаруашылығы саласындағы ең тиімді өнімдердің бірі ғана емес, қазақ халқының мәдениетінде ерекше орыны бар. Ол дәстүрлі рәсімдер мен ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын жасауда маңызды рөл атқарды. Алайда қазіргі жағдайда оның өндірістік әлеуетін толыққанды пайдалану деңгейі төмендеп отыр. Осы келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында қой жүнін өңдеу мен қайта пайдалану үдерістерін жетілдіру, инновациялық технологияларды енгізу және ғылыми-зерттеу жобаларын қолдау қажет. Сонымен бірге жергілікті қауымдастықтардағы шағын кәсіпкерлікті ынталандыру мен институционалдық қолдау тетіктерін дамыту өзекті болып табылады.

Алдымен қой жүнінің шайыры мен шуашының толыққанды анықтамасына тоқталып, атауларына қарай аражігін ажырата білгеніміз орынды болмақ (көбінесе осы екі атауды ажырата алмай, бір мағынада қолданатын жәйттар да жоқ емес). Осы екі ұғымның аражігін нақты ажырату – қой жүнін ғылыми тұрғыдан дұрыс бағамдауға әрі оны өңдеу технологияларын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2011 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жүннің шайыры» – қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін шырыны, ал «шуаш» – қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін тұтқыр зат. Тердің құрамында әртүрлі органикалық қосылыстар және минералды заттар, калий, натрий тұздары болады. Теріден бөлінген май терге араласып шайырға айналады» дей отырып, «шуаш – көп терлегеннен малда, адамда пайда болатын жағымсыз иіс, тері ауруы» деп көрсеткен [4, 204]. Жоғарыда айтылғандай, теріден бөлінген май терге араласып, шайырға айналады дегенге, жақсы, келісейік. Алайда шуашты қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін тұтқыр зат деп түсіндіру қисынға келмейтіні анық.

Ал «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда: «Шайыр барлық төрт түлік малдың жүнінде болады. Басқа түлікке қарағанда, шайыр қой жүнінде айтарлықтай көп кездеседі. Қой жүнінің құрамындағы шайыр өткір иісті болып, қолға май секілді жұғып қалады. Қырқылған жүннің құрамындағы кір-қоқыс шайырға жабысып, кірігіп, жабағыланып тұрады деп көрсетілген [5, 644 - 645]. Мұндағы шайырдың

сипатында «шайыр өткір иісті болып» деген сөз тіркесі бар. Демек, «шайыр» дегеніміз бөлек ұғым да, оның өткір иісі бөлек ұғым. Нақтылай айтсақ, шайырдың өткір иісінің атауы – «шуаш».

Ендеше қойға қатысты «шуаш» ұғымын қалай түсінуіміз қажет?

Біздің ойымызша, «Қой жүнінің шуашы дегеніміз – қой жүнінің шайырынан шығатын май мен тердің табиғи (спецификалық) иісі (бұл иіске дымқыл қорадағы зәр мен қидың және басқа да иістердің араласуы мүмкін; жуылғаннан кейін қой жүніндегі сырттан сіңген бөтен иістер кетіп, өзінің табиғи иісі –шуаш иісі ғана сақталып қалады).

Жалпы, «шуаш» – қазақы атау және қазақ тілінде бірнеше мағынаға ие.

Қой жүнінің шуашы атауынан бөлек, қолданыста адам аяғында болатын тері ауруының бір түрі бар (мысалы, адам аяғындағы саңырауқұлақ инфекциясы немесе тері ауруының салдарынан иістенуі және тазалықты сақтамаған жағдайда пайда болатын жағымсыз иіс).

Кейбір дерек көздерінде қой жүнінің шуашын да тері ауруының салдары ретінде көрсететін жәйттер кездеседі. Бірақ бұл – мүлдем қате ой. Өйткені қойдың шуашы оның терісіндегі аурудың түрі болса, нақты түрде «трихофития», «микроспория» сияқты ветеринарлық атаулармен аталуға тиіс еді, алайда ветеринария ғылымында шуаштың шығуына себеп болатын ауру түрлері айтылмайды.

Қой жүнінің шуашынан жәндіктер, әсіресе кене, қоңыз, қарақұрт сияқты зиянкестердің үркетіні жөніндегі түсінік халықтық тәжірибеге негізделген. Бұл туралы нақты ғылыми зерттеулер аз болғанымен, халық арасында кең тараған наным-сенімдер мен тәжірибелік байқауларға ден қойсақ, қой жүнінің табиғи иісі, яғни шуашы көп жәндікке жағымсыз тиетінін түсінеміз. Сондай-ақ, халқымыздың қой жүнінен киіз басып, оны төсенішке, үйдің ішкі жабдықтарына пайдалануы тек жылу сақтау үшін ғана емес, зиянкестерден сақтану үшін де қажет болғанын аңғарамыз. Ел ішінде айтылатын: «Қой жүні жайылған жерге қарақұрт жоламайды», «Қойдың иісі жыланнан да сақтайды» деген наным-сенімдердің де өмірлік негізі бар екеніне шүбәлану орынсыз болмақ.

Қой жүнінің шайыры жүн талшықтарының физикалық қасиеттерін сақтауда айрықша рөл атқарады. Ол талшықты сыртқы ортаның әсерінен қорғап, жүнге ылғалдың, кірдің және әртүрлі өсімдік қалдықтарының сіңуіне кедергі жасайды. Шайыр талшық бетіне жұқа қабат түрінде жабысып, жекелеген жүн талшықтарын өзара біріктіріп, шүйкелендіреді және жабыстырады. Осылайша шайыр жүнді әртүрлі ластайтын қоспалардан, судан, механикалық әсерлерден сақтап, оның сапасының қалыпты жағдайда сақталуына тікелей ықпал етеді. Шайырдың негізгі қызметін оның құрамындағы май атқаратыны ғылыми тұрғыда белгілі.

Қазіргі уақытта эстон сүті мен сүт өнімдерінің негізгі экспорттық нарығы ЕО елдері. Алайда өнімнің едәуір бөлігі сатылмаған күйінде қалып отыр. Экспорттың жаңа нарықтарын, ең алдымен Қытайды іздеу жүріп жатыр. Ірі ет өңдеу компаниясы HKScan Estonia AS посткеңестік дағдарыс жағдайында аман қалып, тіпті Балтық өңірінің ішінде іске асыру аясын кеңейте алды.

Эстония ірі балық өңдеуші және экспорттаушы болып табылады. Балық өнеркәсібі шикізаттың бірнеше тобын пайдаланады. Балтық теңізінде килька (70%) мен салака (29%) ұсталады. Осы екі түрге балық өңдеу көлемінің негізгі бөлігі 72%

тиесілі. Балықтың қалған бөлігі - Атлант мұхитынан ауланған ас шаяндары, теңіз алабұқыры, камбала мен солтүстік макрурусы, сондай-ақ өзендерде ауланатын балық түрлері. Соңғы жылдары балықты су көздерінде арнайы өсіріп пайдаланыла бастады (аква мәдениет - қызғылт форель, тұқы, албырт және т.б.). Балықты қайта өңдеудің негізгі бағыттары - мұздатылған; тұздалған, кептірілген, терең мұздатылған және пісірілген балық өндірісі; консервілер өндірісі. Балық өңдеу тамақ өнеркәсібі өнімдері құнының оннан бір бөлігін құрайды, бірақ сала өнімдерінің экспортындағы балық үлесі 24% -ға жетеді (2017).

XXI ғасырдың басында **құрылыс** өндірісі қарқынды дамыды. Кунда қаласындағы жетекші цемент зауыты жаңғыртылды, көптеген жаңа кәсіпорындар құрылды. Үйдің шатырын жасайтын (черепица) өндірісі қарқынды дамып, жолға қойылды. Құрылысқа қажетті құрылыс химиясы (силикон, герметик, акрилдер және т.б.) өндірістерін құруға әкелді, бірақ көбінесе жергілікті тұтыну үшін [4].

Эстония экономикасындағы **жеңіл өнеркәсіптің** рөлі үнемі азаюда, бұл жетекші секторларда болған өзгерістерге байланысты. Ірі тоқыма кәсіпорны Кренгольм мануфактурасы (Kreenholm) 1990 жылдардың ортасында шведтер сатып алған, 2000 жылдардың басында банкрот болып, жұмысын тоқтатты.

Тігін саласында кәсіпорындардың көпшілігі 1990 жылдары арзан жұмыс күші есебінен өнімнің өзіндік құнының төмендігіне байланысты шетелдік кәсіпорындармен және фирмалармен мердігерлік шарттар бойынша жұмыс істеді. Қазіргі уақытта кейбір табысты кәсіпорындар өз өнімдерін өндіреді және басқа елдерде қосалқы мердігерлікті пайдаланады. Эстон сауда маркалары шетелде танымал (мысалы, Baltika, Silvano или Ilves). Бірақ тұтастай алғанда өндіріс көлемі қысқаруда, себебі шетелдік компанияларда жұмыс істеген немесе әлі де жұмыс істеп жатқан ұсақ кәсіпорындар Қытай, Үндістан, Пәкістан және басқа елдердің арзан өндірушілерімен бәсекелесе алмайды.

Көлік. Өзінің тиімді географиялық орналасуының арқасында Эстония солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс бағыттарындағы транзит аумағына, сондай-ақ көлік-логистика орталықтарын құру орнына айналды.

Көлік жүйесі теңіз, темір жол, автомобиль көлігі жақсы жолға қойылған. Ел шаруашылығында теңіз көлігі басты рөл атқарады. Эстонияда жыл бойы теңіз қатынасы бар, ол инфрақұрылымы дамыған қазіргі заманғы терең су порттарымен қамтамасыз етілген. Таллин теңіз порты - Балтық теңізіндегі ірі порттардың бірі мемлекеттік корпорация болып табылады, ол бес порттан тұрады: Ескі қала порты немесе Таллин жолаушы порты қаланың орталығында орналасқан - Балтық теңізінің неғұрлым көп жолаушылар порттарының бірі.

Мууга - Эстонияның ең ірі жүк порты, Таллиннен солтүстік-шығысқа қарай 13 км жерде орналасқан. 1986 жылы салынған, Эстонияның ең ірі және терең сулы жүк порты - әмбебап, Дания бұғазынан өтетін барлық кемелерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Таллин портының жүк айналымы бәсекелес ресейлік «Усть-Луга» портының терминалдарын іске қосуға байланысты 2017 жылға қарай 9,9 млн тоннаға дейін қысқарды.

Эстонияның басқа порттары - Кунда (ағаш, цемент), Пярну (ағаш, шымтезек). Силламяэ порты Нарва шығанағының оңтүстік жағалауында орналасқан. Порт – ЕО-тың шығысдағы ең терең су порты. Жүк айналымының бестен бір бөлігі - ішкі жүктер: тақтатас майы, ағаштан тұрады. Силламяэ айлағында 2017 жылы шымтезек, астық өнімдері шамамен 8 млн тоннаны құрады [6].

Эстонияда сауда арқылы жүктерді ауыстырып тиеудің жиынтық көлемі Балтықтағы жетекші паром операторы- Tallink Grupp компаниясы бас кеңсесі болып табылады. Компания - Talink және Silja Line брендтерімен 6 желіге қызмет көрсететін 14 жолаушылар және жүк кемесіне қызмет көрсетеді. Жылдық жолаушылар ағыны - шамамен 10 млн адам.

Эстонияның **темір жол** желісін қалыптастыру 1870 жылдан бастау алады, темір жол Палдиски - Ревель - Нарва - Гатчина учаскелерін қамтыды. XIX ғасырдың аяғында Псков-Рига темір жолымен қосылған Тапа - Дерпт темір жол желісі ашылды. 1931 жылы Тарту - Печора және Эстония кең жолды темір жолының құрылысы аяқталды, ол КСРО-ның орталық өңірлерімен және Украинамен тікелей байланыстырды.

Темір жолдар өнеркәсіптік қалалар мен барлық дерлік аудан орталықтарын өзара байланыстырады. Ұзындығы 1200 шақырымға тең, оның 131 шақырымы ғана электрлендірілген (13,7%). Бүкіл темір жол желісінің жартысына дерлік ұзындығын елдің оңтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған тар табанды жолдар құрайды. Хийумаа және Сааремаа аралдарында темір жол жоқ. Эстония темір жолы мемлекеттің меншігі болып табылады Посткеңестік кезеңнің басында тасымалданатын жүктердің 90% -ға жуығы транзиттік болды және Ресей Федерациясына тиесілі болды. Қазіргі уақытта транзит көлемі күрт қысқаруда [5].

Ауыл шаруашылығындағы реформалар 1989 жылдың аяғында басталды, жеке тұлғаларға ауыл шаруашылығы қызметін жүргізу үшін елу гектарға дейін жер алуға рұқсат беретін фермерлік шаруашылық туралы заң қабылданды. Жер мұраға қалдырылуы тиіс, бірақ сатып алынбауы немесе сатылмауы тиіс. 1993 жылға қарай Эстонияның егістік жерлерінің төрттен бірі фермерлік шаруашылықтардың меншігінде болды. Экономика мен меншік реформаларының нәтижесінде 1990 жж. Эстонияда колхоздар мен совхоздар жойылды, хуторлар мен кооперативтер (шаруашылық жүргізудің шағын нысандары) пайда болды. Шағын шаруашылықтардың тиімсіздігі жылжымайтын мүлікке салынатын жоғары салықпен (мемлекетке жылжымайтын мүлік құнының 0,5% -ы және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына - 0,3-тен 0,7% -ға дейін), отынға, тыңайтқыштарға, ауыл шаруашылығы техникасына жұмсалатын жоғары шығындармен, өнімді өткізудің қиындықтарымен байланысты.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығында еңбекшілердің 3% -дан азы жұмыс істейді, ауыл шаруашылығы өнімі ЖІӨ-нің 1,4% -дан сәл ғана астамын құрайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымында мал шаруашылығының үлесіне 47%, өсімдік шаруашылығының үлесіне - 41% тиесілі. Ауыл шаруашылығы қызметтері 12% құраған (2018). Ет-сүт бағытындағы мал шаруашылығы және

шошқа шаруашылығы ауыл шаруашылығының маманданған саласы болып табылады. Егін шаруашылығы Эстония аумағының 25% -ы алады.

Картоп, көкөніс, дәнді дақылдар (арпа, қара бидай, бидай), жем-шөп дақылдары өсіріледі.

Органикалық (экологиялық) ауыл шаруашылығы дамыды, оған 2018 жылы республиканың барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің 21% -ы тиесілі болды (Еуропалық одақта Австриядан кейін екінші орын) [3].

Туризм Эстония экономикасының құрылымында маңызды рөл атқарады, оған елдің ЖІӨ құнының 8% -ы тиесілі. Эстония туризмнің, демалыстың, емдеудің көптеген түрлерін дамыту үшін әртүрлі мүмкіндіктермен ерекшеленеді.

Жұмсақ климат, әртүрлі ландшафттар, өзендер мен көлдердің көптігі, дегенмен салқын теңіз жағалауы. Еліміз әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристерді қызықтыратын сәулет ескерткіштеріне, мұражайларға және басқа да көрікті жерлерге бай.

Туризм инфрақұрылымы жақсы ұйымдастырылған - қонақ үй шаруашылығы, түрлі тамақтану кәсіпорындарының желісі, кәдесыйлар өндірісі және т.б.

Ғылыми мақаланы жазу барысында математикалық, статистикалық, эмперикалық, салыстыру әдістерін қолдана отырып тақырып мазмұнын ашуға тырыстым.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелеріне көрсеткендей ел экономикасы өндірілетін өнімді сыртқа шығаруға (экспортқа) бағдарланған. 2016 жылы ЖІӨ-нің 85% -ға жуығы тауарлар мен қызметтер экспортына тиесілі болды. ЕО елдерінің үлесі экспорттың жалпы көлемінің 70% -ына және импорттың жалпы көлемінің 80% -ына жетеді (2018). Скандинавия елдерінің үлесі ерекше жоғары (Финляндияның және Швецияның экспорттағы мәні - тиісінше 15% және 17%) [2].

Эстон тауарларының едәуір бөлігі жақын көршілері - Латвия (8,7%) және Литва (5,6%) нарықтарына жеткізіледі. Эстонияның экспортталатын тауарларының ассортименті әртүрлі - тамақ өнімдерінен бастап электроникаға дейін. Машина жасау өнімі мен техникасы экспортқа шығаруда ең маңызды рөл атқарады, ағаш пен сүректен жасалған түрлі бұйымдар (қағазды, бөренелі үйлерді қоса алғанда) экспортталады. Металл өнімдері (жалпы экспорттың 4,5%), химиялық өнімдер (3,3%) және жеңіл өнеркәсіптің әртүрлі тауарлары (киім, аяқ киім - 2,3%).

Экспорт құрылымында соңғы жылдары тақтатас майы мен электр энергиясының үлесі өсті. Ресейдің ЕО санкцияларына жауап шаралары Эстонияның ауыл шаруашылығы және тамақ салаларына айтарлықтай зиян келтірді. Эстониядан Ресейге ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 2018 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 70% -ға қысқарды

Электр машиналары мен жабдықтары, механикалық аспаптар, сондай-ақ көлік құралдары импортталады. Негізгі жеткізушілер Германия, Финляндия және РФ. Ресей отын және кейбір шикізат ресурстары бойынша маңызды серіктес болып табылады. Ресейдің импорттағы үлесі үнемі төмендеп келеді [3].

Ішкі айырмашылықтар**.** Эстония аумағы табиғи және экономикалық жағынан әркелкі. Солтүстік-Батыс, Солтүстік-Шығыс, Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік-Батыс, Батыс аудандарын атап өтуге болады.

Қорытынды

Өткен уақыт ішінде Эстония өз экономикасының дамуында айтарлықтай биіктерге жетті. Әсіресе, елеулі өсу 2000 жылдардың басымен және елдің ЕО-ға кіруімен байланысты болды. Бұл нарықтық басымдықтары айқын көрсетілген даму кезеңі болды.

ЕО-да болған жылдары ел экономикасы екі еседен астам өсті, еуропалық дотациялар есебінен әлеуметтік инфрақұрылым жақсарды, жолдар салынды, кәсіпкерлер класы пайда болды, экологиялық жағдай жақсарды. Қалпына келтірілді немесе жаңа кәсіпорындар пайда болды. 2008-2009 жылдардағы дағдарыс Эстония шаруашылығының негізгі салаларына қатты соққы берді. Жұмыссыздық 20% -ға дейін өсті, көптеген зауыттар жабылды

Эстониядағы көрсеткіштердің айтарлықтай төмендеуі Ресейдің санкцияға қарсы әрекеттеріне байланысты болды. Мәселен, Ресейге ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 70% -ға қысқарды, Эстония арқылы тасымалдау көлемі 4 есе азайды.

Соңғы жылдары экономиканың нақты әлеуметтік бағдары, оны көтеру үшін мемлекеттік реттеуді пайдалану әрекеті байқалады. Халықтың қартаюы «зейнеткерлерге» және зейнеткерлерге арналған инфрақұрылымға едәуір инвестициялауды талап етеді.

Бірақ 2021-2027 жылдардың бюджеттік жеті жылдығында Еуроодақтың шығыс елдерінің экономикасына ақша құйылымы күрт төмендейді (40% -ға), сондықтан Эстония үшін бұл дамудың күрделі кезеңі болады деп болжам жасалынуда. ЕО басшылығы 2020 жылғы пандемияның салдарын жою үшін Одақ қорларына жарналарды (ЖІӨ-нің 2% -ға дейін) ұлғайтуды талап етеді. Еуродотацияларды болашақта қысқарту ғылым, білім және мәдениет, экологиялық проблемалар салаларына қатысты болады деп күтілуде.

Мемлекет экономикасын дамыту мақсатында, заң бойынша әзірленген ереже «Эстония-2035» стратегиясында қамтылған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бабурин В.Л., Гладкевич Г.И., Даньшин А.И., Ратанова М.П. Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья. Москва МГУ имени М.В. Ломоносова, ЛЕНАНД, 2021 г. – 437 с.

[2] Ратанова М.П., Бабурин В.Л., Гладкеевич Г.И., Горлов В.И., Даньшин А.И. Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья. Москва ООО «Дрофа» 2004. – 571 с.

[3] Сергеева А.М., Терещенко Т.А., Бердыгулова Г.Е. Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе 1-бөлім. – 2022. – 220 б.

[4] Сергеева А.М., Терещенко Т.А., Бердыгулова Г.Е. Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе 2-бөлім. – 2022. – 160 б.

[5] Под редакцией И.А. Радионовой. Экономическая, социальная и политеческая география: мир, регионы, страны. Москва 2008- 491 с.

[6] Шкирина А.И., Шувалов В.Е., Социально-экономическая география: традиции и совремменность. Москва-Смоленск 2009-345 с.

REFERENCES

[1] Baburin V.L., G.I Gladkevich, A.I. Danshin, M.P. Ratanova. (2021). Ekonomicheskaya i sotsialnaya geografiya stran blizhnego zarubezhya [Economic and social geography of neighboring countries]. // LENAND, 437 [in Russian]

[2] Ratanova M.P., Baburin V.L., Gladkeevich G.I., Gorlov V.I., Danshin A.I., (2004). Ekonomicheskaya i social'naya geografiya stran blizhnego zarubezh'ya [Economic and social geography of neighboring countries]. // Moscow LLC "Drofa", 571 [in Russian]

[3] Sergeeva A.M., Tereshchenko T.A., Berdygulova G.E. (2022) Әleumettik, ekonomikalyқ zhәne sayasi geografiyaға kirispe [Introduction to social, economic and political geography]1-bөlim. // 220. [in Kazakh].

[4] Sergeeva A.M., Tereshchenko T.A., Berdygulova G.E. (2022) Әleumettik, ekonomikalyқ zhәne sayasi geografiyaға kirispe [Introduction to social, economic and political geography] 2-bөlim. // 160. [in Kazakh].

[5] Edited by I.A. Radionova. (2008) Ekonomicheskaya, social'naya i politecheskaya geografiya: mir, regiony, strany [Economic, social and political geography: world, regions, countries]. // Moscow, 491 [in Russian]

[6] Shkirina A.I., Shuvalov V.E. 2009. Social'no-ekonomicheskaya geografiya: tradicii i sovremmennost' [Socio-economic geography: traditions and modernity]. // Moscow-Smolensk, 345 [in Russian]

Ходжанова Б.Х., Жармаганбетова Н.С

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЭСТОНСКОГО ГОСУДАРСТВА В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. В данной статье описывается социально-экономическое развитие Эстонского государства после распада Советского Союза, то есть на современном этапе. В ходе статьи рассматривается физико-географическое положение страны, а также представлены сведения о природно-территориальных комплексах (рельеф, климат, распределение водных систем, почвы, растительный и животный мир), так как они являются основными факторами экономического развития страны.

Рассматривается размещение населения, его этнические особенности — язык и менталитет, мировоззрение, сознание, характер, обычаи, традиции, образ жизни и т.д. Также освещаются закономерности размещения сельского и городского населения.

Кроме того, представлены сведения о формировании полезных ископаемых в соответствии с природными особенностями, размещении промышленных предприятий, их продукции и её значении для экономики страны. Раскрыта важность импорта и экспорта в развитии экономики.

В силу своей природной специфики уникальное расположение промышленных предприятий, в Эстонии действует завод Silmet, который является одним из крупнейших производителей редкоземельных и редкоземельных металлов в Европе. Это был металлургический завод по переработке диктионемного сланца с целью получения оксида урана в 1946 году. В 1997 году предприятие было приватизировано и с 2011 года является собственностью американского концерна Molycorp Silmet. В настоящее время SILMET занимает лидирующие позиции в мире по производству тантала и ниобия, а по производству неодима - второе место в мире после Китая.

Ключевые слова: Эстонская Республика; физико-географическое положение; сельское хозяйство; размещение населения; промышленные предприятия; транспортный комплекс.

Hodzhanova Baldai, Zharmaganbetova Nursulu

SOCIAL AND ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE ESTONIAN STATE DURING THE YEARS OF INDEPENDENCE

Annotation. This article describes the socio-economic development of the Estonian state following the collapse of the Soviet Union, focusing on the current stage. The article examines the country's physical and geographical location and provides information about its natural-territorial complexes (relief, climate, distribution of water systems, soil, flora, and fauna), as these are key factors in the nation's economic development.

The article also explores the distribution of the population and its ethnic characteristics—language, mentality, worldview, consciousness, character, customs, traditions, and way of life. Patterns of rural and urban population settlement are also discussed.

In addition, the article presents data on the formation of mineral resources in accordance with natural features, the location of industrial enterprises, the importance of their production to the national economy, and the role of imports and exports in economic growth.

Special attention is given to the development of the transport system and the factors influencing its growth.

Due to its natural specificity and unique location of industrial enterprises, Estonia is home to the Silmet plant, which is one of the largest producers of rare earth elements and rare earth metals in Europe. It was originally a metallurgical plant established in 1946 for processing dictyonema shale to extract uranium oxide. In 1997, the enterprise was privatized, and since 2011 it has been owned by the American corporation Molycorp Silmet.Currently, SILMET holds leading positions worldwide in the production of tantalum and niobium, and ranks second globally after China in the production of neodymium.

Keywords: Republic of Estonia; physical and geographical location; agriculture; population distribution; industrial enterprises; transport system.

ӘОЖ 372.891
ҒТАХР 14.25.09
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).186

Кубесова Г.Т., Қалменов А.А.

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан**

E-mail: kubesova.gulnar@gmail.com, Kalmienov01@mail.ru

ХАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫН ОҚЫТУДА ӨЛКЕТАНУ ПРИНЦИПІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада халық географиясын оқытуда өлкетану принципін жүйелі қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі талданады. Теориялық негіздеме өлкетанудың мазмұндық, құзыреттік және педагогикалық-технологиялық қырларын айқындап, оны оқушының өмірлік тәжірибесімен ұштастырудың мүмкіндіктерін көрсетеді. Эмпирикалық зерттеу Ақтөбе қ. №29 орта мектебінің 11-сыныбында жүргізілді. Сауалнама мен сабақ барысын бақылау нәтижелері өлкетанулық мазмұнның оқушылардың пәнге қызығушылығын, пікір айту белсенділігін және карта-диаграммамен жұмыс дағдыларын айқын арттырғанын көрсетті.Сонымен қатар әдістемелік ресурстардың жеткіліксіздігі, оқу құжаттарында өлкетануға қатысты нақты материалдың тапшылығы анықталды. Мақалада жергілікті дереккөздер қорын қалыптастыру, ГАЖ сияқты цифрлық картографияны жүйелі қолдану, бағалау индикаторларын нақтылау және мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: өлкетану; халық географиясы; құзыреттілік; мектеп географиясы; мотивация; ГАЖ; цифрлық картография.

Кіріспе

Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларға тек тәлім беріп қана қоймай, оларды туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру және болашақта елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді үлес қосатын азамат ретінде қалыптастыру. Осы міндеттерді жүзеге асыруда өлкетану принципін қолдану маңызды орын алады. Өлкетану – туған өлкенің табиғи, әлеуметтік-экономикалық, тарихи ерекшеліктерін зерттеп, оқу мазмұнын жергілікті өмірмен байланыстыратын тәсіл.

Қазіргі география пәні тек табиғи компоненттермен шектелмей, оқушылардың кеңістіктік, жүйелік және функционалдық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл ретте өлкетану оқушылардың қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын арттырып, өз өлкесін тереңірек танып-білуіне жол ашады. Әсіресе, жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерде өлкетанулық білім – оқушының өмірлік тәжірибесімен ұштасып, нақты мысалдар арқылы

күрделі ұғымдарды жеңіл қабылдауға ықпал етеді. Педагогикалық-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, оқу материалы оқушының күнделікті өмірімен, қоршаған ортамен байланысты болған жағдайда, оның есте сақталуы мен қабылдануы айтарлықтай артады. Мұндай жағдайда оқушыда пәнге деген жағымды көзқарас, ішкі мотивация мен оқу белсенділігі қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, өлкетану принципі – мотивациялық, тәрбиелік және әдістемелік тұрғыдан тиімді тәсіл болып табылатындығын көре аламыз.

Дегенмен, қазіргі мектеп тәжірибесінде география сабақтарында өлкетану мазмұнына жеткілікті көңіл бөлінбей байқалады. Мұғалімдердің әдістемелік даярлығы, қажетті ресурстардың жетіспеуі, оқулық мазмұнының шектеулігі бұл бағыттың толық жүзеге аспауына себеп болып отыр. Білім беру бағдарламаларында өлкетануға нақты сағат пен мазмұндық шектеулердің болмауы да мәселенің өзектілігін арттыра түседі.

Зерттеу мақсаты – география сабағында өлкетану принципін қолданудың тиімді жолдарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу сұрағы қойылды: «Өлкетану принципін қолдану оқушылардың география пәніне деген қызығушылығына және белсенділігіне қалай әсер етеді?»

Мақала құрылымында алдымен өлкетану принципінің теориялық негіздері мен білім беру жүйесіндегі орны қарастырылып, кейін Ақтөбе қаласы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері талданады. Соңында зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, нақты әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Әдебиетке шолу

Зерттеу аясын айқындау үшін алдымен өлкетану туралы қазіргі ғылыми пікірлерге тоқталсақ, халықаралық зерттеулер бұл пайымдарды кеңейтеді. Д. Ламберт (D. Lambert) және Д.Морган (J.Morgan) («Teaching Geography 11–18: A Conceptual Approach», 2010) туған жерге қатысты деректермен жұмыс білімді өмірмен байланыстырып, сыни ойлау мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыратынын дәлелдейді; өлкетану «локализацияланған білім арқылы жаһандық түсінікке жетудің іргетасы» ретінде көрсетіледі [1]. Ресейлік ғалымдар да өлкетану бағытында бірқатар зерттеулер жүргізді. Мысалы, А.С.Обухов өзінің («Концепция современного географического краеведения», 2021) атты еңбегінде қазіргі географиялық өлкетанудың тұжырымдамасын талқылайды. Бұл зерттеу өлкетанудың табиғат, халық, шаруашылық, тарих және мәдениет аспектілерін кешенді түрде зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ол өлкетанудың білім беру процесіндегі қолдану әдістерін қарастырып, оны орта мектеп бағдарламаларына енгізудің маңыздылығын атап өтеді. Оның зерттеуі географиялық өлкетану арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға ерекше назар аударады [2]. Г.П. Пирожков («Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки специалиста», 2011) атты диссертациясында өлкетану білімінің мәдениеттанулық дайындықтағы рөлін зерттейді. Ол өлкетанудың әлеуметтік институт және кешенді ғылым ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді. Оның жұмысы өлкетану арқылы оқушылардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруға бағытталған тәсілдерді қарастырады. Сондай-ақ, ол аймақтық зерттеулерді білім беру жүйесіне интеграциялау жолдарын

ұсынады [3]. В.А.Максаковский («Географическая культура», 1998) өлкетануды пәннің ажырамас бөлігі ретінде негіздеп, «өз аймағын білмейінше, әлемді түсіну мүмкін емес» қағидатын ұсынады; ол ұлттық-мәдени мазмұн мен жаһандық көзқарасты байланыстыратын дидактикалық арнаны айқындайды [4].

Отандық ғалымдарға тоқталсақ, Д.Д.Байдалиев («Өлкетану негіздері», 2013) өлкетануды ұлттық сананы бекітіп, туған жерге сүйіспеншілікті қалыптастыратын мазмұндық өзек ретінде сипаттайды; бұл тұжырым өлкетанудың тек қосалқы иллюстрация емес, оқу процесінің мәндік компоненті екенін айқындайды [5]. М.М.Жанпейісова («Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде», 2006) жергілікті материалды модульдік-құрылымдық логикамен жүйелі енгізу оқушының дербес ойлауын, рефлексиясын, жұптық-топтық өзара әрекетін жандандыратынын дәлелдейді; оның жұмыстарында өлкетану интерактивті әдістермен (дебат, кейс, жоба) табиғи үйлесім табатыны көрсетіледі [6].

Қорыта келгенде, әдебиеттер өлкетанудың үш өлшемін нақтылайды:

1 - мазмұндық – жергілікті табиғи-әлеуметтік нысандар мен деректер арқылы теорияны нақтылау;

2 - құзыреттік – кеңістіктік ойлау, дерекпен жұмыс, зерттеу-жоба, коммуникация және азаматтық жауапкершілік;

3 - педагогикалық-технологиялық – модульдік құрылым, интерактивті әдістер, далалық-практикалық жұмыстар, цифрлық картография мен статистика.

Зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны мен орны

Зерттеу Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің 11-сыныбында жүргізілді.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу аралас әдістерге негізделді: сандық деректерді жинау үшін сауалнама, ал сапалық деректерді алу үшін бақылау әдісі қолданылды. Сауалнама оқушылардың көзқарасы мен тәжірибесін жүйелі түрде өлшеуге, алынған мәліметтерді салыстырып, жалпылауға мүмкіндік берді. Бақылау сабақты өткізудің табиғи жағдайында оқушылардың әрекетін, өлкетанулық тапсырмаларды орындау барысын және сыныпішілік өзара әрекетті тереңірек түсінуге жағдай жасады. Екі әдісті ұштастыру деректерді өзара тексеруге (триангуляция) мүмкіндік беріп, нәтижелердің валидтілігі мен объективтілігін арттырды. Осылайша, аралас әдіснамалық модель зерттеу мәселесін сан қырынан қарастырып, сандық көрсеткіштер мен сапалық байқаулардың тұтастығын қамтамасыз етті.

Зерттеу кезеңдері

1. *Дайындық кезеңі:* зерттеу жоспары құрылды, сауалнама құрастырылды, бақылау парағы жасалды.

2. *Дерек жинау кезеңі:* сауалнама жүргізілді және сабақта бақылау жүзеге асырылды.

3. *Өңдеу және талдау:* алынған жауаптар кестеге түсіріліп, статистикалық және сапалық талдаулар жасалды.

4. *Қорытынды жасау:* нәтижелер салыстырылып, өлкетану принципінің тиімділігі жөнінде қорытындылар жасалды.

1. Сауалнама әдісі

Сауалнама сипаттамасы:

- Өткізілген күні: 11.02.2025.
- Қатысушылар саны: 24 оқушы.
- Форматы: жабық сұрақтар («иә» / «жоқ»).
- Сұрақтар саны: 10.

Сұрақтар мазмұны келесі бағыттарды қамтыды:

- сабақ барысында туған өлке туралы ақпараттың берілу жиілігі;
- жергілікті мәліметтерге деген қызығушылық;
- өңірлік карталар мен визуалды материалдармен жұмыс;
- зерттеу, жоба, тесттегі пайдалану;
- үйде ізденіс жүргізу әдеті.

2. Бақылау әдісі

Бақылау сипаттамасы:

- Өткізілген күні: 12.02.2025
- Шара тақырыбы: *«Қазақстан халқы және оның орналасу ерекшеліктері»*
- Бақылауға алынған оқушылар саны: 10
- Бақылау парағы негізінде келесі параметрлер бағаланды (1-кесте):

1 - кесте - Бақылау параметрлері

№	Бақылау көрсеткіші
1	Сабаққа қызығушылық танытуы
2	Пікір айту және сұрақ қою белсенділігі
3	Карта, диаграмма сияқты визуалды құралдармен жұмыс істеуі
4	Тапсырмаларды орындау белсенділігі
5	Өз ойын нақты деректермен дәлелдеп айтуы

Бақылау нәтижелері сапалық сипаттамалар негізінде сипатталды. Әр оқушының әрекеті талданып, бақылау парағындағы көрсеткіштерге сәйкес бағаланды. Жағдайларға байланысты белсенділік деңгейлері салыстырылды және сабақ мазмұнының өмірмен байланысы қалай әсер еткені қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері

11.02.2025 ж. Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің 11-сыныбында өлкетану принципін қолдану мәселесі бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу әдісі ретінде жабық сұрақтардан тұратын сауалнама қолданылды. Сауалнамаға барлығы 24 оқушы қатысты. Мақсат – география сабағында туған өлке туралы мәліметтердің қолданылу жиілігін, оқушылардың қызығушылығын және өлкетанулық компонентке деген көзқарасын анықтау.

Сауалнамада 10 сұрақ қойылып, оқушылар тек «иә» немесе «жоқ» жауаптарын таңдады (2-кесте).

2 - кесте - Төменде сұрақтарға жауап берген оқушылар саны мен пайыздық көрсеткіштері берілген:

№	Сұрақ	Иә (оқушы саны)	Жоқ (оқушы саны)	Иә (%) Жоқ (%)
1	География сабағында туған өлке мәліметі жиі кездеседі ме?	15	9	
2	Өңірге қатысты мәліметтер қызығушылық тудыра ма?	18	6	
3	Туған өлке деректерін зерттеу қызықты ма?	17	7	
4	Жобалық жұмыс жасадыңыз ба?	16	8	

5	Өлке туралы мәліметтерді көбейту керек деп санайсыз ба?	20	4	
6	Өзіңнің өңіріңнің географиялық ерекшеліктерін атай аласыз ба?	13	11	
7	Өлкетану сабақты қызықты етеді деп ойлайсыз ба?	21	3	
8	Сабақта нақты өңірлік карта қолданылғаны н қалайсыз ба?	19	5	

9	Өлкетану мәліметтері тестте көмектеседі ме?	17	7	
10	Үйде туған өлке туралы ақпаратты іздейсіз бе?	12	12	

Сауалнама нәтижелері география сабағында өлкетану принципін жүзеге асыру оқушылардың пәнге деген қызығушылығына, білім сапасына және зерттеушілік қабілетінің дамуына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік берді. Сұрақтар "иә" және "жоқ" форматында беріліп, нәтижелер сандық және сапалық тұрғыда талданды. Алынған нәтижелерге сәйкес, 1 – сұрақ негізінде оқушылардың көпшілігі — 62%-ы сабақ барысында туған өлке туралы мәліметтерді жиі кездестіретінін айтты. Бұл олардың мұғалімдері сабақ барысында жергілікті материалдарды қолданатынын көрсетеді. Дегенмен, оқушылардың 38%-ы мұндай материалдардың сирек берілетінін немесе мүлдем қолданылмайтынын жеткізді. Бұл жағдай география сабағында өлкетану принципі жүйелі түрде қолданылмайтынын көрсетеді және жергілікті компоненттің толық енбей отырғанын айғақтайды.

2 - сұрақ бойынша оқушылардың 75%-ы сабақта өз өңіріне қатысты ақпарат ұсынылғанда пәнге деген қызығушылығы артатынын көрсетті. Мұндай мәліметтер оқушыға таныс әрі өмірлік маңызды болғандықтан, оларды эмоционалды және танымдық тұрғыдан баурап алады. Бұл көрсеткіш өлкетанудың мотивациялық әсерін дәлелдейді. Ал қалған 25% оқушы бұл мәліметтерге қызығушылық танытпайтынын айтты, бұл олардың ішкі уәжінің төмендігін немесе сабақ мазмұнының өз деңгейінде ұсынылмағанын көрсетеді. Сол сияқты, 3 - сұрақта оқушылардың 71%-ы туған өлке туралы деректерді зерттеу қызықты екенін мойындады. Бұл олардың жобалық және зерттеу жұмыстарын орындай алатынын, нақты деректермен жұмыс жасаудан ләззат алатынын білдіреді. Керісінше, 29% оқушы мұндай жұмысқа қызығушылық білдірмеген. Бұл оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауға бейімдігін немесе зерттеу дағдысының жеткіліксіз екенін көрсетеді.

4 – сұрақта зерттеуге қатысқан оқушылардың 67%-ы өз өңіріне қатысты жобалық жұмыс жасағанын хабарлады. Бұл көрсеткіш өлкетану мазмұнының мектеп тәжірибесінде қолданылатынын білдірсе, 33%-ы мұндай жұмыс істемегенін айтты. Бұл жағдай жобалық жұмыстың барлық оқушыларға бірдей ұсынылмауы немесе жүйелі ұйымдастырылмауымен байланысты болуы мүмкін. Өлкетану мазмұнына деген қажеттілік те айқын байқалды: 5 – сұраққа қарайтын болсақ, 83% оқушы география сабақтарында туған өлкеге қатысты мәліметтерді көбейту керек деп есептейді. Олар үшін теориялық білім туған жерімен байланысқан кезде ғана толық қабылданады. Бұл жерде оқушының өз ортасына деген қызығушылығы, ұлттық сана, азаматтық ұстаным қалыптасады. Тек 17% оқушы ғана қазіргі мазмұнды жеткілікті деп санаған. Сауалнама нәтижесі оқушылардың өңірлік географиялық білім деңгейі әртүрлі екенін көрсетті. 6 – сұрақта тек 54% оқушы өз өңірінің географиялық ерекшеліктерін атай алған. Бұл — баланың өз қызығушылығының әсерінен болуы мүмкін. Алайда 46% оқушы өз туған аймағы туралы нақты мағлұмат бере алмаған, бұл — өңірлік мазмұнның жеткіліксіздігі мен практикалық жұмыс түрлерінің аздығының көрінісі. 7 – сұрақта оқушылардың 88%-ы өлкетану материалдары сабақты қызықты ететінін атап өтті. Бұл көрсеткіш мұндай материалдардың мотивациялық, тәрбиелік рөлін айқын көрсетеді. Жергілікті мысалдар оқушыларды белсенді қатысуға, ой қозғауға ынталандырады. Ал 12% оқушы бұл пікірмен келіспей, мүмкін теориялық мазмұнды артық көреді немесе пәнге деген жалпы қызығушылығы төмен.

Сонымен қатар, 8 – сұраққа үңілсек, оқушылардың 79%-ы сабақта нақты өңірлік карталардың қолданылғанын қалайды. Бұл — кеңістік ойлау, визуалды елестету, карта мен объектіні салыстыру дағдыларының қажеттілігін көрсетеді. 21% оқушы бұл әдісті қолдамаған, бұл оларды картамен жұмыс істеуге дағдыландыру керектігін көрсетеді. 9 – сұрақта көріп тұрғанымыздай, өлкетану мәліметтерінің тест тапсырмаларында көмектесетінін 70% оқушы мойындаған. Бұл жергілікті мысалдар оқушыға сенімділік беретінін және білімін тәжірибеде қолдануға септігін тигізетінін білдіреді. Қалған 30% оқушы тест сұрақтары тек теориямен шектелуі тиіс деп санайды. Соңғы сұрақ бойынша, тек 50% оқушы ғана үйде туған өлке туралы ақпаратты өздігінен іздейтінін айтқан. Бұл — оларда танымдық қызығушылық, ізденімпаздық қалыптасқанын білдіреді. Алайда екінші жартысы өз бетінше ізденіске ынта танытпаған, бұл мұғалім тарапынан бағыттап отыруды, зерттеуге итермелейтін тапсырмалар ұсынуды қажет етеді.

Бақылау

Сауалнама нәтижелерін нақтылау және олардың шынайылығын толықтыру мақсатында сабақтан тыс шара ұйымдастырылды. Шара кезінде бақылау жұмысы жүргізілді. Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан халқы және оның орналасуы». Сабақта өлкетану принципі жүйелі түрде қолданылып, оқушылар туған өлкесі — Ақтөбе облысы бойынша этнодемографиялық деректермен, көші-қон карталарымен, статистикалық диаграммалармен белсенді жұмыс жасады.

Шараның негізгі мақсаты – Қазақстан халқының орналасу заңдылықтарын түсіндіру және туған өлке мысалында этникалық құрам мен көші-қон үдерістерін талдау.

Шара құрылымында келесі әдістер мен оқу материалдары пайдаланылды:

- Ақтөбе облысы бойынша өзекті этнодемографиялық мәліметтер (қазақтар, орыстар, украиндар және т.б. үлесі);
- Өңірлік карта мен көші-қон динамикасын бейнелейтін диаграммалар;
- Интерактивті тест, жұптық және топтық талдау тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар:

- Қазақстан картасынан Ақтөбе облысының халқының тығыздығын анықтады;
- Этникалық құрамды диаграмма түрінде талдады;
- Миграция себептерін шағын топтарда талқылап, өз мысалдарын келтірді;
- Өңірдегі демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын дәптерге қысқаша жазды;
- Қорытынды бөлімде туған өлкесіне қатысты 1–2 нақты дерек келтіріп, жеке пікір білдірді.

Сонымен қатар, бақылау әдісі арқылы 10 оқушының сабаққа қатысу белсенділігі тіркелді. Арнайы бақылау парағы бойынша келесі параметрлер бағаланды: қызығушылық танытуы, белсенділік деңгейі, визуалды құралдармен жұмыс жасауы, пікір білдіруі және тапсырмаларды орындауы.

Жалпы алғанда, сабақ мазмұны оқушылардың күнделікті өмірімен тығыз байланысқандықтан, танымдық қызығушылықтың жоғары болғаны байқалды. Жергілікті материалдарды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, географиялық ойлау мен зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Сабақ барысында бақылауға алынған 10 оқушының 9-ы (90%) тақырыпқа қызығушылық танытып, мұғалімнің түсіндіруіне зейін қойып тыңдады. Бұл – өлкетану материалдарының оқушы өміріне жақын әрі таныс болуымен байланысты. Өз өңіріне қатысты нақты мысалдардың қолданылуы оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып, эмоциялық және танымдық байланыс орнатты. Қызығушылықтың жоғары болуы – оқыту процесіндегі мотивациялық факторлардың белсенділігін көрсетеді, бұл жағдай педагогикалық психологиядағы танымдық белсенділіктің негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, 7 оқушы (70%) сабақ барысында сұрақ қойып немесе өз пікірін білдіруге белсенді қатысты. Бұл олардың пән мазмұнын түсініп қана қоймай, өз ойын еркін жеткізуге тырысқанын білдіреді. Мұндай әрекеттер таным процесінің белсенділігін, сын тұрғысынан ойлаудың дамығанын және өз ортасына қатысты мәселелерге қызығушылық танытатынын аңғартады. Сабақтың жергілікті мазмұнға негізделуі оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланыс орнатуына себеп болды.

Оқушылардың 8-і (80%) сабақта қолданылған карталар мен диаграммалармен жұмыс барысында өздерін көрсете білді. Олар өңірлік этнодемографиялық мәліметтерді саралап, картадан көші-қон бағыттарын анықтап, статистикалық мәліметтерді түсінуге тырысты. Бұл – географиялық ойлау мен кеңістіктік түсінікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Визуалды құралдарды пайдалану – көрнекілік арқылы оқыту әдісінің тиімділігін дәлелдейтін фактор. Бақылауға алынған оқушылардың 9-ы (90%) тапсырмаларды белсенді орындады.

Олар этнодемографиялық карта құрастыру, көші-қон себептерін анықтау, өңірлік сипаттамаларды салыстыру сынды тапсырмалар арқылы материалды терең меңгеруге ұмтылды. Мұндай белсенділік оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі мен жеке қызығушылығына тікелей байланысты.

Соңғы параметр бойынша, 6 оқушы (60%) өз көзқарасын айтып қана қоймай, оны нақты деректермен дәлелдеп көрсете алды. Олардың жауаптарында жергілікті әлеуметтік-географиялық жағдайларға сүйеніп, жеке қорытынды жасау байқалды. Бұл — оқушылардың функционалдық сауаттылығының, логикалық пайым қабілетінің және рефлексия дағдыларының қалыптасып жатқанын көрсетеді. Сабаққа толықтай белсенді қатыспаған оқушылар да кездесті. Мәселен, 1 оқушы (10%) сабаққа енжарлық танытып, мұғалімнің түсіндірмесін зейінсіз тыңдады және тапсырмаларға қатысуы шектеулі болды. Сонымен қатар, 3 оқушы (30%) пікір айтуға, сұрақ қоюға және өз ойын білдіруге аса құлық танытпады. Бұл оқушылардың сабақ барысында пассивті позиция ұстануы бірнеше себеппен түсіндіріледі.

Біріншіден, оқушыларда туған өлке туралы қажетті білім мен қызығушылықтың жеткіліксіз болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ата-ананың немесе ортаның географиялық-танымдық тәрбиеге мән бермеуі, оқушының туған өңірмен байланысының әлсіздігіне әкеледі. Екіншіден, мұндай енжарлық кейде оқу мотивациясының төмендігімен, пәнге қызықпауымен немесе жалпы оқу белсенділігінің әлсіздігімен байланысты болады. Бұл жағдайда мұғалім тарапынан оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай бағытталған қолдау қажет болуы мүмкін. Үшіншіден, оқушылардың визуалды құралдармен (карта, диаграмма) жұмыс істей алмауы да белсенділіктің төмен болуына әсер етті. Бұл оқушыларда кеңістік ойлау мен аналитикалық дағдылардың жеткілікті дамымағанын көрсетеді. Сондай-ақ, 4 оқушы (40%) тапсырмаларды орындауда кідіріс жасап, сыныптастарымен салыстырғанда баяу жұмыс істегені байқалды. Бұл оқу дағдысының даму деңгейі, топтық жұмысқа үйренбеуі немесе өзіне сенімсіздікпен байланысты болуы мүмкін.

Осы факторлардың барлығы зерттеу барысында ескерілуі керек. Мұндай оқушылармен жұмыс барысында қолдау көрсету әдістері, қосымша тапсырмалар немесе дараланған оқыту тәсілдері қолданылған жағдайда, олардың да пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі артуы мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері география сабақтарында өлкетану принципін жүйелі түрде қолданудың оқушылардың танымдық белсенділігіне, пәнге деген қызығушылығына және білім сапасына елеулі әсер ететінін көрсетті. Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің 11-сыныбында жүргізілген эмпирикалық жұмыс барысында алынған деректер өлкетану мазмұны енгізілген сабақтар оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттырып, өз ойын еркін жеткізуге, қоршаған ортаны талдай білуге үйретететінін дәлелдеді.

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың көпшілігі (75–88%) туған өлке туралы мәліметтер ұсынылған сабақтарды қызықты деп санайды және мұндай материалдардың пәнге деген ынтасын арттыратынын атап өтті. Бұл көрсеткіш

өлкетанудың оқу мотивациясын күшейтетін, оқыту үдерісін өмірмен байланыстыратын тиімді педагогикалық тәсіл екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, бақылау әдісі де оқушылардың белсенділік деңгейінің артқанын көрсетті: 90% оқушы сабаққа қызығушылық танытып, 80% визуалды құралдармен жұмыс істеп, 70% өз пікірін білдіре алды. Бұл деректер өлкетану принципінің оқыту процесін жандандырудағы және тұлғалық дамуындағы рөлін нақтылай түседі.

Өлкетану – тек қосымша мазмұн емес, оқушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымын және функционалдық сауаттылығын дамытудың негізгі кілті. Туған өлке туралы нақты мысалдар арқылы оқушы географиялық ұғымдарды терең түсініп, оларды өмірлік жағдайлармен байланыстыра алады. Мұндай тәсіл арқылы оқыту білімнің тек теориялық емес, практикалық маңызын да арттырады. Сонымен бірге, зерттеу барысында кейбір өзекті мәселелер де анықталды. Атап айтқанда, өлкетанулық материалдардың жүйелі түрде қамтылмауы, мұғалімдердің әдістемелік даярлығының жеткіліксіздігі және оқу құралдарының тапшылығы өлкетану принципін толық жүзеге асыруға кедергі келтіруде. Бұл бағытта педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру, өңірлік мазмұнды жаңарту және оқу бағдарламасын жергілікті ерекшеліктермен толықтыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, география сабақтарында өлкетану принципін қолдану – оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың, ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті дамытудың, сонымен қатар оқу мотивациясы мен функционалдық сауаттылықты жетілдірудің ең тиімді жолдарының бірі. Сондықтанда бұл бағытты жүйелі түрде жүзеге асыру еліміздің білім беру сапасын арттыруға және жас ұрпақтың өз өлкесіне, еліне деген мақтаныш сезімін нығайтуға ықпал етеді.

Алғыстар

Осы зерттеуді жүргізуге жағдай жасағаны үшін Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің география пәні мұғалімдеріне алғыс айтамын. Зерттеу сауалнамалары мен сабақтағы бақылауға жауапкершілікпен қатысқан 11-сынып оқушыларына ерекше ризашылық білдіремін. Жұмыстың тұжырымдамасы мен әдістемесін жетілдіруге ықпал еткен ғылыми жетекшіге алғыс айтамын.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ламберт Д., Морган Дж. Географияны 11–18 жастағы оқушыларға оқыту: тұжырымдамалық тәсіл. – Лондон: Open University Press, 2010. – 241 б.

[2] Обухов А. С. Концепция современного географического краеведения. – М.: НИУ ВШЭ, 2021. – (электронды ресурс).

[3] Пирожков Г. П. Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки специалиста: монография. – Тамбов; М.; СПб.; Баку; Вена; Гамбург: МИНЦ «Нобелистика», 2011. – 300 с.

[4] Максаковский В. П. Географическая культура. – М.: Дрофа, 1998

[5] Байдалиев Д. Д. Өлкетану негіздері: оқу құралы. – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2013. – 128 б..

[6] Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде: оқу құралы. – Алматы, 2006. – 154 б.

REFERENCES

[1] Lambert, D., & Morgan, J. Teaching Geography to 11–18 Year Olds: A Conceptual Approach. – London: Open University Press, 2010. – 241 p.

[2] Obuĥov A. S. Concept of Modern Geographical Regional Studies. – Moscow: HSE University, 2021. – (electronic resource).

[3] Pirozhkov G. P. Regional Studies Education as a Component of a Specialist's Cultural Studies Preparation: Monograph. – Tambov; Moscow; St. Petersburg; Baku; Vienna; Hamburg: MINTS "Nobelistics", 2011. – 300 p.

[4] Maksakovsky V. P. Geographical Culture. – Moscow: DROFA, 1998.

[5] Baydaliyev D. D. Fundamentals of Regional Studies: A Textbook. – Taraz: TIGU Printing House, 2013. – 128 p.

[6] Zhanpeisova M. M. Module Learning Technology as a Tool for Student Development: A Textbook. – Almaty, 2006. – 154 p.

Кубесова Г.Т., Калменов А.А.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ КРАЕВЕДЧЕСКОГО ПРИНЦИПА В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ НАСЕЛЕНИИ

Аннотация. В статье анализируются особенности и эффективность системного применения принципа краеведения в преподавании географии населения. Теоретическая часть определяет содержание, компетентностные и педагогико-технологические аспекты региональных исследований и демонстрирует возможности их интеграции с жизненным опытом учащихся. Эмпирическое исследование проводилось в городе Актобе. Исследование проводилось в 11-м классе средней школы № 29. Результаты опроса и наблюдения за уроками показали, что содержание краеведческих исследований значительно повысило интерес учащихся к предмету, их активное участие в дискуссиях и навыки работы с картами и диаграммами. Кроме того, в статье выявлена нехватка методических ресурсов и дефицит конкретного краеведческого материала в учебных материалах. В статье предлагаются практические рекомендации по созданию базы местных ресурсов, систематическому использованию цифровой картографии, такой как ГИС, уточнению показателей оценки и повышению квалификации учителей.

Ключевые слова: краеведческие исследования; география населения; компетентность; школьная география; мотивация; ГИС; цифровая картография.

Kubesova Gulnar, Kalmenov Arman

FEATURES OF APPLYING THE PRINCIPLE OF REGIONAL STUDIES IN TEACHING THE GEOGRAPHY OF THE PEOPLE

Annotation. The article analyzes the features and effectiveness of the systematic application of the principle of regionalization in teaching population geography. The

theoretical part defines the content, competence, and pedagogical and technological aspects of regional studies and demonstrates the possibilities of their integration with the life experience of students. The empirical study was conducted in the city of Aktobe. The study was conducted in the 11th grade of secondary school No. 29. The results of the survey and observation of lessons showed that the content of regional studies significantly increased students' interest in the subject, their active participation in discussions, and their skills in working with maps and diagrams. In addition, the article identifies a lack of methodological resources and a shortage of specific regional material in educational documents. The article offers practical recommendations for creating a database of local resources, the systematic use of digital cartography such as GIS, refining assessment indicators, and improving teacher qualifications.

Keywords: regional studies; human geography; competence; school geography; motivation; GIS; digital cartography.

УДК 37.015.3
МРНТИ 14.23.09
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).187

Бакеева Ж.М., Халелова Р.А.

**Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова,
Уральск, Казахстан**

E-mail: b.zhanelya21@mail.ru; rkhalelova94@gmail.com

МЕТОДЫ И СРЕДСТВА АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В статье рассматриваются методы и средства активизации познавательной деятельности младших школьников. Анализируются психологические и педагогические аспекты формирования учебной мотивации, интереса и самостоятельности учеников. Особое внимание уделяется роли учителя в создании условий для интеллектуальной инициативы, организации игровой, проектной и исследовательской деятельности, а также использованию наглядных и цифровых ресурсов. Выявлены ключевые направления стимулирования познавательного интереса: содержательная, организационно-деятельностная и межличностная стимуляция. Представлены аргументы о необходимости индивидуального подхода к обучению и создании учебной среды, способствующей развитию критического и творческого мышления. Сделан вывод, что систематическое применение современных методов и средств активизации способствует повышению познавательной активности, мотивации и качества обучения младших школьников.

Ключевые слова: познавательная деятельность, мотивация, познавательный интерес, игровые технологии, проектная и исследовательская деятельность, педагогические методы.

Введение

Как известно, успешное усвоение любого учебного материала, прежде всего, зависит от желания [1]. Для того, чтобы ученики по-настоящему заинтересовались учебным процессом и его содержанием, важно создать такие условия, при которых они смогут проявить свою интеллектуальную самостоятельность и инициативу. Чем более активными и вовлекающими будут методы обучения, тем проще будет захватить внимание и заинтересовать школьников. Ведь ключ к устойчивому интересу к знаниям — это не просто информация, а возможность решения задач, которые требуют поиска, размышлений и усилий. Вопросы и задания, которые стимулируют поисковую деятельность, становятся теми самыми «крючками», на которых можно поймать внимание учащихся и сделать обучение по-настоящему увлекательным [2].

Мотивация — это не просто один из компонентов учебной деятельности, а её главный «двигатель», определяющий успех и эффективность всего образовательного процесса. Часто мотивация учеников в процессе обучения может зачастую остается вне внимания, а на передний план выходит поддержание дисциплины обучения, которая заставляет детей поступать так, как хочет того учитель в определённых рамках, заданных тем же учителем. Вместо того чтобы вдохновлять, учитель в первую очередь фокусируется на том, чтобы ученики следовали правилам, что, увы, зачастую приводит к обратному эффекту — мотивация исчезает. В голове у детей младшего школьного возраста не появляется желания учить, развиваться или творить, а только одно: как бы избежать наказания, плохой оценки или лишнего внимания. Вся его энергия направлена не на поиск знаний, а на то, как вырваться из-под контроля взрослых, оставить за собой хотя бы немного свободы [3]. Такое отношение превращает учебу в борьбу, а не в путь к познанию.

В подростковом возрасте мотивация приобретает особое значение: это период, когда усиливается стремление к познанию, к решению более сложных задач, которые выходят за пределы стандартной школьной программы. Подростки начинают осознавать важность знаний не только для учебы, но и для будущей профессиональной деятельности, а также для личностного роста. В этом возрасте уже не так значимы мнения родителей и друзей, которые раньше могли оказывать влияние. Теперь главную роль играют внутренние мотивы и стремление к самостоятельному открытию нового, решению задач и саморазвитию [4].

Интерес к учёбе возникает не сам по себе, а как результат столкновения с трудностью, которую они не могут разрешить с помощью имеющихся у них знаний. Когда учащиеся сталкиваются с задачей, которую не могут решить с помощью имеющихся у них знаний, они начинают понимать: чтобы преодолеть трудность, им нужны новые знания или новые подходы к старым. Именно эти моменты, когда перед учеником ставится задача, которую необходимо решить, делают учёбу по-настоящему захватывающей. Ведь настоящий интерес возникает там, где есть напряжение, где нужно думать и искать. Легкий материал, не требующий умственного напряжения, не вызывает интереса. Когда задача сложная, но посильная, — это как вызов, который мотивирует школьников двигаться дальше. Важный момент: сложность должна быть преодолимой, иначе интерес быстро угаснет, но если препятствие кажется преодолимым, то путь к знаниям становится увлекательным и вдохновляющим, превращая каждый шаг в победу над собой для детей [5].

Несмотря на большое количество научных публикаций, посвящённых «познавательной деятельности», её содержание раскрывается разными исследователями неоднозначно. Это связано в первую очередь с разным наполнением структуры познавательной деятельности и смешиванием терминов «учение», «учебная деятельность», «познавательная деятельность» и «познавательная активность». Также многие авторы, оперируя этим понятием, не дают ему чёткого определения [4].

Начнем наше исследование с ключевого понятия – "деятельность".

Отечественный психолог А.Н. Леонтьев дает следующее определение: деятельность – «процесс, посредством которого осуществляется связь с предметом той или иной потребности. Деятельность всегда побуждается определенными мотивами» [4]. Важно понимать, что любая деятельность не возникает спонтанно, а всегда имеет под собой определенную мотивацию, то есть побудительную причину.

Сонымен қатар, мұғалімдер тарапынан да белгілі бір қиындықтар байқалды. Дайын үлгілер мен әдістемелік нұсқаулықтардың болмауы визуализацияланған тапсырмаларды өз бетінше құрастыру процесін күрделендірді. Кейбір педагогтар сапалы инфографика жасау үшін уақыт пен дағдылардың жетіспейтінін атап өтті, бұл визуализацияның әлеуетті тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Жүргізілген зерттеу мектептің жаратылыстану пәндері аясында экологиялық мәселелерді оқытуда визуализацияланған кванталған тапсырмаларды қолданудың өзектілігі мен тиімділігін негіздеуге мүмкіндік берді. Қазіргі білім беру кеңістігінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен сыни ойлауды дамытуға бағытталған жағдайда, мұндай тапсырмалар оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуда.

Визуалды тапсырмаларды практикалық тұрғыда енгізуді талдау көрсеткендей, инфографика, сызбалар және графиктерді дұрыс біріктірген жағдайда оқушылар деректерді интерпретациялау, қорытынды жасау және адамның табиғатқа әсерінің салдарын түсіну бойынша жоғары нәтижелер көрсетеді. Сапалық және сандық талдау мектеп оқушыларының визуалды форматтарды, әсіресе экологиялық мазмұнмен жұмыс істегенде, оң қабылдайтынын растады.

Сонымен бірге, визуалды ақпараттың шамадан тыс жүктелуі, оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейіндегі айырмашылықтар және мұғалімдердің әдістемелік дайындығының жетіспеушілігі сияқты белгілі бір шектеулер анықталды. Тапсырмаларды әзірлеу стандарттары деңгейінде де, мұғалімдерді визуалды оқу құралдарымен жұмыс жасауға даярлау аясында да Бұл факторлар жүйелі қолдауды қажет етеді.

Қорытынды

Осылайша, визуализацияланған кванталған тапсырмалар экологиялық білім берудің тиімді құралы болып табылады, ол тек пәндік мазмұнды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар универсалды оқу әрекеттерін дамытуға да ықпал етеді. Оларды әрі қарай дамыту және енгізу пәнаралық тәсілді талап етеді, оған педагогтар, әдіскерлер және білім беру контентін жобалаушылар қатысуы қажет.

Зерттеу нәтижелері химия-экологиялық білім беру барысында визуализацияланған кванталған тапсырмаларды қолданудың жоғары тиімділігін көрсетті. Когнитивтік визуализация мен кванталған мәтіннің өзара үйлесімі білім алушылардың күрделі ғылыми ұғымдарды қабылдауын жеңілдетіп, ақпаратты тереңірек түсіну мен мағыналы меңгеруге ықпал етті. Эксперименттік деректер визуалды құралдар енгізілген жағдайда оқушылардың үлгерімі, мотивациясы және деректерді дұрыс интерпретациялау деңгейі едәуір артқанын дәлелдеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында визуалды элементтердің шамадан тыс көптігі, оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейіндегі айырмашылықтар және мұғалімдердің әдістемелік даярлығы сияқты белгілі бір шектеулер анықталды. Бұл факторлар оқу үдерісіне визуализацияланған тапсырмаларды тиімді енгізу үшін жүйелі қолдау мен әдістемелік қамтамасыз етуді қажет етеді.

Визуализацияланған кванталған тапсырмалар экологиялық және жаратылыстану пәндерін оқытудың инновациялық әдістемелік құралы ретінде өзектілігі мен нәтижелілігін дәлелдеп отыр. Олар тек пәндік білімді меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлауын, пәнаралық байланыстарды орнату қабілетін және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағытты одан әрі дамыту білім беру кеңістігінде тиімді оқыту стратегияларын жетілдіруге және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бондаревская Е.В. Информационная перегрузка в образовании: вызовы и решения [Мәтін] // Педагогика. – 2021. – №4. – С. 15–22.

[2] Шахмахамедов Р.Х. Проблемы восприятия научных текстов в условиях цифровой среды [Мәтін] // Образование и наука. – 2020. – №7. – С. 55–64.

[3] Mayer R.E. Multimedia Learning. – 2nd ed. – Cambridge University Press, 2009.

[4] Рахимов Р.Т. Квантование учебной информации: теория и практика [Мәтін] // Вестник педагогических наук. – 2019. – №6. – С. 34–41.

[5] Ахметова С.К. Методика разработки квантованно-текстовых заданий в цифровой образовательной среде [Мәтін] // Современное образование. – 2022. – №3. – С. 48–54.

[6] Yeskendirova A.A., Shayakhmetova A.A., Nurmukhanbetova N.N., Nogoyev Yu.Ya. Scientific and methodological aspects of creating quantized educational texts and their integration into chemistry disciplines teaching [Мәтін] // “3i: intellect, idea, innovation”. – 2024. – №1. – С. 113–123.

[7] N. Matveeva, Lea Dorel, I. Kosareva, F. Sabirova. The influence of educational information visualization trends in higher education for students in the Russian Federation [Мәтін] // Frontiers in Education. – 2023. – DOI: 10.3389/feduc.2023.1190150.

[8] Лебедева Н.В. Когнитивная визуализация как средство повышения эффективности обучения [Мәтін] // Образование и саморазвитие. – 2020. – №2. – С. 102–107.

[9] Sweller J. Cognitive Load Theory [Текст] // Psychology of Learning and Motivation. – Vol. 55. – 2011. – С. 37–76. – Режим доступа: https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8.

[10] Paivio A. Mental Representations: A Dual Coding Approach. – Oxford University Press, 1986.

[11] Mayer R.E. Multimedia Learning. – 2nd ed. – Cambridge University Press, 2009. – С. 175–188.

[12] Линник В.Г. Преподавание химии с использованием визуальных моделей [Мәтін] // Химия в школе. – 2020. – №4. – С. 15–19.

[13] Жолобова Е.Ю. Использование визуализации в экологическом образовании [Мәтін] // Современные проблемы науки и образования. – 2021. – №5.

[14] Jacobson M., Wilensky U. Complex systems in education: Scientific and educational importance and implications for the learning sciences [Мәтін] // The Journal of the Learning Sciences. – 2006. – Vol. 15(1). – P. 11–34.

[15] Mayer R.E. Multimedia Learning. – Cambridge University Press, 2009. – 304 p.

REFERENCES

[1] Bondarevskaya E.V. Informatsionnaya peregruzka v obrazovanii: vyzovy i resheniya [Tekst] // Pedagogika. – 2021. – №4. – S. 15–22. [in Russian].

[2] Shakhmakhamedov R.Kh. Problemy vospriyatiya nauchnykh tekstov v usloviyakh tsifrovoi sredy [Tekst] // Obrazovanie i nauka. – 2020. – №7. – S. 55–64. [in Russian].

[3] Mayer R.E. Multimedia Learning. – 2nd ed. – Cambridge University Press, 2009.

[4] Rakhimov R.T. Kvantovanie uchebnoi informatsii: teoriya i praktika [Tekst] // Vestnik pedagogicheskikh nauk. – 2019. – №6. – S. 34–41. [in Russian].

[5] Akhmetova S.K. Metodika razrabotki kvantovanno-tekstovykh zadanii v tsifrovoi obrazovatelnoi srede [Tekst] // Sovremennoe obrazovanie. – 2022. – №3. – S. 48–54. [in Russian].

[6] Yeskendirova A.A., Shayakhmetova A.A., Nurmukhanbetova N.N., Nogoyev Yu.Ya. Scientific and methodological aspects of creating quantized educational texts and their integration into chemistry disciplines teaching [Tekst] // “3i: intellect, idea, innovation - intellekt, ideya, innovatsiya”. – 2024. – №1. – S. 113–123.

[7] N. Matveeva, Lea Dorel, I. Kosareva, F. Sabirova. The influence of educational information visualization trends in higher education for students in the Russian Federation [Elektronnyi resurs] // Frontiers in Education. – 2023. – DOI: 10.3389/feduc.2023.1190150.

[8] Lebedeva N.V. Kognitivnaya vizualizatsiya kak sredstvo povysheniya effektivnosti obucheniya [Tekst] // Obrazovanie i samorazvitie. – 2020. – №2. – S. 102–107. [in Russian]

[9] Sweller J. Cognitive Load Theory [Tekst] // Psychology of Learning and Motivation. – Vol. 55. – 2011. – S. 37–76. – Rezhim dostupa: https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8.

[10] Paivio A. Mental Representations: A Dual Coding Approach. – Oxford University Press, 1986.

[11] Mayer R.E. Multimedia Learning. – 2nd ed. – Cambridge University Press, 2009. – S. 175–188.

[12] Linnik V.G. Prepodavanie khimii s ispolzovaniem vizualnykh modelei [Tekst] // Khimiya v shkole. – 2020. – №4. – S. 15–19. [in Russian].

[13] Zholobova E.Yu. Ispolzovanie vizualizatsii v ekologicheskom obrazovanii [Tekst] // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2021. – №5. [in Russian].

[14] Jacobson M., Wilensky U. Complex systems in education: Scientific and educational importance and implications for the learning sciences [Tekst] // The Journal of the Learning Sciences. – 2006. – Vol. 15(1). – P. 11–34.

[15] Mayer R.E. Multimedia Learning. – Cambridge University Press, 2009. – 304 p.

Ескендирова А.А., Нурмуханбетова Н.Н., Касенова Н.Б., Ногоев Ю.Я.

КОГНИТИВНАЯ ВИЗУАЛИЗАЦИЯ В КВАНТОВАННЫХ ТЕКСТАХ: ИНФОГРАФИКА, ДИАГРАММЫ И СХЕМЫ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ

Аннотация. В условиях увеличения роста информационной насыщенности учебных дисциплин особую актуальность и значимость приобретает использование когнитивной визуализации как инструмента повышения результативности образовательного процесса. В данной статье рассмотрены научно-мелодические подходы внедрения визуальных элементов (инфографика, диаграммы, схемы) в структуру квантовано-текстовых заданий по химико-экологическим дисциплинам. Обоснована актуальность применения визуальных средств для повышения доступности и осмысленного восприятия сложных и абстрактных понятий, таких как биогеохимические циклы, процессы загрязнения окружающей среды, биоаккумуляция вредных веществ и другие. Описаны основные виды визуальных элементов, интегрируемых в квантованные смысловые блоки учебных текстов, а также предложена методика их применения при разработке учебных заданий. Приведены конкретные примеры визуализированных заданий с опорой на когнитивные принципы обучения и с учётом уровня подготовки. Акцент исследования сделан на возможности визуализации как эффективного средства формирования экологической грамотности, развития критического мышления и аналитических умений обучающихся. В заключительной части статьи представлены прикладные рекомендации для преподавателей по внедрению элементов когнитивной визуализации в учебный процесс.

Ключевые слова: когнитивная визуализация, квантованный текст, экологическая грамотность, химия, экология, квантованно-текстовые задания, инфографика, краткий текст, визуальные задания

Yeskendirova Aziza, Nurmukhanbetova Nurgul, Kassenova Nazira, Nogoyev Yussup

COGNITIVE VISUALIZATION IN QUANTIZED TEXTS: THE ROLE OF INFOGRAPHICS, DIAGRAMS, AND SCHEMES IN ENVIRONMENTAL EDUCATION

Annotation. In the context of the increasing information intensity of academic disciplines, the use of cognitive visualization as a tool for enhancing the effectiveness of the educational process has become particularly relevant and significant. This article examines scientific and methodological approaches to the integration of visual elements (infographics, diagrams, schemes) into the structure of quantized-text assignments in chemical and ecological disciplines. The relevance of applying visual means to improve the accessibility and meaningful perception of complex and abstract concepts-such as biogeochemical cycles, environmental pollution processes, bioaccumulation of harmful substances, and others-is substantiated. The main types of visual elements integrated into the quantized semantic blocks of educational texts are described, and a methodology for their application in the development of learning tasks is proposed. Specific examples of visualized assignments are provided, grounded in cognitive principles of learning and tailored to the learners' level of preparation. The focus of the study is on the potential of visualization as an effective means of fostering environmental literacy, as well as developing students' critical thinking and analytical skills. The concluding part of the article offers practical recommendations for teachers on the integration of cognitive visualization elements into the educational process.

Keywords: cognitive visualization, quantized text, environmental literacy, chemistry, ecology, quantized-text assignments, infographic, short text, visual tasks.

ӘОЖ 574.24
ҒТАХР 87.01.11
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).196

Қабдрахимов Ә.А.

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

E-mail: chingiz-han01@mail.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ УЛЫ ЖӘНЕ АДАМ ҮШІН ҚАУІПТІ ӨРМЕКШІЛЕРДІҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстан облысы аумағында таралған улы өрмекшілердің үш түрі – *Eresus kollari* F.W. Rossi, 1846 (Eresidae), *Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) (Lycosidae) және *Latrodectus tredecimguttatus* (P. Rossi, 1790) (Theridiidae) түрлерінің морфологиялық ерекшеліктері, экологиялық жағдайлары мен адамға тигізетін ықтимал қауіптілігі қарастырылған. *E. kollari* түрі – сирек кездесетін, негізінен ін ішінде тіршілік ететін, адамға агрессивтілігі төмен өрмекші. Оның шағуы жеңіл жергілікті реакциялармен сипатталады және адам өміріне айтарлықтай қауіп төндірмейді. *A. singoriensis* – өңірдің ең ірі өкілі, тарантулдар қатарына жатады. Бұл түр де адамға сирек қауіп төндіреді, уы ауырсыну мен ісік тудырғанымен, әдетте уланудың ауыр белгілерін бермейді. Ең қауіпті түр – *L. tredecimguttatus* (қарақұрт), оның уы нейротоксикалық әсер етіп, ауыр улануға және кей жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін. Соңғы жылдары бұл түрдің Батыс Қазақстан облысында санының артуы мен ареалының кеңеюі, сонымен қатар елді мекендерге енуі байқалуда.

Кілт сөздер: *Eresus kollari*; *Allohogna singoriensis; Latrodectus tredecimguttatus;* улы өрмекшілер; Батыс Қазақстан облысы.

Кіріспе

Өрмекшілер (Araneae) – табиғи экожүйелердің құрылымында маңызды орын алатын, буынаяқтылар типіне жататын жыртқыштар тобы. Олар трофикалық тізбектердің негізгі буындарының бірі болып, ауыл шаруашылығы мен табиғи ландшафтардағы фитофаг жәндіктердің санын реттеуде айрықша экологиялық рөл атқарады. Дегенмен, өрмекшілердің бірқатар түрлері улы болып келеді және олардың уы адам ағзасына әсер етіп, әртүрлі дәрежедегі патологиялық реакциялар тудыруы мүмкін. Сол себепті улы өрмекшілердің биологиясын, экологиясын және таралу ерекшеліктерін зерттеу тек зоологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар медициналық және эпидемиологиялық маңызға да ие.

Қазақстан аумағы табиғи-климаттық жағдайының әртүрлілігімен ерекшеленіп, өрмекшілердің көптеген тұқымдастары мен түрлерінің тіршілік етуіне қолайлы орта түзеді. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы — дала, шөлейт

және шөл аймақтарының қиылысында орналасқан, фаунасы бай әрі экожүйесі әркелкі аймақтардың бірі. Мұнда өрмекшілердің жүздеген түрлері бар, олардың арасында адам үшін қауіпті улы түрлер де кездеседі. Бұл өңірдің табиғи жағдайлары – жаздың ұзақтығы, топырақтың құрғақтығы, ашық ландшафттардың басымдығы – улы өрмекшілердің тіршілігіне қолайлы экологиялық орта қалыптастырады.

Соңғы жылдары Батыс Қазақстан өңірінде кейбір улы өрмекшілердің ареалының кеңеюі және олардың елді мекендерге жақындауы байқалып отыр. Бұл құбылыс климаттың жылынуы, антропогендік қысымның артуы, ауыл шаруашылығы жерлерінің ұлғаюы және ландшафтардың трансформациялануымен тығыз байланысты. Атап айтқанда, бұрын тек шөл және шөлейт аймақтарда тіршілік еткен *Latrodectus tredecimguttatus* (қарақұрт) түрінің соңғы жылдары далалық және тіпті елді мекен маңындағы учаскелерде жиірек кездесу фактілері тіркелген. Мұндай жағдай улы өрмекшілердің санының артуы олардың адаммен тікелей байланысқа түсу ықтималдығының артқанын көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Негізгі материал ретінде далалық экспедициялар кезінде жиналған өрмекші үлгілері, олардың фотобейнелері әдебиеттер мен әлемдік өрмекшілер каталогынан алынды. Үлгілер арнайы энтомологиялық құралдармен – пинцет, пробирка және жинау банкалары арқылы іріктеліп алынды. Өрмекшілердің мекен ету ортасы (індер, топырақ қуыстары, тастар астындағы орындар, өсімдік түбірлері маңы) анықталып, олардың тіршілік жағдайы сипатталды. Өрмекшілерді жинау визуалды бақылау, шұңқырлы тұзақтар, қолмен теру әдістері арқылы жүрді. Зерттеу жұмысы 2022–2024 жылдары Батыс Қазақстан облысының әртүрлі табиғи аймақтарында – дала, шөлейт және шөл белдеулерінде жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде өңірде таралған барлық өрмекшілер оның ішінде адам ағазасына уы елеулі әсер ететін өрмекшілер түрлері алынды.

Зерттеу нәтижелері

Өрмекшілердің басым көпшілігі адамдарға зиянсыз, алайда, кейбіреулердің шағуы улануға және ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Батыс қазақстан облысында адамдарға қауіпті өрмекшілердің 3 түрі анықталды, олардың шағуы белгілі бір дәрежеде адамның денсаулығына және тіпті өміріне қауіп төндіреді.

Eresidae тұқымдасының өкілі *Eresus kollari* F.W. Rossi, 1846 - қара қалыңбас түрі (1, 2 сурет.). Өте үлкен өрмекші, жыныстық жағынан жетілген аналығының мөлшері 25-30 мм, аталығы – 8-10 мм жетуі мүмкін. Аналығы қара түсті, сұр жабыны бар, ондай сұр түс болып көрінуі бүкіл денені жабатын көптеген кішкентай ақ түктердің әсері. Аталығы әдетте өте ашық түсті: баскөкірек қара, құрсағының дорсальды бөлігі ашық қызыл, төрт немесе одан да аз, алты қара нүктемен. Аналықтары бүкіл өмірін, ал аталықтары өмірінің көп бөлігін індерде өткізеді, жәндіктерден бос қалған індерде, әртүрлі ін тәрізді жарықтарда, топыраққа 5-тен 35 см-ге дейін батырылған түтікше тәрізді өрмек орналастырып немесе тастардың астындағы кеңістікті пайдаланады [1].

Батыс қазақстан облысын ол тың дала, шөлейт жерлерде мекен етеді, сондықтан түр жергілікті жерлерде кең таралған. Жыныстық жетілуге жеткен

аталықтары өз індерін тастап, күндізгі уақытта аналықтарды іздеуде белсенді қозғалады. Елді мекендерге, әсіресе тұрғын үйлерге көп жағдайда кірмейді. Жыныстық жетілген аталығы мен аналығы жаздың аяғында – күздің басында кездеседі.

1 – сурет - *Eresus kollari* F.W. Rossi, 1846, аталығы [2].

2 – сурет - *Eresus kollari* F.W. Rossi, 1846, аналығы [2, 588-бет].

Негізгі қауіпті *E. kollari* аналықтары тудырады, шаққан жерде патологиялық реакциялар тудыруы мүмкін, олар шағу кезінде сыздап ауырсынуымен, шаққан аймақтың ісінуімен, ауырсыну сезімдерінің таралуымен және дененің шаққан

жеріне іргелес аймақтыңда ісінуімен сипатталады. Ісіну мен ауырсыну бір күнге созылуы мүмкін [3]. Алайда, аналықтардың жасырын өмір сүруі, адамға деген агрессивтіліктің төменділігі (тіпті адамдар қолмен ұстаған кезде де әдетте шақпайды) ал іс жүзінде адамның *E. kollari* өрмекшісінің шағу мүмкіндігін жоққа шығаруға болады, осыған байланысты, осы түрдің санын, таралуын анықтау қиындық тудырады және тек ғылыми зерттеу бағытында ғана болмаса, адамға қауіп төндіру деңгейін бақылауды қажет етпейді.

Экологиялық тұрғыдан *E. kollari* жер асты кеңістігін белсенді пайдаланады: оның індері микроклиматтық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, температура мен ылғалдылықтың күрт ауытқуларынан қорғайды. Бұл түр негізінен жәндіктермен қоректенеді, әсіресе қоңыздар мен жер үсті жүгіргіш жәндіктерді аулайды.

Lycosidae тұқымдасына жататын *(Lycosa) Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) – оңтүстік-орыс бүйесі (3, 4 сурет). Бұл – Батыс Қазақстан облысы фаунасындағы ең ірі өрмекші. Жетілген аналықтарының дене ұзындығы 40 мм-ге дейін жетеді. Аталықтары сәл кіші әрі дене бітімі жеңілдеу. Денесінің үстіңгі жағы сұр-қоңыр түсті, ал құрсағы мен баскөкірек бөлігінің астыңғы жағы барқыт тәрізді қара түсті. Тарантулдың экологиялық бейімделуінің басты ерекшелігі ін қазып тіршілік ететін өрмекшілерге жатады және өмірінің басым бөлігін өзі қазған, тереңдігі 30 см-ге дейін жететін індерінде өткізеді. Бұл түр өңірде кең таралған, сирек әрі аласа өсімдіктер өскен, орташа ылғалданған жерлерді ұнатады. Әсіресе шабындықтарда және ауылшаруашылық алқаптарында — бақтар мен плантацияларда жиі кездеседі. Жаздың екінші жартысында, әдетте шілде айының соңында, аталықтары жыныстық жетілуге жетеді, аналықтары — сәл кейінірек. Тамыздың ортасынан бастап аталықтар аналықтарды белсенді іздей бастайды; осы кезде олар көшпелі тіршілікке көшіп, едәуір қашықтыққа орын ауыстырады және кейде тұрғын үйлерге де кіріп кетеді. Суық түскен соң аталықтар өледі, ал аналықтар қысқа ұйқыға кетеді. Көктемде, наурыз айының соңында аналықтар оянып, сәуірдің ортасынан бастап жұмыртқа салуға кіріседі. Маусым айының соңына дейін кейбір аналықтар үш рет жұмыртқа салып, шыққан өрмекшілерді таратып үлгереді. Ұрпағын таратуды аяқтағаннан кейін аналықтар өледі. Сондықтан тарантулдың жетілген дараларын інінен тыс жаздың екінші жартысында (негізінен аталықтарын), ал ұрпағын тарататын аналықтарын — мамыр айының ортасынан маусымның соңы – шілденің басына дейінгі қысқа кезеңде кездестіруге болады.

3 - сурет - *(Lycosa) Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) [4].

4 - сурет - *(Lycosa) Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) [4].

Ірі дене бітімі, қуатты хелицералары және енгізілетін у мөлшерінің көптігі тарантулды адаммен жанасқан жағдайда қауіпті етеді. Тістеген кезде алдымен механикалық жарақаттың салдарынан қатты ауырсыну сезіледі; кейін ауырсыну тістеген аймаққа жақын жерлерге тарауы мүмкін, ісік пайда болады. Әдетте бірнеше сағаттан кейін ауырсыну басылып, ісік қайтады, улану белгілері байқалмайды. Алайда кей жағдайларда тарантулдың уы ағзаның жалпы улану белгілерін — дене қызуының көтерілуін, бас ауруын және әлсіздікті тудыруы мүмкін [5].

Адамды тарантулдың тістеуі өте сирек кездеседі. Оның ірі болуы, адамға қатысты агрессивті еместігі (қауіп төнгенде тарантул ескерту қалпын қабылдап, қашуға тырысады), сондай-ақ адамдардың өрмекшілерден табиғи түрде қорқуы және олардың қауіптілігі туралы білімі тарантулмен тікелей жанасу ықтималдығын барынша азайтады. Алайда соңғы кезде олардың әдеттегі мекен ортасы шөлейтті, жартылай шөлейтті аймақтан далалық аймақта тіпті қалалық жерде кездесуі байқалады. Мысалы, 2025 жылы маусымда Орал қаласы, 51°10'27.0"N 51°18'36.5"E 1♂, 1♀ өрмекші үлгілері алынды.

Сондықтан оңтүстік-орыс тарантулы адам үшін айтарлықтай қауіп төндірмейді және қауіпті түр ретінде қарастырылмауы тиіс. Керісінше, ол Батыс Қазақстан облысының фаунасының бірегей өкілі ретінде қорғауға алынуы керек, әсіресе соңғы жылдары оның саны мен таралу аймағының көршілес Ресей облыстарында азайып келе жатқаны тіркелді, ал біздің өңірде жыл сайынғы бақылауларда азайғаны байқалды.

Theridiidae тұқымдасынан *Latrodectus tredecimguttatus* (P. Rossi, 1790) – каракурт (5, 6 -сурет). Жетілген аналық қарақұрттың дене ұзындығы 20 мм-ге дейін, аталықтікі – 8 мм-ге дейін жетеді. Жетілмеген даралары қара түсті, құрсақ бөлігінің үстіңгі жағында ақ жиекті 13 қызыл дақ болады. Жыныстық диморфизм айқын байқалады: ересек аналықтар – қара түсті, ал аталықтар жетілмеген даралардағы түсті сақтап қалады. Аналықтары - қауіп тудыратын болып келеді.

5 – сурет – Қарақұрттың аналығы [6].

Жетілген аналықтар маусым айының ортасынан бастап пайда болады, ал шілденің соңынан бастап жұмыртқа салу үдерісі басталып, қыркүйектің соңы – қазан айының басына дейін жалғасады. Қыс мезгілінде өрмекшілер екінші жастағы кезеңінде пілләда қыстайды. Көктемде, ауа температурасы тұрақты түрде оң көрсеткішке жеткен кезде (сәуірдің соңы – мамырдың басы), өрмекшілер пілләдан шығып, біраз уақыттан кейін (ауа ағынымен) ұшып тарай бастайды. Олардың ұшу

қашықтығы желдің жылдамдығына байланысты болады. Қарақұрттың уы адамның ағзасына жалпы нейротоксикалық әсер етіп, ауыр зардаптарға, кей жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін. Уланған кезде келесі белгілер байқалады: бүкіл денеге тарайтын өткір ауырсыну, аяқ-қолдың жансыздануы, шөлдеу және тыныс алудың қиындауы, тоңу, әлсіздік. Кейіннен тамыр соғысының жиілеуі, тұншығу, несептің тоқтауы, жұтынудың қиындауы, аяқ-қолдың тартылуы және жүрек қызметінің бұзылуы байқалады. Улану белгілері 10 күнге дейін сақталып, одан кейінгі 10–15 күн бойы науқастар әлсіз болып, толық еңбекке жарамсыз күйде қалады.

6 – сурет – Қарақұрттың жыныстық жетілмеген аналығы [6, 92-бет].

Табиғи жағдайда қарақұрт кеміргіштердің індерінде, топырақтағы жарықтар мен қуыстарда, жусан тамырларының түбінде және тастардың арасында тіршілік етеді. Өңірде ол дала, шөлейт және шөл аймақтарында кең таралған [2, 594-бет].

Экологиялық тұрғыдан қарақұрт температура мен ылғалдың өзгерісіне жақсы бейімделген. Ол көбінесе жаздың ортасында – ауа температурасы 25–35°C болған кезде белсенді болады. Жергілікті шағын жерлерді (жусан түбі, жарықтар, қуыстар) паналап, өрмек торларын жерге жақын орналастырады.

Қазіргі уақытта қарақұрттың тек сандық өсімі ғана емес, сонымен қатар ареалының кеңеюі де байқалуда. Мысалы, *L. Tredecimguttatus* аналығы 2023 жылы тамызда Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының Подстепное ауылында анықталған [7]. Бұрын бұл өрмекшілердің далалық аймақтарда кездесуі сирек еді, қазір далалық аймақтарда, тіпті тұрғын үйлер аулаларында кездесу оқиғалары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануда. Соңғы зерттеулер солтүстікке қарай Ресейдің бізге іргелес аудандарында еркін таралған.

Осылайша, қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында қарақұрттың тек таралуы ғана емес, сонымен қатар оның ірі елді мекендерге енуі, санының артуы

айқын байқалады. Бұл жағдай осы қауіпті өрмекші түрінің санын және таралуын бақылау қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды

Батыс Қазақстан облысы аумағында адам ағзасына елеулі әсер ететін улы өрмекшілердің үш негізгі түрі – *Eresus kollari* F.W. Rossi, 1846, *Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) және *Latrodectus tredecimguttatus* (P. Rossi, 1790) – кеңінен таралғанын көрсетті. Бұл түрлер морфологиялық, экологиялық және этологиялық тұрғыдан елеулі айырмашылықтарға ие болғанымен, барлығы өңірдің далалық және шөлейт экожүйелерінің тұрақты компоненттері болып табылады.

Eresus kollari – негізінен жер астында тіршілік ететін, сирек кездесетін, адамға қауіптілігі төмен өрмекші. Оның жасырын өмір сүруі мен агрессивтілігінің жоқтығы адаммен тікелей байланыс ықтималдығын азайтады. *Allohogna singoriensis* – экологиялық бейімделуі жоғары, ірі денелі жыртқыш. Ол табиғи және ауылшаруашылық ландшафттарда кездесіп, биологиялық бақылау агенті ретінде экожүйелік тепе-теңдікті сақтауға үлес қосады. Ең қауіпті түр – *Latrodectus tredecimguttatus*, ол соңғы жылдары облыстың солтүстік және орталық бөліктерінде жиірек анықталып, елді мекендер маңына дейін таралуда. Бұл құбылыс қарақұрттың ареалының кеңеюі мен синантропизация процесінің айқын дәлелі болып табылады. Жалпы алғанда, улы өрмекшілердің өңірдегі саны мен таралу ерекшеліктері климаттық факторлармен, топырақ типімен және антропогендік жүктememен тығыз байланысты. Аталған түрлердің көпшілігі адамға қауіп төндірмейді, тек қорғану кезінде шағуы мүмкін. Сондықтан олардың экологиялық рөлін ескере отырып, бұл өрмекшілерді жоймай, керісінше табиғи тепе-теңдіктің маңызды бөлігі ретінде қорғауға алу қажет. Батыс Қазақстан облысында улы өрмекшілердің экологиялық жағдайын бақылаудың, халықты ақпараттандырудың және олардың биологиясы мен таралу динамикасын әрі қарай ғылыми тұрғыдан зерттеудің өзектілігін дәлелдейді.

Алғыстар

«Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды / қаржыландырады (BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау»).

ӘДЕБИЕТ

[1] Эргашев Н.Э. Өзбекстанның уытты өрмекшілерінің экологиясы. – Ташкент: Фан баспасы, 1990. – 189 б.

[2] Пономарёв, А.В. Өрмекшілер (Arachnida: Aranei) – Ресей жазығының оңтүстік-шығысындағы: каталог және фаунаның ерекшеліктері [Электрондық ресурс] / А.В. Пономарёв. – Ростов-на-Дону: ЮНЦ РҒА баспасы, 2022. – 640 б. – 1 CD-ROM. ISBN 978-5-4358-0226-9.

[3] Nentwig W., Blick T., Bosmans R., Gloor D., Hänggi A., Kropf C. Spiders of Europe. Version 10.2021. URL: https://www.araneae.nmbe.ch (accessed: 26.10.2021).

[4] https://araneae.nmbe.ch/gallery/photos/1301 Gábor Kovács.

[5] Мариковский П.И. Тарантул мен қарақұрт. – Фрунзе: Қырғыз КСР ҒА баспасы, 1956. – 281 б.

[6] Логунов Д.В., Казенас В.Л., Пауки (тип Членистоногие, класс Паукообразные). Серия «Животные Казахстана в фотографиях». - Алматы, 2015. - 114 с.

[7] Есюнин С.Л., Кабдрахимов А.А. Батыс Қазақстан облысының дала аймағының өрмекшілер фаунасы (Arachnida: Aranei) туралы жаңа деректер // Дала тану мәселелері. – 2024. – № 2. – 67–78-бб. – DOI: 10.24412/2712-8628-2024-2-67-78.

REFERENCES

[1] Ergashev N.E. *Özbekstannyń uýtty örmekshileriniń ekologıasy.* – Tashkent: Fan baspasy, 1990. – 189 b. [Ergashev N.E. *Ecology of venomous spiders of Uzbekistan.* – Tashkent: Fan Publishing, 1990. – 189 p.]

[2] Ponomaryov A.V. *Örmekshiler (Arachnida: Aranei) – Resey jazyǵynyń onýstik-shyǵysyndaǵy: katalog jäne faunanyń erekshelikteri [Elektrondyq resýrs].* / A.V. Ponomaryov. – Rostov-na-Donu: YUNC RǴA baspasy, 2022. – 640 b. – 1 CD-ROM. ISBN 978-5-4358-0226-9. [Ponomaryov A.V. *Spiders (Arachnida: Aranei) of the southeastern Russian Plain: catalogue and faunistic features [Electronic resource].* – Rostov-on-Don: SSC RAS Publishing, 2022. – 640 p. – 1 CD-ROM. ISBN 978-5-4358-0226-9.]

[3] Nentwig W., Blick T., Bosmans R., Gloor D., Hänggi A., Kropf C. *Spiders of Europe.* Version 10.2021. URL: https://www.araneae.nmbe.ch (accessed: 26.10.2021).

[4] https://araneae.nmbe.ch/gallery/photos/1301 Gábor Kovács. [Gábor Kovács, photo source: https://araneae.nmbe.ch/gallery/photos/1301]

[5] Marıkovskiy P.I. *Tarantul men qaraqúrt.* – Frunze: Qyrǵyz KSR ǴA baspasy, 1956. – 281 b. [Marikovsky P.I. *Tarantula and black widow.* – Frunze: Academy of Sciences of the Kirghiz SSR Publishing, 1956. – 281 p.]

[6] Logunov D.V., Kazenas V.L. *Paýki (tip Chlenistonogıe, klass Paýkoobraznye).* Seriıa «Jivotnye Kazakhstana v fotografıiah». – Almaty, 2015. – 114 s. [Logunov D.V., Kazenas V.L. *Spiders (phylum Arthropoda, class Arachnida). Series "Animals of Kazakhstan in Photographs".* – Almaty, 2015. – 114 p.]

[7] Esýnin S.L., Kabdrakhimov A.A. *Batys Qazaqstan oblysynyń dala aımaǵynyń örmekshiler faýnasy (Arachnida: Aranei) týraly jańa derekter // Dala tany məseleleri.* – 2024. – № 2. – 67–78-bb. – DOI: 10.24412/2712-8628-2024-2-67-78. [Esyunin S.L., Kabdrakhimov A.A. *New data on the spider fauna (Arachnida: Aranei) of the steppe zone of the West Kazakhstan region // Problems of Steppe Science.* – 2024. – No. 2. – Pp. 67–78. – DOI: 10.24412/2712-8628-2024-2-67-78.]

Кабдрахимов А.А.

БИОЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЯДОВИТЫХ И ОПАСНЫХ ДЛЯ ЧЕЛОВЕКА ПАУКОВ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. В статье рассмотрены три вида ядовитых пауков, распространённых на территории Западно-Казахстанской области: *Eresus kollari*

F.W. Rossi, 1846 (Eresidae), *Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) (Lycosidae) и *Latrodectus tredecimguttatus* (P. Rossi, 1790) (Theridiidae). Описаны их морфологические особенности, экологические условия обитания и потенциальная опасность для человека. Вид *E. kollari* является редким, преимущественно обитающим в норах и малоагрессивным по отношению к человеку. Его укус вызывает лёгкие местные реакции и не представляет серьёзной угрозы для жизни человека. *A. singoriensis* — крупнейший представитель фауны региона, относится к тарантулам. Этот вид редко опасен для человека: яд вызывает боль и отёк, но, как правило, не приводит к тяжёлому отравлению. Наиболее опасным видом является *L. tredecimguttatus* (каракурт), яд которого оказывает нейротоксическое действие, вызывая тяжёлое отравление и в отдельных случаях — смерть. В последние годы отмечено увеличение численности и расширение ареала этого вида в Западно-Казахстанской области, а также проникновение в населённые пункты, что является явным признаком процесса синантропизации.

Ключевые слова: *Eresus kollari*; *Allohogna singoriensis*; *Latrodectus tredecimguttatus*; ядовитые пауки; Западно-Казахстанская область.

Alibi Kabdrakhimov

BIOECOLOGICAL CHARACTERISTICS OF VENOMOUS & HUMAN-DANGEROUS SPIDERS OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION

Annotation. The article examines three species of venomous spiders distributed in the West Kazakhstan region: *Eresus kollari* F.W. Rossi, 1846 (Eresidae), *Allohogna singoriensis* (Laxmann, 1770) (Lycosidae), and *Latrodectus tredecimguttatus* (P. Rossi, 1790) (Theridiidae). Their morphological characteristics, ecological conditions, and potential danger to humans are discussed. *E. kollari* is a rare species that primarily lives in burrows and shows low aggressiveness toward humans. Its bite causes mild local reactions and does not pose a serious threat to human life. *A. singoriensis* is the largest representative of the regional fauna, belonging to the tarantula group. This species rarely poses a danger to humans; its venom causes pain and swelling but usually does not lead to severe poisoning. The most dangerous species is *L. tredecimguttatus* (the black widow), whose venom has a neurotoxic effect, causing severe poisoning and, in some cases, death. In recent years, an increase in the number and expansion of this species' range have been observed in the West Kazakhstan region, as well as its penetration into settlements — a clear indication of synanthropization processes.

Keywords: *Eresus kollari*; *Allohogna singoriensis*; *Latrodectus tredecimguttatus*; venomous spiders; West Kazakhstan region.

ӘОЖ 502/504
ҒТАХР 87.17.03
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).197

Әбдімүтәліп Н.Ә., Құралбай Ә.З., Тойчибекова Г.Б., Турметова Г.Ж., Койшиева Г.Ж.

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

E-mail: nurlybek.abdimutalip@ayu.edu.kz, aliya.kuralbay@ayu.edu.kz, gagiza.toychibekova@ayu.edu.kz, gulmira.turmetova@ayu.edu.kz, gulnar.koishiyeva@ayu.edu.kz

ӨНДІРІС НЫСАНДАРЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ АУА САПАСЫНА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Мақалада Түркістан қаласындағы өндіріс нысандарының атмосфералық ауа сапасына тигізетін әсері жан-жақты зерттелінген. Қалада соңғы жылдары индустриялық дамудың қарқынды жүруі қоршаған ортаға, әсіресе ауа сапасына белгілі бір дәрежеде әсер еткені байқалды. Зерттеу барысында өндірістік кәсіпорындардан бөлінетін ластаушы заттар (шаң-тозаң, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, ұшпа органикалық қосылыстар және т.б.) деңгейі өлшеніп, қолданыстағы экологиялық нормалармен салыстырылды. Сонымен қатар, қала аумағындағы атмосфералық ауаның санитарлық-гигиеналық жағдайы сарапталып, тұрғындардың денсаулығына әсер ету ықтималдығы бағаланды. Мақала нәтижелері өндірістік нысандарды экологиялық тұрғыдан реттеу, ауа сапасын бақылау және табиғатты қорғау шараларын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу Түркістан қаласының орнықты дамуына ықпал ететін маңызды ғылыми-тәжірибелік еңбек болып табылады.

Кілт сөздер: Түркістан қаласы; ауа сапасы; өндіріс нысандары; ластану; мониторинг; шығарындылар; экологиялық қауіпсіздік.

Кіріспе

Қазіргі таңда қалалардың қарқынды дамуы және өндіріс орындарының көбеюі атмосфералық ауаның сапасына айтарлықтай әсер етуде. Қазақстанда жыл сайын атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемі – шамамен 2,5 млн т құрайды. Атмосфераны ластайтын заттардың 70-80%-ы өндірістік кәсіпорындарға тиесілі [1].

Қазіргі таңда индустрияландыру мен урбанизацияның қарқынды дамуы атмосфералық ауаның сапасына елеулі әсерін тигізуде. Өндірістік кәсіпорындардан бөлінетін зиянды заттар қоршаған ортаның ластануына алып келіп, адам денсаулығына, экожүйелердің тұрақтылығына және жалпы өмір сүру сапасына қауіп төндіреді [2]. Әсіресе, қалалардағы көмір және басқа да қазба отын түрлерін

пайдаланатын өндірістік нысандар атмосфераға үлкен көлемде ластаушы заттарды шығарып, ауа сапасының нашарлауына ықпал етеді. Көмірмен жұмыс істейтін жылу қазандықтары ауа сапасының нашарлауына әсер ететін негізгі көздердің бірі. 1 тонна көмір жаққанда атмосфераға 30-50 кг күкірт диоксиді (SO_2), 15-25 кг азот оксидтері (NO_2), 200-300 кг көмірқышқыл газы (CO_2), 10-30 кг күл мен күйе бөлінеді [3].

Түркістан қаласы – тарихи-мәдени маңызы бар аймақ қана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік дамуы қарқынды жүріп жатқан өңірлердің бірі. Өнеркәсіптік кәсіпорындардан бөлінетін зиянды шығарындылар халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, Түркістан қаласындағы өндіріс нысандарының атмосфералық ауа сапасына ықпалын зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Түркістан қаласы Қазақстанның мәдени және тарихи орталықтарының бірі бола отырып, соңғы жылдары урбанизация мен экономикалық дамудың әсерінен өндірістік нысандар санының артуымен ерекшеленеді. Бұл үрдіс қаладағы атмосфералық ауа сапасының өзгеруіне тікелей ықпал етеді. Орталық Азия қалаларының ластануы жаһандық деңгейде де алаңдаушылық тудырып отыр, себебі аймақтың географиялық және климаттық ерекшеліктері ауадағы ластаушы заттардың жиналуына ықпал етеді [4]. Сонымен қатар, өндіріс орындарының шоғырлануы мен экологиялық реттеудің жеткіліксіздігі ауаның ластану деңгейінің жоғарылауына себепші болуда [5].

Қаланың атмосфералық ауасының сапасына әсер ететін негізгі антропогендік факторлардың бірі — автокөлік құралдары. Қала халқы мен экономикалық белсенділігі артқан сайын, жеке және қоғамдық көліктердің саны да тұрақты түрде өсуде. Бұл жағдай ауаға шығатын ластаушы заттардың көлемінің артуына алып келеді. Автокөліктерден бөлінетін газдардың құрамында адам денсаулығына қауіпті бірнеше химиялық қосылыстар бар.

Түркістан қаласында көлік саны жылдан-жылға өсіп келеді, бірақ көліктердің экологиялық қауіпсіздігін бақылау жеткіліксіз. Әсіресе дизельмен жүретін ескі көліктердің үлесі жоғары болғандықтан, ауа сапасының нашарлауына тікелей әсер етеді. Бұл жағдай урбанизация процесі аясында тұрғындар денсаулығына елеулі қауіп төндіреді және жедел шешімді талап етеді.

Түркістан облысында автокөлік саны жыл сайын артып келеді. 2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, облыста 304 156 автокөлік тіркелген . Бұл көрсеткіш өңірдегі көлік қозғалысының қарқындылығын және соған байланысты ауа сапасына әсерін көрсетеді [6].

Автокөліктерден бөлінетін зиянды заттар, әсіресе ескі және техникалық жағдайы нашар көліктерден, ауаға көміртек тотығы (CO), азот диоксиді (NO_2), күкірт диоксиді (SO_2), қатты бөлшектер (PM2.5 және PM10) және ұшпа органикалық қосылыстар (VOC) сияқты ластаушы заттардың таралуына себеп болады. Бұл заттар адам денсаулығына зиянды әсер етіп, тыныс алу жүйесінің ауруларына, аллергиялық реакцияларға және жүрек-қан тамырлары ауруларына әкелуі мүмкін [7].

Түркістан қаласындағы көлік құралдары құрамы әртүрлі — жеңіл автокөліктер, қоғамдық көліктер (автобустар), жүк көліктері және арнайы техникалар (трактор, самосвал және т.б.). Бұл көліктердің әрқайсысы ауаға түрлі мөлшерде және сипатта ластаушы заттар шығарады. Жеңіл автокөліктердің (бензинмен немесе газбен жүретін) үлесі қалада ең жоғары. Негізінен көміртек тотығы (CO) мен ұшпа органикалық қосылыстар (VOC) бөледі. Газбен жүретін көліктер салыстырмалы түрде экологиялық тұрғыда тиімді болғанымен, техникалық ақаулар болса, метан мен азот оксидтерінің шығарындылары артады. Ескі модельдерде катализаторлар болмағандықтан, улы газдардың атмосфераға таралуы жоғары. Жүк көліктері көбінесе дизельмен жүреді. Бұл көлік түрлері азот диоксиді (NO_2) мен қатты бөлшектердің (PM2.5) негізгі көзі. Дизель отыны толық жанбай, ауаға канцерогендік бөлшектер бөледі. Ауыр салмақты көліктер қозғалғанда, жол жамылғысын тоздырып, қосымша шаң шығарады. Қоғамдық көліктер (автобустар) қала орталығында көп жүретіндіктен, жергілікті аумақтық ластанудың басты көзіне айналады. Көптеген автобустар дизельмен жұмыс істейді, сондықтан қара түтін (сажи) мен PM10/PM2.5 бөлшектерін көп бөледі. Жолаушылар көп пайдаланатын жерлерде бұл тікелей адам денсаулығына қауіп төндіреді. Арнайы техникалар (құрылыс, ауылшаруашылық машиналары) көбіне ескірген модельдер болып келеді. Оларда экологиялық нормалар сирек сақталады. Қозғалысы ауыр болғандықтан, ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп, ауаға көмірсутек қалдықтары, күкірт диоксиді және металл бөлшектерін шығарады [8].

Түркістан өңірінің ауылшаруашылық саласымен тығыз байланысты және қала ішінде орналасқан. Мұндай кәсіпорындарда шикі мақта талшығын тазалау, кептіру, престеу және сақтау процестері жүргізіледі. Бұл операциялар барысында атмосфераға елеулі мөлшерде зиянды заттар шығады. Мақта талшығы мен өзекшесін өңдеу кезінде өте майда бөлшектер ауаға таралады. Бұл шаң тыныс алу органдарына еніп, аллергиялық және өкпе ауруларына себеп болуы мүмкін. Кей зерттеулерге сәйкес, 1 тонна мақтаны өңдеу барысында 4-10 кг-ға дейін қатты шаң бөлшектері ауаға таралуы мүмкін. Кептіру және сақтау кезеңінде пайдаланылатын кейбір химиялық заттар (мысалы, пестицидтер қалдығы, ағартқыш заттар) ауамен араласып, формальдегид, ацетальдегид, метанол сынды қосылыстарға айналады [9]. Бұл заттар уытты әсерге ие және ұзақ уақыт әсер еткенде жүйке жүйесін зақымдауы мүмкін. Мақта өңдеу өндірісіне жақын маңдағы тұрғындар жиі шаң, ерекше иіс, көз ашыту, жөтел сияқты шағымдармен дәрігерге жүгінеді. Әсіресе жаз мезгілінде жел бағыты тұрғын аймақтарға қарай беттесе, әсері айқын байқалады [10].

Жиһаз шығаратын кәсіпорындарда ағаш кесу, өңдеу және бояу жұмыстары жүргізіледі (Тұран-мебель ЖШС). Бұл процестер кезінде формальдегид, толуол, ксилол секілді зиянды органикалық булар бөлінеді. Олар ұзақ әсер еткен жағдайда адамның жүйке жүйесіне және тыныс алу органдарына теріс әсер етеді [11].

Темірбетон бұйымдарын өндіру — құрылыс саласының маңызды бағыттарының бірі болып табылады (Ақ-Жол ЖШС, Нұр-Строй ЖШС). Бұл өндірісте бетон мен болат арматураның үйлесімі қолданылып, беріктігі жоғары құрылыс элементтері жасалады. Темірбетон бұйымдарына плиталар, блоктар,

бағаналар, іргетас элементтері, сақиналар, ригельдер және басқа да құрылымдық заттар жатады. «Ақжол» темірбетон бұйымдары зауыты (ЖБИ) — Түркістан қаласының өндірістік аймағында орналасқан ірі құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорын. Бұл зауыт темірбетон плиталары, блоктар, бағаналар, іргетас элементтері және басқа да бетон бұйымдарын дайындайды. Өндірістік процестерде цемент, құм, қиыршық тас сияқты инертті материалдар кеңінен қолданылып, оларды араластыру, қалыпқа құю, престеу және кептіру кезеңдерінде ауаға шаң-тозаң және зиянды заттар бөлінеді. Атап айтқанда, өндіріс орнында: PM10 және PM2.5 типіндегі қатты бөлшектер (шаң), азот диоксиді (NO), күкірт оксидтері (SO_2), көмірқышқыл газы (CO_2), және шулы механикалық дірілдер тіркеледі. Сонымен қатар, зауыттың технологиялық желілері мен дизельді техникалары да ауа сапасына әсерін тигізеді. Ауаға бөлінген цемент шаңы тыныс алу жолдарына кері әсер етіп, аллергиялық және өкпе ауруларын тудыруы мүмкін. ШРК-дан жоғары деңгейдегі PM10 көрсеткіштері осы зауыт маңында анықталған. Мұндай кәсіпорындардан шыққан бөлшектер қаланың атмосфералық жағдайын нашарлатып, жалпы урбанистік ортаға экологиялық қысым түсіреді [12].

Жылу электр орталықтары (ЖЭО), әсіресе көмірмен жұмыс істейтіндері, атмосфераға зиянды заттардың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Көмірді жағу кезінде атмосфераға күкірт диоксиді (SO_2), азот оксидтері (NO_x), көміртек диоксиді (CO_2) және PM2.5 сияқты ұсақ бөлшектер бөлінеді. 2010 жылы әлем бойынша ЖЭО-лар жалпы SO_2 шығарындыларының 54%, NO_x – 26.6%, және PM2.5 – 6.5% үлесін құраған [13]. Ұсақ бөлшектердің (PM2.5) шығарындылары. ЖЭО-лардан шыққан PM2.5 бөлшектері ауа сапасына айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, Тайваньдағы зерттеу нәтижесінде ЖЭО-дан шыққан PM2.5 концентрациясы 5.1 мкг/м³ дейін жетіп, бұл көрсеткіш жалпы PM2.5 деңгейінің 10.3% құрағаны анықталған. Денсаулыққа әсері бойынша көмірмен жұмыс істейтін ЖЭО-лардан шыққан ластаушы заттар адам денсаулығына зиян келтіреді. Мысалы, көмір жағу кезінде бөлінетін ұсақ бөлшектер мен газдар тыныс алу жолдары мен жүрек-қан тамыр жүйесіне кері әсерін тигізеді [14].

Сүт өндіру зауыттарының да экологиялық тұрғыдан қоршаған ортаға тигізетін әсері бар. Бұл процестер өндіріс кезінде, жылу мен энергия көздерін қолдану кезінде, сондай ақ қалдықтарды сақтау мен өңдеу барысында пайда болады [15]. Түркістан қаласындағы Golden camel зауыты түйе сүтін сублимациялық және мембраналық сүзгілеу әдістерімен өңдейді. Сумблимация кезінде бу мен ұсақ аэрозольдер пайда болуы мүмкін. Бұл бөлшектер желдеткіш жүйелер арқылы сыртқа таралып, жақын маңдағы ауа сапасына әсер етеді. Сонымен қатар органикалық қалдықтар дұрыс өңделмесе немесе жойылмаса, шіру арқылы метан газы мен басқа да жағымсыз иіс шығаратын қосылыстар бөледі. Атмосфералық ауаға ұсақ дисперсті бөлшектер құрғақ сүтті кептіру, ұнтақтау, орау және тасымалдау кезінде шығарылады. Яғни PM10 және PM2.5 бөлшектері тыныс алу жолдарын тітіркендіріп, аллергия тудыруы мүмкін [16].

Өндірістік нысандардан шығатын зиянды заттардың құрамы мен таралу деңгейін зерттеу – экологиялық мониторингтің маңызды бағыты болып табылады. Бұл мәселе тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастық үшін өзекті

болып табылады. Мәселен, өнеркәсіптік аймақтардағы ауа сапасын бағалау бойынша жүргізілген зерттеулер құрылыс индустриясы мен электр энергиясын өндіру саласының да айтарлықтай экологиялық әсері бар екенін көрсетеді [17]. Қазақстан қалаларында да өндірістік шығарындылардың ауа сапасына тигізетін әсері зерттелген [18].

Жұмыстың негізгі мақсаты - Түркістан қаласының өндіріс нысандарының ауа сапасына әсерін бағалау, негізгі ластаушы заттарды анықтау және оларды азайтуға арналған мүмкін шараларды қарастыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы Түркістан қаласы аумағындағы өндірістік нысандардың атмосфералық ауа сапасына әсерін бағалауға бағытталды. Зерттеу материалдары ретінде Түркістан қаласының өндіріс орындарына жақын орналасқан тұрғын аймақтардағы атмосфералық ауа құрамына жүргізілген өлшеулердің мәліметтері, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің ресми деректері және МГЛ - 19 газоанализаторы негізінде ауа сынамалары алынған өздік зерттеу нәтижелері пайдаланылды. Газоанализатор (МГЛ-19) - атмосфералық ауадағы газ тәрізді ластаушы заттардың концентрациясын анықтауға арналған арнайы өлшеу құралы. Ол өндірістік, экологиялық және санитарлық-гигиеналық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Түркістан қаласындағы зерттеу барысында газоанализаторлар ауадағы азот диоксиді (NO_2), күкірт диоксиді (SO_2), көміртек оксиді (CO), озон (O_3), аммиак (NH_3), метан (CH_4) және шаң бөлшектері (PM10, PM2.5) сияқты ластаушы заттардың нақты концентрациясын жедел және дәл анықтауға мүмкіндік берді. Құрылғы ауа үлгісін автоматты түрде тартып алып, ондағы газ құрамын электрокөміртекті, инфрақызыл немесе фотохимиялық детекторлар арқылы талдайды. Нәтижелер цифрлық дисплейде көрсетіледі және жадыда сақталады немесе компьютерге экспортталады. Кейбір заманауи модельдер бірнеше газды бір уақытта өлшей алады және деректерді нақты уақыт режимінде бере алады, бұл ауа сапасына экспресс-мониторинг жүргізуге қолайлы. Газоанализаторлар өлшеу дәлдігімен, қолдану ыңғайлылығымен және тасымалдауға жеңілдігімен ерекшеленеді. Олар зерттеу жүргізілетін аймақтағы ауа сапасын жедел бағалауға, сондай-ақ қоршаған ортаға өндірістік әсерді бақылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында мына әдістер қолданылды: зертханалық әдіс, экспресс-әдіс, индикаторлық әдіс. Зертханалық әдіс – бұл әдіс арқылы ауа құрамындағы ластаушы заттар (азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, озон, шаң бөлшектері, күйе және т.б.) нақты анықталып, олардың концентрациясы жоғары дәлдікпен өлшенді. Ауа сынамалары арнайы үлгі алғыштар арқылы таңдалып, экологиялық сараптама зертханасында талданды. Зертханалық әдіс зерттеудің негізгі бөлігі болып табылады және алынған мәліметтерге сандық талдау жасауға мүмкіндік береді. Экспресс-әдіс – бұл әдіс ауаның сапасын жедел бағалауға бағытталған. Арнайы портативті газоанализаторлар (МГЛ-19) мен датчиктер арқылы нақты уақыт режимінде ауадағы негізгі ластаушы заттардың шоғырлану деңгейі өлшенді. Экспресс-әдіс зертханалық өлшеулермен салыстырмалы түрде аз уақыт пен ресурсты талап етіп, жедел шешімдер қабылдау кезінде тиімділік танытады. Индикаторлық әдіс – бұл әдіс тірі ағзалардың, өсімдіктердің немесе

арнайы индикаторлы құрылғылардың көмегімен ауа сапасын сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Түркістан қаласының жасыл аймақтарында өсетін қыналар мен мүктәрізді өсімдіктердің жағдайына қарап, атмосфералық ауаның ластану деңгейіне биоиндикаторлық баға берілді. Бұл әдіс экожүйелік деңгейдегі ұзақ мерзімді әсерлерді бағалауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу нәтижелері

Атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау мақсатында Түркістан қаласындағы бірнеше өндірістік нысандарға жақын орналасқан 6 бақылау нүктелерінде өлшеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нысандарына қаланың ірі өндіріс орындары – мақта өңдеу зауыты, жиһаз өндіріс цехтары, «Нұр-строй» құрылыс материалдары зауыты және «Ақжол» темірбетон бұйымдарын өндіретін зауыт, сонымен бірге бағдаршам бойынан сынама алынды.

Зерттеу кезеңінде ауадағы келесі ластаушы заттар бойынша концентрациялар анықталды: көміртек тотығы (CO), азот диоксиді (NO_2), күкірт диоксиді (SO_2), қатты бөлшектер (PM2.5 және PM10).

Өлшеу жұмыстары тасымалды газоанализаторлар және шаң бөлшектерін анықтаушы аспаптар көмегімен күндізгі уақытта жүргізілді. Әрбір кәсіпорын маңынан, сондай-ақ сол аудандағы бағдаршам жанындағы көлік қозғалысы тығыз нүктеден, «Нұр-строй», «Ақжол» аумағынан ауа сынамалары алынынды. Нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте - Ластаушы заттардың анықталған мөлшері

№	Зерттеу нүктесі	CO (мг/м³)	NO_2 (мг/м³)	SO_2 (мг/м³)	CH_2O (мг/м³)	PM2.5 (мкг/м³)	PM10 (мкг/м³)
1	Мақта зауыты	1.9	0.05	0.02	0.004	62	98
2	Жиһаз өндірісі	2.1	0.03	0.01	0.006	58	90
3	Қазандық (ЖЭО)	2.3	0.04	0.03	0.001	45	78
4	Бағдаршам жанындағы зерттеу нүктесі	2.3	0.04	0.03	0.001	45	78
5	Нұр-строй кәсіпорны	2.6	0.06	0.04	0.003	70	102
6	Ақжол ЖБИ кәсіпорны	2.4	0.05	0.03	0.002	68	98
	ШРК мәні	3.0	0.04	0.05	0.003	35	50

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Түркістан қаласындағы бірнеше өндірістік және урбанизацияланған аймақтардан алынған атмосфералық ауа үлгілері бойынша негізгі ластаушы заттардың концентрациясы анықталды. Зерттеу нүктелері ретінде мақта зауыты, жиһаз шеберханалары, қазандық, бағдаршам жанындағы көлік қозғалысы көп орын, сондай-ақ Нұр-строй және Ақжол секілді өндірістік кәсіпорындар таңдалып алынды. Әрбір нүктеде көміртек тотығы (CO), азот диоксиді (NO_2), күкірт диоксиді (SO_2), формальдегид (CH_2O), және қатты бөлшектер (PM2.5, PM10) анықталып, нәтижелер Қазақстан Республикасының Шекті рұқсат етілген концентрациясымен (ШРК) салыстырылды.

Көміртек тотығы (CO). Барлық өлшенген нүктелерде көміртек тотығының мөлшері ШРК-дан аспады. Ең жоғары мән – Нұр-строй кәсіпорнында 2.6 мг/м³-ті құрады. Бұл зат негізінен жану процестері кезінде, яғни қазандық, дизель генераторлары немесе көлік құралдарының жұмысы нәтижесінде бөлінеді. Дегенмен, 5 мг/м³ болатын ШРК мәнімен салыстырғанда, көрсеткіштердің барлығы қауіпсіз деңгейде.

Азот диоксиді (NO_2). Азот диоксиді бойынша бірқатар зерттеу нүктелерінде нормадан ауытқушылық байқалды. Атап айтқанда: мақта зауытында – 0.05 мг/м³; Нұр-строй кәсіпорнында – 0.06 мг/м³; Ақжол ЖБИ-де – 0.05 мг/м³; Ал ШРК мәні – 0.04 мг/м³. Яғни, бұл көрсеткіш кей жерлерде 1,5–2 есеге, асып отыр. Бұл азот диоксидінің шоғырлануы қатты отын жағылатын өндірістік пештер мен қазандықтардың болуымен, сондай-ақ көлік құралдарының тығыз шоғырлануымен түсіндіріледі. Темірбетон бұйымдарын өндіру кезінде цемент пен басқа да қоспалар көптеп қолданылып, улы газдардың бөлінуіне әсер етеді.

Күкірт диоксиді (SO_2). Барлық өлшенген нүктелерде күкірт диоксиді концентрациясы ШРК-дан аспағанымен, кейбір орындарда шекті мәнге жақындаған. Бұл зат негізінен төмен сапалы көмір мен мазут жағу нәтижесінде түзіледі. Қаланың кейбір аудандарында энергия өндіру мақсатында пайдаланылатын қатты отын қалдықтары осы газдың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Формальдегид (CH_2O). Формальдегид – улы, ұшпа органикалық қосылыс, негізінен желім, бояу, лак, ағаш-жоңқа тақтайлары (ДСП, МДФ) мен басқа да полимерлі материалдарды қолдану кезінде бөлінеді. Талдау нәтижесі бойынша жиһаз өндірісінде бұл көрсеткіш екі есеге (0.006 мг/м³) асып тұр. Бұл өндірісте қолданылатын жабысқақ заттар мен ДСП құрамындағы формальдегид шайырлары ауаға бөлініп, қоршаған ортада жоғары концентрацияға жетеді. Мақта зауытында көрсеткіш 0.004 мг/м³ болып, ШРК-дан 30% жоғары. Бұл көрсеткіш мақтаны тазалау, кептіру және сақтау барысында бөлінетін органикалық ұшпа заттармен байланысты болуы мүмкін. Нұр-строй кәсіпорны мен Ақжол ЖБИ-де көрсеткіштер шекті мәнге өте жақын немесе аз ғана төмен болғанымен, бұл аймақтарда цемент, бетон қоспалары мен түрлі химиялық реагенттердің әсерінен CH_2O бөлінуі ықтимал. Ал бағдаршам жанындағы зерттеу нүктесінде (0.001 мг/м³) формальдегид деңгейі рұқсат етілген шектеуден төмен. Бұл жерде ашық кеңістікте улы бу жиналуы төмен болуымен түсіндіріледі.

PM2.5 және PM10 (шаң бөлшектері). Ең алаңдатарлық нәтиже осы көрсеткіштер бойынша тіркелді. ШРК: PM2.5 үшін – 35 мкг/м³; PM10 үшін – 50 мкг/м³. Алайда барлық нүктелерде бұл көрсеткіш шамамен 2 есе немесе одан да көп асып кеткен. Ең жоғарғы мәндер: Нұр-строй: PM2.5 – 70, PM10 – 102, Ақжол ЖБИ: PM2.5 – 68, PM10 – 98, Мақта зауыты: PM2.5 – 62, PM10 – 98. Бұл ірі және ұсақ шаң бөлшектердің ауада жоғары шоғырлануы құрылыс материалдарын ұнтақтау, цемент пен гипс шаңының таралуы, тасымалдау кезіндегі ашық сақтау және шаң жұтқыш қондырғылардың жетіспеуімен байланысты. Мұндай бөлшектер тыныс алу жолдарына еніп, ұзақ мерзімді созылмалы ауруларға себеп болуы мүмкін.

Түркістан қаласының өндірістік және көлік әсері басым аумақтарында жүргізілген экологиялық бақылау нәтижелері бойынша CO, SO_2 және NO_2 газдарының концентрациясы маусымға байланысты 1,2,3- суретте көрсетілген.



1- сурет- Маусымдық көрсеткіштер бойынша CO газы



2-сурет- Маусымдық көрсеткіштер бойынша SO_2 газы



3-сурет - Маусымдық көрсеткіштер бойынша NO_2 газы

Зерттеу нәтижесі Түркістан қаласының кейбір өндірістік аймақтарында атмосфералық ауаның ластануы айтарлықтай жоғары деңгейде екенін көрсетті. Әсіресе, NO_2, CH2O, PM2.5 және PM10 заттары бойынша ШРК-дан асып кету байқалады. Бұл жағдай қала тұрғындарының денсаулығына қауіп төндіруімен қатар, экологиялық жағдайдың күрделене түсуіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, кәсіпорындарда: газ және шаң сорғыш жабдықтарын орнату; жабық кеңістікте жұмыс жасау; фильтрация жүйелерін жаңарту; экологиялық мониторингті тұрақты жүргізу қажет.

Көктемгі маусым салыстырмалы түрде ауа сапасы жақсаратын кезең болып саналады. Жазда атмосфераның ластануының негізгі көзі автокөлік пен өнеркәсіп, ауада зиянды заттар мөлшері орташа деңгейде. Күзгі маусым ластану деңгейінің біртіндеп артатын кезеңі. Қыс ауа сапасы бойынша ең қауіпті маусым. Бұл кезде ластаушы заттардың концентрациясы ең жоғары көрсеткішке ие болады.

Түрістан қаласындағы өндірістік нысандар мен автокөлік санының артуы ауадағы зиянды заттардың концентрациясының көбеюіне себеп болды. Атмосфералық ауаға әсері орта деңгейден жоғары деп бағаланды. Ауадан түсетін ауыр металдар мен химиялық қосылыстар топырақта жиналып, оның табиғи құрылымын бұзады. Топыраққа әсері орташа деңгейден жоғары. Ауаның ластануы өсімдіктердің фотосинтез процесіне және өсу қарқынына тікелей әсер етеді. Зиянды газдар мен шаң өсімдіктердің табиғи тепе-теңдігін бұзып жатыр.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Түркістан қаласындағы өнеркәсіптік нысандар мен жылу электр орталығының атмосфералық ауаның сапасына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Әсіресе, жиһаз өндірісі мен ЖЭО-дан бөлінетін формальдегид (CH_2O), азот диоксиді (NO_2), күкірт диоксиді (SO_2) және шаң бөлшектері (PM2.5) сияқты ластаушы заттардың маусымдық өзгерістері анықталды. Маусымдық ерекшеліктер ескеріле отырып, экологиялық мониторингті күшейту, ластаушы заттардың шығарындыларын азайту және тұрғындар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру бағытында тиімді шаралар қабылдау қажеттілігі туындап отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ассанов, Д., Запасный, В., Керимрай, А. (2021). Қазақстан қалаларындағы ауа сапасы мен өнеркәсіптік шығарындылар. *Atmosphere,* 12(3). DOI:10.3390/atmos12030314

[2] Bostenaru Dan, M., & Bostenaru-Dan, M. M. (2021). Greening the brownfields of thermal power plants in rural areas, an example from Romania, set in the context of developments in the industrialized country of Germany. *Sustainability (Switzerland),* 13(7). https://doi.org/10.3390/su13073800

[3] Chen, Z. B., He, G., & Jiang, S. Z. (2024). The impact of environmental regulation and industrial agglomeration on air pollution: On the spatial spillover perspective. *International Journal of Environmental Science and Technology,* 21(3), 2585–2604. https://doi.org/10.1007/s13762-023-05143-w

[4] Clay, K., Lewis, J., & Severnini, E. (2024). The historical impact of coal on cities. *Regional Science and Urban Economics*, 107. https://doi.org/10.1016/j.regsciurbeco.2023.103951

[5] Das, P., & Paul, K. K. (2023). A review on different treatment possibilities of dairy wastewater. *Theoretical Foundations of Chemical Engineering,* 57(4). https://doi.org/10.1134/S0040579523040346

[6] Zhang, Y., Wu, Y., Liu, H., Hao, J., & He, K. (2021). Impacts of vehicle emission on air quality and human health in China. *Science of The Total Environment*, 783, 152655. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2021.152655

[7] Yorifuji, T., Kashima, S., Doi, H., et al. (2014). Decline of ambient air pollution levels due to measures to control automobile emissions and effects on the prevalence of respiratory and allergic disorders among children in Japan. *Environmental Research*, 131, 111–118. https://doi.org/10.1016/j.envres.2014.03.018

[8] Gulia, S., Shiva Nagendra, S. M., Khare, M., & Khanna, I. (2020). Global public health implications of traffic-related air pollution: A review. *Environmental Science and Pollution Research*, 27, 44715–44736. https://doi.org/10.1007/s11356-020-11117-6

[9] Lin, Y. C., Cheng, F. Y., Lee, Y. J., Nguyen, T. T. N., Tsai, C. J., Wen, H. C., Wu, C. H., Chang, W. C., & Huang, C. C. (2023). Assessments of the emission contributions from an ultra-supercritical coal-fired power plant to ambient PM2.5 in Taiwan. *Aerosol and Air Quality Research,* 23(12). https://doi.org/10.4209/aaqr.230059

[10] Oliveira, O., Gamboa, D., & Fernandes, P. (2016). An information system for the furniture industry to optimize the cutting process and the waste generated. *Procedia Computer Science*, 100, 711–716.

[11] Рахман, М. М., Алам, К., Велайутхам, Е. (2021). «Является ли промышленное загрязнение вредным для общественного здоровья? Данные из наиболее индустриализированных стран мира». *BMC Public Health,* Т. 21, № 1. DOI: 10.1186/s12889-021-11217-6

[12] So, S., Wanapat, M., & Cherdthong, A. (2021). Effect of sugarcane bagasse as industrial by-products treated with Lactobacillus casei TH14, cellulase and molasses on feed utilization, ruminal ecology and milk production of mid-lactating Holstein Friesian cows. *Journal of the Science of Food and Agriculture,* 101(11), 4481–4489. https://doi.org/10.1002/jsfa.11087

[13] Турсынбаева, М., Мұратұлы, А., Байматова, Н., Каража, Ф., Керимрай, А. (2023). Орталық Азия қалалары: әлемдегі жаңа ауа ластану нүктелері. *Atmospheric Environment,* 309. DOI:10.1016/j.atmosenv.2023.119901

[14] Verma, M., & Yadav, S. K. (2023). A review on effect of construction industries on ambient air. *Journal of Engineering Research and Application,* 2(2). https://doi.org/10.55953/jera.2023.2202

[15] Waqas, M. S., Shi, Z., Yi, T. C., Xiao, R., Shoaib, A. A. Z., Elabasy, A. S. S., & Jin, D. C. (2021). Biology, ecology, and management of cotton mealybug Phenacoccus solenopsis Tinsley (Hemiptera: Pseudococcidae). *Pest Management Science,* 77(12).

[16] Закирова, А., Альфф, Х., Шмидт, М. (2025). «Несправедливые долины: политико-экологический взгляд на производство органического хлопка в Таджикистане». *Organic Agriculture*. DOI: 10.1007/s13165-025-00491-y

[17] Жақыпова, Г., Үдербаев, С., Сақтағанова, Н., Әбиева, Г., Будикова, А., Жапахова, А. (2023). Қазақстан күлі қолданылған ұсақ түйіршікті бетонның қасиеттері. *Evergreen*, 10(2), 830–841. DOI:10.5109/6792835

[18] Zhang, G. X., Yang, Y., Su, B., Nie, Y., & Duan, H. B. (2023). Electricity production, power generation structure, and air pollution: A monthly data analysis for 279 cities in China (2015–2019). *Energy Economics*, 120. https://doi.org/10.1016/j.eneco.2023.106597

REFERENCES

[1] Assanov, D., Zapasny, V., & Kerimray, A. (2021). Kazakhstan qalalaryndagy aua sapasy men onerkasiptik shygarindylary [Air quality and industrial emissions in Kazakhstani cities]. *Atmosphere*, 12(3). https://doi.org/10.3390/atmos12030314

[2] Bostenaru Dan, M., & Bostenaru-Dan, M. M. (2021). Greening the brownfields of thermal power plants in rural areas, an example from Romania, set in the context of developments in the industrialized country of Germany. *Sustainability (Switzerland),* 13(7). https://doi.org/10.3390/su13073800

[3] Chen, Z. B., He, G., & Jiang, S. Z. (2024). The impact of environmental regulation and industrial agglomeration on air pollution: On the spatial spillover

perspective. *International Journal of Environmental Science and Technology,* 21(3), 2585–2604. https://doi.org/10.1007/s13762-023-05143-w

[4] Clay, K., Lewis, J., & Severnini, E. (2024). The historical impact of coal on cities. *Regional Science and Urban Economics,* 107. https://doi.org/10.1016/j.regsciurbeco.2023.103951

[5] Das, P., & Paul, K. K. (2023). A review on different treatment possibilities of dairy wastewater. *Theoretical Foundations of Chemical Engineering,* 57(4). https://doi.org/10.1134/S0040579523040346

[6] Zhang, Y., Wu, Y., Liu, H., Hao, J., & He, K. (2021). Impacts of vehicle emission on air quality and human health in China. *Science of The Total Environment*, 783, 152655. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2021.152655

[7] Yorifuji, T., Kashima, S., Doi, H., et al. (2014). Decline of ambient air pollution levels due to measures to control automobile emissions and effects on the prevalence of respiratory and allergic disorders among children in Japan. *Environmental Research,* 131, 111–118. https://doi.org/10.1016/j.envres.2014.03.018

[8] Gulia, S., Shiva Nagendra, S. M., Khare, M., & Khanna, I. (2020). Global public health implications of traffic-related air pollution: A review. *Environmental Science and Pollution Research*, 27, 44715–44736. https://doi.org/10.1007/s11356-020-11117-6

[9] Lin, Y. C., Cheng, F. Y., Lee, Y. J., Nguyen, T. T. N., Tsai, C. J., Wen, H. C., Wu, C. H., Chang, W. C., & Huang, C. C. (2023). Assessments of the emission contributions from an ultra-supercritical coal-fired power plant to ambient PM2.5 in Taiwan. *Aerosol and Air Quality Research,* 23(12). https://doi.org/10.4209/aaqr.230059

[10] Oliveira, O., Gamboa, D., & Fernandes, P. (2016). An information system for the furniture industry to optimize the cutting process and the waste generated. Procedia Computer Science, 100, 711–716.

[11] Rakhman, M. M., Alam, K., & Velayutham, E. (2021). Önerkäsiptik lastanu qoǵamdyq densawlyqqa ziyan ba? Álemdiń eń önerkásiptik damyǵan elderiniń derekteri [Is industrial pollution harmful to public health? Evidence from the world's most industrialized nations]. *BMC Public Health,* 21(1). https://doi.org/10.1186/s12889-021-11217-6

[12] So, S., Wanapat, M., & Cherdthong, A. (2021). Effect of sugarcane bagasse as industrial by-products treated with Lactobacillus casei TH14, cellulase and molasses on feed utilization, ruminal ecology and milk production of mid-lactating Holstein Friesian cows. *Journal of the Science of Food and Agriculture,* 101(11), 4481–4489. https://doi.org/10.1002/jsfa.11087

[13] Tursynbayeva, M., Muratuly, A., Baymatova, N., Karadzha, F., & Kerimray, A. (2023). Ortalyq Aziya qalalary: álemdégi jańa awa lastanu núktteleri [Central Asian cities: Emerging air pollution hotspots in the world]. *Atmospheric Environment*, 309. https://doi.org/10.1016/j.atmosenv.2023.119901

[14] Verma, M., & Yadav, S. K. (2023). A review on effect of construction industries on ambient air. *Journal of Engineering Research and Application,* 2(2). https://doi.org/10.55953/jera.2023.2202

[15] Waqas, M. S., Shi, Z., Yi, T. C., Xiao, R., Shoaib, A. A. Z., Elabasy, A. S. S., & Jin, D. C. (2021). Biology, ecology, and management of cotton mealybug Phenacoccus solenopsis Tinsley (Hemiptera: Pseudococcidae). *Pest Management Science*, 77(12).

[16] Zakirova, A., Alff, H., & Schmidt, M. (2025). Ádiletsiz alqaptar: Tájikstandaǵy organık maqta óndirisine saıası ekologia túryǵynan qaraw [Unjust valleys: A political ecology perspective on organic cotton production in Tajikistan]. *Organic Agriculture*. https://doi.org/10.1007/s13165-025-00491-y

[17] Zhakypova, G., Uderbayev, S., Saktaganova, N., Abieva, G., Budikova, A., & Zhapakhova, A. (2023). Qazaqstan kúli qoldanylǵan úsaq túırshikti betonnyń qasietteri [Properties of fine-grained concrete using Kazakhstan ash]. *Evergreen,* 10(2), 830–841. https://doi.org/10.5109/6792835

[18] Zhang, G. X., Yang, Y., Su, B., Nie, Y., & Duan, H. B. (2023). Electricity production, power generation structure, and air pollution: A monthly data analysis for 279 cities in China (2015–2019). *Energy Economics*, 120. https://doi.org/10.1016/j.eneco.2023.106597

Абдимуталип Н.А., Куралбай А.З., Тойчибекова Г.Б., Турметова Г.Ж., Койшиева Г.Ж.

ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ОБЪЕКТОВ ПРОИЗВОДСТВА НА КАЧЕСТВО ВОЗДУХА ГОРОДА ТУРКЕСТАН

Аннотация. В статье подробно изучается влияние производственных объектов города Туркестан на качество атмосферного воздуха. В последние годы интенсивное индустриальное развитие города в некоторой степени влияет на окружающую среду, особенно на качество воздуха. В ходе исследования измерялись и сравнивались уровни загрязняющих веществ (пыль, диоксид азота, диоксид серы, оксид углерода, летучие органические соединения и др.), выделяемые промышленными предприятиями. Кроме того, проанализировано санитарно-гигиеническое состояние атмосферного воздуха на территории города и оценена вероятность воздействия на здоровье населения. Результаты статьи позволят выработать конкретные рекомендации по экологическому регулированию производственных объектов, контролю качества воздуха и совершенствованию природоохранных мероприятий. Данное исследование является важной научно-практической работой, способствующей устойчивому развитию города Туркестан.

Ключевые слова: город Туркестан; качество воздуха; объекты производства; загрязнение; мониторинг; выбросы; экологическая безопасность.

Abdimutalip Nurlybek, Kuralbay Aliya, Toychibekova Gaziza, Turmetova Gulmira, Koishiyeva Gulnar

ASSESSMENT OF THE IMPACT OF PRODUCTION FACILITIES ON THE AIR QUALITY OF THE CITY OF TURKESTAN

Annotation. This article thoroughly examines the impact of industrial facilities in the city of Turkestan on the quality of atmospheric air. In recent years, the city’s intensive

industrial development has had a certain degree of influence on the environment, particularly on air quality. During the study, the levels of pollutants (dust, nitrogen dioxide, sulfur dioxide, carbon monoxide, volatile organic compounds, etc.) emitted by industrial enterprises were measured and compared. In addition, the sanitary and hygienic condition of the atmospheric air in the city was analyzed, and the potential impact on public health was assessed. The findings of this study make it possible to develop specific recommendations for environmental regulation of industrial facilities, air quality control, and improvement of environmental protection measures. This research represents an important scientific and practical work contributing to the sustainable development of the city of Turkestan.

Keywords: Turkestan city; air quality; production facilities; pollution; monitoring; emissions; environmental safety.

ӘОЖ 626.814
ҒТАХР 70.94.03
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).198

[1]Бұқарбай З.А., [1]Бектуреева Г.У.[*], [1]Тілеуберді А.Н.[*], [2]Кожагалиева Р.Ж.

[1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,
Шымкент, Қазақстан
[2]М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан
***Корреспондент-авторы:** gulzhan.bektureeva@mail.ru, 17tile@gmail.com

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ЖЕР ҮСТІ СУЛАРЫНЫҢ САПАСЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Аңдатпа. Мақалада Түркістан облысының жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері негізінде олардың экологиялық жағдайына жүргізілген мониторинг пен су сапасын болжау нәтижелері баяндалған. Зерттеу 2023–2024 жылдар аралығындағы бақылау деректеріне сүйеніп, аймақтың негізгі су нысандарын – Сырдария, Келес, Арыс, Бадам, Ақсу, Бөген өзендері мен Шардара су қоймасын қамтыған.

Талдау нәтижелері өзен суларының гидрохимиялық құрамының кеңістіктік және уақыттық тұрғыда айтарлықтай өзгеретінін көрсетті. Көптеген су нысандарында аммоний иондары, сульфаттар, магний, қалқыма заттар және жалпы фосфор концентрацияларының рұқсат етілген нормативтерден тұрақты түрде асып кететіні анықталды. Ең жоғары экологиялық тәуекелдер Келес пен Арыс өзендеріне тән, ал Сырдария, Бөген және Шардара су қоймасы соңғы кезеңде су сапасының жақсарғанын байқатты. Ақсу өзені зерттеу кезеңі бойы жоғары сапалы сулар санатына (I класс) жатқызылды.

Алынған нәтижелер антропогендік жүктемені азайту, ағынды суларды тазарту жүйелерін жетілдіру және бақылау желісін кеңейту бойынша кешенді шаралардың қажеттілігін көрсетеді. Жер үсті сулары сапасының болжамы қосымша табиғатты қорғау іс-шаралары болмаған кезде проблемалы учаскелерде тұрақсыздықтың сақталуын көрсетеді.

Кілт сөздер: жерүсті сулары, гидрохимиялық талдау, экологиялық мониторинг, су сапасы, экологиялық болжау.

Кіріспе

Жер үсті суларының сапасы табиғи ортаның жай-күйі мен биосфералық үдерістердің даму деңгейін сипаттайтын негізгі экологиялық көрсеткіштердің бірі болып саналады. Ол аймақтың табиғи гидрохимиялық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар адамның шаруашылық және өндірістік әрекеттерінен туындайтын

антропогендік әсердің ауқымын да айқын көрсетеді. Урбанизацияның күшеюі мен ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқын алуы жағдайында су экожүйелерінің тозуы мәселесі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен өңірлердің тұрақты дамуы тұрғысынан өзекті болып отыр [1, 2].

Қазақстан Республикасында су объектілерінің экологиялық мониторингінің нормативтік негізі 2025 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрінің №111-НҚ бұйрығымен бекітілген «Жер үсті су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесіне» сүйенеді [3]. Бұл құжат су сапасын интегралды түрде бағалауға мүмкіндік береді және суды пайдаланудың түрлі мақсаттарын — экожүйелік, балық шаруашылығы, ауыз су, рекреациялық, ирригациялық және өнеркәсіптік қажеттіліктерді — ескереді. Жүйе су сапасын алты класс бойынша жіктейді: I класс – жоғары сапалы су, ал VI класс – ең нашар сападағы су.

Жіктеу су экожүйелерінің экологиялық жай-күйін сипаттайтын негізгі индикаторлар жүйесіне сүйенеді. Бұл жүйеге оттегі режимінің параметрлері, судың минералдану деңгейі, биогендік элементтердің, ауыр металдардың және органикалық ластаушы заттардың концентрациялары кіреді.

Түркістан облысы сумен қамтамасыз етілуі жағынан жеткілікті болғанымен, экологиялық тұрғыдан Қазақстандағы ең осал өңірлердің бірі болып саналады. Географиялық тұрғыда облыс 117,3 мың км² аумақты алып, Тұран ойпатының құрғақ жазықтарынан бастап Тянь-Шань тау етектеріне дейін созылып жатыр [4]. Аймақтың негізгі су нысандарына Сырдария, Келес, Арыс, Бадам, Ақсу және Бөген өзендері, сондай-ақ Шардара су қоймасы жатады. Бұл өзендер мен су қоймалары ауыз суды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын суландыру және өңірдің экожүйелік тепе-теңдігін сақтау сияқты маңызды экологиялық және шаруашылық қызметтерді атқарады.

Соңғы зерттеулер нәтижелері Түркістан облысы өзендерінің гидрохимиялық режимі айтарлықтай кеңістіктік және уақыттық өзгергіштікке ие екенін, сондай-ақ антропогендік факторлардың әсеріне жоғары дәрежеде тәуелді екенін көрсетеді. Негізгі ластаушы компоненттер қатарында аммоний иондары, сульфаттар, магний, фосфор және көктемгі-жазғы су тасқыны мен қарқынды шаруашылық су пайдалану кезеңдерінде шекті рұқсат етілген концентрациялардан асып түсетін қалқыма заттар бар [5].

Зерттеудің негізгі мақсаты – «Жер үсті су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» негізінде гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша Түркістан облысының жер үсті суларының сапасын кешенді бағалау, ластанудың кеңістіктік-уақыттық динамикасын айқындау және өңірдің су ресурстарының экологиялық жай-күйінің болашақтағы өзгеру үрдістерін болжау болып табылады.

Осылайша, Түркістан облысы аумағында жер үсті суларының сапасына жүйелі экологиялық мониторинг жүргізу мен ғылыми негізделген болжау жасау — су ресурстарын басқарудың тиімді стратегияларын әзірлеу, экологиялық тәуекелдерді төмендету және өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Зерттеу нысаны мен әдістері

Жер үсті суларының сапасына жүргізілген мониторинг 2023–2024 жылдары Түркістан облысының аумағында орындалды және өңірдің негізгі су нысандарын қамтыды: Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу, Бөген өзендері мен Шардара су қоймасы.

Зерттеу үшін бастапқы материал ретінде қоршаған ортаның жай-күйі жөніндегі ресми есептер мен ақпараттық бюллетеньдер [6–9], өзендер мен су қоймаларының түрлі учаскелерінен алынған су сынамаларының гидрохимиялық талдау нәтижелері, сондай-ақ негізгі ластаушы заттар — аммоний ионы, магний, сульфаттар, жалпы фосфор және қалқыма заттар бойынша анықталған концентрациялар қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

1 – Кесте - Су сапасының I тоқсан бойынша көрсеткіштері

Су объектісінің атауы	**Су сапасының класы**		**Көрсеткіштер**	**Бірлік**	**Концентрация**
	I тоқсан 2023 ж.	**I тоқсан 2024 ж.**			
Сырдария өзені	4 класс	Нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм^3	99,911
Келес өзені	4 класс	Нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм^3	506,983
Бадам өзені	3 класс	3 класс	Аммоний-ион	мг/дм^3	0,578
			Магний	мг/дм^3	23,4
Арыс өзені	3 класс	4 класс	Қалқыма заттар	мг/дм^3	76,87
Ақсу өзені	1 класс	1 класс			
Бөген өзені	2 класс	Нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм^3	73,467

*Ескерту: * - «ең жақсы класс» суы * * * - осы класс бойынша заттар нормаланбайды*

1-кестедегі мәліметтерге сүйенсек, 2023 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда Түркістан облысының кейбір өзендерінде жер үсті суларының сапасы нашарлаған. Мысалы, Сырдария мен Келес өзендерінің су сапасы IV сыныптан V сыныпқа дейін төмендеген, Арыс өзені III сыныптан IV сыныпқа дейін, ал Бөген өзені II сыныптан V сыныптан жоғары деңгейге дейін нашарлаған.

Бадам және Ақсу өзендерінде су сапасының көрсеткіштері айтарлықтай өзгермей, салыстырмалы түрде тұрақты қалған.

Түркістан облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы компоненттерге магний, аммоний ионы және қалқыма заттар жатады. Бұл заттар бойынша сапа

нормативтерінің артуы, негізінен, тұрмыстық, өндірістік және ауылшаруашылық ағынды сулардың әсерімен байланысты [6].

2 – Кесте - Су сапасының II тоқсан бойынша көрсеткіштері

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	Бірлік	Концентрация
	II тоқсан 2023 ж.	II тоқсан 2024 ж.			
Сырдария өзені	5 класс	3 класс	Сульфаттар	мг/дм^3	253,2
Келес өзені	Нормаланбайды (>3 класс)	Нормаланбайдыя (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм^3	405,3
Бадам өзені	1 класс	3 класс	Қалқыма заттар	мг/дм^3	96,167
Арыс өзені	1 класс	3 класс	Аммоний-ион	мг/дм^3	0,517
Ақсу өзені	1 класс	1 класс			
Бөген өзені	Нормаланбайды (>5 класс)	1 класс			
Шардара су қоймасы	Нормаланбайды (>5 класс)	1 класс			

*Ескерту: * - «ең жақсы класс» суы * * * - осы класс бойынша заттар нормаланбайды*

2-кестеде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, 2023 жылдың II тоқсанымен салыстырғанда Түркістан облысының бірқатар су объектілерінде су сапасының айтарлықтай өзгерістері байқалады. Атап айтқанда, Сырдария өзенінің су сапасы V сыныптан III сыныпқа дейін, ал Бөген өзені мен Шардара су қоймасының сапасы V сыныптан жоғары деңгейден I сыныпқа дейін жақсарған.

Керісінше, Келес өзенінің су сапасы III сыныптан V сыныптан жоғары деңгейге, ал Бадам мен Арыс өзендерінің сапасы I сыныптан III сыныпқа дейін төмендеген. Ақсу өзенінің су сапасы зерттелген кезең ішінде елеулі өзгерістерге ұшырамаған және тұрақты деңгейін сақтаған.

Аймақтың су объектілеріндегі басты ластаушы компоненттер ретінде аммоний ионы, сульфаттар және қалқыма заттар анықталды. Бұл көрсеткіштер бойынша шекті рұқсат етілген концентрациялардың артуы, негізінен, тұрмыстық, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық шығарындылардың әсерімен түсіндіріледі [7].

3 - Кесте - Су сапасының III тоқсан бойынша көрсеткіштері

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	Бірлік	Концентрация
	III тоқсан 2023 ж.	III тоқсан 2024 ж.			
Сырдария өзені	Нормаланбайды (>5 класс)	3 класс	Сульфаттар	мг/дм^3	279,677
Келес өзені	4 класс	Нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм^3	365,767
Бадам өзені	1 класс	1 класс			
Арыс өзені	1 класс	3 класс	Аммоний-ион	мг/дм^3	0,561
Ақсу өзені	1 класс	1 класс			
Бөген өзені	Нормаланбайды (>5 класс)	1 класс			
Шардара су қоймасы	Нормаланбайды (>5 класс)	1 класс			

*Ескерту: * - "ең жақсы класс" суы * * * - осы класс бойынша заттар нормаланбайды*

3-кестеде көрсетілген деректерге сәйкес, 2023 жылдың III тоқсанымен салыстырғанда Түркістан облысының бірқатар өзендері мен су қоймаларында су сапасының елеулі өзгерістері байқалады. Атап айтқанда, Сырдария өзенінің су сапасы V сыныптан III сыныпқа дейін, ал Бөген өзені мен Шардара су қоймасы V сыныптан жоғары деңгейден I сыныпқа дейін жақсарған.

Сонымен қатар, Келес өзенінің су сапасы IV сыныптан V сыныпқа, ал Арыс өзенінің сапасы I сыныптан III сыныпқа дейін төмендегені анықталды. Бадам және Ақсу өзендерінің су сапасында айтарлықтай өзгерістер байқалмады — олардың көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде қалды.

Түркістан облысының су объектілерінде басым ластаушы компоненттер ретінде сульфаттар, қалқыма заттар және аммоний иондары анықталды. Аталған көрсеткіштер бойынша шекті рұқсат етілген концентрациялардың артуы, негізінен, тұрмыстық, өндірістік және ауылшаруашылық ағындыларының әсерімен түсіндіріледі [8].

4 - Кесте - Су сапасының IV тоқсан бойынша көрсеткіштері

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	Бірлік	Концентрация
	IV тоқсан 2023 ж.	IV тоқсан 2024 ж.			
Сырдария өзені	4 класс	3 класс	Аммоний-ион	мг/дм^3	0,532
			Сульфаттар	мг/дм^3	267,879
Келес өзені	4 класс	Нормалан байды (>5 класс)	Өлшенген заттар	мг/дм^3	409,3
Бадам өзені	3 класс	1 класс			
Арыс өзені	3 класс	2 класс	Жалпы Фосфор	мг/дм^3	0,111
Ақсу өзені	1 класс	1 класс			
Бөген өзені	Нормаланбайды (>5 класс)	1 класс			
Шардара су қоймасы	Нормаланбайды (>5 класс)	3 класс	Сульфаттар	мг/дм^3	268,9

*Ескерту: * - "ең жақсы класс" суы * * * - осы класс бойынша заттар нормаланбайды*

4-кестеден алынған мәліметтерге сәйкес, 2023 жылдың IV тоқсанымен салыстырғанда Түркістан облысының кейбір су объектілерінде су сапасы айтарлықтай өзгерген. Мысалы: Сырдария өзенінің су сапасы IV сыныптан III сыныпқа жақсарған; Бадам өзені III сыныптан I сыныпқа көтерілген; Арыс өзені III сыныптан II сыныпқа жақсарған; Бөген өзені V сыныптан I сыныпқа дейін жақсарған; Шардара су қоймасы V сыныптан жоғары деңгейден III сыныпқа дейін жақсарған.

Керісінше, Келес өзенінің су сапасы IV сыныптан V сыныптан жоғары деңгейге төмендеген. Ақсу өзенінде су сапасы осы кезеңде өзгеріссіз қалып, салыстырмалы тұрақтылықты көрсеткен.

Түркістан облысының су объектілерінде басты ластаушы заттар қатарына аммоний ионы, сульфаттар, жалпы фосфор және қалқыма заттар жатады. Бұл көрсеткіштердің шекті рұқсат етілген деңгейден асып кетуі негізінен тұрмыстық, өндірістік және ауылшаруашылық төгінділермен байланысты [9].

2024 жылдың IV тоқсанында жер үсті суларының жоғары немесе экстремалды деңгейде ластануы тіркелген жоқ. Салыстырмалы талдау нәтижелері облыс өзендерінің гидрохимиялық жағдайының өңірдегі шаруашылық қызметпен тығыз байланыста екенін көрсетті. Аммоний ионы мен фосфордың тұрақты түрде асып кетуі тұрмыстық және ауылшаруашылық ағындардың әсерінен

туындайтынын көрсетсе, қалқыма заттардың жоғары концентрациясы эрозия процестері мен тазартылмаған төгінділердің салдары болып табылады.

2024 жылы Сырдария мен Бөген өзендерінде байқалған оң динамика гидрологиялық режимнің өзгеруіне (су тасқынының сұйылтылуы) және төгінділерді реттеу шараларына байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, Арыс өзеніндегі көрсеткіштердің тұрақсыздығы және Келес өзенінің нашар экологиялық жағдайы өңірлік су ресурстарын басқаруда басымдықты және ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қорытынды

2024 жылы Түркістан облысындағы жер үсті суларының сапасына жүргізілген мониторинг мына негізгі қорытындыларды көрсетті:

1. Жалпы, өзендердің гидрохимиялық жағдайы айтарлықтай кеңістіктік және уақыттық өзгергіштікпен сипатталады.

2. Келес және Арыс өзендері ең үлкен экологиялық қауіп төндіреді, себебі бұл өзендерде аммоний ионы мен қалқыма заттардың рұқсат етілген деңгейден асып кетуі тіркелді.

3. Сырдария мен Бөген өзендері, сондай-ақ Шардара су қоймасы су сапасының оң динамикасын көрсетеді.

4. Гидрохимиялық жағдайды тұрақтандыру үшін ағынды суларды тазарту жүйелерін жетілдіру, ауыл шаруашылығынан ластаушы заттардың түсуін азайту және тұрақты экологиялық мониторингті дамыту сияқты кешенді шараларды жүзеге асыру қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] D,Akhmetova, Zh.Ozgeldinova, N.Ramazanova, S.Sadvakassova, Zh.Inkarova, R.Kenzhebay, Zh.Shingisbayeva, R.Abildayeva, Z.Kozhabekova, M.Alagujayeva, Zh.Sikhynbayeva. Assessment of Chemical Pollution Load in Surface Waters of the Turkestan Region and Its Indirect Impact on Landscapes: A Comprehensive Study// Geosciences, 2025; 15(2), 73. https://doi.org/10.3390/geosciences15020073

[2] Т.Жылқыбаев, Ф.Золотов, Е.Оспанов, Е.Жанузаков, Н.Алгазинов. Современное состояние и проблемы очистки сточных вод в Казахстане // Қазақ көлік және транспорт хабаршысы, 2023. № 4 (127), 514-523 бб.

[3] Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 111-НҚ бұйрығы «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесін бекіту туралы»

[4] Н. А. Абдимуталип Физико-химические свойства исследованных почв Туркестанского региона // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабаршысы, 2016. 2 том, № 360, 39-43 бб.

[5] М.Ж. Бурлибаев, Н.А. Амиргалиев, И.В. Шенбергер, А.С. Перевалов, Д.М. Бурлибаева. Современный режим гидрохимических и токсикологических параметров трансграничного стока реки Сырдарьи и характер их трансформации в пределах территории Казахстана // Гидрометереология және экология, 2013; 3, 141-160 бб.

[6] Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетень, 2024 жылғы I тоқсан, Шымкент,. 25 бет.

[7] Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетень, 2024 жылғы 2 тоқсан, Шымкент,. 25 бет.

[8] Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетень, 2024 жылғы III тоқсан, Шымкент,. 25 бет.

[9] Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетень, 2024 жылғы IV тоқсан, Шымкент,. 25 бет.

REFERENCES

[1] D,Akhmetova, Zh.Ozgeldinova, N.Ramazanova, S.Sadvakassova, Zh.Inkarova, R.Kenzhebay, Zh.Shingisbayeva, R.Abildayeva, Z.Kozhabekova, M.Alagujayeva, Zh.Sikhynbayeva. Assessment of Chemical Pollution Load in Surface Waters of the Turkestan Region and Its Indirect Impact on Landscapes: A Comprehensive Study// Geosciences, 2025; 15(2), 73. https://doi.org/10.3390/geosciences15020073

[2] T. Zhylkybayev, F. Zolotov, E. Ospanov, E. Zhanuzakov, N. Algazinov. Modern state and problems of storage water supply in Kazakhstan / / Kazakh transport and transport bulletin, 2023. № 4 (127), 514-523 EP.

[3] Order of the Minister of Water Resources and irrigation of the Republic of Kazakhstan dated June 4, 2025 No. 111-OD "on approval of a unified system for classifying water quality in surface water bodies and (or) their sections"

[4] N. A. Abdimutalip Physico-Chemical property of the Turkestan region / / Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016. Volume 2, No. 360, pp. 39-43.

[5] M. Zh. Burlibaev, N. A. Amirgaliyev, I. V. Shenberger, A. S. Perevalov, D. M. Burlibaeva. Modern regime of hydrochemical and toxicological parameters of transranial stock of Syrdarya and its characteristics in the territories of Kazakhstan // Hydrometeology and ecology, 2013; 3, pp. 141-160.

[6] Newsletter on the state of the environment in the city of Shymkent and the Turkestan region, I Quarter 2024, Shymkent, Page 25.

[7] Newsletter on the state of the environment in the city of Shymkent and the Turkestan region, 2nd quarter of 2024, Shymkent, Page 25.

[8] Newsletter on the state of the environment in the city of Shymkent and the Turkestan Region, III quarter of 2024, Shymkent, Page 25.

[9] Newsletter on the state of the environment in the city of Shymkent and the Turkestan Region, IV quarter of 2024, Shymkent, Page 25.

Букарбай З.А., Бектуреева Г.У., Тілеуберді А.Н., Кожагалиева Р.Ж.

ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ И ПРОГНОЗ КАЧЕСТВА ПОВЕРХНОСТНЫХ ВОД ПО ГИДРОХИМИЧЕСКИМ ПОКАЗАТЕЛЯМ НА ТЕРРИТОРИИ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. В статье представлены результаты экологического мониторинга и прогнозирования качества поверхностных вод Туркестанской

области на основе гидрохимических показателей. Исследование охватывает период 2023–2024 годов и включает основные водные объекты региона – реки Сырдарья, Келес, Арыс, Бадам, Аксу, Бугун, а также Шардаринское водохранилище.

Анализ показал значительную пространственно-временную изменчивость гидрохимического состава речных вод. Во многих водоёмах зафиксировано стабильное превышение допустимых нормативов по иону аммония, сульфатам, магнию, взвешенным веществам и общему фосфору. Наибольшие экологические риски выявлены для рек Келес и Арыс, тогда как для Сырдарьи, Бугуна и Шардаринского водохранилища отмечается положительная динамика качества воды. Река Аксу в течение всего периода исследования сохраняла статус высококачественной воды (I класс).

Полученные результаты свидетельствуют о необходимости комплексных мер по снижению антропогенной нагрузки, совершенствованию систем очистки сточных вод и расширению сети контроля. Прогноз качества поверхностных вод показывает сохранение неустойчивости на проблемных участках при отсутствии дополнительных природоохранных мероприятий.

Ключевые слова: поверхностные воды, гидрохимический анализ, экологический мониторинг, качество воды, экологическое прогнозирование

Bukarbay Zaripa, Bektureeva Gulzhan, Tileuberdi Ayaulym, Kozhagalieva Rima

ENVIRONMENTAL MONITORING AND FORECASTING OF SURFACE WATER QUALITY BY HYDROCHEMICAL INDICATORS IN THE TERRITORY OF TURKESTAN REGION

Annotation. The article presents the results of environmental monitoring and water quality forecasting of surface waters in the Turkistan Region based on hydrochemical indicators. The study covers the period of 2023–2024 and includes the region's main water bodies — the Syrdarya, Keles, Arys, Badam, Aksu, and Bogen rivers, as well as the Shardara Reservoir.

The analysis revealed significant spatial and temporal variability in the hydrochemical composition of river waters. In many water bodies, stable exceedances of permissible standards were recorded for ammonium ion, sulfates, magnesium, suspended solids, and total phosphorus. The highest ecological risks were identified for the Keles and Arys rivers, while the Syrdarya, Bogen, and Shardara Reservoir demonstrated positive trends in water quality. The Aksu River maintained high water quality (Class I) throughout the study period.

The results obtained indicate the need for comprehensive measures to reduce the anthropogenic load, improve wastewater treatment systems and expand the control network. The forecast of surface water quality indicates the preservation of instability in problem areas in the absence of additional environmental measures.

Keywords: surface waters, hydrochemical analysis, environmental monitoring, water quality, environmental forecasting

ӘОЖ 504.064.2
ҒТАХР 87.17.91
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).199

[1]Baygazinov Zhanat, [2]Mamyrbekov Arafat[*], [3]Zhumadilov Kassym, [4]Muhamediyarov Nurlan

[1]Park of Nuclear Technologies, Kurchatov, Kazakhstan
[2]Department of Anthropology, University of Calgary, Calgary, Canada
[3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[4]Shakarim University, Semey, Kazakhstan
[*]Corresponding author: arafat.mamyrbekov@ucalgary.ca

E-mail: zh.baigazinov@gmail.com, zhumadilovk@gmail.com, nurlan.eventumlab@gmail.com

ASIAN APPROACHES TO SMOG CONTROL: LESSONS FROM CHINA AND INDIA FOR STRENGTHENING KAZAKHSTAN'S AIR QUALITY STRATEGY

Annotation. The article supports a systematic approach to air quality management (Air Quality Management, AQM) in Kazakhstan based on a comparative analysis of Asian practices-China and India-and their adaptability to the national institutional environment.

Based on an interdisciplinary review of regulations and strategies, monitoring data, peer-reviewed studies, and industry reports, it shows that the main contribution to pollution comes from household and municipal heating with solid fuels, industry, and transport; meteorological factors (low winter boundary-layer height) and behavioral characteristics of the population intensify episodes of smog and health risks.

Deficiencies in the coverage of the observation network and in procedures for quality assurance/quality control (Quality Assurance/Quality Control, QA/QC) are identified, as well as coordination gaps between agencies and levels of government that slow the scaling of BAT (Best Available Techniques) and CEMS (Continuous Emissions Monitoring Systems).

Based on comparison with the Chinese vertical model (strict accountability, centralized monitoring) and the Indian multilevel model - the National Clean Air Programme (NCAP), the Graded Response Action Plan (GRAP), and the expansion of the National Air Quality Monitoring Programme (NAMP) / Continuous Ambient Air Quality Monitoring Stations (CAAQMS) - a hybrid framework is proposed for Kazakhstan: national standards and integrated permits with mandatory Continuous Emissions Monitoring Systems at major sources; urban plans prioritizing decarbonization of heating and fleet renewal; a coordinated system of measurement, reporting, and verification (Measurement, Reporting and Verification, MRV) and open data; inspection accountability and performance metrics.

Implementation of the framework can reduce morbidity and economic losses, increase resilience and public trust, and secure “clean air” as a national priority.

Keywords: air quality; international experience; atmospheric pollution; PM2.5; AQM; BAT; CEMS; MRV; Kazakhstan; China; India; institutional policy; comparative analysis.

Introduction

Atmospheric air quality is one of the key factors of sustainable development and public health of Kazakhstan. Clean air determines not only the duration and quality of life of the population but also directly affects economic productivity, social stability, and the international reputation of the country. According to the World Health Organization [1], air pollution remains one of the leading risk factors for premature mortality worldwide, and Kazakhstan is not an exception from this global challenge.

National strategies for air quality management already cover the main sources of pollution - energy, transport, industry, agriculture, and the household sector - and require coordinated actions of government bodies, regional authorities, and society. The goals of such strategies go beyond reducing emissions: they include protecting citizens’ health, preserving ecosystems, and creating conditions for long-term economic growth [2].

International experience shows that systemic and institutionally supported measures can significantly improve air quality within a relatively short time. Europe and North America achieved sustained reductions in key pollutant concentrations through comprehensive directives, strict standards, and transparent monitoring [3, 4, 5]. In recent years powerful programs have also been implemented by Asian countries. China applies a strict vertical regulatory model with mandatory targets, and India develops a multilevel system with national and city plans [6, 7]. These approaches demonstrate that a combination of political will, technological modernization, and public oversight can deliver tangible results even under the complex conditions of rapid economic growth. For Kazakhstan, studying and adapting such practices acquires special significance.

A combination of climatic characteristics, coal dependence, and high urbanization requires the introduction of best available techniques (BAT), modern continuous emissions monitoring systems (CEMS), and transparent mechanisms of measurement, reporting, and verification (MRV). The aim of this study is to analyze the experience of China and India in air quality management and to identify elements that can strengthen Kazakhstan’s national strategy, ensuring a transition to “clean air” as a sustainable-development priority.

Materials and research methods

The study is an interdisciplinary analytical review with elements of comparative political-institutional assessment aimed at identifying and adapting Asian air-quality management practices (Air Quality Management, AQM) to strengthen Kazakhstan’s national strategy. At the center of the analysis there are two key cases: China and India, compared with Kazakhstani realities.

As main sources, documents and studies directly reflecting the policy and practices of these three countries were used. For Kazakhstan the following were applied: the Environmental Code of the Republic of Kazakhstan (analysis in the World Bank report “Clean Air and Cool Planet,” 2021) [8], the National Air Quality Improvement

Plan until 2028, provisions of the Government of Kazakhstan on the Ministry of Ecology and Natural Resources (rev. 2023–2024) [9] and the Ministry of Energy (2014, with updates) [10], descriptions of integrated environmental permits (IEP) and implementation of best available techniques (BAT), as well as data from the national hydrometeorological service Kazhydromet [11] and results of SILAM atmospheric modeling.

The empirical base consisted of peer-reviewed studies on Kazakhstan: trends and health under exposure to major pollutants [12], episodic analysis of $PM_{2.5}$ in Astana and Almaty [13], influence of planetary boundary-layer height (PBLH) on particle concentrations [14], research on industrial emissions and biomonitoring of heavy metals [15, 16, 17], atmospheric modeling of photochemical processes [18, 19], chemical characterization and source apportionment of $PM_{2.5}$ [20], behavioral aspects of pollution perception [21], and economic costs of particulate exposure [22].

For China, the analysis covered materials of the Ministry of Ecology and Environment (MEE) [23] and the World Bank report on the implementation of the Hebei Air Pollution Prevention and Control Program [24]; in addition, the present review also used relevant academic studies assessing CEPI's effectiveness and recent trends in $PM_{2.5}$ concentrations [6, 25, 26, 27, 28].

For India, sources included the National Clean Air Program (NCAP) of the Ministry of Environment, Forest and Climate Change [29], National Ambient Air Quality Standards (NAAQS) [30] and materials of the Central Pollution Control Board [31], data from the national monitoring networks NAMP and CAAQMS [32], as well as studies on the Graded Response Action Plan (GRAP) and on the national implementation of the Bharat Stage VI (BS-VI) vehicle standard [33, 34, 35, 35].

The methodology included: (1) content analysis of national regulatory acts and programs of China, India, and Kazakhstan to identify key objectives, instruments (standards, economic incentives, technological solutions) and performance metrics (reductions of $PM_{2.5}$/PM_{10}, SO_2, NO_2 concentrations, health indicators, economic costs); (2) synthesis of epidemiological and atmospheric data on Kazakhstan to assess risks and factors (including correlation of pollutant levels with meteorological conditions such as PBLH); (3) comparative institutional analysis of the Chinese vertical model with strict accountability and centralized monitoring and the Indian multilevel model with city plans and operational response mechanisms; (4) integration of results into a systemic framework "standards → monitoring (Measurement, Reporting and Verification, MRV) → enforcement (IEP/BAT, continuous emissions monitoring systems, CEMS) → effect evaluation → policy adjustment," which made it possible to develop recommendations for strengthening Kazakhstan's AQM strategy taking into account the most effective mechanisms of China and India.

Such an approach ensured the comprehensiveness of the analysis, combining qualitative and quantitative data and providing practical applicability of the conclusions for the development of Kazakhstan's air-quality management policy.

Scientific results and discussion

The Current State of Air Pollution in Kazakhstan: Facts and Risks

Kazakhstan continues to be one of the most polluted regions of Eurasia according to several key air-quality indicators and benchmarks. In global comparisons, the country

ranks thirty-fifth worldwide for the level of atmospheric air-pollution overall among peer nations [19, 12]. The main emission sources—industry, energy, transport, and household coal heating—produce a complex mixture of airborne priority pollutants: CO, SO_2, NO_2, $PM_{2.5}$, PM_{10}, NH_3, and volatile organic compounds (VOC). These substances originate both from large metallurgical and petrochemical industries and from the private sector, where solid fuel remains the main heating type today [12, 37].

The largest industrial centers—Almaty, Astana, Pavlodar, Ust-Kamenogorsk, Karaganda, Temirtau, Ekibastuz, Zhezkazgan, and Petropavlovsk—show consistently high concentrations of pollutants which repeatedly exceed WHO recommendations (5 μg/m³ annual and 15 μg/m³ daily for $PM_{2.5}$) [1]. In Almaty and Ust-Kamenogorsk, annual average $PM_{2.5}$ concentrations range from 20–35 μg/m³, and winter peaks reach 200–500 μg/m³, which is four to seven times higher than annual and up to thirty-three times higher than daily limits [13, 38]. In Pavlodar, peak PM_{10} levels reach 40–60 μg/m³, exceeding WHO daily recommendations, and chronic $PM_{2.5}$ exposure in the industrial centers of Karaganda and Temirtau is associated with health-care economic losses of about 12 billion US dollars per year in total [39, 40].

According to World Bank estimates, air pollution leads to 10,000 premature deaths annually and economic losses of 10.5–12 billion US dollars, which equals 6–7 percent of the country's GDP [40, 41, 12]. A direct link has been established between elevated $PM_{2.5}$ concentrations and cardiovascular diseases, strokes, and chronic obstructive pulmonary disease. During the heating season, when coal consumption increases, a rise in respiratory and cardiovascular diseases is recorded [21].

Geography and climate intensify the problem. In Almaty, the mountainous surroundings contribute to a low winter planetary boundary-layer height (PBLH), leading to pollutant accumulation: with an average winter PBLH of about 392 m, the $PM_{2.5}$ concentration reached 94 μg/m³, whereas in summer with a PBLH around 1969 m it was only 9.9 μg/m³ [14]. In Ust-Kamenogorsk, winter spikes of NO_2 and SO_2 are caused by coal combustion at thermal power plants and metallurgy, and in Semey, significant SO_2 exceedances are intensified by cement production [15].

Metallurgical districts are marked by chronic accumulation of heavy metals: in Ust-Kamenogorsk and Aksu, biomonitoring detected elevated levels of lead, zinc, and cadmium in residents' blood [16, 17].

The national Kazhydromet network covers seventy cities (127 automatic and 43 manual stations) yet remains insufficient: many stations fail to provide 90 percent data completeness, and rural and industrial areas are poorly studied [20]. Numerical models of photochemical processes partly compensate for the lack of observations and show strong agreement with the data from automatic stations [18, 19], however improvement of emission inventories and data quality control (QA/QC) remains a priority.

The institutional system of AQM in Kazakhstan

